мерзімді, ұзақ мерзімді) өмірлік тарихи жол-сатыларынан өтеді. Өтпелі кезең мазмұнын түсінуде соғыстар үдемелігі салдарынан қоғамда орын алған шиеленістердің өрбіп, ішінара бірқатар кішігірім мемлекеттерге ыдырау тетігін ашудың маңызы зор. Аталмыш үдеріс үш бірдей көлбеутоп өкілдері: өзінің үстемдік ету жағдайынан айырылғысы келмейтін шығармашылық азшылық, ішкі және сыртқы пролетариат немесе заманауи шіркеу құруға қабілетті және ұйымдастырылған қуатты әскери жасақтарымен шалажансар өркениетке соққы бере алатын шығармашылықсыз көпшіліктің қалыптасуымен қосарлана жүреді.

Өркениеттерді салыстырмалы зерттеу ілімгерлерінің бірі – К.Квигли өркениеттердің даму үдерісіндегі өз кезегімен орынбасар жеті сатыны атап көрсетеді [Сравнительное изучение, 2001: 201-206]: мәдениеттер араласуы (екі не одан аса мәдениеттердің өзара ықпалдастығы), жетілу (инновацияларды жинақтау және енгізу), территориалдық таралу (өндірістің өсуі, халық санының артуы, аумақтық кеңею, білім жетілуі), шиеленістер дәуірі (қоғам дамуының дағдарысы, ипериялық соғыстар, рухани салада – иррационализм, түңілушілік, наным-сенімнің бой алуы) әмбебап империя сатысы (қоғам дамуында өз «алтын ғасырына» аяқ басады), құлдырау (экономикалық құлдырау, діни қозғалыстар ықпалының өршуі), шапқыншылық пен басқыншылық (неғұрлым қуатты өркениеттердің күшпен басып кіруі).

Н.Сорокин әлеуметтік жүйелер (топтар) мен мәдени жүйелерді іс жүзінде зерттей келе төмендегідей қорытындылар жасайды [Сравнительное изучение, 2001: 53]:

- аталмыш жүйелердің даму жолы барынша көп нұсқалы болып келуіне орай, олар бір нұсқалы тұтасты органикалық циклге біріктіріле алмайды;

- мәдени жүйелер баршаға ортақ: концептуалдану, шанайылану және әлеуметтену сатыларынан өтеді;

- олардың ғұмыры бірнеше секундтан мыңжылдықтарға дейін созылуы мүмкін, олар тіпті (адамзат тірі болған жағдайда) шынайы мәңгібақилыққа қол жеткізуі ықтимал;

- олардың кейбіріне тек бір цикл: пайда болу – өмір сүру – жойылу тағайындалған болса, осымен бір мезгілде басқалары өркендеу мен құлдырау, гүлдену мен солудың бірнеше дүркінін бастарынан өткізіп, кейбірі қайта жаңғыру үшін ыдырап жатуы мүмкін;

Сонымен қатар зерттеліп отырған ілім негізін салушылар өркениеттер қозғалысы мен дамуының жалпы заңдылықтарын атап көрсетеді. Мысалы, Н.Я.Данилевский төмендегідей негізгі ұстанымдарды белгілейді [Данилевский, 1966: 95-96]:

- бір немесе өзара тамырлас тілдерде сөйлейтін халықтар бір мәдени-тарихи типті құрайды;

- өркениеттің пайда болуы үшін белгілі бір саяси тәуелсіздік қажет;

- бір мәдени-тарихи тип өркениетінің бастауы бөгде типті халықтарға берілмейді.

Әрбір тип оларды оған бөтен бұрынғы немесе қазіргі заманғы өркениеттердің аздылы- көпті ықпалы нәтижесінде өзі үшін туындатады;

- түпнұсқалы жоғары мәдениетті жүзеге асыру үшін алуантүрлі «этнографиялық материал» қажет;

- өркениеттердің қалыптасу мерзімі ұзаққа созылғанымен, гүлдену сәтінің ғұмыры қысқа.

Өкінішке орай, өркениетнамада шеңберінде әлі де болса, өркениеттерді танудың айқын, әмбебап өлшемдері қалыптаста қоймаған. Тіпті, аймақтық-тарихи өркениет ілімі классиктері ұсынған қолда бар тізімдер бір-біріне сәйкес келе бермейді. Мәселен, егер Данилевский тілдік топталым негізінде 15 мәдени-тарихи типтерді анықтаса, Шпенглер 8 «жоғары мәдениетті» атайды, ал Тойнби болса 23-ке дейінгі атаулы өз топтамасын ұсынады.

Аймақтық өркениет құрылымын басты төрт қосалқы жүйеден құрылған тұтасты, күрделі жүйе түрінде қарастыруға болады. Оған: биоәлеуметтік қосалқы жүйе (барлығы дерлік, тұрғындардың тіршілігі, өмір салты, халық өсіміне қатысты) – отбасы, туысқандық байланыстар, жұбайлық қатынастар, гигиена, тамақтану, тұрғын үй, киім, еңбек, демалу және т.б.; экономикалық қосалқы жүйе (өндіріс, тұтыну, өнімдер мен қызметтер алмасу,

технологиялар, коммуникациялар жүйесі, экономиканы реттеу принциптері және т.б.); саяси қосалқы жүйе (салттар мен нормалар, құқық, билік және қоғам, партиялар, қозғалыстар және т.б.); мәдени-психологиялық қосалқы жүйе (адамдардың өзара іс-әрекетін қамтамасыз ететін нормалардың, құндылықтардың саласын ретіндегі рухани әлем, ғылым, мәдениет, идеология) жатады.

Экожүйемен (табиғи орта, сол немесе өзге жергілікті өркениеттің өмір сүруін қамтамасыздандырушы «жермен») өзара тығыз әрекеттегі аталмыш төрт қосалқы жүйе қосындысы аймақтық өркениетті құрайды.

Аймақтық өркениетті өзін-өзі қайта жаңғыртуға қабілетті мейілінше тұрақты жүйелер таныта алады. Бұл туралы Ф.Бродель былайша пайымдайды: «Өркениеттер өзіне өте ұзақ уақытылы аясы тән мәнді құбылыс болып табылады. Олар, егер әсіресе біздің жеке өміріміздің өлшемі тұрғысынан салыстырар болсақ, «өлмейтін» болып көрінеді. Бұл «өлім» жағдайлары, әрине, кездесетіндігін және базистік негіздерді күйретуді білдіретіндігін, кейде оларды ойлағаннан гөрі салыстыруға келмес сирек жоятындығын білдіреді. Өркениеттер орасан зор, шексіз үдемелігімен ерекшелене отырып, өз тағдырына үнемі бейімделумен болады және кез келген шынайы ұжымдардан гөрі ұзақ уақыт бойы сақталады... Былайша айтқанда, өркениеттер саяси, әлеуметтік, экономикалық және тіпті идеологиялық сілікіністер арқылы өтеді...» [Braudel, 1969: 303].

Тарихта өркениеттердің қайғылы ақырының мысалдары жеткілікті (ежегі американдық өркениеттер, египеттік, месопотамдық, финикийлік, крит-микендік, ежелгі гректік, римдік), дегенмен, Тойнби және басқа да бірқатар ғалымдардың өркениеттердің әдетте «өлімімен» аяқталатын өркениеттердің циклді дамуы жайлы идеясы, басқалай тарихи деректермен расталамайды. Мәселен, үнді және қытай өркениеттері көптеген мыңжылдықтар бойы өмір сүруде.

Кез келген өркениет тұрақтылығында өркениеттік дәстүрлер рөлі орасан. «Өркениет, – француз зерттеушісі Э.Каллоның пікіріне сай, – адамдардың өмірде бағыт-бағдар ұстауы және күнсайынғы қам-қарекет пен жаңа міндеттерді игеру мақсатында бағзы және сенімді игіліктерге сүйенетін наным-сенімдердің берік базисін құрайтын дәстүрлеріне жүгінеді» [Сравнительное изучение, 2001: 83]: Дәстүрлер – өлі ауыртпалық емес, олар тұрақты түрде жаңарып отыруымен қатар, өркениеттердің тарихи даму үдерісінде болып жатар өзгерістерге бейім келеді. Десек те, қандай да болмасын өзгерістер дәстүрлермен сәйкестендірілуі шарт, себебі олар өзара «сіңісе» алмауы ықтимал.

Бұл орайда әңгіме, тек дәстүрлі діни сенімдер, салт-жоралғылар, рухани құндылықтар турасында ғана емес, сонымен қатар мемлекеттіліктің берік құрылымы, мемлекет пен қоғам арасындағы қалыптасқан дәстүрлі қатынастар жайында да болуы тиіс екендігін атап айта кеткен жөн; белгілі бір дәстүрлер экономика саласында да қалыптасуы мүмкін. Жергілікті өркениет салыстырмалы түрдегі тұтас, біріктірілген жүйені білдіреді, өз кезегінде бұл оған төл ерекшелігін үнемі сақтап қалуға мүмкіндік туғызады. Аталмыш ерекшелікке кезінде неміс философы Шпенглер баса назар аудара келе, қандай да болмасын жоғары мәдениет негізінде әрбір адам бойында, өркениет дамуындағы әрбір дәуірде өшпес із қалдырар прасимвол жататындығы: «оның мемлекет нысаны, діни мифтер мен наным-сенім, этика идеалы, сурет өнері, музыка мен поэзия нысандарында, ғылым атаулының негізгі ұғымдары төңірегінде шоғырланып, және де тек мұнымен шектеліп қалмайтындығы» [Шпенглер, 1993: 323-338] жайлы өз тұжырымын ұсынған болатын. Қазіргі заманғы ғалымдардың бірқатары да осы ұстаным аясында ой өрбіте келе, өркениеттің өзіндік ерекшелігін айқындайтын «социомәдени коды», бір немесе бірнеше «реттеуші қағидаттар» жайлы шамалайды. Десек те, бұл өркениеттердің бірыңғай біртектілігін білдірмесе керек, себебі олардың ішінара шиеленістері болуы ықтимал, қай-қайсысының болмасын әралуан жүйелері (мысалы, мәдениет және экономика немесе саясат) көбінесе үйлесімді дамымай, өзара қарама-қайшылықты келеді, онсыз серпіліс те болмас еді.

Өркениеттердің өзіндік шығармашылық ерекшелігіне байланысты өркениеттанушы қауым арасында қалыптасқан пікірлерге сай, кез келген өркениет өмір сүру барысында бір немесе екі салалы шығармашылыққа қабілеттілік танытады. Мәселен, эллин өркениеті өзін эстетикада, инд өркениеті – діни жүйеде, батыс өркениеті – ғылым мен техника, римдік – құқық пен саяси ұйымдарда, қытайлық – өмірді практикалық бейімдеу саласында, үнді өркениеті – елестету, фантазия мен мистика саласында көрсеткені мәлім.

Сонымен қатар, өркениеттанушылар пайымдауынша, кез келген өркениеттің неғұрлым елеулі негізі оның құндылық көрінісіндегі мәдени мұрасы және сонымен байланысты өркениеттің тағы бір маңызды функциясының бірі – ұзақ уақыттар бойғы мәдени сабақтастықты қолдау болып табылады. Осы тұста, О.Шпенглер, кейіннен А.Кребердің жергілікті өркениеттердің маңызды бастауының көрінісі ретіндегі әлеуметтік үдерістермен тығыз байланыста қалыптасатын «өркениеттер стилі» ұғымы енгізгенін айта кетсек, мұның сипаты мәдениетте айқын байқалары және жақсы танылары сөзсіз.

Түптеп келген, осының бәрі «өркениет» ұғымына қатаң түрдегі анықтама беру ісінің күрделіне меңзейді. Шын мәнінде, жергілікті өркениет ретінде қандай да бір әлеуметтік генотипті, әлеуметтік стереотипті меңгере алған, зор, мейілінше автономды, тұйық әлемдік кеңістікті игеру арқасында әлемдік шеңберде берік орныққан, адамдардың мәдени қауымдастығын түсіну қажет.

Көріп отырғанымыздай, уақыт пен кеңістікте қандай да бір жергілікті түрге өрбіген өркениет біртұтас экономикалық, саяси, социомәдени кеңістік ретінде, әлеуметтік өзіндік сәйкестендірудің бірегей тетігін иеленетін дамушы, біртұтас жүйе ретінде қарастырыла алады. Дей келе, олардың әрқайсысы мейілінше әртекті болуына қарамастан, өзара әрекеттенуші құрамдас элементтерінің ішінара серпінді тепе-теңдікте болатындығына назар аударамыз.

Сонымен, өркениетті кеңістік құрылым талданымы біртекті қоғамдық қатынастарды бөле қарастыру, сондай-ақ даму қарқыны елеулі түрде ерекшеленетін өркениеттер, өңірлер феномендерін анықтау негізінде жүргізіле алады, яғни бірінші жағдайда зерттеу пәні өркениетті тетіктің базалық қосалқы жүйелері – экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани салаларының өзіне тиесілі ерекшелігі мен олардың өзара ықпалы болып табылса, екінші жағдайда – зерттеулер жекелеген өркениеттердің аймақтық ерекшеліктерін тануға бағытталуы шарт.

Әдебиет:

1. Оразбаева А.И. Цивилизация кочевников евразийских степей. Алматы: Дайк-Пресс, 2005.
2. Асланов Л.А. Цивилизационный анализ глобальных процессов. Учебное пособие. М: Макс Пресс, 2020.
3. Российская многонациональная цивилизация: единство и противоречия / Отв. Ред. В.В.Трепавлов; Ин-т рос. Истории. М.: Наука, 2003.
4. Черняк Е.Б. Цивилиография. М.: Междунар. Отношения, 1996.
5. Тойнби А. Цивилизация перед судом истории. Сборник/Пер. С англ. М.:Рольф, 2002.
6. Сравнительное изучение цивилизаций. Хрестоматия. М.: Аспект-Пресс, 2001.
7. Данилевский Н.Я. Россия и Европа. Вступительная статья Ю.Иваска. New York: JOHNSON REPRINT CORPORATION, 1966
8. Braudel F. Ecris sur l'histoire. Paris, 1969.
9. Шпенглер О. Закат Европы: Очерки морфологии мировой истории. Новосибирск: Наука, 1993.

ТҮРКІ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ДӘСТҮРЛЕРІ*
INTELLECTUAL TRADITIONS OF TURKIC PHILOSOPHY

Құрманғалиева Ғалия Құрманғалиқызы†
Нұрмұратов Серік Есентайұлы‡

Annotation. The history of Turkic philosophy should be considered as an integral part of the history of world philosophy. Appeal to the heritage of Turkic thinkers, which has become a source of Kazakh spiritual culture, studying it from the standpoint of today's realities will undoubtedly contribute to the spiritual renewal of modern Kazakhstani society. In the conditions of a spiritual crisis in the modern world, the peoples of Central Asia need to use the potential of Turkic ethical, moral and aesthetic norms. Turkic philosophical, ideological, spiritual sources should be fundamental in determining the intellectual priorities of the nation and national culture as a whole.

Keywords: intellect, history, traditions, philosophy, values, ethics

Түркілік философия - әлемдік философиялық ойдың дамуындағы ерекше кезең, өзіндік сипаты бар саласы ретінде қазіргі Қазақстанның рухани мәдениетін дамытуда, зияткерлік ұлтты қалыптастырып, дамытуда ерекше маңызға ие болып отыр. Түркі философия қазақ философиясының тарихи бастауы, идеялық қайнар көзі. Дегенмен де, ол ерекше феномен ретінде Қазақстанның мәдениеті үшін ғана не қазақстандық ғалымдар үшін ғана керек емес, өйткені барлық түркі тілдес елдер мен халықтар дәл осындай қажеттілікті сезініп отыр деуге болады.

Бұрынғы кеңестік кеңістіктегі бірқатар түрік тілдес халықтардың өзін-өзі дербес билеп, әлемдік қауымдастықта тәуелсіз саяси-қоғамдық даму жолына түскеніне аса көп уақыт өткен жоқ. Тарихи маңызы тұрғысынан алатын болсақ, онда бұл ерекше сипатын ескере алғанда теңдесі жоқ оқиға, руханият әлемдік қауымдастықта өз орнын іздеумен қатар, әлемдік ауқымды кеңістікке енуге байланысты, елеулі өтпелі мәселелерді жолықтырды. Кез келген қауымдастық үшін өзін-өзі бірегейлендіру мәселесімен бірге қазіргі ауқымды кеңістікке жемісті ендеу, бейімделу мәселесі берік негізді қажет етеді және ол түрік тілдес елдердің әлемдік қауымдастықта, әлемдік саясатта, әлемдік мәдениетте өзін-өзі жоғалтып алмауының кепілі болуы керек деген ойдамыз.

Философияда түркі философиясын, оның тарихын, көпқырлы мәселелер жиынтығының жан-жақты зерттеуі белгісіз тақырып болатын, бірақ онда келешек зерттеулердің үлкен әлеуеті бар. Философия тарихында да, қазіргі философияда да жоғарыда айтылған «түркі философиясы» ұғымының болмауының, аталған тақырыптың зерттелмеуінің, жалпы, түріктердің ұлы тарихы мен мәдениетін елемеудің астарында саяси, идеологиялық себептер жатыр. Қазақстанда түркі мәдениеті жетістіктерінің ауызға алынбауы, төмендетілу факторлары туралы, оның жағдайлары мен себептері туралы, түркі тарихын жадтан өшіргісі келген талпыныстар туралы ғалымдар арасында, ауқымды, іргелі түрде айтылып келеді [Булекбаев, 2019: 320]. Бүгінде осы мәселелерге арналған терең, байсалды жарияланымдардың қатарында «Түрік философиясы: он сауал мен жауап» деп аталатын кітап (қазақстандық авторлар: Ә. Нысанбаев, Н. Аюпов, Т. Ғабитов) – теориялық деңгейде қойылған сұрақтарға жауап қайтаруға талпынған аз еңбектердің бірі [Тюркская философия, 2006: 242]. Бұл кітаптан алынған материалдардың жариялануы түркі философиясы мәселелерінің кеңістігіне, оның күрделі әрі іргелі мәселелерін шешімін іздеуге есік ашады. Кітаптың теориялық сипаты,

* Мақала ҚР ҚР ҒЖБМ «Қазақстанның жаңғыруы жағдайындағы интеллектуалды ұлтты қалыптастыру философиялық-дүниетанымдық, саяси-әлеуметтік және әлеуметтік-мәдени негіздері» атты ғылыми бағдарламасы ауқымында орындалды.

† Философия ғылымдарының докторы, доцент, Философия, саясаттану және дінтану институтының аға ғылыми қызметкері, galya2006@gmail.com

‡ Философия ғылымдарының докторы, профессор, Философия, саясаттану және дінтану институтының Философия орталығының директоры, s.nurmuratov@mail.ru

мағынасының қанықтығы мен жаңалығы талай ойға жетелеп, бұл саладағы философиялық білімнің ұлғаюына септігі тиер деген ойдамыз.

Түркі мәдениеті мен тарихының жетістіктерін көзге ілмей, кемсітудің тағы бір себебі – гуманитарлық ғылымда біраздан бері үстемдік құрған еуропашыл бағдарда жатыр. Бұл бағдар бойынша рухани мәдениеттің асқақ үлгілері, олардың шыны саналатын философия – өркениетті деп аталатын халықтарға ғана тән рухтың шығармашылық қызметінің нәтижесі-мыс. Ал оларға қарама-қарсы тұратын, яғни өркениетті дамуды білмейтін халықтар биік зиятты-рухани қызметке қабілетсіз болып шықты, демек, олар жасаған мәдениетте терең философиялық рефлексияның болуы мүмкін емес. Мұндай дүниетанымдық-идеологиялық тұрғы түрін Гегельдің «Философия тарихынан дәрістерде» және «Философия тарихында» жүйелі, айқын көрініс тапқанын философтар жақсы біледі. Гегельдің баршаға мәлім сентенцияларын еске түсіруге болады: «Шын мәнісінде, философия Батыстан басталады», «...біз, Батыста, шынайы философия топырағында тұрмыз», «Сонымен, шығыстық ойды философия тарихынан алып тастау қажет», «...бұл тұста философиялық танымға орын жоқ» және т.б. [Гегель, 1993: 146]. Бұл бағалауларды қазіргі интеллектуалды тарих жөке шығарды.

Еліміздің көрнекті философтарының бірі – Телебаев Ғазиз Тұрысбекұлы өзінің зияткерлік өмір жолында философиялық білімді отанымызда да Еуропалық ірі философиялық орталықтардың бірі, бұрынғы КСРО астанасы – Мәскеу қаласында да алған еді. Ол өзінің шығармашылығында Еуропа философиясын жете білетіндігің кандидаттық және докторлық диссертациялары арқылы дәлелдеп берді. Ол сонымен қатар отанымыздың тәуелсіздік жылдарындағы өзекті мәселелерін рухани игеріп, тек философия тарихы ғана емсе, сонымен қатар, тәуелсіз Қазақстанның зияткерлік кеңістігіне қажетті әлеуметтік философия, мәдениеттану, әлеуметтану, саясаттану сияқты салалар бойынша біршама зерттеулер жасады. Әсіресе, түркі философиясының ерекше дәстүрлерін, оның әл-Фараби мен Орталық Азиядағы сопылық ділдің айшықталуын айқындауға арналған жарияланымдарды өте құнды болды [Телебаев, 2019: 14].

Біз, түрік философиясы – түркі тілдес халықтардың философиялық ойының барша жетістігін қамтитын философия дегенді негізге алдық. Түркі халықтарының тарихы сияқты, оның да «ақтаңдақтары» жетіп жатыр, өйткені соңғы жылдарға дейін кеңестік ресми философия оны елемей келген. Біз, түрік халықтарының тарихы мен мәдениетін көзге ілмей, оларды кемсіту арнасында болған кеңестік кезеңдегі философияның маркстік-лениндік философиядан өзге ешқандай философиялық болмысты шынайы деп мойындамағанын мезгеп отырмыз. Идеологиялық тұрғыда ресми философия ең озық дүниетаным ретінде коммунистік қоғамда тұратын адамның дүниетанымын жаппай дәріптеп бақты, бірақ оның ішінде түріктік тарих пен мәдениет мойындалатын тарихи жадқа орын табылмады. Жаппай жүргізілген идеологиялық қысымда коммунистік партияның тарихына тым көп көңіл бөлініп, түрік халықтарының тарихы ұмыт қалды. Түркі тарихын, руханиятын, мәдениеті мен дүниетанымын түркологиямен айналысатын Еуразиялық кеңістіктегі түркітанушы-мамандардың шағын тобы ғана зерттеді.

Түркі халықтарының руханияты, мәдениеті мен тарихын зерттеген әділ зерттеушілер партиялық органдардың партияшыл-тапшыл нұсқауларына қайшы болса да, елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Ғылыми зерттеудің озық дәстүрлерін дамытқан бірқатар тамаша түркологтардың есімдері белгілі. Олардың арасында В.В. Бартольдт, В.В. Радлов, П.М. Мелиоранский, Б.А. Серебренников, Н.К. Дмитриев, Н.А. Баскаков, Л.Н. Гумилев, Н.Т. Сауранбаев, М.Б. Балақаев, А.И. Ысқақов, С.А. Аманжолов, С.Кляшторный, С.Б.Бөлекбаев және т.б. бар. Түріктер тарихын, тілін, дәстүрін, сондай-ақ түркі мәдениетінің озық ойлы өкілдерінің дүниетанымын зерттеуге қомақты үлестерін қосқан ғалымдардың қатарына терең ойлы мақалалар жазып жүрген профессор Ғ.Т.Телебаевты қосуға болады деген пікірді білдіреміз [Телебаев, 2019: 903].

Соңғы уақытта өзінің тарихы мен мәдениетін жаңадан тани бастаған үдерісте мынадай өзгерістер болды: біріншіден, олар ғылыми қызметтегі саяси басшылық қағидаларының

өктемдігі мен қысымынан арылды, соның арқасында ғылыми зерттеулердің өзі, бұрыннан үстемдік құрып келген партиялық және таптық қағидалардан тазарды. Екіншіден, ғылыми зерттеулердің өрісі мен ауқымы кеңейді, енді оған бұрын зерттелуге тиым салынған, қарастырылмаған тақырыптар мен мәселелер енетін болды. Үшіншіден, дәстүрлі түрде қалыптасқан философиялық мәселелер жиынтығын, өзінің зерттеу өрісі мен бағыты, тарихы мен мәдениетінің мәселелеріндегі түркілік ықпалға, оның қайнары мен өкілдері аясындағы рефлексиялық пайымға алып келді. Оны жаңадан құрылған түркі тілдес елдердегі ғылыми мекемелердің зерттеулерінен байқаймыз. Айталық, Қазақстанда «қазақ философиясы» бағытын жаңадан тереңдеп дамыту, философиялық зерттеулердің, кеңестік кезеңге қарағанда, ілгері басқан қадамын атап өтуге болады.

М.С.Орынбековтің ғылыми жетекшілігімен тәуелсіздіктің алғашқы жылдары «Қазақ даласының ойшылдары» атты көптомдық ғылыми зерттеу жарық көрді, жаңа кәсіби-теориялық деңгейде қазақ философиясының өзекті теориялық және әдіснамалық мәселелері зерттелуде және, ең бастысы, қазақ философиясының біртума философиялық еңбектері қазақ тілінде дайындалып, басылды, ал мұның қазақ тіліндегі философиялық терминологияны дамытып жетілдіруге, қазақ философиясының болмысына барабар ұғымдар мен ойды жеткізетін тәсілдерді жасауға септігі мол болды. Кейінірек «Мәдени мұра» бағдарламасы ауқымында қазақ философиясының ежелгі заманнан қазіргі кезеңге дейінгі философиясына арналған 20 томдық зерттеулер топтамасы және арнайы теориялық зерттеулерге арналған Философия, саясаттану және дінтану институты мамандары дайындаған 5 томдық ұжымдық монографиялар топтамасы да жарық көрді.

Қазіргі заманда философияның алуан түрлі, Шығыста тарихи әртүрлі болатыны анықталды. «Қазақ философиясы» деген термин философиялық терминологиялық қорға толықтай еніп, философияның энциклопедиялық сөздігінде түркілік дәстүрлерге үлкен мән беріліп, толықтырылды [Философиялық энциклопедия, 2021: 654].

Егер философияны байырғы мәнінде, яғни рационалды-логикалық білімнің ерекше түрі ретінде ғана емес – жалпыға ортақ ойлау формасында көрінетін даналыққа, сана-сезімді тануға, өмірді тануға деген құштарлық деп түсінсек, онда Қорқыт Ата, Асан Қайғы сияқты ойшылдарды «көшпелі философтар» деуге толық негіз бар. Алғашқы пайғамбар Заратустра да, әйгілі «жеті данышпанның» бірі Анахарсис те скифтердің көшпелі ортасынан шыққан данышпан тұлғалар.

Өзбекстан мен Қырғызстандағы философиялық зерттеулер осы елдердің Ғылым Академиясының Философия және құқық институттарында жүргізіледі. Түрік тілдес ғалымдар гуманитарлық ғылымдарының әдіснамасының мәселелерімен, жаһандану жағдайындағы мәдениетаралық сұхбат мәселелерімен, Қазақстан мен Өзбекстандағы, сондай-ақ қазіргі әлемдегі әлеуметтік өзгерістер мен жаңару мәселелерімен айналысады. Олар қазіргі ғылымның дамуындағы адамгершілік-этикалық мәселелерді, қазіргі инновациялық технологияларды философиялық талдаудан өткізіп, тіл мен ойлаудың мәселелерін де зерттейді. Олар, әрине, қазақ, қырғыз және өзбек халықтарының философиялық ойына үлкен көңіл бөледі.

Орталық Азия ғалымдарының басқа түркі тілдес халықтардың ғалымдарымен үйлесімді ынтымақтастығы түрік халықтарының дәстүрлі ұлттық мәдениетін, оның дүниетанымдық әмбебаптарын, дәстүрлі дүниетанымы мен дүниетүсінігін кешенді зерттеуге ықпал жасады. Біздің мәдениетіміздің тарихи тамырында, Қорқыт-Ата, әл-Фараби, Ибн Сина, Ж. Баласағұн, әл-Хорезми, Қ.А. Иасауи, әл-Бируни, әл-Фергани, М. Қашқари, А. Науаи сияқты өткен дәуірдің көрнекті ойшылдарының рухани мұрсында ортақ дүниетанымдық-философиялық мәселелер өте көп. Олар түркі философиясының классиктері болып есептеледі.

Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан елдері арасындағы қарым-қатынастар өз маңызын жоя қойған жоқ. 2022 жылдың 25 мамырында Бішкек қаласында Қазақстан мен Қырғызстанның дипломатиялық қатынастарының 30 жылдығын мемлекетаралық деңгейде атап өтуі ауқымында И.Арабаев атындағы ҚМУ «Қазіргі кезеңдегі қазақ және қырғыз

халықтарының философиясын» пайымдауға арналған халықаралық ғылыми конференция өткізіліп, екі халықтың ұлттық философиясының ұқсастықтары мен ерекшеліктері пікірталасулық талқылаудан өткізілді [4].

Орталық Азия елдерінің қоғамтанушылары, философтары мен тарихшылары, мәдениеттанушылары мен дінтанушылар өз елдерінің ғылыми бағдарламаларын дамыту стратегиясында бірқатар аймақтық кешенді зерттеулерді жүзеге асырып, түрік халықтарының руханияты, философиясы, тарихы мен мәдениеті бойынша, заман талабына сай бірқатар өзекті іргелі зерттеулерді бірлесіп жүргізе алар еді. Осы мақсатта ғылыми зерттеулер мен басылымдардың орталықазиялық қорын құру, Орталық Азия философтар ассоциациясын құру, жаңа жоғару оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдарын басып шығару, мысалы: «Түрік халықтарының философия тарихы», «Орталық Азия халықтарының философия тарихы», «Түрік философиясы» және т.б. Орталық Азияның философиялық қауымдастығындағы ғалымдардың даму деңгейі тек ұлттық руханияттың дүниетанымдық құрылымдарын ғана емес, жалпы түріктік зияткерлік руханиятын кешенді халықаралық деңгейде зерттеуге дайын болуға тиістіміз.

Қазіргі философия өзгеру үстінде және ол ғылыми ізденістің жаңа басым бағыттарын анықтап отыр. Бұл тұрғыда түрік философиясын зерттеу Шығыс философиясын, оның ерекшеліктерін жаңаша, терең пайымдауға септігін тигізер еді. Батыстық философиямен салыстырғанда Шығыс философиясы адамның әлемге деген тұтас көзқарасының қисынына бағынады, сондықтан жаңа тарихи уақыттың ойлауын Шығыс мәдениетінің логикасында рационалды түрде ұғынып, пайымдауға болады. Бұл зерттеудің осындай бағыты мен көзқарасын өзектендіре түседі, өйткені қазіргі қалыптасып келе жатқан жаңа интегралдық дүниетаным мен ғаламдық ойлау стилі замана болмысы мен талаптарын әлемге деген тұтастанған көзқарас қисыны тұрғысынан пайымдауды көздейді.

Түрік философиясы ғылыми қауымдастық тарапынан терең зерттелуге әбден лайық. Оның философиялық дәстүрде де, әлемдік тарихи-философиялық үдерістің зерттелуінде де орын алуға толық құқығы бар. Оның дамуында, түрік мәдениетінің дамуындағы сияқты, белгілі бір кезеңдер болған, оларды алдын ала жалпы түрде: ежелгі, ортағасырлық және қазіргі кезеңдер деп көртсеуге болады. Өз кезегінде ондай кезеңдерді әрі қарай жіктеуге болады және біздің қазіргі кезең деп белгілеген нәрсеміз өз дамуындағы бірнеше кезеңдерге жіктеледі, мысалы, кеңестік кезең, тәуелсіздік алған кезең және т.с.с. Дәл осындай жіктеуді ортағасырлық кезеңге қатысты жүргізіп, оның ішінен түрік философиясының дамуындағы классикалық кезеңді бөліп алуға болар еді. Түрік философиясы зерттелген салаға айнала бастаған кезде, кезеңге бөлу мәселесі де нақтыланып, өзгеріп, тереңдей түспек. Жалпы алғанда, түрік философиясы туралы түрік әлемінде пікірталас ұйымдастырған жөн деп есептейміз.

Әлеуметтік, саяси және рухани дамудың дербес жолдарын таңдауына қарамастан, орталық-азиялық аймақтағы елдердің арасындағы көптеген ортақ нәрсе сақталған. Бұл – мәдени-тарихи тамырлардың, діннің, кеңестік кезеңнен қалған экономикалық, білім беру және басқа да стандарттардың ортақтығы ғана емес, әлемнің осы аймағында өмір сүріп, шығармашылықпен айналысқан көрнекті ойшылдардың қалдырған ортақ рухани құндылықтары да. Әл-Хорезми, әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Иасауи, Махмұт Қашқари, әл-Бируни, Бахманийар әл-Өзірбайжани және көптеген басқа көрнекті қайраткерлер Қазақстанда, Түрікменстанда, Қырғызстанда, Өзбекстанда жаңа ғасыр мен мыңжылдықтың жаңа руханиятын жасауға бірдей атсалысқан. Түрік халықтарының ортақ рухани құндылықтары мен мәдени-тарихи тамырларында терең із қалдырған түріктік рухани мәдениеттің Қорқыт Ата сынды тұлғаның бір өзі – түрік халықтарының бөлінбес бөлігі мен жалғаушы негізі.

Қорқыттың философиялық дүниетанымының мәні – номадтардың мәдени-дүниетанымдық философиясының көрінісі. Өмірдің, ажал мен мәңгіліктің, адам тіршілігінің терең негіздерінің экзистенциалды мәселелерін көтеретін ол туралы аңыздың мазмұнының өзі

түріктердің номадтық дүниетанымның философиялық маңызын айқындап тұр. Қорқыттың ел кезгенін баяндағанда, ол болған жерлер нақты сипатталып, көшпелі мәдениеттің отырықшы мәдениеттен ерекшелігі көрсетіледі.

Қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүретін адамның жан дүниесін-дегі толғаныстың мәнін нәзік жеткізетін, терең экзистенциалды мазмұны бар мұндай баяндаудың көшпелі қоғамның рулық жадында сақталмауы мүмкін де еместін. Мұнымен қоса, адам болмысының мәніне терең бойлағандықтан ол жай ғана отырықшы мәдениет жағдайында емес, оның дамуындағы ақпараттық-технологиялық кезеңінде өмір сүріп отырған қазіргі адамның да тарихи игілігіне айналды. Өлімді музыка күшімен жеңуі, адамды мәңгі ететін жасампаздық пен шығармашылық – Қорқыт туралы аңыздың бұл идеясы қазіргі дүниетаным үшін ең бір керемет, әсерлі нәрсе. Түріктердің ұлы гуманизмінің, рухтың еркіндігіне, табиғатпен, ғарышпен бірігуге деген шексіз ұмтылысының мәні осында.

Орталық-азиялық аймақтан шыққан ұлы ғалымдардың есімі орта ғасырлардан бастап әлемдік ғылымда белгілі болғанын тоталитарлық идеология жасырып келді. Айталық, көне Хорезм шаһарында дүниеге келген Орталық Азияның өкілі, әйгілі математик Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезми антикалық философтар мен ғалымдардың еңбектерін араб тіліне аудару мәдени жұмысын жүзеге асырған «Даналық үйдің» жетекшілерінің бірі болған. Аударма қызметімен қатар, антикалық философия мен ғылым негізін қалаған идеяларды шығармашылықпен дамытудың арқасында, ежелгі грек ойшылдардың көптеген идеялары мен еңбектері ортағасырлық Еуропаға мәлім болды.

Қазіргі заман талабы мен орталық-азиялық елдерінің саяси дамуы тұрғысынан алғанда, әл-Фарабидің қоғамдық қатынастарды реттеуші ретіндегі діннің орны мен рөлі, оның зайырлы біліммен арақатынасы жайында айтқан ойлары өте маңызды. Зайырлы билік пен діни қауымдастықтың арасында жағымды сұхбат орнатуда олардың ықпалы оң болуы мүмкін. Әл-Фарабидің мемлекетті басқару, мемлекеттік өмірді құрудың «надан» түрлерінің дамуының жағымсыз салдарын еңсеру, осы үдерістердегі саяси қайраткердің рөліне қатысты мәселелер бойынша айтқан ойлары өзектілігін сақтап келеді. Әл-Фарабидің ұсынған ізгілікті азаматтарды тәрбиелеу тәсілдері мен сол тәрбиеге септігі тиетін факторлар қазіргі заманда да қызығушылық туғызуда.

Әл-Фараби идеяларының Әбу Әли ибн Синаның дүниетанымына әсер етуі туралы оның өмірбаянында жазылған, хрестоматиялық куәлікке айналып үлгерген дерек, қазіргі танымға Орталық Азия халықтарының рухани мәдениетінің сабасқастығын негіздеу үшін әдіснамалық қағида ретінде басшылыққа алынып жүр. Өз кезегінде, Ибн Синаның философтар, пайғамбарлар сияқты, адамзаттың ұстазы бола алады терең пайымдаулары Бахманийар әл-Эзербайжанидің философиясында көрініс табады.

Көзқарастары әртүрлі болғанымен энциклопедиялық мұрасының іргелі ережелері олардың кемелділікке, ақиқатқа, рухани бірлік пен бақытқа ұмтылған ниеттес жандар екенін көрсетеді. Олардың көзқарастары түрік халықтарының Батыс пен Шығыс бірдей құрметтейтін жалпы адами құндылықтардың мазмұнын құрайтын ақылдың, ағартудың, гуманизмнің идеалдарын биік бағалауын дәлелдейді.

Жүсіп Баласағұнның шығармашылығы ізгіліктің, әділдіктің, ақылдың жалпы адами мұраттарының дамуына үлесін қосып, ортағасырлық ислам философиясы толғаныстарының едәуір бөлігін алып жатқан бақыт тақырыбын ары қарай дамытады. Бұл тақырып ортағасырлық Шығыс ойшылдарының көптеген философиялық шығармаларында кездеседі, олардың арасында шығыстық перипатетиктердің – әл-Фараби, Ибн Сина, Ибн Рушдтың шығармалары бар. Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білігінің» мазмұнына қарап, оның Шығыс перипатетиктердің философиялық-адамгершілік ізденіс дәстүріне сай, яғни бақыт деген не, адамның бақытты болуы мүмкін бе, адамның кемелділігі неде, инсан адам мен әділ қоғам қандай болуы керек? – деген көптеген сұрақтарға жауап іздеу дәстүрінде жазылғанын байқаймыз.

Баласағұн мен әл-Фараби үшін философия мемлекет азаматтарын тәрбиелеу ісіне белсене араласып, оқыту арқылы әмбебап білім беруі тиіс. Білімді игеру және оны пайдалана білу оның әлеуметтік-мәдени қызметінің нәтижесі болды. Әлем құрылысының әмбебап ұстындары философияда көрініс табады, өйткені олар оның онтологиялық негізі болып табылады. Сондықтан адам жетіліп, ең жоғарғы мақсатқа – өздігінен құндылық болатын бақытқа жету үшін тіршіліктің ең басты әрі қажетті бөлігін, яғни оқу мен ағаруды орындағанда ғана мүмкін болады. Осылайша Ж.Баласағұн әл-Фарабидің ағарту идеяларын өзінің практикалық философиясында ары қарай дамытады және бұл философия әл-Фараби түсіндірген «Никомах этикасынан» бастауын алады.

Адам ақылының күші мен адамның мүмкіндіктеріне деген ой-шылдардың сенімін, кейін өмір сүрген басқа түрік ойшылдары да қуаттаған. Айталық, әйгілі ғалым және XV ғасырдың ең білімдар адамдардың бірі болған Ұлықбек самарқандық математикалық және астрономиялық мектеп құрған, ол мектепте астрономия дамуының телескоптық кезеңінен бұрын аспанды дәлме-дәл бақылайтын әлемдегі ең үлкен астрономиялық аспап жасаған. Оның Самарқанда салған обсерваториясы, жасаған «Зидж», басты шаһарлардағы медреселерге арналған көркем ғимараттар, әйелдерге білім беруге ұмтылуы, оны Бұхара медресесіндегі жазу куәландырады, мұның бәрі оның ғылым мен білім берудегі қызметінің айқын көрінісі. Бұлардың бәрі Орталық Азия халықтарының тарихи өткенінде білім беру мен ғылым үрдісінің, заң шығару қызметінің ерекше маңызға ие болғанын дәлелдейді.

Түркі халықтарының мәдениетінде ғылым-білім беру дәстүрін жалғастырушылардан басқа, түрік әлемінің діни дәстүрін сақтаушылардың болғанын замандастар естен шығармайды, өйткені «Құдай өлді» деген қазіргі мәдениеттің қоғам мен жеке индивидтің дамуына кері әсері болатын өзінің жағымсыз әлеутін жасыра алмайды. Бұл тұрғыда зерттеушілердің назарын түріктердің байырғы діни болған тәңіршілдікке ғана емес, түрік мәдениетінде исламның рөлі мен маңызына аударғымыз келеді, өйткені бұл мәселенің зерттелуі тарихи жалғасын табуға зәру және қазіргі жаһанданып бара жатқан әлем жағдайында ерекше өзекті. Қазіргі түрік тілдес халықтар мен исламды рухани желі жалғайды. Дегенмен де, осының алдында Орталық Азия мен түркі тілдес халықтар мекендейтін аймақтарда ғалымдардың ислам дінін әділ және терең зерттеуге мүмкіндігі болмады, өйткені олар заманында жаугершіл құдайсыздықтың қағидаларына бағынуға мәжбүр еді.

Түрік тілдес халықтардың қазіргі философтарының қызығушылығы онтология мен гносеология, аксиология мен праксиология, философия тарихы мен тарих философиясы, этика мен эстетика сияқты т.б. философияның өзекті мәселелері мен түрлі тақырыптарына ауып отыр. Олар ғылыми-техникалық үдерістің әсірінен әлемде өндіріс құралдарында ғана емес, әлем мен адам туралы ғылыми түсініктер іргелі өзгерістерге ұшыраған қазіргі жағдайдың талабына сай келетін ғылыми танымның әдіснамасы, жаһандану үдерістерінің қарқынды мәселерін зерттеуге үлесін қосты.

Ал қай еңбектер түрік философиясы дамуындағы тарихи кезеңге қатысты «қазіргі» ұғымына сай келеді деген сауалға келсек, онда, бұл, ең алдымен, Орталық Азия мен Ресейдегі түрік тілдес елдердің тәуелсіз даму кезеңін бейнелейтін кезең. Бірақ, философияның дамуындағы кеңестік кезеңде зерттеулерден тыс қалған түрік халықтарының философиялық ойын зерттеуге және қазіргі әлемдік философияның жетекші бағыты ретіндегі ғылым философиясын зерттеуге қомақты үлес қосқан кеңестік кезеңдегі еңбектер назардан тыс қалмады.

Қазіргі кезде түрік тілдес халықтардың тарихындағы, мәдениеті мен философиялық ойындағы ақтаңдақтарды мұқият анықтау жұмыстары жүріп жатыр. Жаңа тарихи деректер жинақталып, материалдық мәдениет ескерткіштерінің жаңа археологиялық табылымдары белгілі болып жатыр, философияның дамуындағы алдыңғы кезеңдер философиялық сынға алынып, алынған білімді жалпылау мен жүйелеуді қажет ететін ғылыми зерттеулердің жаңа эмпирикалық қоры жасалуда. Өзгеріп отыратын пәндік сала, оның тарихи деректер мен

құжаттарда, мәдени мәтіндерде толық ашылмауы түріктік зияткерлік-рухани аймақтың философиялық зерттелуіне қатаң талаптарды қояды.

Өткеннің рухани мұрасын, оның философиялық жетістіктермен, әлемдік мәдени дәстүрмен байланысын зерттеу қазіргі түркі философиясының іргелі проблемаларды пайымдауға қатысты зерттеулердің тағы да бір қызық әрі маңызды бағыты болып табылады. Кезінде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы ауқымында түркі дүниетанымның философиялық-көзқарастық негіздері мен көне түрік мәдениетінің дүниетанымдық әмбебаптары ашылып, ойлаудың алғашқы категориялық құрылымының қалыптасуы көрсетілген еді. Әділетті Қазақстанды қалыптастыруға ұмтылатын еліміз өзінің түркілік рухани бастауларын, интеллектуалды негіздерін ғылыми айшықтай түсуі қажет. Өйткені рухани құндылықтарға, тарихи рухани қазынаға арқа сүйеген ұлт қана өзінің болашағын үйлесімді өрбіте, дамыта алады. Бұл интеллектуалды аксиоманы қазіргі геосаяси жағдайдың күрделі кезеңінде, әлеуметтік-экономикалық жағдайды жетілдіреміз деп жатқан уақыттың өзінде ұмытпағанымыз абзал.

Әдебиеттер

1. Булекбаев С.Б. Тюркский вклад в мировую культуру и цивилизацию. Алматы: «Полингва», 2019. - 320 с.
2. Тюркская философия: десять вопросов и ответов. Составители А. Нысанбаев, Н. Аюпов, Т. Габитов. Алматы, 2006.- 142с.
3. Гегель Г.В.Ф. Лекции по истории философии. Кн. 1. СПб: Наука, 1993, С.146, 147.
4. Телебаев Г.Т. Тюркская философская традиция: вклад Ясауи и аль-Фараби // Социально-гуманитарные знания. № 1, 2019. М.: 2019. С. 14-20
5. Телебаев Г.Т. Тюркская философия: основные категории в исторической ретроспективе // Milli fəlsəfə. - Bakı, Azərbaycan nəriyyatı, 2019. - 904 səh
6. Философиялық энциклопедия. Алматы, Лантар Трейд, 2021.- 614б. (Құрастырушылар - Т. Х. Габитов пен С.Е.Нұрмұратов).
7. Нурмуратов С.Е. Роль и значение этнофилософии в современных условиях // Вестник Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева. Бишкек. 2022. С.20-27.

ҚАЗАҚТЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ФИЛОСОФИЯСЫ KAZAKH PHILOSOPHY OF INDEPENDENCE

Габитов Тұрсын Хафизұлы *
Дәулетова Гүлзер †

Annotation. This year marks the 30th anniversary of the Independence of the Republic of Kazakhstan. Realizing the relevance of this very important event for our country, we sought to consider the formation and development of the philosophy of independence based on the history and culture of the Kazakh people and to show the core of the philosophy of independence in the evolution of spirituality. Despite the fact that the problem of a person's understanding of his past belongs to the number of traditional philosophical problems, and this is generally one philosophical direction – the main discipline of the philosophy of spirituality, the study of historical and spiritual consciousness was under the pressure of the Marxist paradigm in Soviet literature. Although the topic of national philosophy in Kazakhstan has won the pages of the mass press during the processes of mass awakening of national consciousness after independence, restoring historical gaps, establishing historical justice, there are special methodological studies in domestic philosophy and social sciences. The scientific novelty of the article is that in the national philosophy it is necessary to take its place in the political, social, economic context within the framework of world civilizational processes, while preserving the basic values in an independent state, to make sure that the benefits that our ancestors dreamed of for many years were strong, to show the world their national spirit, conscience, morality, humanity, inherent only to the Kazakh, and that every Kazakh was proud of his culture.

Keywords: independence, national philosophy, cultural heritage, religious and historical consciousness

* Философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, tursungabitov@mail.ru

† әл-Фараби атындағы ҚазҰУ PhD докторанты

Қазақстан – қайта еңсе көтерген, қайта түлеген, жаңғырған, қайта тарихи сахнада көрінген мемлекет. Кейінгі кезеңде қазақ зиялылары тәуелсіздік құндылығын ұлттық идея ретінде қарастыра бастады. Бұл жақсылықтың нышаны, ұлттық есею мен зерделенудің, рухани баюдың белгісі. Ұлттық философияны іздеу – халықтың өзін-өзі іздеуге кіріскендігі. Өткенінде өнеге, тарихында тәлімі бар ел төл дәуірінің толғақты сәтерінде өзіне-өзі есеп беріп, қош айтысқан замандарды санасына қорытып төрт құбыласын түгендейді, өткен ғасырдан сыр сауады, маңдайы тірелген кезеңнің тамырын басады, келер күнге барлау жасайды.

Қазақстандағы ұлттық философияның жасы – қазақ ұлтымен түйдей құрдас. Ол қазақтармен бірге дүниеге келді, әрі тарих сахнасына да қазақтармен қол ұстаса көтерілді. Мұратсыз ұлт болуы мүмкін емес. Ендеше егемен философиямыздың бес ғасырдан астам тарихы бар екен. Оның өзі бірнеше дәуірден тұрады. Қазақ хандығы тұсында өзегін мемлекетті нығайту, этникалық территорияны қалыптастыру, бірде тілін, бірде тісін көрсеткен Ресей, Қытай, Жоңғар, Орта Азиялық мемлекеттермен оңтайлы қарым-қатынас орнату құрады. Қазақстан Шығыс пен Батыстың, Терістік пен Күнгейдің геосаяси векторлары мен мәдени ареалдары қиылысқан тоғыз жолдың торабында орналасқан. Сол себепті де біздің стратегиямыз ұлттық және халықаралық процестердің өзара байланысына негізделген. Тәуелсіздіктің ұлттық философиясы жоғары деңгейде оның дүниетанымынан, дүниеге көзқарасынан, тарихи санасынан, мемлекет туралы, әділ қоғам туралы, тәуелсіздік туралы асыл мұраттарынан туындайды.

Қазір қоғамның екі типі дәстүрлі және посмодернизмге икемді бар деп біршама зерттеушілер жар салады. Бірақ, рухани сабақтастық пен заман талабын үйлесімде қоса білген ұлыстар бар екендігін ұмытпаған жөн, олар өз әлеуметтік-рухани құрылымдарын шайдалған, айдын емес постмодернизм ұстындарынды емес, ал тарихи тәжірибеге сүйене отырып дамытады. Бұл тәжірибе мәдениеттер сұқбатының қашанда озық құндылық болғанын дәлелдейді. Ең маңыздысы, тәуелсіз ұлттық философия тек күш көрсетпеу, сұхбат, төзімділік, ашықтық жағдайында қалыптаса алады және ғасырлар бойы созылып келген, Шығыс пен Батыстың, Оңтүстік пен Солтүстіктің арасында текетіреті кемітуге мүмкіндік береді [Бижанов, Нұрмұратов, 2017:344].

Қазақстандық тәуелсіз ұлттық философияның мақсаты жергілікті халық – қазақ халқының ұлттық болмысы мен мәдени дамуының формацияларына негізделген, жаңа замандық талаптарға сәйкес саяси институттарының құрылымдары мен ошақтарын дамыту мен жетілдіру функцияларын анықтайтын, жан-жақты зерделенген тұғырнаманы жасау. Ол уақыттық-кеңістік ауқымында мөлшерленер болса – стратегиялық мақсат-мүдделер мен ағымдық ұстанымдар қатарлы бағдарлардан құралмақ: Стратегиялық міндет: тіл, дін, діл тұтастығы [Ғабитов, Сатершинов, 2021: 365]. Осы үш ерекшелікті басқа ұлт өкілдерінің ұйытқысы ретінде қолдану арқылы ынтымақтастықты дамыта отырып, жалпы мемлекеттік сүйіспеншілікке жтелеу. Жуық арада ескеретін, ағымдық міндеттер: қоғамның тыныс тіршілігінде болып жатқан құбылыстарды стратегиялық міндеттер негізінде реттеп, бақылап отыр.

Отыз жылдығы аталып өткен тәуелсіз Қазақстанның жаһандану жағдайындағы міндеттерінің бірі – халқымыздың ежелгі тарихи, мәдени және рухани әлемінің терең тамырларын анықтап, оларды қопара зерттеп, философиялық тұрғыдан біртұтас жүйеленген ұлттық мұрамызды жаңғыртып жасап шығару. Қазақ халқының әлемдік өркениетке мен дегізерлік өзіндік болмысымен енуіне мүмкіндік беретін, ілгері дамуымызға тұғыр болатын ұлттық санамыздың ұстанымды ерекшеліктерін саралау өте маңызды және бұл ғасырлар тұңғығымен тамырласып жатқан ұстын-құндылықтар, яғни біздің ұлттық тұтастануымыз үшін табан тірейтін тұғырларымыз ұлттық руханиятымызды жаңа өркениеттік көзқараспен, терең біліктілікпен жан-жақты талдау.

Қазақтың тәуелсіздік философиясын деконструкциялау тек партикулярлық ұстындармен шектеле алмайды және бұл қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтаған тарихи тәжірибесіне сай келмейді. Алдымен бұл мәселенің ұрпақтар сабақтастығы мен тарихи санаға

тікелей қатысы бар екендігін ескерген жөн. Осы мақала кеңмәтінінде жадылық тұрғыдан ұлттық философиялық сананың үш бітімін атап өтуге болады:

1. Адами-өмірбаяндық естегі еркіндікке ұмтылу. Өркім өзінің ұрпақтарының жадысында сақталған уақытқа дейін өмір сүре береді. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы «Жеті атасын білмеген ұл жетесіз» деген нақыл сөз осыған меззейді. Қазақ болмысында еркіндік басты құндылық ретінде анықталады.

2. Шежірелік (генеалогиялық) немесе ауызекі жадыдағы тәуелсіздік құндылықтары. Бұл формада жеке-дара кісілік естің ауқымы кеңейтілгенімен, мәдени артефакт (тарихи тұлға, оқиға, құндылық т.б.) туралы тарихи білім бейсаналық формалармен толықтырылады. Елдік ауызекі санада тәуелсіздік архетиптік тұғырға көтеріледі.

3. Тарихи жадыдағы ұлттық идея деңгейіндегі тәуелсіздік. Жазбаша мәтін тарих сұндарынан өтетін тәуелсіздік құндылықтары сақталуының кепілі. «Ырық бітігі» пен «Алтын жарық», Орхон-Енисей жазбалары, «Қорқыт ата кітабы», Бабыр, Дулати, Халид және т.б. тарихи туындылары осындай функцияны атқарады [Ғабитов, Сатершинов, 2021: 365]. Бұл туындыларды оқитын оқырман қауымды қалыптастырған жөн. Сонда ғана ұлттық философия мен отаншылдық сезім, ұлттық рух пен ұлттық намыс оянады. Ұлттық және әлемдік философиялық мұраны игеру жастарды тәуелсіз және еркін ойлауға үйретеді. Ой еркіндігі, пікір дербестігі қазақ халқының қанына туа біткен қасиет.

Қазақ халқының ғасырлар сынында қалыптасқан тәуелсіздік философиясы күрделі инверсиялық үдерістермен және құндылықтық бағдарлардың үнемі өзгеруімен байланысты. Сондықтан тарихи сананың қалыптасуы мен дамуын уақыт ағымы мен кеңістікте қарастыру бұл түсініктің мәнін аша түседі [Нысанбаев, 2005-2009].

Қазақ халқының біртіндеп тәуелсіздіктен айырылуы ұлттық санада да нышан бере бастады. Асан Қайғы іздеген «Жерұйық» Зар заман кейіпкер-леріне орын бере бастады. Фәлсәфалық ойдың осы бір байырғы дәстүрі халықтың отаршылыққа түсіп, одан құтылар жол таппай аласұрған тұсында күшейе түскендей. Расында да бүкіл халықтың қол-аяғы тұсалып, жіптің енді шешілместей күрмелгенін олар өз көзімен көріп, арқасымен сезіп отырған заманда жарқын болашақ туралы сөз қозғауды көпшілік түсінбеген де, қабылдамаған да болар еді. Болашақты ғажайып мамыражай заман түрінде елестету үшін алдымен сондай үмітке жетелейтін осы шақтағы шындық керек. Ал отарлау дәуірінің шындығы құлаған хандықтан, ондаған сәтсіз күрестен, күннен күнге күшейген темір құрсаудан тұрғандықтан келе жатқан жақсы өмір туралы көсіліп жырлауды көпшілік жалғандыққа жорыған болар еді.

Бодандықтың теріс әсерлері, әсіресе, қазақы әдеп пен мінез-құлық жүйесіне тиді. Ұлан-ғайыр, кең-байтақ жерді иеленіп келген қазақ табиғатынан батыр мінезді, бостандық пен еркіндікті қастерлеген қайсар халық еді. Бірақ 270 жылға созылған тәуелділік жылқы мінезді халықты момын, қой мінездіге айналдырды. «Жаман үйді қонағы билейдінің», «Есіктен кіріп, төр менікінің» күйіне түсе бастады. Озбырлық саясат нәтижесінде халқымыз құнарлы, сулы, нулы жерлерінен шөл, шөлейт жерлерге ырыстырылды, тек мал бағумен күн кешкен елге күн көрудің өзі қиын болды. Бұрын «у ішсең – руыңмен», «ағайынның аты озғанша – ауылдастың тайы озсын», деп, елдік пен бірлікті мұрат еткен қазақтардың арасында өзімшілдік, дарашылдық өріс алды. Кейбіреу ақты – қара, қараны – ақ деп бірінің үстінен бірі арыз жазса, басқалары бастықтың алдында майлы қасықтай құрша жорғалап, жылпылдаған жағымсыз қылықты бойына дарытты. Қолында билігі барлардың арасында екіжүзділік, озбырлық, тамыр-таныстық, жүгенсіздік, парақорлық өріс алды. «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деп келген халықтың ішінен сан мыңдаған мәңгірттер шықты. Қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрыптық және әдептік жүйесі қазақ хандығы Ресейдің құрамына енген кезден бастап түбегейлі өзгерістерге ұшырады.

Қазақтың дәстүрлі қоғамындағы түбегейлі өзгерістер, сонымен, табиғи жолмен емес, күштеу ұстыны арқылы жүргізіліп отырылды. XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басы – қазақ халқының отаршылдыққа қарсы толассыз көтерілістер кезеңі. Батыс зерттеушілерінің пікірі бойынша, Ресейдің отарлау тәсілдері басқа еуропалық ірі мемлекеттердің тәсіліне

қарағанда қаталдау болды. Қазақтар саяси және қарулы жолмен өз мақсаттарына жете алмайтын еді. Олар барынша жауынгер және ержүрек болғанымен, нашар қаруланған және орыстарға қарсы оқпен атылатын қару мен артиллерияны аз пайдаланды. Егер қазақтар жақсы қолбасшысы бар армияға біріге алғанда орыстардың оларға қарсы жасаған жорықтары әлдеқайда қиындау болатын еді. Батыс тарихшылары орыстардың жүргізген экономикалық саясатына қарсы қазақтардың мұндай наразылығының негізгі себебі, олардың қазақ руларының жайылымдары мен шабындықтарын тартып алып, Еуропадан келген келімсектерге беруінен көрінетін аграрлық саясат деп көрсетіп жүр. ХІХ ғ. аяғында бұл саясат үкімет тарапынан қолдау тауып, ресми сипатқа ие болды.

Қазақтың дәстүрлі мәдени реттеу тетіктерінің біртіндеп істен шығуы далада тек мінез-құлықтық ретсіздік ғана емес, сонымен бірге ұлттық сананың оянуына әкелді. Қазақ қоғамында ұлт-азаттық қозғалыс дүмпуі басталды және бұл қазіргі тәуелсіз Қазақстанға дейін апарған сара жолға жатады. Қазақ қайраткері М. Дулатұлы ХХ ғасыр басында өзінің атақты «Оян, қазақ!» деген философиялық бағдарламасын жариялады. Одан бір үзінді келтірейік: «Қазақстаннан болған социал-демократтарға бірауыз сөз айтамын: Еуропаның пролетариясы үшін қанды жастар төгуіңіз пайдалы, бірақ өз халқыңыз қазаққа артық назар салыңыз, орыстың қара халқы мазлұм күнелтуі ауыр, сонда да алды ашық. Қазақ халқы алты миллиондық бір ұлы тайпа бола тұрып, басқа халыққа қарағанда жәрдемсіз азып-тозып кетер» [Дулатов, 1991: 384].

Ресейге бодандық жайдағы қазақ халқы үшін ислам мәдени қорғаушы қызметін атқарды [Есім, 2003: 338]. Қазақтың ұлт-азаттық қозғалысында империялық нормаларды қабылдамау және төл мәдениетке қатысты құндылықтарды заман талабына сәйкестендіруге бағытталған ұмтылыс үлкен рөл атқарды. ХХ ғасырдың басында ағартушылықпен қатар жәдидшілдік пен «түрікшілдік идеясы» (пантюркизм) кең тарай бастады. Пантюркизм идеясының партикулярлық (оқшаулық) белгілері болғанымен, бұл ұстаным исламмен қатар қазақ халқының өзіндік санасында этникалық ассимиляцияға қарсы қорған есебінде болды. Яғни түрікшілдіктің мәдени маңызы осында деп айта аламыз. Егер М.Шоқайдың «түркістаншылдық» идеясының қазақ мәдениеті өзіндік санасы мен бірегейлігін қалыптастырудағы рөліне оралсақ, онда оны «Қазақты оятқан адамдар» қатарына қосу керектігін атап өткен жөн [Шоқай, 1998: 176].

Қазақтың төлтума мәдениеті Қазан төңкерісінен кейін жаңа жағдайға душар болды. Енді 70 жыл қазақ мәдениеті өз басынан өткізген социалистік идеяның ұлттық мәдениетке қатысты қағидаларына назар аударайық. Бірден тосын жағдай назарды аудартады. Социалистік мәдениет дегеніміз жалпы ұлттық құндылықтарды жоюдың сатысы ретінде қарастырылады.

Кеңес Одағы ұлттық аймақтарда дәстүрлі этномәдениеттерді шектеу бағытында мынадай іс-шаралар жүргізді:

1. Халықтың мәдени мұрасы екі бөлікке бөлінді: «үстем тап өкілдері жинақтаған кертартпа әдет-ғұрыптар» және «қаналушы таптардың моральдық ұстындары». Алғашқылары «революциялық құқық» дегеннің атымен заңсыз деп жарияланды.

2. Атеистік идеология тұрғысынан канондық-құқық пен мораль мүлдем теріске шығарылды.

3. Адам құқықтары идеясы (табиғи құқық) «буржуазиялық наным» болып жарияланды.

4. Сталинизм нығайғаннан кейін «тап күресі одан сайын шиеленісе береді» дегенді желеу етіп тоталитарлық жүйе қызметінде әдет-ғұрып нормаларымен күресу сарыны және бағыты күшейе түсті, сөйтіп ол әдет-ғұрып нормаларын пайдалану ісін жоққа шығарып қана қоймай, ұлттық сана мен психологияның ерекшелігін көрсететін көпшілік сана мен психологияны есепке алуды да жоққа шығара бастады.

5. Қазақтардың көпшілігі ауылда тұрғаны белгілі және көшпелілік жағдайда өмір сүрген. Отырықшылық мәдениетке ауысу Кеңес Одағында дәстүрлі ұлттық мәдениеттердің тамырына балта шапқанмен бірдей болды. Біз, әрине, көшпелілікте қала беру керек еді деп отырғанымыз жоқ.

Тоталитаризмнің негізінде орталықтық ұстанымды қолдау жатты. Яғни қоғам мүддесі жеке адам мүддесінен жоғары қойылды. Бұл жүйеде адам құқықтары кейін шегіндірілді. Мақсат барлық құралдарды ақтауға себеп бола алды. Социалистік қоғамның мәдени негізінде теріс таңбалы сенім мен наным жатты. Бұл жүйеде партияның қаулысы құдай сөзі іспеттес болып келеді. Дүние күйіп кетсе де нұсқау-инструкция орындалуы қажет. Сөз жүзінде құдайды терістегенімен, социалистік жүйеде діннің барлық белгілері болды (пайғамбарлар, рухани көсемдер, идеологияны жүзеге асырушылар т.т.).

Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық философиясы тек бүгін пайда болған жаңалық емес, ол миллиондаған адамдардың өздерінің міндеттерінің түсінуінің жемісі болып табылады. Біздің міндетіміз – қоғамның көп ұлттылығын тұрақты бірлестіруші факторға айналдыру, яғни мықты ұлттық идея қалыптастырып, бүкіл халықтың арман-мүддесін жүзеге асыру. Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстанның негізгі идеясы – Ел Тәуелсіздігін баянды ету, халықтық, ұлттық бірлікті нығайту, әлеуметтік, экономикалық жағдайларды жақсарту, көрші елдермен тату-тәтті өмір сүру, Республикаға сырттан инвестиция тарту сияқты аса маңызды мемлекеттік мүдделерді жүзеге асыруға бағытталады.

XX ғасырдың соңғы онжылдығында Қазақстанның саяси тәуелсіздікке қол жеткізуімен қазақ халқының қоғамдық санасындағы орын алған түбегейлі өзгерістер тарихи тағдырдың тәлкегімен ұмыт болған ұлттық дәстүр мен мәдениетті қайта жаңғыртуымен сипатталды. Бірнеше ғасыр бойы отаршылдық пен тоталитаризмнің ықпалымен мәдени деградация мен трансформацияға ұшыраған ұлттық мәдениетті қайта өркендету мемлекеттік деңгейде төмендегі міндеттерді шешуді жүктейді: ең алдымен ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын түбегейлі құндылықтарды қайтару, яғни адамдарды рухани тұрғыда оятатын ұлттық тіл мен дәстүрді қайта жаңғырту; осы уақытқа дейін тыйым салынып келген халықтың тарихи өткенін толығымен, жан-жақты зерттеулер арқылы қалпына келтіру, тарихи сананы қалыптастыру арқылы мәнгүрттік жағдайдан арылу; ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының асыл қазынасы – мәдени-рухани мол мұрасын игеру.

Отыз жыл ішінде елдің ішкі экономикалық жүйесі түбірімен өзгеріп, дамыған өркениетті елдердің ешқайсысынан кем түспейтін нарықтық қатынастар мен институттар құрылды. Соның негізінде Қазақстан дүниежүзілік экономикада өз орны бар бәсекеге қабілетті елге айналуда. Осы отыз жыл ішінде жеке адамның, тұлғаның құқықтары мен бостандықтары заңмен қорғалатын, демократиялық институттар мен құндылықтар орныққан ашық қоғам құру үстінде. Сонымен бірге қазақстандықтар бұрынғы қасаң идеология шырмауынан арылып, шынайы құндылықтар мен мұраттарды қастерлейтін тұтас бір жаңа толқын өсіп жетілді, отыз жыл ішінде қазақ халқының ұлттық санасы мен дүниетанымы жаңарып, өзін-өзі тану, өзін басқаға таныту, өзінің бай ежелден қалыптасқан тарихы мен ұлттық дәстүрлерін құрметтеу, ұлы тұлғалары мен ойшылдарын бүкіл дүниеге таныту, бай рухани және мәдени қазынасы әлемдік өркениетпен ұластыру бағытында қыруар шаруалар атқарылды.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақстандық қоғамды модерндеу барысында туындаған қайшылықты үдерістерден, Г. Шалабаеваның пікірінше, мынадай тұжырымдар жасауға болады: «бүгінгі күні қоғамды жаңарту үшін жаңа технологиялар мен жаңа саяси және әлеуметтік құрылымдар қалыптастырумен салыстырғанда, рухани факторлардың маңызы бір де кем емес; қазіргі модернизация – ішкі де сыртқы да, төлтума да, кірме де факторлар өзара әрекетке түсетін қоғам өзгеруінің күрделі әрі қайшылықты тәсілі; модерндік өзгерістердің нәтижесінде қазақстандық әлеумет үшін мәдениетті өндірудің, таратудың және сақтаудың жаңа типі пайда болады» [Шалабаева, 2001: 139 б.].

Тарихта саяси тәуелсіздікке ие болғанымен, өз халқының әлеуметтік мәселелерін шеше отырып, әлемдік экономикадан өз орнын да тапқан елдер некенсаяқ, көпшілігі экономикалық тұрғыда сол бұрынғы метрополияға тәуелді болып қала береді. Қазақстан Республикасы тоталитаризм шырмауынан босап шығысымен өзінің тарихи таңдауын нарықтық қатынастары бар мемлекет құруға бағыттады. Бұл таңдау ескі кеңестік жүйенің қондырғыларынан арылып, мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларын реформалауды талап етті. Әлеуметтік

бағдардағы толыққанды нарықтық экономикаға қол жеткізу үшін экономикалық реформалар төмендегі міндеттерді шешуі тиіс: еңбек, кәсіпкерлік түрлерін таңдау еркіндігі, әр түрлі меншік формаларының дамуы, толыққанды бәсеке, адамдардың экономикалық тұрғыдан өзін-өзі айқындауы, кәсіпкерліктің құқықтық-заңдылық негіздерін қалау; бюджет, салық, кеден салығы арқылы тұтыну рыногын қалыптастыруда мемлекеттік реттеуді белсенді пайдалану; табиғи ресурстарды орынды пайдалану негізінде әлемдік рынокқа ену, экономиканы қайта құру арқылы дайын өнім өндіруге көшу, технология мен техниканы дамыту; тауар мен қызмет түрлеріне бай рынок құру, кәсіпкерлікті өркендете отырып адамдардың материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру [Нысанбаев, 2001: 5 б.].

Ұлттық мәдениетті түлетуде ана тілі түбірлі мәнге ие болады. Тіл ұлттық болмыстың өзекті тірегі және этностық тұтастықтың түпнегізі болып табылады. Тіл – халықтың барлық өткен мәдениеті мен тарихи өзіндік санасы материалданып жинақталып сақталатын негізгі кілттіпан. Қазақы ойлаудың ұлттық ерекшелігі оның тіліндегі «әдеби демократизмнен де, қорғасындай салмақты даналықтан» да көрінеді. Көшпенділік өмірдің сан ғасырлық және сан салалық тәжірибесін тал бойына сіңірген ұлттық тіл жиырмасыншы ғасырда жойылудың аз-ақ алдында қалды. Қазақтардың көпшілігі ана тілін ұмытуына байланысты қазақ тілінің қызметтік өрісі тарылып, соның салдарынан ұлттық мәдениеттің жалпы қуаты кеми бастады. 1989 жылы қабылданған «Тіл туралы заңда» қазақ тілі мемлекеттік деп, ал орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі деп жарияланды. Бұл тілдік мәртебелер 1993 жылғы Қазақстан Республикасының Ата заңында бекітілді.

Еркіндіктің самал лебін сезінген қазақ халқы ұзақ уақыт бойы нұқсан шеккен сананы емдеуге бет бұрды. Тұншығып келген дәстүрлі әдет-ғұрыптар жаңғыртылып, «Наурыз», «Ораза айт», «Құрбан айт» мерекелері жыл сайын тойлана бастады. Шындыққа шөліркеген халық тарихи ақтандақтардың бетінің ашылуына орай кезінде кеңестік идеологияның қысымымен бұрмаланған жәйттермен және тарихи жадыдан зорлықпен өшіртілген есімдермен қайта қауышты. Сан ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының асыл қазынасы – мәдени-рухани мұрасы қайта игеріле бастады.

Еркіндік пен тәуелсіздікті қалыптастыратын тетіктер мен жағдаяттар сан алуан. Оған көшедегі қаптаған жарнамалардан бастап, енді ғана дүние есігін ашқан сәбидің құлағына естілетін ән мен үнге дейін кіреді. Солардың бәрінің басын қосатын, бәрін өгіздей өрге сүйрейтін күдірет Ұлттық Идея деп білгеніміз жөн. Ойы онға, санасы санға бөлініп отырған қазаққа ортақ ұлттық идеяны таба қою оңай міндет емес. Ол шіркін әлі күнге дейін жоқ та. Ал қажеттігін отансүйгіш рухтағы әрбір қазақстандық азамат сезініп отырғаны айдай ақиқат. Армансыз адам - қанатсыз құспен тең, дейді халқымыз. Ендеше ұлттық идеясыз қала берсек қанатсыз ұлтқа айналарымыз сөзсіз. Ұлттық идеяны таппайынша елде жүріп жатқан реформалар қарын тойдырудың ғана міндетін атқарып шығатындай көрінеді.

Кеңес Одағы тарқағаннан кейін батыстандыру мен америкаландырудың жаңа пәрменге ие болуы, бұқаралық мәдениет үлгілерінің жаңа тәуелсіз елдерде барынша таралуы, этникалықтан өркениеттіліктің басымдылыққа ие болуы т.т. жатады. Қазақстанда ұлттық идеяның қалыптасуына үш суперөркениеттердің тоғысуында орналасуы (православтық, мұсылмандық және конфуцийлік), мәдени-әлеуметтік транзиттік, тоталитарлық және атеистік сана қалдықтары, номадалық діл архетиптері ықпал етеді. Басқа да ТМД елдерінде сияқты, Қазақстанда ұлттық философия амбивалентті құбылыс болып табылады. Қазіргі өркениеттік және ұлттық-рухани құндылықтарға қарай бетбұрыс әлемдегі елу озық елдердің қатарына қосылуға себебін тигізе алады.

Қазақстан Республикасының мәдени даму тұжырымдамасы тәуелсіз Қазақстанның мәдени дамуының дербестігін қамтамасыз ету, ұлттық мәдени дамуының дербестігін қамтамасыз ету, ұлттық мәдени сұраныстары мен талаптарын қанағаттандыру және отарсыздандыру (деколонизациялық) саясатын жүргізу маңызды болып табылады. Қазіргі уақытта әр ұлт өз бірегейлігін жоғалтқысы келмейді. Бұл – әр ұлттың жан қалауы және табиғи құқығы. Бұндай жан қалауының себебі – қазіргі кезде алдыңғы қатарлы әлем

империяларының (мемлекеттердің) индустриалды өндіріс салаларының қарқындылығы әлеуметтік, технологиялық, инновациялық бөлініске ұшырауына, ұнамдылық-моралдық құндылықтардың дағдарысқа түсуіне, өркениеттік өмірдің күйзеліс күйінің қалыптасуына, идеологиялық, әскери, экологиялық «катаклизмдердің» болуына ықпал етіп отыр. Осы факторлардың барлығы берік болып табылатын адамзаттың дәстүрлі сенімдерін, адами құндылықтарын және ұнамдылық нормаларын іштей күйзеліске, барша адамзатты дағдарысқа ұшыратып отыр. Қазақтың ұлттық философиясының қайта өрлеуі екі негізгі талаптарға сәйкес келуі тиіс:

- Ұлттық философия өзіндік даму амалымен өзіндік даму қабілетін анықтауы тиіс.
- Ол қазіргі кезде қоғамда болып жатқан радикалдық және инновациялық өзгерістерге кедергі жасалмай, керісінше, оған демеу беріп, сыбайласып, онымен іштесіп модернизациялануға ұмтылуы тиіс.

Ұлттық философияны Қазақ елінің тәуелсіздігін баянды ету деп түсіну өте маңызды. Қазақ елінің, азаттығымыздың, ынтымақ-бірліктің мүддесіне қызмет етіп, діттегеніне жеткен күні қош-есенге кете баратын кемел де кесірсіз ұлттық идеяны бекемдеу әрқашан жауапты міндет болып қала бермек. Қаншама жылдар біз ел болып қалыптасуды арман еттік. Бізге Қазақ елі атану арман болды. Тек мемлекеті бар ел ғана өркениет жолына түсе алмақ, сондықтан Тәуелсіз Қазақ деген ұғымды қоғамдық білімдер жүйесінде қолдануға мүмкіндік туды.

Әдебиет:

- 1 Ғарифолла Есім. Қазақстандық өркениет және өркениеттік сана //Жаһандану контексіндегі Қазақстандық өркениет және мәдени айқындалу жолдарындағы ізденіс: Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы, 2003. – 338 б.
- 2 Ғабитов Т.Х., Сатершинов Б.М. Тәуелсіз Қазақстанның тарих философиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. - 365 б.
- 3 Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991.- 384 б.
- 4 Қазақ халқының философиялық мұрасы / бас редактор Ә.Н. Нысанбаев. Жиырма томдық. – Астана: Аударма, 2005-2009. -7 с.
- 5 Общенациональная идея Казахстана: опыт философско-политологического анализа. – / бас редактор Ә.Н. Нысанбаев . -Алматы: КИЦ ИФиП МОН РК, 2006. – 412 с.
- 6 Тәуелсіз Қазақстан философиясы. 5-т. / А. Бижанов пен С. Нұрмұратов редакциясында. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану, дінтану институты, 2017. – 344 б
- 7 Шалабаева Г.К. Постигение культуры: мировоззренческие парадигмы и исторические реалии Казахстана. – Алматы: Ақыл кітабы, 2001. – 420
- 8 Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы, 1998. – 1-т. – 176 б.

1-СЕКЦИЯ
ТҮРКІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ДӘСТҮРЛЕРІ

СЕКЦИЯ 1
ТРАДИЦИИ ТЮРКСКОЙ И КАЗАХСКОЙ ФИЛОСОФИИ

SECTION 1
TRADITIONS OF TURKIC AND KAZAKH PHILOSOPHY

ҒАЛЫМ. ҚАЙРАТКЕР. ҰСТАЗ

Мейірбаев Бекжан Берікбайұлы*

Өмірде таңдап алған жолына сай әдетте тұлғалар қандай да бір сала ауқымында биіктерге жетіп жатады. Десе де бірнеше тармақта әр қырынан көрінетін жандар да кездеседі. Сондай тұлғалардың бірі бүгінде мерейлі 65 жасқа толып отырған, феноменалдық қасиет иесі – Телебаев Ғазиз Тұрысбекұлы. Ғазиз Тұрысбекұлының кісілік келбетімен қатар ғалым, қайраткер, ұстаз ретіндегі сипаты ерекше атап өтуге тұрарлық.

Философия ғылымының докторы, профессор Ғазиз Телебаев 300-ге жуық ғылыми еңбектің авторы. Ғазиз Телебаевтың ғылыми ізденісі бір арнамен ғана шектелмейді. Ауқымы өте кең. Ғалым ізденісінен онтологиялық, гносеологиялық, антропологиялық, экзистенциалдық проблематиканың тұтас кешенін көре аламыз. Ғазиз Тұрысбекұлы батыс философиясын Д. Юм, Б. Рассел мысалында жеткілікті зерделеген қазақстандық, сонымен бір мезгілде ТМД ауқымындағы бірден бір философ ғалым. Ғалымның әлеуметтік философиядағы зерттеулерге (*Civic identity as a determinant of cultural identity in a multicultural society: Almaty as a model*; Астана: трансформация социальной структуры города және т.б.) қатысуы философияны практикалық бағыттағы әлеуетін көрсетеді. Шетел философиясымен қатар ғалымның қазақ философиясын түркілік тамырдан тарата отырып зерттеп келе жатқаны оның еш окшаулыққа ұрынбай түрлі философиялық жүйелерді өзіндік соны әдіспен органикалық байланыстыра, қабыстырып, матастыра білу шеберлігін көрсетеді. Қазақстандағы келісім, татулық, этносаралық қатынастар, «Үлкен ел – үлкен отбасы» жобасы, «Мәңгілік ел» бағдарламасы аясындағы және осы мәндес көптеген зерттеулері Ғазиз Телебаевтың ұлт философиясына өлшеусіз үлес қосып келе жатқанын аңғартады. Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Ясауи, Омар Хайям, Қорқыт ата, Құман жазба ескерткіші ««Кодекс Куманикус», Орхон-Енисей руна жазбаларының философиялық мәні. Сопылық. Тәңіршілдік философиялық категория ретінде... Міне, Ғазиз Телебаевтың түрік философиясындағы ғылыми ізденістерінің бірсыпырасы осылар. Қазақша, орысша, ағылшынша жазылған бұл еңбектер (О древнетюркской категории «QUT»; Идея «Мәңгілік Ел» в тюркской философской традиции; Понятие Тенгри в орхоно-енисейских источниках и памятнике Codex Cumanicus; Категории «TENIRI» И «QUT» в тюркских письменных источниках; Учение о человеке Ходжа Ахмета Ясави и Омара Хайяма; Тюркская философская традиция: вклад Ясауи и аль-Фараби; Категории родства в орхоно-енисейских письменных источниках; *The Turkic Elements in Sufi Philosophical Tradition: Khoja Ahmed Yassawi*; Тюркская философия: основные категории в исторической ретроспективе; *Continuity in the use of the concept of tengri in ancient turkic and medieval written monuments* және т.б.) түркітаным қоржынына қосылған соны туындылар. Әлбетте, бұл аталғандар лингвистикалық, тарихи, т.б. аспектілерде зерттеліп кеткені мәлім. Философиялық реңк беріп, философия мәселесі ретінде қарастыру оларды жаңа қырынан негіздеуге жол ашары сөзсіз.

Түркі проблематикасын зерттеуді одан әрі жалғастыру, осы реттегі оқулық, оқу құралдары, хрестоматиялар мен монографияларды жазу, Түркі әлемі философтары қауымдастығы жұмысын жандандыру ғалымның алдағы уақыттағы жоспарларының бір бөлігі.

Ғалымның ғылыми шығармашылығында қомақты орынды жаңа заманды басты назарға қоя отырып ежелгі дәуірден қазіргі кезге дейінгі уақытты Юм мен Рассел аралығына зерттеу жібі арқылы байланыстырған тұтастай Философия тарихы алып отыр. Бұл ғалымның философия тарихын скептицизм контекстінде өзгеше мәнде баян етуі деп түсінілгені ләзім.

* Философия ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультетінің деканы

Ғалым зерделеп өткен диссертациялық жұмыс тұтастай романдық-германдық философия жүйесіндегі позитивизмді жаңаша түсінуге мүмкіндік берді деп айтуға толық негіз бар.

Ғазиз Телебаевтың ұстаздық қыры әркез ғибрат пен ұлағат әрі өнеге аясында. Ғ.Т. Телебаев шәкірттерін қанаттандырып, ғылым жолына бағыттап оларға жетекшілік етті, рецензент, оппонент ретінде еңбек етіп, диссертациялық кеңестерге мүше болды. Шәкірттеріне жол сілтеуші, қамқоршы бола білді. М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін аяқтай сала Ғ.Телебаевтың Рудный индустриалдық институтында басталған ұстаздық жолы, Қазақстан-Британ техникалық университеті, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті сынды еліміздің белді оқу орындарындағы табысты педагогикалық қызметке ұласты. Дәрістерін қазақша, орысша, қажетіне қарай ағылшынша да өткізді. Сабақ өткізумен шектелмей профессорлық лауазымда бола тұра факультетіміздің, университетіміздің қоғамдық жұмыстарына қатысуға еш тартынбауы ұстаздық кішілігі арқылы ірілігін көрсетеді деуімізге басты себеп. Ғ.Т. Телебаев дәрістерінде білімгерлердің бар-жоқтығын тексермейді, белгілемейді. Себебі, олар бірі қалмай түгел келеді. Белгілену, балл алу үшін емес – білім алу үшін келеді. Ғалымның ұстаздықты шынайы қабылдап, сүйе білуі оны оқытушылықтан проректорлыққа дейін көтеріп білім беру жүйесінен ел қызметіне қарай трансценденттеп қайраткерлікке алып келді.

Ғазиз Тұрысбекұлының қайраткерлік образы еліміз тәуелсіздікке қол жеткізумен тұспа тұс басталады. Қайраткерлік келбеті дара әрі қайталанбас. Ғазиз Тұрысбекұлы бұл жолда: Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңестің кеңесшісі, ҚР Президенті Әкімшілігі Талдау және стратегиялық зерттеулер орталығының әлеуметтану секторының меңгерушісі, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің талдау және жоспарлау бөлімінің бастығы, ішкі саясат департаменті директорының орынбасары, директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК» Ақпараттық-талдау орталығы директорының орынбасары, «Рауан Медиа Групп» АҚ Ақпараттық талдау орталығының директоры, «Этносаяси және гуманитарлық зерттеулер» қоғамдық қорының президенті, ҚР Президенті Баспасөз қызметінің бас сарапшысы, Мәдениет және ақпарат вице-министрі, Мәдениет вице-министрі, Көшпелілердің мәдени мұрасы проблемалары жөніндегі қазақ ғылыми-зерттеу институтының директоры, ҚР Тұңғыш президенті-Елбасы кітапханасының жетекші ғылыми қызметкері, ҚР Президенті жанындағы «Қоғамдық келісім» РММ директорының орынбасары секілді қағылездікті қажет ететін жауапты қызметтерді өткерді. Осынау механизмның кез келген буынындағы Ғ.Т.Телебаев қызмет еткен тұсқа назар аударсақ дәл сол кезеңде потенциалдылықтың актуалдыққа ұласқан ерекше көріністерін жазбай танимыз. Айталық, профильді министрлікте қызмет етіп жүргенінде Голливудтық, Болливудтық қатігездікті, зорлық-зомбылықты, әдепсіздікті насихаттайтын тәрбиелік мәні жоқ фильмдерді елге әкелуге, олардың дубляжына тоқтам болғанын байқауымызға болады. Мәңгілік ел идеясы бойынша көптеген шаралар атқарылғанын аңғаруымызға болады. Мысалы, Ғ.Т.Телебаев қызмет еткен тұста министрлік мұрындық болуымен 150 мың терминді қамтыған қазақ әдеби тілінің 15 томдық түсіндірме сөздігі басылып шықты. 1986 жылғы сөздіктен ерекшелігі ғылыми, жазба мәдениеті мен әдеби сөздер ғана емес жаргон сөздер мен кәсіби слэнгтерге, неологизмдерге тиісті орын берілгендігі. Мұндай мысалдар жеткілікті. Ал, ҚР Президенті жанындағы «Қоғамдық келісім» РММ директорының орынбасары болған шақта ұлт құндылықтары дәріптеліп, өзге ұлттардың қазақ тілін үйрену деңгейінің пайыздық көлемі аса зор болды. Ғ.Т. Телебаев қызметі тұсына тағы бір мысал келтірсек, ҚР-да ҚХА жанындағы медиация орталығы ашылғаны. Медиация бойынша көптеген кеңестер, семинар-тренингтер, қоғамдық келісім, этникалық қарым-қатынас, дау-дамайға жеткізбеушілік және осы тектес көптеген мәселелер осы кезеңге тән. Осылайша, қай жерде жұмыс өткерсе де Ғазиз Тұрысбекұлы өзіндік жаңа леп ала келді. Енді бір мысал, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасының кітапханасының жетекші ғылыми қызметкері болып жүргенінде кітапханаға түркі философиясын зерттеуші ғалым-философтарды жинай білді. Еліміз бен шет елдерде ұлт философиясы мен түрік

философиясына байланысты көптеген симпозиум, конференциялар өткізді. 2018 жылы Бішкекте «Манас» университетімен бірлесіп өткізген «Түрік елдерінің философиялық мұрасы» атты I халықаралық симпозиум және басқа да келелі істер осының дәлелі.

Ғ.Т. Телебаев әрдайым емен-жарқын, пікірлесуге ашық. Оны ғалым, қайраткер, ұстаз ретінде ғана емес, достыққа адал, азаматтыққа берік тұлға, білікті басшы, жауапты әріптес, үлгі болар отағасы, тіпті тележүргізуші ретінде әр қырынан сипаттауымызға болады. Келелі ойларымен, телерадиоға, мерзімді баспасөзде, сайттар мен порталдарда жүйелі түрде бөлісіп келеді.

Бұл аталғандың бәрі жәй әрі жалаң ұран емес. Ғ.Т. Телебаевтың атақтары мен наградаларын, сарабал бастамаларын айтпағанның өзінде осы бір қысқа мысалдардан адами болмысы ашылса керек. Ғазиз Тұрысбекұлы осындай ерен тұлға.

Осындай білікті қайраткер, өнегелі ғалым, ұлағатты ұстаздың факультетімізде қызмет етуі біз үшін мерейімізге үстеу!

ПРОБЛЕМЫ ИДЕНТИФИКАЦИИ В СТРАНАХ ТЮРКСКО-МУСУЛЬМАНСКОЙ КУЛЬТУРНОЙ ТРАДИЦИИ PROBLEMS OF IDENTIFICATION IN THE COUNTRIES OF THE TURKIC-MUSLIM CULTURAL TRADITION

Али Сеидабас оглу Абасов*

Annotation. The article is devoted to the problems of ethno-confessional identification and integration of spirituality and values of post-Soviet countries of Turkic and Muslim cultural tradition. In this regard, the contradictory reality of modern political economic, social and spiritual processes, oriented towards the Western ideals of globalization, is considered.

In today's world a complex, contradictory process of fierce struggle for the preservation of traditional values, the apotheosis of which in each particular case is one or another religion and its social doctrine.

There is a tense search for new models of ethics of relations among civilizations, cultures and peoples, in which the role of religion is increasing, the renewal of ethnic construction of states. It is obvious that these processes should be given a civilizational content, putting forward cultural and containment of radically political processes.

In the context of cooperation among the five post-Soviet countries, the integration project can be carried out through the development of Turkology as a sphere of knowledge of the history, languages and cultures of the states and societies of the Turkic world, and six countries - through the development of the history and culture of Islam.

Keywords: religions, ethnicities, Turks, cultures, integration.

В любом обществе существуют проблемы, которые нельзя отдавать на откуп политикам и идеологам. Это проблемы духовности, культуры, ценностей и путей их реализации при социальном обустройстве, те проблемы, которыми традиционно занимается интеллектуальная элита, формируя основания духовной реформации. Эта реформация едва ли не первейшая задача для республик постсоветского пространства, особенно исламской культурной традиции.

Между тем, каждая из этих страна, избавившаяся от оков советского социализма, стала прокладывать собственный исторический путь, на котором приходилось сталкиваться и с неудачами, и с временным отходом от задуманных планов и темпов реформ, и с отказом от многих иллюзий, которые возникли в самом начале независимости.

Начало XXI столетия стало временем роста культуры войны, усиления этнических конфликтов, как средства разрешения разногласий между странами и народами.

Человечество вступило в период глобализации, а после пандемии вновь вернулось к локализации с усилением этно-конфессиональной окраски политического развития.

* Доктор философских наук, профессор, зав. отделом «Проблемы современной философии» Института Философии и Социологии, kila50@mail.ru

Если в конце XX в. Запад двигался к новым интеграционным ценностям, имеющим преимущественно неэтнический и внеконфессиональный характер, а Восток испытал бум национальной самоидентификации и возрождение претензий религий на широкое участие в политике, то сегодня мы видим значительное отступление почти всех государств мира от глобализационных проектов.

Мир сегодня испытывает критический, поворотный момент переоценки политических концепций, которые были развиты после Второй мировой войны. Глобализация, требуя нового исследования незыблемости принципов территориальной целостности и национального суверенитета стран, не сделала ничего, чтобы создать политические, экономические и духовные предпосылки для принятия этих идей народами. И в результате большинство народов и стран видит в этом акции, направленные исключительно на принудительное распространение чуждых ценностей. Мир подвергается поляризации, в одной из полюсов которого скапливаются современные технологии, а на другой - большинство населения Земли, лишенное не только возможности влиять на глобализацию, но и всех надежд относительно достойного будущего.

Западная духовная мысль (по существу - культурная парадигма) упорно продолжает настаивать, что ее фундамент составляет иудейско-христианская традиция, в то время как сама она была передана Западу посредством третьей авраамической традиции - исламом, арабомусульманским духовным наследием.

Практика СМИ показала, что посредством настойчивой демонстрации или, напротив, сокрытия (игнорирования) в информационных потоках тех или иных фактов, событий и процессов можно контролировать и направлять общественное сознание, формируя в нем удобные стереотипы. Целые страны, лишенные поддержки ведущих мировых СМИ, просто "исчезают" из поля зрения общественности, а, следовательно, перестают "существовать". Постсоветским странам не раз приходилось "выяснять", что о них в мире практически ничего не известно.

В постсоветских республиках вышеотмеченные процессы происходят параллельно с общей трансформацией социокультурных ценностей общества, что значительно усложняет общую картину динамики культуры. В культуре происходит парадоксальное переплетение старых и новых ценностей на фоне временного (или постоянного) отказа государства регулировать эту область социальных отношений. Культура, как таковая, как общенациональная форма проявления духовности, перестает существовать. Она распадается на различные части, более не интегрируемые единой системой ценностей. Происходит заметное оскудение политического сознания, предлагаемые модели развития которого лишены всякой новации. Но за «экологической катастрофой» в политической мысли стоит более серьезный кризис - исчерпанность вариантов духовного, социального и экономического развития человечества. Можно по-разному маркировать это состояние, я предпочитаю называть эту ситуацию - коллапсом морали, моральным старением парадигм деятельности человека, детерминированным исчерпанностью стилей мышления. Нужны новые подходы.

Масштабы новых противоречий и конфликтов в мире оставляют мало надежд на оптимизм. Результаты "диалогов культур" и "встреч цивилизаций" пока не значительны. Практика сокрытия интересов политикой "двойных стандартов" навеивает разрушительный пессимизм.

И все же в рамках политических решений вопрос как будто ясен: "куда двигаться от национальных государств, двигаться ли вообще, насколько полезен опыт объединяющейся Европы?".

Ведь в мире начался сложный, противоречивый процесс: ожесточенная борьба за сохранение традиционных ценностей, *апофеозом которых в каждом конкретном случае выступает та или другая религия и ее социальная доктрина.*

Характер современных военных противостояний, в особенности межэтнических вооруженных конфликтов, поставил под сомнение право на жизнь той группы, которую

принято называть мирным населением. Парадокс заключается в том, что в зонах конфликта право на жизнь мирного гражданина оценивается в 10-15 раз ниже, чем право на жизнь комбатанта. Складывающийся в мире глобальный терроризм – еще один вызов праву на жизнь мирного населения.

Человечество, большинство членов которого являются людьми веры, большинство членов которого составляют представители различных конфессий, должно снять все различия между религиями, абстрагируясь от тонкостей догматических дискуссий, принимая лишь безотносительное, не детерминируемое, а потому абсолютное право личности на свободу совести. Собственно, это и способствует возможности объединения на этом поприще всех людей вне зависимости от их вероисповедания или отсутствия последнего.

Но может ли эта великая задача и цель ограничить рамки деятельности человечества в наше динамичное, непростое время? Можно ли, защищая религиозную свободу каждого отдельного человека, остаться в стороне от тех мировых процессов, которые грозят размыть конкретное воплощение этой свободы, выраженное в отдельных религиях? Можем ли мы игнорировать современные процессы социализации и политизации религии в быстроменяющемся мире? Словом, можно ли остаться в стороне от процессов современной жизни, определяющих не только параметры сегодняшнего человеческого измерения, но и качество жизни наших потомков?

Думаю, что именно на этом пути должна сформироваться новая сфера деятельности человечества. Необходимо создать пространство духовного диалога, не скрывающего имеющиеся противоречия и претензии. На этом пространстве сегодня, кроме традиционных религий: Иудаизма, Христианства, Ислама и Буддизма, прорастают новые для него религиозные побеги, подвергающиеся нередко остракизму. Это пространство и должно стать полем нового диалога, оно обречено на духовное соперничество, интеллектуальные поиски, способные предоставить человечеству *иные* сценарии будущего развития. Это становление, повторюсь, происходит на фоне системного духовного кризиса, крушения идеологий, развенчания устоявшихся научных парадигм и концепций социального и экономического развития.

Каковы же ориентиры подобного диалога? Что следует взять и от чего отказаться перед его началом?

Представляется, что нужно исходить из того, что социальные и экзистенциальные проблемы современного человека, вступающего после эпохи тоталитаризма в стихию демократии, требуют от мышления, может быть, в первую очередь от мышления религиозного, высокую степень рефлексии, а плюрализм культуры испытывает готовность религии ответить на самые нелицеприятные, а подчас и жестко-альтернативные исторические, политические, социальные и духовные вызовы. Как и в тот период, человек постсоветского времени стоит перед необходимостью модернизации своего понимания и восприятия своей и иных религий, вне зависимости от позиции в отношении веры. Религия для многих людей является мощным каналом усвоения трансцендентальной энергии, потребность в ней возрастает в условиях открытого общества, распространения массовой культуры и сознания.

Можно исходить из принципов, которые представляются приемлемыми для плодотворного протекания межрелигиозного диалога:

1. Отрицание существования «высших и низших», «истинных и ложных» религий.
2. Религии определяют разные пути человечества к Истине, Богу.
3. Различие путей к Истине обусловлено Божественным промыслом и характеризует духовное богатство и опыт человечества. Поэтому превращение религий в средство вражды и отчуждения противно человеческой сущности.
4. Привнесение либерально-демократических ценностей в религиозную культуру само по себе не может стать причиной подавления глубинных чувств человека и их отчуждения в современном обществе.

5. Каждый человек или народ является носителем конечной части бесконечной Истины, поэтому их общение, взаимодействие способствует общему прогрессу духовности человечества.

Естественно, с учетом произошедших изменений, роста напряженности в мире, эти принципы должны быть дополнены новыми концептуальными положениями. От простого признания необходимости диалога нужно переходить к его практике, но на этом пути прежде следует хорошо осознать все противоречия этого процесса в многогранной ситуации разворачивающихся процессов глобализации и локализации, с их позитивными и негативными последствиями для народов и их культур.

Но в новом веке культурное противостояние нарастает, множатся непонимание, фобии и, соответственно, недоверие между носителями различных культурных традиций.

Мы являемся свидетелями становления нового типа конфронтации в мире, разделяющей страны, народы и культуры уже не по цивилизационному признаку, что вносит в концепцию С. Хантингтона, да и в саму философию диалога культур и цивилизаций новые коррективы, формирует перед человечеством новые вызовы, требующие своих ответов. Вместе с тем следует признать, что сложившаяся ситуация имела свою предысторию, кульминацией которой стала военная операция НАТО в Сербии. Следует отметить, что, как и в случае с Боснией и Герцеговиной, в Косово западный альянс защищал мусульманское меньшинство от христианского большинства, тем самым как бы снимая всю остроту многовекового противостояния: «Восток – Запад».

Можно ли итоги современного развития представить как результат политики «двойных стандартов», направленной на избирательную поддержку демократии, прав человека и этнических меньшинств? Можно ли демократию устанавливать силой оружия? Сохранились еще и должны ли быть сохранены международные принципы невмешательства во внутренние дела независимых государств, нерушимости их границ и суверенитета? Существуют ли в современном мире общепризнанные стандарты демократии, и кто является их носителем? Даны или должны ли быть даны такому возможному носителю исключительные права насаждать эти стандарты по всему миру? Крутой вираж истории, опрокинувший ожидания и надежды людей на III-е тысячелетие «мира» и его вызовы: глобализация, 11 сентября, события в Ираке, новый мировой порядок – показывают, что произошло крушение институтов государства, политики и демократии, в первую очередь, как институтов поддержания общечеловеческой морали. Идет напряженный поиск новых моделей этики взаимоотношений цивилизаций, культур и народов, в которых возрастает роль религии, возобновление этнического строительства государств. Очевидно, что этим процессам следует придать цивилизационное содержание, выдвигая культурные и сдерживая радикально политические процессы.

В контексте сотрудничества пяти постсоветских мусульманских стран интеграционный проект может осуществляться за счет развития тюркологии как сферу познания истории, языков и культур государств и обществ тюркского мира. Очевидно, что в таком формате могут принять участие и тюркоязычные государственные образования России и Молдовы, а также культурные и научные центры Турции.

В контексте сотрудничества шести постсоветских мусульманских стран интеграционный проект может осуществляться за счет развития истории и культуры ислама.

Надо отметить, что платформа сотрудничества всего тюркского мира в целом создана: третьего октября исполнилась 13-я годовщина со дня подписания Нахчыванского соглашения об учреждении Совета сотрудничества тюркоязычных государств, который был официально переименован в Организацию тюркских государств на VIII саммите лидеров Тюркского совета, организованном 12 ноября 2021 года в Стамбуле.

В соответствии с соглашением, страны должны придерживаться единой позиции в вопросах внешней политики, координировать действия по борьбе с терроризмом и преступностью, создать благоприятную среду для торговли и инвестиций, обеспечить

всеобъемлющее экономическое развитие, расширить взаимодействие в сферах науки, технологий, образования и культуры.

С учетом опыта государственного строительства в Турции постсоветские страны мусульманской культурной ориентации могут ускорить построение самоорганизующихся гражданских обществ как социального пространства между семьей и государством; усилить практическое осуществление принципа разделения властей; снизить всевластие силовых структур, самоуправство бюрократии, господство теневого сектора и коррупции, корпоративных и клановых тенденций, раскалывающих общество на враждебные группы, и т.д.

История и культура тюркских народов сформировали поколения людей, живущих на пересечении силовых полей западной и восточной цивилизаций, люди самых разных конфессий находили здесь толерантное к себе отношение, и сегодня иудеи и христиане мирно уживаются с мусульманами. Эта тенденция, безусловно, продолжится в будущем.

ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ ТҮРКІ ТАНЫМ ТҮТАСТЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ ETHNOCULTURAL EDUCATION AND UPBRINGING IS A GUARANTEE OF INTEGRITY OF TURKIC KNOWLEDGE

Тайжанов Алтай*

Annotation. Education is one of the most important tools to make Kazakhstan's competitiveness realistic. Therefore, we need a modern education system that meets the needs of economic and social modernization. That is why in our country attention is paid to the world educational experience, changes and innovations are constantly being introduced into the education system.

However, from year to year we do not pay attention to ethno-cultural education and upbringing on the basis of a national civilization and morality. By providing ethno-cultural education and upbringing, we strengthen our national spirit. It is believed that ethno-cultural education and upbringing are the key to the rapprochement of peoples of Turkic origin with each other, the formation of their historical continuity, ethnographic, religious and spiritual unity and integrity.

Keywords: ethnocultural education, upbringing, Turkic world, national spirit, national knowledge

Этномәдениеттік білім жалпы адамзаттың өркениет пен адамгершілік тәрбиеге негізделген. Ол біздерден тек мамандық бойынша бірыңғай білім беруді емес, саналылық пен сауаттылықты, зеректік пен іскерлікті, зиялылық пен зор интеллекті, әсіресе, шыдамдылық пен төзімділікті қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда болашақ мамандар бойында моральдық адамгершілік сана, әдеп пен мәдениеттілік үлгілерін қалыптастырудың, өз ісінде оны пайдалану мүмкіндіктері туралы тәжірибе жинаудың маңызы зор.

Елдің тәуелсіздігі тек оның саяси-экономикалық дербестігінде ғана емес, рухани дербестігінде де. Ұлы дала руханиятының 6 мың жылдық тарихын айтпағанда, Анахарсистен Абайға, одан біздерге дейін жол тартып жатқан 2,5-2 мың жылдық ғақлиятты ой кешу үрдістеріміз бар. Олар біздің көне тектеріміздің рухын бейнелейтін материалдық айғақтар, таңбалы қоныстар, сақ қорғандары, тәңірге табынған ғұндардың үштік үрдісі т.б. [А.Тайжанов, 2009: 10].

Жоғарыда айтылғандардан ой қорытынды жасайтын болсақ, бүгінгі жастар тәуелсіз елдің рухани мәдениетін жалаң алмай, оған үлкен де, ұзақ тарихи үрдіс деп қарап, оның ұлт болмысымен тікелей байланысты екендігін ұғынулары керек және нағыз мәдениетте этноәлеуметтік сипат басым болады.

Адам бойына руханият мысқылдап кіреді. Ол оқумен, біліммен, өнер-ғылыммен, жүйелі тәрбиемен келетін дүниелік. Бұл алдымен тәуелсіз елдің оқуы мен біліміне, тәлім -

* Философия ғылымының докторы, Ақтөбе медициналық университетінің профессоры, a.taijanov@mail.ru

тәрбиесіне қатысты. Ендеше, *тәуелсіз елдің білімі қандай болуы керек, оның мазмұнына не тән болған жөн*. Бұл үлкен стратегиялық мәндегі сұрақтар.

Өркениетті деп жүрген алыс-жақын шет елдер тарихына көз салсақ, ХХ ғасырдың аяғына қарай олардың бірқатарында айтарлықтай білім реформалары жүрген. Ал, біз болсақ бұл тұрғыда әлемдік деңгейге жету, үйрену, қабылдау қамында жүрміз. Осы мақсатта белгілі дәрежеде құжаттар да қабылдадық. Бірақ, біздің ойымызша, осылармен қатар жүргізілуге тиіс бір нәрсені қалыс қалдырудамыз. Ол жастарға этномәдени білім мен тәрбие беру арқылы ұлттық болмыстарын қалыптау, ұлттық рухтарын ояту, намыстарын тіктеу, патриоттық тәрбие беру. Жас кезінен бастап «Отан» деген ұлы ұғымның Атақоныс, Атажұрт, Атамекен екенін ұқтыру.

Білім беру Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабылеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі. Ендеше бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет. Сондықтан да елімізде бүкіл әлемдік білім беру тәжірибелеріне назар аударылып, білім беру ісіне үнемі өзгерістер мен жаңарулар енгізіліп жатыр. Әрине, бұлардың бәрі дұрыс, заман талабы мен сұраныстарынан туындап отырғаны да күмәнсіз. Алайда, қазіргі жаһандану заманында басқалардың көлеңкесінде қалмай, ықпалына ермей дәстүріміз бен тілімізді түлету, ұлттық мәдениетімізді сақтау үшін әлеуметтік сала қызметкерлеріне, оның ішінде мәдениет пен білім ісіндегі қызметкерлерге бір нәрсе ауадай қажет және ол біздің бағыт- бағдарымызды анықтайтын нысана - *қазақ болмысынан туындайтын этникалық ерекшелігіміз* болуы керек. Ол - *тіл, дәстүр, ұлттық сана мен рух, отаншылдық* және тағы басқалары. Жас ұрпақ санасында осы аталғандар мен басқа да қажетті руханилықтар болмайынша еліміздің шын мәнінде егеменді жолмен дамып, оның байлығы мен барлығы ұлтқа қызмет етеді деу қиын. Ендеше, білім беру саласында әлемдік тәжірибелерді үйрене отырып этномәдени білім беру мен тәрбиені еш уақытта естен шығаруға болмайды.

Этномәдени білім беру арқылы біз ұлттық рухымызды тіктейміз. РУХ -әрбір адамның әлеуетін ашатын, көптің қуатын ортақ арнаға қосатын халық даналығының жиынтығы, еркіндіктің түрі. Біз қазақ батыр, қазақ дана халқымыздың рухы күшті т.б. дейміз. Өзін, өз айналасын, дұрыс адам жамандамайды, сондай-ақ өз ұлтын да тілдемейді, өз ұлтының қол жеткізген тарихи жетістігін, өміршеңдік жолындағы ұмтылысын, жеке тұлғаларын мақтан етеді, солармен мақтанады, кейінгі ұрпаққа үлгі тұтады.

Рухы биік, күшті елдердің қашан да бағы таймаған, «мың өліп, мың тіріліп», жасампаздыққа қол жеткізген. Бүкіл жасампаздық істерді жасаған да рухы биік тұлғалар. Ал, ондай тұлғаларды өмірге әкелетін көп факторлардың бірі, мүмкін бастысы әлеуметтік орта, әлеуметтік бағыт-бағдар, ұлттық тарихи тағылым. Бұның бәрі біліммен, білікпен, оның ішінде *ұлттық нәрі бар біліммен* келеді. Бұл дегеніңіз мемлекеттік саясаттың, оның ішінде әлеуметтік саясаттың мәселенің осы жағына ойысуы. Олай болса, бұл жерде біз мемлекеттік саясат пен ұлттық рухтың бірлік диалектикасын түсінуіміз керек.

Ұлттық рух туралы айтқанда, тағы бір ерекше ескеретін жай елдік, тәуелсіздік үшін күрес, құлдық психологиямен күрес. Бұған жету жолы бірлесу, бүтінделу, қауымдасу, бірлесе жүретін жол таңдау. Көшпелі елдің Алладан кейінгі сиынары айналасындағы, қасындағы адамдар. Сондықтан да, қазақта «жаман жақыннан, жақсы жат артық», ол «алаштың азаматының амандығын» тілейді. Еркіндік, тәуелсіздік үшін күрес, құлдыққа көнбеу. Бұл жеке адамның да, елдің де есеюінің белгісі. *Соңғы ғасырда біз осы қасиетімізден ажырап қалдық. Мемлекеттің де, ұстаздар қауымының да басты борыштарының бірі осы қасиетімізді қалпына келтіру, ал оның жолы этномәдени білім мен тәрбиеге мемлекеттік тұрғыдан көңіл бөлу.*

Қазақ тілінде *мәңгілік құндылық, замани құндылық және ұлттық құндылық* деген үлкен философиялық – танымдық ұғымдар бар. Осылардың бәрі тілге қатысты, тілсіз бұларды елестете алмайсың. Жаратылыстың басты ұғымы – танушы субъект АДАМ. Ал адамға *тіл, дін, діл* тән. Адам баласы салт – дәстүрсіз, адамгершілікті (*мораль*) ара қатыссыз өмір сүре

алмайды. Бұлардың бәрі жас ұрпаққа үйренумен, таныммен, тағылыммен келеді. Қазіргі заман тілімен айтсақ оқу мен тәрбиемен келеді. Ендеше, біздің оқуымыз да, тәрбиemiz де этномәдени тұрғыда болуы керек. Ал біздің арғы тарихымызды, өзіндік ерешеліктеріміз бен болмысымызды білмейтін АҚШ және басқа да алпауыт мемлекеттер, империалық ұстанымдағы елдер өздеріндей болмай, өзге болсақ байбалам салады. Сондағылары адам құқығы бұзылып жатыр, тапталып жатыр т.б. дейді. Біздің мемлекетімізде ондай келеңсіздіктер бар екенін тұтас жоққа шығаруға болмас, дегенмен олар да біздің ерекшеліктерімізбен, менталитетімізбен, тарихи тұрғыда қалыптасқан өмір салтымызбен есептесулері керек екенін мәселе етіп қоятын уақыт жетті. Ондай мәселені ұлттық рухта, этномәдени құндылықтар тұрғысында тәлім – тәрбие алған ұрпақ қана қоя алады. Бұлардан ада адамнан оны күту әбестік.

Қазір әлемдік аралас-құралас күшейіп, жаһандану үрдісі қарқын алған сайын дүние жүзі халықтары өздерінің ұлттық төлтумалығын сақтап қалуға, патриоттық сезімдерін шыңдай түсуге айрықша көңіл бөлуде. Олай болса, *білім беру жүйесіндегі этномәдени құндылықтар* білім беру мен тәрбиенің өзекті ұстанымына айналуы керек.

Өткен ХХ ғасыр ғылыми-техникалық прогресс пен этникалық сананың шындалуы сияқты екі ұлы құбылыстың тоқайласқан тұсы болды. Дәл осы кез жер бетіндегі этностардың төлтума қасиеттері әбден сараланған, ұлттық болмыстары мейілінше жетілген, өздерінің этникалық дербестігін сезінетін саналары ерекше шындалған жалпыадамзаттық жетілуінің соны кезеңі де еді. Міне, осылардың негізінде жер бетіндегі халықтар ХХ ғасырдың 60-шы жылдарында отарлық пен бодандық бұғауынан түгел дерлік құтылды. Қайсы бір бұрынғы отар елдер жеделдетіп дамып кетті.

Алғашқы өз қолы өз ауызына жеткен, өз тағдырын өзі шешкен этностар үшін ғылыми-техникалық прогресс мейілінше тиімді болды. Ғылым мен техника, білім олардың ұлттық төлтумалығын орнықтыруға, мемлекеттік күш-қуатын нығайтуға қызмет етті.

Осы тұрғыдан алғанда, бодандықтың «*мәдени*», «*өркендетті*» жолымен 70 жылдан астам уақыт дамыған Қазақстан мен қазақ халқының тағдыры тіптен бөлек болды. Өйткені, біз дүниетанымымызды да, саясатымызды да, әлеуметімізді де, мәдениетімізді де, тіпті адамгершілік нормаларымыз бен тәлім – тәрбиemizді де маркстік-лениндік іліммен өлшеп, қалыптастырдық. Ұлттық мәселеге қатысты айтқандарымыз *ұлтшылдық* болды.

Осыдан келіп, өз тағдырының тізгіні өз қолына тимеген қазақ сияқты этностар үшін ғылыми-техникалық прогресс пен өзге тәлім-тәрбие нағыз сор болды. Себебі, ғылым мен техника, жаңаша білім беру жүйесі, тәрбие олардың төл болмысынан жетіліп барып орныққан жоқ, бөгде, өктем ұлттар мен мемлекеттердің экспансиялық қаруы ретінде сырттан енгізілді. Нәтижесінде, әлсіз, аз этностар өздерінің төлтумалығын көмескілеп, ассимиляцияға ұшырап, ұлттық қорғаныс тетіктері болып табылатын салт-дәстүрлерін, тілін, мәдениетін, бір сөзбен айтқанда ұлттық болмыстарын жоғалта бастады.

ХХ ғасырдың 2-ші жартысынан бастап өмірдің барлық саласына әлемдік кірігу (*интеграция*), мемлекетаралық аралас – құраластық (*коммуникация*) жалпыадамзаттық үрдіске айналды. Ал оның бүгінгі жалғасы жаһандану (*глобализация*). Осындай құбылыстар бел алған сайын ұлттық төлтумалық *екінші* кезекке кетеді. Бұндайда ұлттық рухы оянған ұлт қорғанысқа көшеді. Бұл орайда, кезінде Францияның тілге, Германия мен Израильдің этникалық тұтастанулырына, Англияның дәстүр тазалығына, Қытайдың экономиканы этноэкологиялық ерекшеліктерге бейімдеуге, Ресейдің шіркеу арқылы ұлтты оятуға тырысушылығына, түрік-монғол халықтарының жазуды (*әліпби*) жаңғырта бастауына, араб суперәлемінің ұлттық ерекшеліктері бойынша даралануына қатысты т.б. мемлекеттік деңгейде жүргізіле бастаған шараларға ден қоюларын мысалға келтіруге болады. Өз ұлтын білімге, танымға ынтықтыру үшін олар біраз шаралар жасады. Мәселен, *Америкада* «Америка-2000: білім беруді дамытудың стратегиясы»; *Ұлыбританияда* «Үлгілі мектептер» деген атпен ұлттық бағдарлама қабылданды; *Германияда* «2000 жыл үшін білім беру»; *Швецияда* «Білім берудегі сапа»; *Жапонияда* «Рух биіктігі мен мәдениеттегі тереңдік» т.б. Осындай бетбұрыс

ұстанған Оңтүстік Корея кезінде Дүние жүзінде *сапалы білім беруде* бірінші орынға шықты. Яғни, бұдан былайғы жерде ұлттық мемлекеттердің ерекшеліктерін *саяси*, немесе, *экономикалық* деңгейі белгілемейді, ең алдымен сол елдердің мәдени-өркениетті төлтумалығы, этномәдени білімі, білігі және тәрбиесі негізгі анықтауыш болады деген сөз. Ендеше *ұлттық-мемлекеттік нышанымызды сақтап қалу негізі этномәдени білім беру жүйесі мен тәрбиеде*. Ал, біз болсақ бұл тұрғыда әлемдік деңгейге жету, үйрену, қабылдау қамында жүрміз. Осы мақсатта белгілі дәрежеде құжаттар да қабылдадық. Бірақ, біздің ойымызша, осылармен қатар жүргізілуге тиіс бір нәрсені қалыс қалдырудамыз. *Ол жастарға этномәдени білім мен тәрбие беру*. Сол арқылы оларға азаматтық білім беру ісін жолға қою, ұлттық рухтарын қалыптастыру, патриоттық тәрбие беру. Жас кезінен бастап «Отан» деген ұлы ұғымның *Атамекен, Атажұрт, Атақоныс* екенін ұқтыру. Этномәдени білім мен тәрбие беру ұлттық сана, ұлттық рух қалыптастырады. Рухты адамға – *намыстылық, сергектік пен сезімталдық* тән. [А.Тайжанов, 2007: 5-9].

Ғаламдасу дәуірі есіктен сығалап тұрған қазіргі уақытта, бүкіл әлем елдері сияқты Қазақстан да алдыңғы қатарлы дамыған елдер көшіне ілескісі, соларға ұқсағысы келеді, сол бағытта жұмыстар да жүріп жатыр. Алайда, біздің басқарушы төбе топ та, ғалым-сарапшыларымыз да олардан не алу керек, нені үйрену керектігін дұрыс шеше алмай жүр. Шамасы көбі Абайды оқымаған болуы керек. Абай өзінің жиырма бесінші сөзінде жастарға білім, ғылым беру жөнінде айта келіп, «орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Залалынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмекке керек» - дейді. [Абай, 2005: 109]. Ақынның бұл ойы бір кезде ең алдыңғы сапқа шығып, кейінгі уақыттарда бірде ескеріліп, бірде еленбей жүр. Оның да объективті және субъективті себебі бар деп ойлаймыз. Әрине, бүгінгі күнгі оқыған, өз деңгейінде жетілген, жалпы сауаттанған қауымға «бәрі орыста» деп үгіт-насихат жүргізу артық болар. Бірақ, Абай заманында, сол тұста біздің ең жақын көршіміз ғана емес, сол империяның ықпалында дамыған елге оның тілін, мәдениеті мен ғылымын, өнерін игеру аса қажет еді. Бұған қоса, Абай «залалынан қашық бол» деп те ескертеді. Ал орыс мәдениеті арқылы әлем мәдениеті мен білім-ғылымын тануға ұмтылыс жасауға үндеу жалпы жаһандық бірлік пен тірлік диалектикасын түсіну болатын. Бұны терең ұқпаған бізге, әрісі Америка, берісі Қытай үлгісі, Түркия жетістіктері, Азия жолбарыстары сияқтылардың бәрі пайдалы, бәрі қажет көрінеді де тұрады. Әр елден көргендерімізді өзімізге енгізбекке ұмтыламыз, ал Қазақстанды өрге сүйреп нақты тәжірибе қайсысы екенін әлі күнге дейін білмейміз, өзіміздің төл жолымызды, өркениетке бастар арнамызды әлі тапқан жоқпыз. Кіммен бірге екенімізді, кімдерден қандай үлгі алу қажеттігін де ойланғанымыз жөн.

Міне, осындай жағдайда алдымен әрбір ұлыс, ұлт болашақ өз тағдырын ойлауы, оған аландауы табиғи жағдай. Түркітөктес халықтардың бір-бірін түсінуге, жақындасуға жасаған қадамдары да құптауға тұрарлық. Жалпы түркітөктес халықтардың болашағын ойлағанда, алдымен олардың тарихи сабақтастықтарын, тілдік, этнографиялық, типтік ұқсастығын, бір-біріне деген ізгі ниеттілігін қарастыра, әрі байланыстыра зерттегеніміз жөн.

Белгілі түріктанушы Зия Гөкалыптың айтуынша, *түрікшілдік* қазіргі Түркияда және осы этностар қоныстанған Тұран ауқымында пайда болудан бұрын, Европада екі қозғалыс түрінде бой көрсеткен. Оның бірі француз тілінде «Turquie» деп аталған «*Түрікті жақсы көрушілік*», яғни түрікке деген тамсанушылық. Өйткені, түріктер қолымен жасалған жібек және жүн маталар, кілемдер, алашалар, ағаш заттары, кітап түптеушілердің, оны көркемдеушілердің туындылары, маңғалдар, канделябрлар сияқты түрік өнерінің өнімдері Еуропадағы өнерсүйгіштердің назарын көптен-ақ өзіне аударған-ды. Олар түрік туындылары болып табылатын бұл әсем дүниелерді мыңдаған доллар беріп алатын және үйлерінде түрік залын немесе түрік бөлмесін жасайтын. Ал кейбіреулері бұл дүниелерді басқа халықтардың туындыларымен бірге көрмелерге қоятын [З.Гөкалып, 2000: 5]. Бұларға қоса, Еуропалық суретшілердің түрік өмірінен алып салған суреттері, ақындар мен философтардың жазған кітаптары да «Turquie» жататын. Ламартиннің, Ауғус Комтенің, Пиер Лаффиттің, Эли

пашаның жеке хатшысы Мисмердің, Пиер Лотидің, Фаррердің түріктерге байланысты нағыз достарша қалдырған жазбалары – міне осылардың санатынан.

Еуропада пайда болған екінші ағым «Түркология» деп аталады. Ресейде, Алманияда, Мажарстанда, Данияда, Францияда, Англияда көптеген ғалымдар көне түріктер, ғұндар, монғолдар туралы тарихи және археологиялық зерттеулер жүргізу арқылы Түріктердің өте көне ұлт екендігін, кең аймаққа тарайтынын және түрлі кезендерде бүкіл әлемге үстемдік еткен жиһангер мемлекеттер мен биік өркениеттер құрғанын анықтайтын деректер қалдырған.

Социология, психология ғылымдары адамның шынайы сезімдері оның бастапқы тәрбиесі кезінде қалыптасатынын ғылыми дәйектеді. Өйткені, бала бесікте жатқан кезінен-ақ естіген өлеңдері мен ана тілінің ықпалында қалады. Сондықтан да, адам өмірінде ана тілінің орны ерекше. Рухани дүниемізді қалыптастыратын барлық діни, моральдық, эстетикалық сезімдеріміз осы тіл арқылы пайда болған. Бұларды бала кезімізде қай қоғамнан алған болсақ, үнемі сол қоғамда өмір сүруді қалаймыз. Басқа бір қоғамда әлдеқайда үлкен молшылықта өмір сүруіміз мүмкін бола тұрса да, өз қоғамымыздағы кедейшілікті ол молшылықтан жоғары қоямыз. Өйткені, рухани туыстар арасындағы бұл кедейшілік жатжұрттықтар арасындағы байлықтан әлдеқайда артық, ол біздің рухымызды бақытқа бөлейді. Талғамдарымыз, ар-ожданымыз, сағыныштарымыз түгелдей өзіміз ішінде өмір сүрген, тәрбиесін алған қоғамдікі. Бұлардың ықпалды әсерін тек сол қоғамның ішінде ғана сезе аламыз. Одан ажырап, басқа қоғамға енуімізге үлкен кедергі бар. Бұл кедергі – бала кезімізде сол қоғамнан алған тәрбиемізді рухани дүниемізден шығарып тастаудың мүмкін еместігі. Мұның мүмкін еместігі себепті бұрынғы қоғамымызда қалуға мәжбүрміз.

Бұдан шығатын қорытынды ұлт нәсілге, қауымға, жағрапиялық жағдайға, саясатқа, адамның ерік күшіне байланысты бірлестік емес. *Ұлт – тіл, мораль және барлық көркем өнер салалары тұрғысынан ортақ, яғни бірдей тәрбие алған адамдардан тұратын бірлестік.* [ҚҰЭ 9-том, 2007: 22]. Түрік жамағаты мұны «тілі тіліне үйлесетін, діни дініне үйлесетін» деп бейнелейді. Шындығында әр адам қаны бір адамдардан гөрі тілі, діні ортақ адамдармен бірге өмір сүргісі келеді. Себебі, адам болуымыздың ерекшелігі тәнімізде емес, рухымызда. Материалдық ортақшылықтарымыз – нәсілімізден, рухани артықшылықтарымыз – тәрбиесін алған қоғамнан. Ескендір Зұлқарнайынның: «Менің нағыз әкем Филипп емес – Аристотель. Өйткені, біріншісі материалдық денемнің, екіншісі рухани дүниемнің өмірге келуіне себеп болған» - деуі тегін емес.

Адам үшін рухани дүниесі оның материалдық құрылымынан бұрын тұрады. Сондықтан ұлттан шежіре іздестірілмейді, тек тәрбиенің және мұраттың (идеалдың) ұлттық болуы ізделеді. Қалыпты адам қай ұлттың тәрбиесін алған болса, тек соның мұраты жолында еңбек етеді.

Мұрат - биік шабыттың қайнар көзі. Біз тәрбиесін алып өспеген жат қоғам мұраты рухымызға үлкен шабыт бере алмайды. Керісінше, біз тәрбиесін алып өскен қоғамның мұраты рухымызды үлкен шабытқа бөлеп, бақытты өмір сүруімізге себеп болады. Сондықтан да, адам өзі тәрбиесін алып өскен қоғамның мұраты жолында өмірін пида етеді. Қысқасы, ортақ тәрбие аясында өсіп-жетілмеген адамдардан құралған қоғамда өмір сүрсе, адам бақытсыз болады, рухани-имани түсінісулері де жеткілікті деңгейде болмайды.

Ендеше ғаламдасу тұсында бізге түрікшілдікпен қоса Тұраншылдық та қажет. «Түрік» - ұлттың аты. Ұлт өзіне тән мәдениеті бар топ деген сөз. Түрікшілдіктің алыстағы мұраты – Тұран. Тұран, кейбіреулердің ойлағанындай қауымдар қойыртпағы емес.

Түріктанушы З.Гөкалыптың пікірінше, түрікшілдердің алыстағы мұраты – «Тұран» деген атау астында бірігіп отырған ұлыстар мен ұлттарды тілде, әдебиетте, мәдениетте біріктіру. Бұл мұраттың шындыққа айналуы мүмкін бе, әлде мүмкін емес пе? Таяудағы мұраттар үшін мұндай пікірлер айтуға болады, ал алыстағы мұраттар жайында айту қиын. Тұран мұраты қиял ғана емес, ол тарихта шындыққа да айналған. Біздің дәуірімізден екі жүз он жыл бұрын ғұн әміршісі Мөде «ғұндар» атауымен бүкіл түріктерді біріктіргенде Тұран мұраты шындыққа айналған еді. Ғұндардан кейін аварлар, аварлардан кейін көктүріктер,

көктүріктерден кейін оғыздар, олардан кейін қырғыз-қазақтар, кейінірек Күр хан, Шыңғыс хан, ең соңында Әмір Темір Тұран мұратын шындыққа айналдырған ұлы тұлғалар.

Түрікшілдік – бүкіл түркілердің бір мемлекетке бірігіп, барлық жақтан өзге ұлттармен терезесі тең болып және мәртебелі болуға ұмтылысы, мұраты. Сондықтан оны Кеңес заманындағыдай «пантүріктік», «панисламдық» деп жазғыруға да, ұлттық оқшаулану деп біржақты түсінуге де болмайды. Ол түбі бір түркілердің бірін-бірі жатсынбауы, бауырмалдығы һәм туыстық тұрғыда ғаламдасуы. Түрікшілдіктің өзгермейтін екі алғышарты бар. Олар: *нәсіл тазалығы және тұраншылдық*. Нәсіл тазалығы – ең алдымен, ұлттық қорғаныс құралы. Нәсіл тазалығы – сондай-ақ денсаулықты қорғау мәселесі. Нәсіл тазалығын сақтай білу – ақырында, тарихи сананың беріктігі. Белгілі түріктанушы Зия Гөкалып ежелгі түркі мемлекеттерінен бастап Түрік республикасы болған кезеңге дейінгі аралықта маңызды орындарда отырған жат жұрттықтардың опасыз болғанын көрсететін мыңдаған мысалдарды куәлікке тартады. Егемен ел болып отырған бізге де бұны тарихи жадымыздан шығармағанымыз жөн. Бұларға қоса, әрбір адамда болуға қажетті ұлттық сезімнен ада қазақтар шешуші күшке айналып кетсе, ол этностың бірте-бірте тарих бетінен жойылуына әкеліп соғуы әбден мүмкін.

Түрікшілдіктің екінші белгісі болып табылатын тұраншылдық – түркілердің бірігу идеясы. Тұраншылдық бүкіл түркілердің бірігуін және түрікшілдіктің жат нәсілдер ықпалынан қорғалуын көздейді. Түрікшілдіктің өзгермейтін бағыттары – нәсілшілдігі (тазалығы) мен тұраншылдығы (отаншылдық), осылардан туындайтын түркі ұлты мен Отаны жайындағы көзқарас.

Дұрыс мағынасындағы (*Кеңес дәуіріндегідей емес – А.Т.*) ұлтжандылық, өз нәсіліңе деген құрмет, оның болмысының әлем халықтарымен теңесуі бағытындағы қызмет абыройлы іс. Осы тұрғыдан алғанда саясат, қоғамдық қатыс қанша өзгерсе де шынайы нәсілшілдік (ұлтшылдық) пен тұраншылдық (отаншылдық) ешқашан өзгермеуге тиіс. Өйткені бұлар – түркілердің түркілер болуының қажетті шарттары. Зия Гөкалып айтқандай, «нәсілшілдік пен тұраншылдық - түркілердің дем алатын ауасы және жан азығы».[З. Гөкалып, 2000: 37].

Түрікшілдік – мұрат, саясат болса, билікке қол жеткізу – оны жүзеге асырудың әдіс - тәсілі. Сондықтан, негізгі сенім мен көзқарас болып табылатын мұрат ешқашан өзгермейді, ал саясат, яғни саяси әдіс үнемі құбылмалы.

Ұлттық мәдениет пен өркениеттің арасын біріктіретін де, даралайтын да қасиеттер бар. Мәдениет пен өркениетті біріктіретін нүктелер – екеуінің де бүкіл қоғамдық өмірді қамтуы. Қоғамдық өмір мына салалардан тұрады: *мораль, құқық, ақыл-ой, эстетика, экономика, тіл және күнделікті тұрмыс-тіршілік*. Бұлардың бәрі бір сөзбен «мәдениет» деп аталатыны сияқты оларды «өркениет» жемісі деуге де болады. Мәдениет пен өркениет қиылысатын жер осы. Сонымен қатар мәдениет пен өркениеттің арасында айырмашылықтар да бар. Біріншіден, мәдениет ұлттық, ал өркениет халықаралық категория. Мәдениет бір ғана ұлттың дін, мораль, құқық, ақыл-ой, эстетика, тіл, экономика және тұрмыс-тіршілігінің үйлесімді жиынтығы. Өркениет болса, дамудың ортақ деңгейінде тұрған көптеген ұлттың қоғамдық өмірінің жиынтығы. Мысалы, Еуропа мен Америка өркениеті шеңберінде бүкіл еуропалық ұлттарға ортақ Батыс өркениеті бар. Бұл өркениеттің аясында бір-бірінен тәуелсіз бөлек-бөлек ағылшын мәдениеті, француз мәдениеті, неміс мәдениеті т.б. мәдениеттер қатар өмір сүріп жатыр. Екіншіден, өркениет түрлі әдіс-тәсілдер және адамның ерік-жігері арқылы жүзеге асатын оқиғалардың жиынтығы. Ал мәдениет болса, ұлттың наным-сенімімен, салт-дәстүрімен тікелей байланысты. Осы тұрғыдан алғанда дәстүрсіз, бірақ өркениетті Америка бізге мәдениеттіліктің үлгісі бола алмайды.

Ұлттық мәдениетке кіретін нәрселер болса, түрлі әдіс-тәсілмен, адамдардың қалауымен қалыптаспаған, яғни, жасанды емес. Өсімдіктердің, жануарлардың органикалық өмірі қалай өздігінен және табиғи түрде дамиды болса, ұлттық мәдениетке кіретін нәрселердің қалыптасуы мен дамуы да дәл сондай. Мысалы, тіл жекелеген адамдардың ойлап шығарумен жасалған нәрсе емес.

Түрік моралі бойынша «өзін - өзі мақтаған өлімнің қара басы». Көне түрік жұртшылығы әсіре мақтауды жалған деп жақтырмаған, һәм сенбеген. Абайдың:

Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап,

Әуре етеді ішіне қулық сақтап

Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,

Еңбегің мен ақылың екі жақтап – деуі де сонан. [Абай, 2005: 13].

Махмұт Қашқари «Диуан-и лұғаттың» «Түрік» атты бабында түріктерді қысқаша былай суреттейді: «Түрікте өзін ұнату, мақтау жоқ. Түрік үлкен ерліктер және жанкештілік жасағанның өзінде ерекше іс істемегендей сезінеді». Нағыз түрік нәсілділер өзіне сенімді, оптимист, үмітті, адал. «Оның үстіне, - дейді Махмұт Қашқари, - түріктер көркемдік, сүйкімділік, жарқын жүзділік, әдептілік, жүректілік, үлкендерді құрметтеу, сөзінде тұру, мәрттік, кішіктік тағы сондай сансыз көп қасиеттерге ие» [Махмұт Қашғари 1- том, 1998: 408].

Көне Түркілердің даналар мен ғалымдарға деген көзқарастары да ерекше. Сондықтан да, құрмет жоғары лауазымды, бірақ білімсіз ғалымдарға емес, лауызымсыз, бірақ терең білімді ғалымдарға көрсетілген.

Көне Түркілердің адал өнеріне, қарапайымдылығы мен боямасыз мораліне, терең, бірақ әсіре емес, діни сеніміне, қысқасы, тұрмыс жағдайына риза болуына және тағдырына мойынсұнуына, сонымен қатар тұрақты оптимистігіне әрі мұратшыл жанына, кедей, бірақ бақытты өміріне басқа ұлыстар қайран қалған. Бүгінгі жастарымызға қазақ жұртының осындай өзгеше мәдениеттің мұрагері екендігін қайталап айта берудің еш артықшылығы жоқ. Біздің ойымызша, ежелгі түрік өркениеті, оның ішінде Орта Азия өркениеті туралы тұғырлы сөз енді басталады. Алайда, қазақ жұртында ХХ ғасырдың өн бойында «үрей» мен «кемсіту» әдісінің арқасында ездік психология қалыптасты. Бұл «ауырудан» арылу оңай емес, әсіресе, ұлттық рух пен санадан жұрдай орыс тілді қазақтардың арылуы қиын. Олар өз арасында орыстардың психологиялық, әлеуметтік үстемділігін көріп өсті. Ендеше, оның бетін қайтару, бетпердесін сыпыру бүгінгі мемлекет саясатының тұрақты да, парасатты жұмысы болуға тиіс. Яғни, әрбір қазақ «Мен қазақпын!» - деп мақтана алатын саясат ұстануымыз керек еді. Бірақ, керісінше болды. Саяси билік отарлық саясаттан қалған «үрей» үрдісін қазақ халқын одан әрі әлсірету бағытына жұмсап келе жатыр. Ал қарны тойып, қалталары қампиған кәсіпкерлер мен шенеуніктерге арлы азамат болу уақыты келсе де, ұлттық мүддемізді аяқ асты етуде. Соның кесірінен біз ешбір келісім жасауға болмайтын кейбір ұлттық мәселелерде ымыраға келуге бейім тұрамыз. Сосын табандылықтың орнын пенделікпен ауыстырамыз. Бұндайда ұлт бақыты мен арманы билік, байлық, мансап, даралану, орынсыз бәсеке т.б. сияқты қажетсіз өлшемдермен өлшенеді. Бұл ұлттық сананың жетіспеуінен туған ұлт трагедиясы демеске амал жоқ.

Зия Гөкалып деректеріне сүйенсек бұрынғы түркі елінде екі түрлі зиялылар болған. Олардың *алғашқылары сарай өкілдері болған* және олардың күн көрісін де сарай қамтамасыз еткен. Мысалы, Османлы ақындарының сарайдан қаламақы (ақша, яки сыйлық) алып өмір сүргені сияқты, Османлы музыканттары да сарайдың тарту-таралғысымен күн көрген. *Халық ақындары болса, халық сыйымен күн көріп жүрген.* Османлы ғалымдары сот-билік мекемелерінен жоғары айлық, жалақы алып тұрса, халық арасынан шыққан молдалар мен шейхтардан құралған түрік дін қайраткерлерін тек халықтың өзі асыраған. Сурет өнері сияқты өнер салаларына жетекшілік жасаған шеберлер тек халық бұқарасының арасынан тәрбиеленіп шыққан және әрқашан түрік болып қалған. Ұлттық намыстан жұрдай осындай сарай өкілдері сияқтылар бүгінгі биліктің айналасында да жетерлік. Оларға ұлт мүддесін гөрі өз мүдделері қымбат. Сондықтан да сөздері жалған мақтанға, дәлелсіз, негізсіз долбар-далбасаға құрылған. Істерінде шынайылық та жоқ. «Кімнің тарысы піссе, соның тауығы» болып жүрген бұндай жандардың алды бірнеше партияның мүшесі болып та үлгерді. Және олардың көпшілігі халық қамы, ел болашағынан гөрі Президент пен оның айналасын жағалауды, оларға жақындауды көздейді. Бұндай келеңсіз жағдайлар туралы кезінде «Егемен Қазақстан» газетінде де ресми түрде жазылған болатын.

Ұлттық мәдениет пен өркениеттің бір-бірінен айырмасы – мәдениет сезімдерден, өркениет мәліметтерден құралады. Адам сезімдері белгілі бір шарттарға және қалау-тілекке бағынбайды. Бір ұлт басқа бір ұлттың моральдық және эстетикалық сезімдеріне ілесе алмайды. Мысалы, түріктердің Исламнан бұрынғы дінінде Көк тәңірі – сыйлық тәңірісі. Ол жазалау істеріне араласпайды. Жазалау тәңірісі «Ерлік хан» есімді басқа бір мифологиялық мақұлық, Алла тек жамалымен (*сыртқы көркімен*) көрінгендіктен ежелгі түріктер оны сүйетін, оған деген қорқыныш сезімін білмейтін. Исламият кезінде де түріктердің бойында Аллаға деген сүйіспеншіліктің жоғары болуы осы көне дәстүрдің жалғасы, сондықтан түріктерде Алладан қорқу өте сирек болған.

Көне түрік дінінде түрік тәңірісі бейбітшілік тәңірісі. М.Қашғари еңбектерінде Түрік дінінің өзегі болып табылатын «ил (ел)» сөзі «бейбітшілік» мағынасын береді. «Ілжи (*елші*)», «бейбітшілік», «илхан (*елхан*)», «бейбітшілік қағаны». Түрік илхандары (елхандары) Маньчжуриядан Мажарстанға дейін бейбітшілік орнықтыратын, бейбітшілік саясатының бастамшылары да болған. [А.Тайжанов, 2009: 30].

Ең көне түрік мемлекетінің негізін қалаушы, түрік бейбітшілік сүйгіш саясатының негізін салушы Мөде де, Атилла да илхан (елхан), яғни, әлемде бейбітшілік орнатуға тырысқан озық ойлы басқарушылар болған.

Түріктердің барлық өнер салаларындағы эстетикалық ерекшеліктері – табиғилық, қарапайымдылық, нәзіктік және бірегейлік. Түрік кілемдерінде, шыныларында, сәулетшілік және көркем жазу (каллиграфия) салаларында кездесетін мұндай ерекшеліктер оның эстетикалық артықшылығы. Түріктің бейнелеу өнеріндегі сияқты оның діни өмірі мен моралында да осындай артықшылықтар бар. Бұл мысалдан мынаны аңғарамыз: бір мәдениетті құрайтын түрлі қоғамдық салаларда іштей ынтымақтастық пен үйлесімдік бар. Түріктің тілі қандай болса, дін, мораль, сұлулық, саясат, экономика, отбасы және отбасы төңірегіндегі тұрмыс-салты, іс-әрекеті де сондай қарапайым, шынайы. Түрік тұрмысындағы сүйкімділік және бірегейлік оның осы ішкі құрылысының сыртқы көрінісінен басқа ештеңе емес еді. Өкінішке орай түрік халықтарының ескі өмірін бірыңғай қаралау, тарихи сананы өшіру, жер-судың аттарын жаппай өзгерту, этникалық жағынан туыс халықтарды бір-біріне өштестіру, жас қауымды ата дәстүріне қарсы тәрбиелеу, ислам дінін бірыңғай жамандау арқылы жұртты сенімнен, иманынан айыру, ұлттық рухты жандандыратын құбылыстың қандайына болса да тыйым салу – патша үкіметінің әбден қалыптастырған, «сыннан өткен» тәсілі болатын. Сөз жүзінде айтылған көптеген әдемі шақыруларға қарамастан осы саясат Кеңес заманында да көп өзгере қойған жоқ. Қайта кей тараптан аз ұлттардың өзіндік дәстүрі мен мәдениетін аяқасты ету асқынып кетті.

Ұлттық мәдениет пен өркениет арасындағы тағы бір байланысқа қатысты айтар болсақ, әрбір қауымның әуелде жалғыз мәдениеті болады. Мысалы, көне египеттіктердің өркениеті жоғарылаған сайын ұлттық мәдениеті бұзыла бастады. Салт – түріктердің ұлттық мәдениеті. Түріктердің қазіргі дейін тәуелсіз қалуы, кезінде Шанаққаладан ағылшындар мен француздарды қуып шығуы, ал бейбіт бітімнен кейін ағылшын қаруымен және ақшасымен жабдықталған гректер мен армяндарды жеңіп, рухани жағынан ағылшындардан үстем түсуі – осының бәрі ұлттық мәдениеттің күші арқасында, ұлттық рух пен намыстың күштілігімен жүзеге асты. Ендеше, қазіргі алмағайып заманда, түркі этносын биіктететін «Түрікшілдіктен» аулақтаудың қажеті жоқ, керісінше ынтымақтастық қажет.

Бүкіл әлемдік ғаламдасу тұсында дамудың қуатты шартына айналып отырған түрік бірлігін қалпына келтіру мәселесіне ерекше көңіл аудару қажет. Бәрінен бұрын жас буынға түрік халықтарының тарихы мен мәдениетін, салт-дәстүрлерін, рухани-мұраларын таныстыратын шаралар керек. Біз ол шаралардың қатарына: мектепте, жоғарғы оқу орындарында түркі елдерінің тарихын, фольклорын, жазба әдебиеті мен өнерін оқытуды; рухани мұрамызды құрайтын – ұлы қолбасшылар, ғалымдар, ақын-жыраулар, би-шешендер, ойшылдар жайындағы еңбектерді жариялау мен насихаттау; түрік тілдерін білетін мамандар даярлау; кең көлемде ақпараттар алмасу; тіліміздің, дәстүріміздің ерекшелігіне сай келетін

алфавит түзеу; түбі бір туыс түрік жұртшылығын ынтымақтастыратын басқа да шараларды жасау.

Моральдің қалыптасуындағы ең маңызды нәрсе – *нәсіл тазалығы*. Қоғамның моралі түрлі нәсілдердің араласуымен өзгеріп, тіпті дәстүрге жат нәрселерді бойына сіңіруі мүмкін. Ал нағыз түрік моралі ең ежелгі дәуірлерден бері-ақ *қоғамшыл*, яғни түркілерде *қоғамның мүддесі жеке бастың мүддесінен жоғары қойылады*. Сонымен, бірге қуатты *жеке тұлғалар* әрқашан құрмет тұтылған және қоғамға пайдалы болған. Жалпы жеке басты бөле жара бағаламаған *түрік моралі жеке, ерекше тұлғаларға (личность) құрмет көрсетіп келген*. Түркі нәсілі көнені жоққа шығарып, өзіне қызмет жасаған бұрынғы адамдарды кішірейтетін нәсіл болмағандықтан олай істейтіндердің түркішілдігіне үнемі күмәнданады.

Ендеше, ентелеп есігімізден кіріп, төрімізден орын сұрап тұрған ғаламдасу кезеңінде түптегімізде бар осы қасиеттерді де ұмытпағанымыз жөн. Алдыңғы буын өкілдерінде бұндай дәстүрді ұстану бар еді. Рулар арасындағы Ата баласы, аға баласы, қара шаңырақ иесі деп орын ұсыну, қала берді тектілерді құрметтеу, жақсылар мен жайсаңдарды сыйлау алғы қазақтардың моралдық ұстанымдарының бірі болған. Осыны көре қалған ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялылары Шоқанды, Абайды т.б. зор құрметтеген. Мәселен Ахмет Байтұрсынов Абайды қазақтың бас ақыны десе, Мағжан Жұмабаев Алтын Хакім деп дәріптейді. Олар бір-бірін өзара да аса құрметтеген. Сондағы өлшемдері жеке тұлғаның ел, халық алдындағы беделі мен қажыр-қайратын жұмсап атқарған игі істері болған.

Ал бүгінгі күні біз тұлғаны шенеуніктің дәрежесі мен, адам парасатын алып отырған креслосымен өлшейтін халге жеттік. Құрметсіздердің «Құрмет» орденімен, парасатсыздардың «Парасат» ордендерімен марапатталып жатқандары қаншама?! Бұндай көріністердің жастар санасын уламауына ешкім де кепілдік бере алмайды, ұлттық намысын жасытпаса, ұлттық рухын түсірмесі, көтеруге қызмет етпесі айқын. Бұндай ортада елдіктің тұғыры – жоғары мәдениет те қалыптаспасы хақ. Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұлы күш – рухани қуат – жігер, елдік парасат, таным, патриоттық сезім де болмайды. Бұларсыз ғаламдасу тұсында егемендігімізді, елдігімізді де көрсете алмаймыз. Олай болса, қажетіне қарай ежелгі дәуірдегі қадір-қасиетімізді бүгінгі күнге үлгі етсек артық болмас.

Түркішілдіктің қатаң имандылығы бар. Шынайы түркішіл өзін дәріптемейді, кішіпейіл болады; қылмыс жасаса немесе қателесе, оны мойындайды. Ол өткенге және байырғы құндылықтарға тығыз байланған жан.

Түпкі қазақтар ұлттың негіз-өзегі – *имандылық* деп түсінген. Олар үшін әскер, ғылым, түрлі ұйымдар ықпалы одан кейінгі орында тұрған. Мейлі түркі ұлты болсын, мейлі басқа ұлттар болсын, имандылығы жоғары дәрежеде болған кезде өсіп-өркендеген, ал имандылығы бұзылғанда шіріп, ыдыраған. Сондықтан, белгілі бір ұлттың, әсіресе оның жастарының имандылығы туралы әңгіме өте маңызды. Өйткені, ұлт тағдыры туралы мәселе қозғалғанда әрдайым жастар ортаға шығады, солар жапа шегеді, жазаға тартылады, қан төгеді. Жастар көбінесе ұстаздарынан үлгі алады. Ұстазы осал және оның имандылығы төмен болса жастардың арасында қарама-қарсылық басталады, әрі бұл қарсыласулар барлық нәрсені жоққа шығаруға дейін барады. Ұстаз қашан да имандылығы мен парасаттылығы, білімі мен білігі жетілген адам болуы шарт, яғни ол білікті ортадан шығуы жөн.

Ұлттық имандылықты аздырушы нәрселерге – шарапхана, сауық – сайран өткізілетін орындарға және сұлулық сынағы сияқты ұятсыздықтарға – елде тиым салынуы керек. Бұлар мәдениетті елдің белгісі емес, керісінше, өркениеттің жуындылары. Сөздің тоқетері: өзімізге бұрылғанымыз жөн. Иmandылықта, әдебиетте, әуез өнерінде, киім киісімізде, көңіл көтеруде, тағам ішуімізде, хұқықта, отбасында, салт-дәстүрде – барлық жағынан ұлттық ерекшелігімізді сақтап қалмасақ мынау ғаламдасу көшіне ілесе алмаймыз. Бұл жағынан да бізге түрікшілдік өлшемі үлгі бола алады.

Қоғамдық өмірдің әр саласында жауынгерлік рух үстем болған. Соғыста өлуді мақтаныш ететін, төсекте жатып өлуден қорыққан. Ісләмға дейінгі түркілерде жұмаққа (*пейішке*) бару сияқты ұғым жоқ болатын. Сондықтан соғыста өлуді құрмет санайтын.

Қазақтардағы: «Өлсем қазам ақ болсын» - деген содан қалған. Бұларға қоса, біздің дәуірімізден бұрынғы ғасырларда ғұндар балаларына тек қоғамға пайдалы болатындай тәрбие берген. Қоғамға пайдасы тимейтіндей болып қартайғандар, өздеріне көңілі толмай, өзіне-өзі қол жұмсаған.

Ұлттың өрлеуі үшін басты шарт болып табылатын тәртіптілікте түркілердің теңдесі болмаған. Атақты Мөде өз жауынгерлерінің адалдықтарын тексермек болып сүйіктілеріне оқ ату туралы бұйрық бергенде бұл бұйрықты бәрі де орындаған екен. Бір қарағанда ерте қоғамдағы тағылық сияқты. Алайда кез-келген қоғамның қалыпты дамуы үшін есеп пен бақылау қандай қажет болса, тәртіп пен жауапкершілік те, айтқан сөзіне тұратын бірсөзділік те, арлылық та соншалықты қажет. Қазіргі қоғамымыздың кейбір тұстарының тұралап жатуы да осы тәртіптің жоқтығы, жауапсыздардың, арыстардың аярлығы екенін жұртшылық біліп отыр.

Біздің арғы бабаларымыз айтқан сөздерінде тұрған. Ғұндардың басты жауы болған қытайлықтардың өздері олардың (ғұндардың) сөз берсе оны міндетті түрде орындайтыны туралы жазған. *Көне түркілер турашыл болған.* Жалтақтықтың, жағымпаздықтың не екенін білмеген. Өз пікірлерін тартынбай еркін айтқан. Ал, әміршілер мұндай сөздердің бәрін ашуланбай тыңдаған және дұрыс деп тапса, қабылдап алғы шешімді өзгерткен. Тарихи деректерге қарағанда біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырда ғұн әміршісі түркілерді қытай өркениетіне көшіргісі келгенде бас уәзір бар пәрменімен бұған қарсы шығады және әміршіге өз көзқарасын қабылдаттырады. Ал біздің дәуіріміздің VIII ғасырында Білге Қаған будда (буддизм) дінін қабылдағысы келгенде атақты Тонықұқ бұған келіспей, өз дәлелдерімен әміршіні ниетінен қайтарған. Тағы да сол VIII ғасырда Бөгу Қаған манихеизмді мемлекеттік дін ретінде қабылдағысы келгенде манихеизмді қара халықтың діні деп санайтын тархандар, яғни министрлер оны қабылдауға қатты қарсылық білдірген. Бөгу Қаған тархандарды қаншалықты тыңдамай халыққа жаңа дінді қабылдатқызығанмен тархандар өздерінің адал сенімінен айнымаған, принципшіл екендерін көрсеткен.

Ал өзіміздің бүгінгі Қазақстан шындығын алалықшы. Билік басындағылардың, депутаттарымыздың принципсіздіктерінен әлеуметтік саламызда халыққа қызмет етпейтін, олардың мүдделерін қорғамайтын қаулы-қарарлар мен заңдар қабылдадық. Сол тұста да, қарсы шыққандар, принципшілдер көп болмады. Азаматтарымыздың құқықтары жат жұрттықтармен бұзылып, ар – намысымыз аяққа тапталып жатқанда қарсы дауыс көтергендер де аз. Сол аздардың істері де сырт көзге ғана солай көрініп, өздерінің имидждерін көтеруден аспады. Осының бәрі әуелі «кіші ғаламдасуды» жүзеге асырған Қенес өкіметі тұсында қалыптасқан құлдық психологиямыз болса, қазіргі уақытта биліктің әр тұтқасын ұстап отырған ірілі-ұсақты өз шенеуніктеріміздің алдында сол қалпы қайталануда. Бұған тек қара бастың қамын ойлауды қосыңыз. Бұндай психология ғаламдасу тұсында елді өрге бастырмайтын, керісінше, оның елдігін ішінен ірітетін, намысын жойып, құлдық бұғауды салып, еріксіз нөқтаға басын байлататын құбылыс.

Түрік бектерінің жалтақтықтың не екенін білмегендігінен, ал басқа діндегілердің бұған өте шебер болғандығынан II Мұрат дәуірінен кейін елдегі жоғары орындарға бөтен діндегілер көптеп келе бастаған, ал бұл өз кезегінде ұлттық моральдің бұзылуына ықпал еткен. Түркілер көне заманнан-ақ қымыз, шарап ішіп көңіл көтерген, бірақ ешқашан ақыл-есін, байсалдылығы мен парасаттылығын жоғалтпаған. Мас болып жұрттың мазасын алу былай тұрсын, теңселіп жүрудің өзі ұят саналатын. Бұл да аристократтықтың, тектіліктің бір көрінісі екені даусыз. Қазақта «өзің диуанасың, кімге пір боласың» - деген сөз бар. Ал бүгінгі күні жай ұстаздарды былай қойғанда, үлкен институттар мен университеттерді басқарып отырған басшылардың дөрекі дөкір мінезімен, арақ ішіп айналасын бүлдірумен аты шығып жүргендері қаншама. Олардан жас ұрпақ қандай тәлім – тәрбие алады. Әлде бұл да ғаламдасудың әсері демекпіз бе?!

Түркілердің жыныстық тәрбиесі де аса жоғары дәрежеде болған. Отбасын, жұбайын сыйлау қастерлі саналған. Үйленген әйелге зорлық жасаған еркек өлім жазасына кесілетін.

Әйелдің басы азат болатын. Күйеуі ұзақ сапарда жүрген үйге еркек қонақ түней беретін. Өйткені, өзіне құрметпен қарайтын адамнан үйдегі әйел жаманшылық күтпейтін.

Ежелгі түркітерде мынадай да әдет-ғұрып болған. Жігіт үйленгісі келетін қызының отауына үш түн ұрланып барады. Қызбен бір үйде жатады, қыздың әкесі мен шешесі мұны байқаса да үндемейді. Үш түнде жігіт қызды өзіне тұрмысқа шығуға көндірсе төртінші күні әкесіне барып қызды сұрайды. Көндіре алмаса, кетіп қалады. Бірақ, осы үш түн ішінде титтей де жөнсіздік болмайды. Жігіт пен қыз бір-бірі туралы ешқандай теріс ойға бармаған, сыйластықтары ары жалғаса берген. Бұл факт *түркітердің моралі берік әрі ерік-күші мықты ұлт* екенін көрсетеді. Жалпы, бұл екі қасиет қай кезде де үнемі бірге жүреді. Өмір сүріп, ілгері өрлеу - әрқашан моралі таза, ерік-күші мықты ұлттардың үлесі. Бізге ғаламдасу тұсында осыны ұмытуға, естен бір сәт те шығаруға болмайды.

Біздер осы түркі моралі толық ұстанған кезеңдерде өрлегенбіз. Ал жат жұрттықтардың моралін қабылдап, бұзылған кезде, керісінше, рухани құлдырап, артта қалдық. Өрлеген кезімізде бұл жерлер ұлттық ұлы күрес жолында жанын қиюға дайын, екіжүзділікті білмейтін, ар-намысын сатпайтын адамдарға толы болатын. Арғы тарихқа жүгінер болсақ, Нигеболуда 60000 түрік біріккен Еуропа әскерін жеңерде, Йаууз қауіпті шөлдерді артқа тастарда, Кануни күш сынасу үшін Шарльхен әскерін іздестіретінде, осындай рухы күшті құламас қоғамға сүйенген еді. Халқымыздың басында болған «алқа көл сұлама», «ақтабан шұбырынды» нәубетіне төзгенде де, қалмақ-жоңғарлармен, басқа да сыртқы жаулармен күресте түпкі түркілік моральдың дем беруші күш болғандығын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ қой деп ойлаймыз. Мораль – ұлттық ғимараттың іргесі. Онсыз еш нәрсе болмайды, ендеше бүгінгі тәлім-тәрбиенің де, оның ішінде патриоттық тәрбиенің де түп негізін түрік моралінен іздеу парыз.

Біз үшін жасанды, виртуальды әлемде жоғалып кетпеу, ғаламдасу заманында өз төлтумалығымызды, қайталанбас ұлттық болмысымызды, ұлттық ойлауымыз бен кейпімізді сақтап қалуымыз маңызды болып отыр. Батыс мәдениетімен бәсекеге түсе алатындай ХХІ ғасырдағы рухы биік мәдениетімізді қалыптастырған жөн. Өйткені, рухы мен мәдениеті биік, танымы мен тағылымы тұтас халық пен мемлекеттің болашағы да жарқын болмақ. Олай болса, тылсым заманнан келе жатқан, ата-бабадан мирасқа қалған рухани саладағы жиғандарымыз бен тапқандарымыздан айырылып қалмай, керекті тұстарын қадемізге жаратып, жаңаның пайдалысын алып, зияндыларынан сақтана білсек, жаңа заманда ұтылмай, әлем қауымдастығының арасынан лайықты орнымызды табарымыз күмәнсіз.

Әдебиет:

1. Тайжанов. А. Этномәдени білім мен тәрбие. Ақтөбе, 2009. 10 бет.
2. Тайжанов. А. Тағылымды танымдар. Орал, 2007. 5-9 - беттер.
3. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. Екінші том. Алматы, 2005. 109 - бет.
4. Гөкалып. З. Түрікшілдіктің негіздері. Алматы, 2000. 5 - бет.
5. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. 9 – том. Алматы, 2007. 22 – бет.
6. Гөкалып. З. Түрікшілдік негіздері. Алматы, 2000. 37 – бет.
7. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. Екінші том. Алматы, 2005. 13- бет.
8. Махмұт Қашғари. Диуан-и лұғат. Бірінші том. Алматы, 1998. 408- бет.
9. Тайжанов. А. Түркілік таным тұтастығы. // Батыс Қазақстан гуманитарлық академиясының хабаршысы. №3, 2009. 30- бет.

ҒЫЛЫММЕН ӨРІЛГЕН ҒҰМЫР

Әсет Құранбек*
Ерболат Қошқарбаев*

Бүгінде атына заты сай ғазиз профессор, академик Телебаев Ғазиз Тұрысбекұлы ағамыз мерейлі 65 жасқа толып отыр. Ғылымның шыңына шығып, сан салалы атыраптан жиған тәжірибесін осынау кемел шағында білімпаз студенттерге дарытып жүрген ағамыз кафедрамыздың белді де беделді ұстазы. Өмірлік жолының шамшырағына философияны таңдап алған Ғазиз ағаның жүрген жолы, қызметі кейінгі ұрпаққа ғана емес, замандастарына да үлгі мен өнеге.

Ғазиз Тұрысбекұлы 1957 жылдың 13 тамызында, Алматы облысы, Бақанас ауылында дүниеге келген. Әдетте тұлғалар өміріндегі өзгерістер олардың оқуын аяқтаған немесе қандай да бір межеге жеткен тұсында болушы еді. Ғазиз ағамызға қарата айтсақ 1975 жылы ҚазМУ-дың философия-экономикалық факультетіне түскен балаң жігіт үшінші курста, оқып жүргенінде, 1978 жылы М. Ломоносов атындағы ММУ-не ауысып оқуын сол жерден 1980 жылы бітіреді. Бұл да болса ағамыздың білімге зор құлшынысы мен ұмтылысын білдірсе керек. Жолдамамен екі жыл Қостанай облысы, Рудный қаласындағы индустриалдық институттағы қызметін өткерген соң Ғазиз Тұрысбекұлы 1982 жылдан қайтадан ММУ-не оралады. Ғазиз Тұрысбекұлының ғылымдағы қадамдары осы жерден көрінеді. Аспирантураны тәмамдап 1987 жылы В.В. Соколовтың жетекшілігімен «Юм позитивизмнің құлабызы» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шығып, қайтадан Рудный қаласына келеді.

Өзіндік келбеті мен индустриясы жоғары қалыптасқан кеншілер қаласы Ғазиз Тұрысбекұлының ғылыми-педагогикалық жұмыстарына тың серпін беріп, алдағы уақытта ел ісіне араласуға негіз қалады. 1987 – 1992 жылдары Ғазиз Тұрысбекұлы Рудный индустриалдық институтында аға оқытушы, доцент, декан, проректорға дейінгі басқыштардан өтіп, 1992 жылы альма матерлерінің бірі Мәскеу мемлекеттік университетіне докторантураға қабылданды. Ғазиз Телебаев кандидаттық зерттеуін өрбіте отырып, дәстүр мен сабақтастықты сақтап, докторлық диссертациясына «Юм мен Рассел философиясындағы экзистенциализм проблемалары» тақырыбын алып, оны 1999 жылы ҚР ҰҒА-ның Философия және саясаттану институтында табысты қорғап шығады. 2010 жылдан профессор, 2004 жылдан ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясы академигі, 2016 жылдан Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі. Рудныйда басталған педагогикалық қызметі еліміздің өзге өңірлерінде жалғасып, Ғазиз Тұрысбекұлы кейін ҚБТУ-нің философия және құқық кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ философия кафедралары сынды құрылымдарды меңгереді. Жас ғалымдарға жетекшілік етті, оппонент, сондай-ақ көптеген ғылыми жұмыстарға рецензент, диссертациялық кеңестің мүшесі болды.

Ғазиз Тұрысбекұлының ғылыми-педагогикалық, қоғамдық, басқарушылық, мемлекеттік билік саласындағы қызметтерінің бәрін де ескерсек, ағаның бойынан ешқандай да өктемдік, науқанға негізделген жоспар-есептілік ауанындағы номенклатуралық іздерді байқамаймыз. Әркез ашық, жайдары, жылы жүзді қалпынан танған емес. Ғылымда ғана емес Ғазиз Тұрысбекұлы қолы тиген қандай сала болсын солардың бәрінде дерлік білікті маман болумен қатар, елінің, ұлтының перзенті ретіндегі азаматтық, қайраткерлік қызметтерін қатар алып келеді.

* Философия ғылымының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия кафедрасының меңгерушісі

* Философия магистрі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия кафедрасының аға оқытушысы

Рудныйда жүргенде оқытушылықпен шектелмей Рудный халық депутаттары қалалық кеңесінің депутаты болған, титулды ұлттың пайызы аз өлкеде қалалық «Қазақ тілі» қоғамын өзі құрып, басқарған. Наурыз мейрамын ұйымдастыруды айтпағанның өзінде, мектептерде қазақ сыныптарын, балабақшаларда қазақ топтарын ашып, жергілікті басылымдарды қазақшалап, тіпті радио хабарларын қазақша төгілкен. Бұл бір ғана Рудныйдағы шаралары және шаралар бұнымен шектелмейді. Кеңес Одағы деңгейінде «Адамның көпөлшемдігі – философия мен ғылым проблемасы» атты бүкілодақтық антропологиялық ғылыми конференция ұйымдастыра біледі. Бұл Ғазиз Тұрысбекұлының жауапты редакторлығымен «Ғылым» баспасынан Мәдениеттегі адам метаморфозасы ұжымдық монография ретінде жарық көргені белгілі. Еліміз тәуелсіздікке қадам басқан жылдарда Ғазиз аға Қазақ философиялық қоғамының Рудный филиалын басқарып, осы аталғандай көптеген іс-шараларға мұрындық болды.

Педагогикалық қызметінде Ғазиз Тұрысбекұлы философия, философия тарихы, этика, эстетика, логика, арабтілді философия, медиа және қоғам, сана философиясы, сыни ойлау, онтология және гносеология, рухани жаңғыру, ғылым тарихы мен философиясы, ұлтаралық қатынастар теориясы, 21 ғасыр философиясындағы жаңа тенденциялар, коммуникативтік кеңістік философиясы, әлеуметтік антропология, мәдениет әлеуметтануы, қазіргі стратификациялық теориялар, әлеуметтік үрдістер динамикасын зерттеу әдістері пәндері мен арнайы курстары бойынша дәрістер өткізді. Осы сияқты мәдениеттану, әлеуметтану, саясаттану, дінтану пәндерінен де әр жылдары сабақтар өткізді.

Ғылыми қызметінде ғалымды батыс философиясының тарихына маманданған фигура деп қана айта алмаймыз. Ғазиз ағаның ғылыми шығармашылығынан онтология мен гносеологияны да, антропологияны, феноменологияны, экзистенциализмді, тұтастай әлеуметтік философияны көреміз. Ғазиз Тұрысбекұлы дүниетанымдық позицияда скептицизмнің негіз боларлық қырларын негіздеген, тарихи-философиялық сананы идолдан арылту жайттарын қарастырған тұлға. Ғазиз Телебаев зерттеулерінің арқасында ғылыми қауымдастық бүгінде позитивизм бастауларын Конттан ғана емес, әріден Юмнан қарастыруға мүмкіндік алып, Расселмен байланыстырып зерттеу кеңістігін кеңейтіп отыр. Ғалым феноменологизм мен психологизмді Юм мен позитивизм гносеологиясының сипатты ерекшеліктері ретінде қарастырады, осы сияқты жалпы Юмның философиялық ұстанымын номиналистік тұрғыда көрсетеді. Бұл ғылымдағы ерекше үрдіс. Расселге қатысты айтсақ оның онтологиялық плюрализмі мен дескриптивизмін барынша қарастырып, философиялық жүйесін негіздеп көрсетеді. Бұл жерде Расселді позитивизмді дамытушы ретінде көреміз. 300-ге жуық ғылыми еңбектің авторы Ғазиз Телебаев түрік философиясына қатысты зерттеулерге де ден қойып жүр. Түрік философиясы ғалым ағамыз зерттеулерінің өз алдына дербес бөлігін құрап отыр. Жалпы шартты түрде алғанда Ғазиз Телебаевтың ғылыми шығармашылық қызметін: философия тарихы; билік, басқару, саясат, қоғам, дін философиясы; ұлт философиясы және түрік философиясы секілді бағыттарға бөліп көрсетуге болады.

Қоғамдық, мемлекеттік, басқарушылық-ұйымдастырушылық қырына келсек жоғарыда Рудный қаласы мысалында айтқанымыздай бұл ретте де Ғазиз Тұрысбекұлының басшылықпен басылып қалмаған адамдық һәм кісілік келбетін айқын көреміз. Ғазиз Телебаевтың басқарушылық-ұйымдастырушылық кезеңі 1993 жылдан басталды деп топшылаймыз. Қолынан іс келетін, бастамасы дұрыс бағыттағы жан осы жылдан бастап ел ісіне араласуға шақырылады. Осылайша, Ғазиз Тұрысбекұлы 1993 жылдан Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңестің кеңесшісі, 1995 жылдан ҚР Президенті Әкімшілігі Талдау және стратегиялық зерттеулер орталығының әлеуметтану секторының меңгерушісі, 1997-2003 жылдары – Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің талдау және жоспарлау бөлімінің бастығы, ішкі саясат департаменті директорының орынбасары, директоры, 2003-2006 жылдары – «ҚазМұнайГаз» ҰК» Ақпараттық-талдау орталығы директорының орынбасары, «Рауан Медиа Групп» АҚ Ақпараттық талдау орталығының директоры, 2006 жылдан «Этносаяси және гуманитарлық зерттеулер» қоғамдық қорының президенті, 2006–

2008 жылдары ҚР Президенті Баспасөз қызметінің бас сарапшысы, 2009–2010 жылдары Мәдениет және ақпарат вице-министрі, 2010–2012 жылдары Мәдениет вице-министрі, 2012 жылдан Көшпелілердің мәдени мұрасы проблемалары жөніндегі қазақ ғылыми-зерттеу институтының директоры, 2015 жылдан ҚР Тұңғыш президенті-Елбасы кітапханасының жетекші ғылыми қызметкері, 2014–2016 жылдары ҚР Президенті жанындағы «Қоғамдық келісім» РММ директорының орынбасары секілді қызметтер атқарды. Қызметінде Әбіш Кекілбаев, Алтынбек Сәрсенбаев, Марат Тәжин секілді әр деңгейдегі жазушы, саясаткерлермен, басшылармен, министрлермен қоян-қолтық байланыста болды. Билік ауысқанда бұрынғы қатарластарын жамандау, немесе билікте жүріп оппозицияға қарсы полюс, қарсы майдан ретінде ымырасыздықпен қарау Ғазиз Тұрысбекұлына тән қасиет емес-тін. Ғазиз Тұрысбекұлының айтқандарын республикалық, ресми БАҚ-тан бастап бірқатар қызметкерлер жүрексінетін Азаттық порталы, Ақ жол басылымдарынан да байқауымызға болады. Мемлекет қайраткері Алтынбек Сәрсенбаевтан да министрлікте бірге жүргенде көп нәрсе үйренгенін ірікпей айта алған санаулы жандардың бірі осы Ғазиз Тұрысбекұлы. Бұдан ағаның адалдығын, әділдігін әрі батылдығын жазбай танимыз. Қандай бөлім, құрылымда жүрсе де өз қолтаңбасы мен бастамашылығын қалдырады. Солардың кейбірі: «ҚР мемлекеттік бірегейлігін қалыптастыру», «ҚР тарихи сананы қалыптастыру», «ҚР этномәдени білім беру», «Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау» секілді тұжырымдамалар, қала берді Жастар саясаты тұжырымдамасы. Хабар арнасында 1996–1997 жылдары көпшілік көзайымына айналған «Әлем-Саясат» секілді хабарлар, «Алаш» партиясымен рухтанған Қазақстанның либералдық қозғалысы, қоғамдық-саяси жағдайларды мониторингтік әлеуметтік зерттеулер. Міне осы арада көрініп тұрған Ғазиз Телебаевтың бастамашылығы аталғандармен еш шектелмейді. Айта берсек Ғазиз Тұрысбекұлы қызметімен тікелей не жанама байланысты болған саланың бәрінде тиісінше: мәдениет көтерілді, мораль бекіді, ұлт еңсесі тіктелді, тіл мәртебесі көтерілді, аз көбейді, қара ағарды, солғын айқынға, сүреңсіз – сүйкімге енді.

Ғазиз Тұрысбекұлының еліне, халқына берері әлі де көп болса, Ғазиз аға жайлы айтпағымыз да өте көп ... Осы бір қысқа мақаламызды Ғазиз ағамыздың сентенцияға, нақылға айналып кеткен өз сөздерімен аяқтасақ дейміз.

Профессор Ғазиз Телебаев:

- Қазақ тілін білу – бұл азаматтық парыз.
- Тіл тілдесу барысында қалыптасады және оны саяси шешімдермен реттеу мүмкін емес.
- Тіл - біздің өміріміздің бір бөлігі, сондықтан ол саясаттан тыс бола алмайды. Бірақ бұл мәселелерді жасанды түрде саясаттандыруға да болмайды.
- Қазақ философиясының тамыры түрік философиясында.

**ТЕНГРИАНСТВО: ОТ БОТАЙСКОЙ АРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ – К
ТЮРКСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ***
**TENGRISM: FROM BOTAI ARCHAEOLOGICAL CULTURE TO TURKIC
CIVILIZATION**

Аязбекова Сабина Шариповна †

Annotation. The article substantiates the dissemination of Tengrism in the Botai archaeological culture. The basis for this statement is drawn from the results of DNA genealogy, linguistic statistics and glottochronology, cultural philosophy and civilology. The material confirming this concept is the archaeological artifacts found in the Botai settlement.

The author evaluates the conclusion regarding the belonging of the carriers of the Botai culture to the proto-Turkic genetic subclade, the Altaic linguistic community, Tengrism and the Tengrian civilization.

Keywords: Botai archaeological culture; R1a, haplogroup; Turkic language branch; Tengrism; immortality; cult of horse, fire and ancestors.

Исследования последних лет все более свидетельствуют о значительной роли тенгрианства на территории Евразийского степного пояса, именуемого его насельниками – «Ұлы Дала» (Великая степь). Значительный вклад в разработку данной научной проблематики внес доктор философских наук, профессор Г.Т.Телебаев, в работах которого категория «Тенгри» раскрывается на примере средневековых памятников тюркской письменности [Телебаев, 2018; Телебаев, 2019].

Привлечение методов и данных различных наук – археологии, лингвистики, ДНК-генеалогии, цивилиологии и других научных направлений позволяют выдвинуть гипотезу о существовании и распространении тенгрианства в Ботайской археологической культуре и распространении данной религии на обширной территории Великой степи и за ее пределами.

Многие исследователи древних цивилизаций утверждают, что наиболее важным цивилизационным признаком является религия. Стало быть, признание распространения тенгрианства является одновременно и признанием существования в данном ареале цивилизаций. К ним относятся тенгрианская, скифо-сакская, гуннская, тюркская и монгольская цивилизации [Аязбеков, Аязбекова, 2021]. Все они формировались на основе веры в Небесного бога Тенгри.

Что касается Ботайской археологической культуры, то полагаю правомерным отнести ее к тенгрианской цивилизации. В связи с новизной такой трактовки Ботайской культуры важно обосновать данную гипотезу. И такую возможность дает применение междисциплинарной методологии.

Остановимся на этом вопросе более подробно, в особой мере выделяя общность тенгрианства в тенгрианской цивилизации (на примере Ботайской энеолитической культуры) и более поздней, средневековой тюркской цивилизации.

ДНК-генеалогия о Ботайской культуре. Исследования А.А.Клёсова, основанные на реконструкции 4408 гаплотипов и других, значимых для ДНК-генеалогии показателей, показывают, что прототюрками являются носители гаплогруппы R1b. Исследователь обозначил их общим термином – эрбины. Определено, что гаплогруппа R1b R возникла 20880 лет назад в южной Сибири, на Алтае путем мутаций ДНК и распространилась от Алтая до Месопотамии, Египта, Греции и Европы [Klyosov, 2012; Клёсов, 2019: 219].

* Работа выполнена по гранту BR10162994 «Археологические научно-экспериментальные исследования на поселении Ботай и моделирование систем обеспечения, образа жизни и мировоззренческо-сакральных контекстов носителей ботайской культуры». Источник финансирования - Комитет культуры Министерства культуры и спорта Республики Казахстан.

† Доктор философских наук, кандидат искусствоведения, профессор, академик Академии Художеств Республики Казахстан, академик JASHE (Международная Академия Науки и Высшего Образования, Великобритания); Казахстанский филиал МГУ имени М.В.Ломоносова, профессор; E-mail: ayazbekova@mail.ru

Что касается носителей Ботайской культуры, то они также относятся к гаплогруппе R1b. А.А.Клёсов определил ботайский субклад и его родительскую цепочку: R1b-M343 > L278 > L754 > L388 > P297 > (M73 + M269) [Клёсов, 2022: 1202]. Эти данные совпадают с результатами других геномных исследований ботайцев и всего Евразийского континента [Allentoft et al, 2015; Haak et al, 2015; Jeong et al, 2018], которые отражают прототюркский генезис ботайского человека и скотоводческо-кочевой уклад его жизни и жизни его предков.

Геномные исследования ботайской лошади показали, что процесс ее доместикиции протекал в стационарных условиях [Outram et al, 2009; Outram, 2014], что может говорить об оседлости и сезонном характере определенной части населения Ботая. Стало быть, можно полагать, что Ботайская культура находится на пересечении номадической и оседлой мировых цивилизаций, что характерно также и для тюркской цивилизации, и для ее культуры [Аязбекова, 2012; Аязбеков, Аязбекова, 2014].

Геномные исследования также показали, что территория «Внутренней Евразии» (так генетики называют Евразийский степной пояс) с центральным местоположением в нем Ботая представляет собой целостность географического порядка, выступая как экорегион с естественными барьерами в виде Кавказских и Памирских гор [Allentoft et al, 2015]. Адаптация к этой среде обитания и приводит к общности образа жизни – к доминированию кочевого скотоводства, что и обуславливает высокую степень генетического обмена, приводящего к многообразию в единстве составляющих геномную структуру насельников степи.

Современные геномные исследования также подтверждают, что в Евразии масштабные миграции людей в период около 5000-6000 лет назад (т.е. в период существования и расцвета Ботайской культуры) были обусловлены развитием коневодства [Allentoft et al, 2015].

Исходя из этого, можно утверждать, что носители Ботайской культуры относятся к прототюркам, являются скотоводами, ведущими как кочевой, так и оседлый образ жизни. Такой же образ жизни сохранился также и в тюркской цивилизации.

Что касается языка ботайцев, то группой генетиков был определен языковой состав выходцев из евразийских степей. Их основу составляют тюрко-монгольские языки. Разбросанные по двум клинам ниже лесотундрового клина, оба клина на юге Сибири и Монголии переходят в тюрко-монгольскую популяцию, в Маньчжурии и Дальнем Востоке – в тунгусоязычную популяцию. В результате на основе геномных исследований была доказана существующая генетическая связь в период неолита носителей трех языковых ветвей – тюркской, монгольской и тунгусской [Jeong et al, 2018].

Следует заметить, что лингвисты по месту происхождения называют эту семью «алтайской» (включая в нее также японо-корейскую ветвь), что также соответствует месту происхождения носителей гаплогруппы R1b.

Тенгрианство и Ботайская культура в свете лингвистики. Гордон Фрейзер, реконструируя языковой генезис слова «Тенгри», говорит о его возникновении в Евразии и распространении у многих народов мира. На основе применения метода лингвостатистического анализа исследователь фиксирует и дату его переноса на территорию Америки – речь идет о 20-30 тыс. лет назад. Стало быть, можно констатировать, что процесс генезиса тенгрианства относится к периоду палеолита.

Важно и то, что Гордон Фрейзер в слове «Тенгри» выделяет отдельный корень - Ди или Ти, который прослеживается в языках и семействах языка во всем мире. Исследователь, реконструируя слово «Тенгри», пришел к выводу о том, что корень Ди или Ти – это фактор языка или морфема, которая указывает на: название Бога, общее нарицательное имя для божеств, священные понятия, почетный титул для предков или королей» [Фрейзер].

Следует признать, что смысловой архетип, выделенный исследователем, является базовым, определяющим семантическое единство имени Тенгри в различных культурах на протяжении многих тысячелетий – вплоть до современного периода.

Выдающийся исследователь алтайской языковой группы С.А. Старостин на основе анализа соответствий в области фонетики и базисной лексики пришел к выводу о

генетическом единстве алтайской языковой семьи, включающей в себя тюрко-монгольскую, тунгусо-маньчжурскую и японо-корейскую ветви. Примечательно, что ее распад датирован VI тыс. до н.э. В период же возникновения и развития Ботайской культуры (3700—3100 годах до н. э.) тюркская ветвь уже была обособлена от монгольской. В то же время языки алтайской группы и после распада контактировали друг с другом [Старостин, 1991].

С.А. Старостиным также установлено, что существует целое множество слов, общее как для периода праалтайской языковой общности (т.е. до VI тыс. до н.э.), так и для более позднего исторического периода, когда произошел распад алтайской языковой семьи.

К одному из таких слов относится слово *T'angiri*. С периода праалтайской языковой семьи и после ее распада была сохранена смысловая общность этого слова, тогда как процесс дезинтеграции из алтайского праязыка привел лишь к небольшим фонетическим, но не семантическим изменениям: *teŋri / taŋr* (тюркский), *taŋgarag* (монгольский), *taŋgura*- (тунгусо-маньчжурский), *tinkir*- (японский) [Этимология «Тенгри»].

И в дальнейшем, несмотря на формирование наций и национальных языков, была сохранена праалтайская семантика в ее первоначальном значении – Бог, Небо, клятва, поклоняться.

Важно и то, что и в периоды тюркской цивилизации, возникновения национальных языков и в настоящее время сохранились крайне близкие друг другу варианты обозначения этого божества: у древнетюркских народов, у европейцев тюркского происхождения – болгар, венгров, а также у современных тувинцев, кыргызов, башкир, татар, узбеков, турков, азербайджанцев, уйгуров, туркмен, казахов, монголов, хакасов, чувашей, алтайцев, калмыков, кумыков, бурят, якутов, долган и других.

Тем самым, данные лингвистики также могут быть экстраполированы на Ботайскую культуру, подтверждая, что ее носители были тенгрианцами.

Тенгрианство в свете культурфилософии. Известно, что в образе Тенгри объединились различные ипостаси Мироздания: Мир как Абсолют и как видимая, осязаемая реальность, включающая Небо, Солнце, Луну и Землю; Мир как божественнокосмическое образование с его иерархическими уровнями; наконец, Мир как совершенная Гармония – идеал [Абрамзон, 1971].

Характерными особенностями тенгрианства являются представления о Небе как порождающем начале всей Вселенной. С этим божеством связаны и представления о бессмертной душе, перевоплощении, циклическом времени и трехмерном пространстве, структурной основой которого является круг (цикличность, идея возврата) и квадрат (как символ четырех сторон света) с непременным остовом – Древом мира, объединяющим трехчленную модель мира (низ-середину-верх). Поиск бессмертия, представления о загробной жизни как продолжении земной, понимание автономности души, способной к перевоплощению, – эти идеи нашли отражение и в захоронениях, которые существовали в нескольких формах: в форме трупосожжения и как ее разновидности – экскарнации (предварительного удаления мягких тканей хищными птицами), в жилищах-захоронениях, в нишах – ящиках.

Как показывают многочисленные исследования по тенгрианству, маркерами тенгрианства, значимыми как в глубокой древности, так и в современный период, являются:

- космоцентрическая модель мира;
- медиаторский статус шамана,
- идея бессмертия;
- культы коня, огня и предков.

Осы тұста, елордамыз Астана төріндегі бүгінгі Қазақстанның ұлттық нышанына айналған Бәйтерек ескерткішінің негізінде түріктердің символдық болмысы бейнеленгенін айта кеткеніміз орынды. Еліміздің мемлекеттік символдары – көк байрағымыз бен елтаңбамызда да халқымыздың өзіндік болмыс-бітіміне негіз болған түркілік өркениеттің іргелі символдары айқын көрініс тапқан. Тудың ортасындағы жарқыраған күн, көк аспанда еркін шарықтаған қыран, елтаңбамыздағы шеңбер формасындағы шаңырақ пен екі жағында орналасқан қанатты тұлпарлар ұлтымыздың дүниетанымының мәнін барынша ашып бере алады. Иә, заманауи, техникалық тұрғыда дамыған, өрелі мәдениетті қалыптастыру да сүйенетін, күш-қуат алатын рухани тамырларымыз, өрелі өркениетіміз бар. Ата-бабаларымыздың мыңдаған жылдық символдары, рухани дәстүрлерінің де қадір-қасиеті ұлықталып, төрге оздырылып, бүгінгі өскелең ұрпақтың олардың мәнін ұғынып, тарихи жақындығы барын сезінуі санамызды оятып, кемелдендіре түсетіндігі хақ. Антропология ғылымы саласында ұзақ уақыттан бері жүргізіліп келе жатқан зерттеулер де адам баласының өзін топпен, өз қауымымен, оның идеялары, дүниетанымы, кеңістігімен байланыстырып, онымен біртұтастықта екендігін түйсінудің аса маңызды өмірлік қажеттілік екенін дәлелдеп келеді. Сондықтан да түркілік өркениеттің тарихи символдарының ойымызда жатталып, санамызда сақталып, қазіргі кездегі жаңғыруы өткеніміз бен бүгінімізді жалғап, келешекке сеніммен қараған ұлт мұраты мен арман-аңсарларын да паш етіп тұрғандығы анық. Рүстем Қадыржановтың пікірінше «осы қадір-қасиетті дүниенің негізінде ұлттық біртектілік қалыптасады. Өйткені, ұлттық біртектілік пен этномәдени символизм тығыз байланыстағы және өзара байланысты категория. Этномәдени символизм ежелгі шығу тегі бойынша құндылықтар мен символдарды қамти отырып, ұлттық біртектілік пен ұлттық мәдениет арқылы анықталады. Сонымен қатар ұлттық біртектіліктің мазмұны көп жағдайда этномәдени символизмнің мазмұнымен, яғни ұлттық элитаның өз ұлтының біртектілігін қалыптастыру үшін символдарды құрастырып, олармен манипуляция жасауымен анықталады. Міне, сондықтан Қазақстанның ұлттық біртектілігінің мазмұны мен жай-күйін анықтау үшін оның этномәдени символизмінің мазмұны мен жай-күйін анықтап алу қажет» [15].

Өкінішке қарай, орнын толтыруымыз тиіс олқылықтарымыз жеткілікті. Осы орайда, белгілі саясаттанушы Айдос Сарым «Ұлттық символдар һәм ұлт үшін күрес» деген тақырыптағы мақаласында бұл мәселені қаузап келіп, «мәдени-тарихи ескерткіштер кез келген мемлекеттің идеологиясының, имиджінің құрамдас бөлігі болып табылатыны дау тудырмайды. Белгілі бір тарихи ескерткіштер мен архитектуралық кешендердің бүтін бір ұлттар немесе елдердің әлем таныған символына айналып жатқанының көптеген мысалдары бар. Осының арқасында аталмыш ұлттар өздерін кеңінен насихаттап, елдеріне миллиондаған туристерді тартып жатады. Мысалы, Қытай десек, көз алдымызға Ұлы Қытай қорғаны, Франция десек – Эйфел мұнарасы, Мысыр десек – перғауындардың пирамидалары еске бірден сап етеді.

Ал біздің еліміздің, ұлтымыздың осындай символы бар ма? Өзімізді әлемге паш ету үшін қандай нышанды ұсына аламыз? Осы сұрақтарға жауап беру үшін жақында «Стратегия» талдау орталығы еліміздің түкпір-түкпіріндегі 1500 адамның арасында арнайы сауалнама жүргізген екен. Сауалнама кезінде респонденттерге «Сіздің пікіріңізше Қазақстанның қай тарихи-мәдени ескерткіші еліміздің символы деп тануға болады?» деген ашық сұрақ қойылыпты.

Сауалнама қорытындылары ел тұрғындарының жартысына жуығы ешбір ескерткішті символ деп танымайтынын көрсетеді (Диаграмма). Респонденттердің қалғаны алпысқа жуық ескерткіштер, тарихи және табиғи кешендерді атапты. Солардың ішіндегі ең жиі аталғандардың ішінде сақ дәуірінен келе жатқан «Алтын адам» мүсіні (12 %), елордадағы «Астана-Бәйтерек» кешені (11 %), Абай атамызға арналған әдеби, рухани, архитектуралық ескерткіштердің кешені (9 %) және Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Йассауидің мазары (4 %) бар екен. Ел тұрғындарының пікірінше дәл осы ескерткіштер қазақ елінің символы, бренді бола алады-мыс. Сөзімізді қорытар болсақ, жағдай маз емес» [16] – деп атап көрсетеді. Өз ойын қорытындылай келе бірнеше түйін жасаған ғалым: «ең қорқыныштысы – Алтайдан Атырауға дейінгі орасан зор кеңістікті, дала мен қаланы, жаңа мен ескіні, буын мен буынды біріктіретін бірде-бір нақты тарихи-мәдени ескерткіштің, символдың жоқтығы. Елімізді, жерімізді, ұлтымызды әлемге танытпақ түгіл, өз жыртығымызды жамайтын, жоғымызды түгендейтін жалпыұлттық символдардың жоқтығы бүгінгі идеологияның екі аяғынан ақсап тұрғандығының айқын белгісі! ...«Тарихи Қазақстан» мен «Жаңа Қазақстанның» арасы жақындап, бірімен-бірі толығып, бірінен-бірі туындап отыратын жағдайға жетуі керек. Ұлтымыздың ұйысуы үшін қазақ өз тарихы мен дәстүрін мемлекеттік деңгейге көтеріп, мемлекетті тарихиландыруы тиіс. ...Ұлт мәселесі тіл, тарих және мәдениет мәселелерімен шектелмейді. Тәуелсіздігіміз бен ұлттық мемлекеттігіміздің болашағы үшін күрестің жаңа кезеңі ұлттың алдында тұрған саяси, әлеуметтік, экономикалық, рухани, философиялық мәселелердің күрделенуімен ерекшеленеді» [16] – деп бағамдайды.

Иә, одан бері салыстырмалы түрде біраз уақыт бұл жайт бізді әрқашан ойландыруы тиіс аса өзекті мәселе. Қазіргі жаһандану мен ақпараттар тасқыны қоғамында ұлттық мәдениет өткен дәуірлердегідей әлем назарынан тыс, құпиясын сақтап өмір сүре алмайды. Әлемдегі ахуалдың барған сайын күрделеніп, әлеуметтік жағдайдың төмендеп, қоғамның рухани-интеллектуалдық тұрғыда құлдырауы мәдени-этникалық жікшілдікке ұласып, қарулы қақтығыстарға шиеленісуде. Осы жағдайда еліміздің алдында жаһанданудың саяси-экономикалық талаптарына бейімделумен қатар, оның антиәлеуметтік мәдени ықпалын еңсеру, бейбітшілік қағидаттарын анықтау, жалпыадамзаттық және елдік мұраттарға бастайтын символдар мен құндылықтарды азаматтардың санасына жеткізу, яғни қоғамның мәдени бірлігін нығайту міндеті тұр. Ендігі кезеңде мемлекетіміздің толыққанды тәуелсіз елге айналуы осы міндеттерді шешумен де тығыз байланысты екендігі анық.

Әдебиет:

1. Свасьян К.А. Проблема символа в современной философии. – Ереван: Издательство АН Армянской ССР, 1980. – 226 с.

2. Лотман Ю.М. К проблеме типологии культуры // Труды по знаковым системам. – Тарту: Тартуский университет, 1978. – 166 с.
3. Кенжетай Д. Дәстүрлі түркілік дүниетаным және оның мәні // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана: Аударма, 2005. – Т.1: Ежелгі көшпелілер дүниетаным. – 73 б.
4. Гуревич П.С. Философия антропология: учебное пособие. – М.: Вестник, 1997. – С. 181.
5. Затов Қ. Зороастризмнің тарихи тамырлары мен діни ілімі // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана: Аударма, 2005. Т. 1: Ежелгі көшпелілер дүниетаным. – 312-313 б.
6. Молдабеков Ж. Қазақтың халық философиясы // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана: Аударма, 2006. Т. 7. – 36 б.
7. Габитов Т., Әлімжанова Ә. Исламға дейінгі түркі халықтарының мифологиясы мен діни сенім-нанымдары // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана: Аударма, 2005. – Т. 1: Ежелгі көшпелілер дүниетаным. – 496 б.
8. Габитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің типологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 20 б.
9. Нысанбаев А., Аюпов Н., Габитов Т.Х. Тюркская философия: десять вопросов и ответов. – Алматы, 2006, – С. 7.
10. Сартқожаұлы Қ. Байырғы түркілердің мемлекеттілігі және ел басқару жүйесі // Абай. – 2014. – №6. – 8-20 б.
11. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау: оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 90 б.
12. Наурызбаева З. Трайбализм, ұлттық идеология және ұлттың болашағы // <http://otuken.kz/index.php/publzira/343-2014-09-04-06-37-42>
13. Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Пространство и время. Вещный мир /Львова Э.Л., Октябрьская И.В., Сагалаев А.М., Усманова М.С. – Новосибирск: Наука. Сиб.отд-ние, 1988. – С. 22-23.
14. Артықбаев Ж.О. «Қозы көрпеш – Баян сұлу» жыры – адамзат тарихымен бірге жасасып келе жатқан жыр // 14. Маргулан А. Труды по культуре письменности казахского народа. – Астана: «Алтын кітап», 2007 – 237 б.
15. Кадыржанов Р.К. Этнокультурный символизм и национальная идентичность Казахстана / под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: Институт Философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2014. – 168 с.
16. Сарым Айдос. Ұлттық символдар һәм ұлт үшін күрес // <http://old.abai.kz/node/2054>

ТҮРКІ ДӘУІРІНДЕГІ ДАЛА ӨРКЕНИЕТІ: НАНЫМ-СЕНІМДЕР МЕН ДІНДЕРДІҢ АЛУАН ТҮРЛІЛІГІ STEPPE CIVILIZATION IN THE TURKIC ERA: DIVERSITY OF BELIEFS AND RELIGIONS

Мырзахмет Ғалия Кенесбайқызы*

Annotation. The article describes the diversity of beliefs and religions of the early Turkic period. In the Turkic era, the steppe civilization was distinguished by a wide variety of beliefs and religions. The main feature of the medieval history of the Great Steppe was the significant development of beliefs and religions. This is especially characteristic of the period from the V century to the XIII century, that is, the era of the Turkic kaganates. On the one hand, their own religious beliefs and practices formed the basis of the worldview of nomads. On the other hand, other religions and spiritual values actively spread along the Great Silk Road.

Keyword: History, Turkish, Religion, Tengri, Buddhism

Түркі дәуірінде дала өркениеті нанымдар мен діндердің алуан түрлілігімен ерекшеленді. Ұлы даланың ортағасырлық тарихының басты ерекшелігі нанымдар мен діндердің айтарлықтай дамуы болды. Бұл әсіресе V ғасырдан XIII ғасырға дейінгі кезеңге, яғни түркі қағанаттарының дәуіріне тән, – дейді шығыстанушы ғалым, тарих ғылымдарының докторы Кенже Торланбаева. Бір жағынан, өздерінің діни нанымдары мен тәжірибелері көшпенділердің дүниетанымдарының негізін құрады. Екінші жағынан, басқа діндер мен рухани құндылықтар Ұлы Жібек жолында белсенді түрде таралды. Түркілердің діни өкілдіктері тәңіршілдік деп аталды. Сонымен қатар, Тәңірі басқа құдайлардан айырмашылығы

* Магистр, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Gala_19.80@mail.ru

материалдық емес еді, оны аспанның көлеміндей рух ретінде құрметтеді. Ол осы дүниені жаратушы Құдай Әке ретінде танылған көшпенділердің рухани өмірінде үстемдік етті. Дәл осындай Тәңіршілдік түркі рухани мәдениетін пұтқа табынушылықтан ерекшелендірді. Басқаша әсер еткеніне қарамастан, түріктер үшін Тәңірі Жоғарғы Құдай болып қала берді. Мұны белсенді түрде таралған басқа философиялар мен діндердегі тұрақтылық құбылысы деп атауға болады. Бұл оның түріктердің өмірінде үстемдік құрғанын және Жаратушы ретінде танылғанын білдіреді. Тәңірінің адалдығы көшпелі қоғамның тұрақты рухани жай-күйін айғақтады. Тәңірі табиғи күштерді бейнелеп, олармен үйлесімді өмір сүруге мүмкіндік берді. Тәңірі-аспанның жоғарғы Құдайы, аспанның өзі де, Тәңірі де аспан, яғни көрінетін табиғи объект деп айтуға болады. «Тәңірі» сөзі өте ежелгі және Басында аспанды, ал уақыт өте келе – көктегі рух ретінде Құдайды білдіреді. Біздің ата-бабаларымыз оны көктегі Құдай дегенді білдіретін көк Тәңірі деп атағаны кездейсоқ емес.

Ежелгі наным-сенімдерге сәйкес, Тәңірі әлемде тәртіп пен үйлесімділік орнатты және, әрине, түріктердің қамқоршысы болды. Жер бетінде ежелгі құдай ғибадат ету және құрбандық шалу орындарына айналған биік таулар мен ағаштарды бейнелеген. Мысалы, Алтайдағы Бодын-Инли тауы (Жер Тәңірісі) түріктердегі қасиетті таулардың бірі болып саналды. Тауларды қастерлеу-көптеген пұтқа табынушылық діндерде байқалған өте ежелгі құбылыс. Мысалы, Үндістандағы гректер немесе Гималайлар арасындағы Олимп тауына табынуды еске түсіріңіз. Түркі билеушісі қаған жыл сайын халықтың үлкен тобымен Тәңірге арналған құрбандық шалып отырған. Көне түріктердің түсінігі бойынша Тәңір құдайы бірнеше сипатқа ие. Түркілердің түсінігі бойынша әлемді жаратқан және барлық дүниенің тағдырына иелік ететін құдай – Көк тәңірі. Бұл жағынан алғанда тәңір кейінгі мұсылмандық «Алла», «құдай» ұғымдарына жақын келеді.

Ислам діні таралғаннан кейін де түркілердің, оның ішінде қазақтардың Алла ұғымындағы тәңір сөзін жиі қолдануы олар туралы түсініктердің ұқсастығынан деп түсіну керек. Көне түркілер тәңірден басқа жер, суға да мінажат еткен. Себебі адамның да, малдың да, өсімдіктің де өнуі, өмір сүруі жерге, суға тікелей байланысты. Түркілерде тәңірмен бірге отбасы және балалардың қамқоршысы болып Ұмай ана саналды. Тәңірі және Жер-Сумен бірге түркілер сиынатын құдайлардың қатарына Ұмай ана да кірді. Бұл Тоныккөк құрметіне қойылған ескерткіштен анық байқалады. Онда сәтті жорықтардың бірін сипаттаған кезде «Көк тәңірі, Ұмай ана, қасиетті Жер-Су, міне, осылар бізге жеңіс сыйлады!» деп жазылған [1].

Тәңіршілдікте ата-баба рухына (аруаққа) табынуға зор мән берілді. Қазақтарда аруаққа табыну әлі күнге дейін маңызын сақтап келеді. Оның терең философиялық және рухани-адамгершілік мәні бар. Осы ғұрып арқылы жас ұрпақ ата-бабаны құрмет тұту, өз халқының тарихын сыйлай білуге тәрбиеленеді. Қорқыт ата түркілерде халықты Тәңірмен жалғастырушы болып есептелді. Түркілер Қорқыт атаның ауруды емдеп, бақытсыздықтан сақтайтынына, балаларды түрлі сырқаттардан қорғайтынына сенді. Жалпы, адамзат өркениеттегі әйгілі мәдени ошақтардың ұдайы көшпелілер мекені мен жапсар өңірлерінде дүниеге келіп отырғаны кездейсоқтық емес. Әлемдік діндердің бастау тегіне Тәңірлік діннің өзекті қағидалары арқау болған. Тәңірлік дін уақыт пен кеңістікті игеруге талпынған, қоршаған ортамен тіл табысуға ұмтылған адам баласының алғашқы таным түсінігі еді. Тәңірлік дін көшпелілердің өмір сүруінің кепілі болып, өмір салтына айналды. Қазақтар күні бүгінге дейін таңның атуы мен күннің батуына дейінгі уақытты 5-ке бөледі: таң, сәске, түс, екінді, ақшам. А.Тарақтының материалдарында көрсетілгендей, қазақтар әрбір маусымды өз ішінде 3-ке бөледі: қоңыр күз, сары ала күз, қара күз немесе қыстың басы. Осынау өмір салтының өзегінен бір жылды 12-айға бөлетін таным-түсінікті бастау тегі аңғарылды. Көшпелілер мәдениеті өзінің 3-мың жылдық ғұмырында Жерорта теңізі мен Қиыр шығыс елдеріне қарағанда шығармашылық эволюцияны бастан өткерді [2].

Неміс ғалымы Г. Дерфердің пікірінше, тәңіршілдік – адамзаттың бір құдайға табыну діндерінің бірі. Тәңіршілдік басқа әлемдік діндерге әсерін тигізіп, оларды жетілдірді. Қыпшақ тайпалары Тәңірге табыну дәстүрін ұзақ уақыт сақтап келді.

Тәңірлік діннің арғы тегінде шаманизм жатыр. Шаманизм дінінің негізгі қағидасы бойынша дүние түгелмен рухтардан тұрады. Жанды-жансыз дүниенің де рухтары бар. Шаманизмді құраушы діни сенімдердің тотемизм, фетишизм, анимизм, магия деген түрлері бар. Тотемизм дегеніміз – адамдардың өздерін белгілі бір хайуанаттан тарадық деп түсініп, соларға мінажат етуі.

Көне түркілердің, ежелгі қазақтардың тотемі қасқыр болған. Фетишизм – белгілі бір заттың адам өміріне оң ықпал ететініне сену.

Орта ғасырларда Қазақстан жерінде діни идеологиялық ахуал өте күрделі еді. Бір жағынан қазақтың ата-бабаларынан келе жатқан дәстүрлі діні – тәңірге табыну, шаманизм болса, екінші жағынан бұл өңірде зороастризм дінінің, буддизмнің, христиандықтың да ықпалдары болды.

Түркі дәуірінде қазақ жеріне буддизм діні де енген. Бумын қағанның ұлы Мұқан қаған будда дінін қабылдап, буддалық насихат кітаптарды түркі тіліне аудартқаны белгілі. Түркі қағандарын буддизмнің «Адам өлтірме, өтірік айтпа, ұрлық жасама, қызулы ішімдік ішпе» деген уағыздары қызықтырған болса керек. Будда храмдары Жетісу жеріндегі Ақбешім, Краснореченск ортағасырлық қалаларында, Сайрамда табылды. Қазақ жеріне V ғасырда несториандық бағыттағы христиан діні де аздап таралды [3].

Римдік діндер Нестор Христосты «ол – құдай емес, адам, құдайдың жердегі өкілі ғана» дегені үшін Шығыс Рим империясынан қуылған еді. Осы несториандық ағым VII-VIII ғасырларда Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан жерінде таралып, христиандық шіркеулер көптеп салынған. Алдымен христиандықты қабылдаған қарлұқтар болған, шіркеулер Тараз, Мерке, Қойлық, Жамұқат, Науакент, Фараб т.б. қалаларды қазғанда табылды.

Жалпы христиан дінін қазақ жеріне одан Шығыс Түркістанға, тіпті сонау Моңғолияға дейін таратқандар Нестордың ізін қуушы сириялық христиандар болды.

X-XI ғасырларда христиан дініне керейлердің, наймандардың біразы кіргені жөнінде тарихи деректер бар. IX ғасырдан бастап қазақ жеріне орныққан мұсылман діні христиандықты ығыстыра бастады. Христиан шіркеулері көп жерде мешітке айналдырылды. Кей жерде христиандық пен мұсылмандық қатар өмір сүрді.

Түркі қағанаты заманында Орталық Азия мен Қазақстан жерінде манихей діні де таралды. Сонымен бірге, адамдардың ақыл-ойы мен жүрегіне басқа діни көзқарастармен әсер етуге асықты. Мысалы, Тараз қалашығында археологтар христиан және еврей ғибадат үйлерінің, мешіттердің қалдықтарын, діни мақсаттағы түрлі керамикалық мүсіншелерді қазды. Жібек жолы буддизм, иудаизм, манихейлік, зороастризм, несторианизмнің таралуына ықпал етті. Бірақ бұл сенімдердің ешқайсысы ұзақ уақыт бойы танымал бола алмады. Түркі қағанаттары діни төзімділікпен ерекшеленді, осыған байланысты қала халқы миссионерлердің ықпалына көбірек ұшырады. Мысалы, зороастризмнің негізгі жақтаушылары отырықшы аудандардың тұрғындары болды. Осылайша, зороастризм ескерткіштері Сырдария қалаларында, Жетісу аумағында табылды.

Ертедегі түріктер арасында отқа табыну, жануарларға табыну, өсімдіктерге табыну еңінен тараған. Византия тарихшысы Менандр түрік қағаны Дизабұлға елші Земархтың келуін сипаттай келіп, былай деп жазады: «Түріктердің осы тайпасының ішінен кесел біткенді аластай аламыз деп өзіне-өзі сенетін біраз адам Земархқа келді де, римдіктердің өздерімен бірге ала келген заттарын бір жерге үйді, одан соң ливан ағаштарының бұтақтарын лаулатып жағып, скиф тілінде әлдебір тағылық сөздер айтып сыбырлап, дабылдарын ұрғылап, үйіліп жатқан заттарға қайта-қайта төнді. Шытырлап жанып жатқан бір бұтақты ортаға әкеліп, құтырына айғайлап, кәрін төгіп, ойнақтаған жын-шайтанды қуғандай болды. Жұрт бұл адамдарға жын-шайтанды аластап, бізді кесел- пәледен құтқарады деп сенеді; өздерінше барлық кеселді аластадық деп сенген олар Земархтың өзін осы оттан өткізіп, өзімізден де пәле-жаланы аластадық деп сенгендей болды». Қала тұрғындары мен отырықшы халықтың отқа табынғаның археологиялық материалдар растайды. Баба-Ата қаласы жұртының қамалын қазып, аршыған кезде сарай кешенінің ең басты залында, жердің қалың қабатына қарағанда,

отқа байланысты діни ғұрып өткізілген. Қалалардың жұрттарын қазғанда қой мүсіндері шығады, олардың осы жануарларға табынумен байланысты екені даусыз. Отырар алқабындағы Көк-Мардан қаласының орнынан VI-VII ғасырлар қабатынан от жағу үшін тақыт орнатылып, қошқармүйіз түрінде жапсырмасы бар қуыс жасалған ғибадатхана қазылып алынды. Орта ғасырлардағы көптеген авторлар «ұлы» тастың құдіретті күшімен жаңбыр жаудыра алатын түрік «сиқыршылары» туралы жазады [4]. Түріктердің сиқырлы күшке, шаман бақсы-балгерлеріне сенетіні жайлы парсы тарихшылары мен географтары да жазады. Өлген түріктер ертедегі шаман ғұрпымен жерленген. Деректемелерде жерлеу ғұрпының сипаттамалары сақталған, өлген адамды биіктеу жерге тігілген киіз үйге қойған. Туыстары құрбандыққа әкелген қойлары мен жылқыларын табалдырықтан асырып қойған да, сонан соң киіз үйді жеті рет айналып өткен. Үйді айналып, есік алдынан өткен сайын беттерін тілгілеп, жылайтын болған; сонан соң белгіленген күні өлген адамның атын, киімдері мен заттарын алып, оларды өлген адамның денесімен бірге өртеген.

X-ғасырда мұсылманшылықтың толқын-толқын таралғаны байқалады. Со кездегі Орта Азия тұрғындарының лек-лек болып Исламға қосылғаны тарихи әдебиеттерде баяндалады. Мәселен, 960 ж. 200 мың шатыр (үй, түтін) түркі халқы Ислам дінін қабылдаған. Ұзақ саны 2 миллионға жететін осы көпшіліктің мұсылмандыққа кіруі бәшәриет уә түркі халықтарының тарихындағы аса ірі уақиға. 1232 ж. қайтыс болған көрнекті тарихшы Ибн әл-Әсир осы уақиғаны қысқа һәм нұсқа ғып келтірген; «Түріктерден екі жүз мың шатыр адам мұсылман болды» .

Шындығына келгенде, Әмәуи дәуірінде басталып, Аббаси дәуірінде кемеліне жеткен түрік қуаты, түрік факторы 10 ғасырдан астам уақыт Исламияттың қызметшісі һәм қылышы болғаны хақ. Ислам дінінің осы күнгі жағырапияларға таралуында, ғылым-білім, техника, өнер салаларындағы теңдессіз туындыларда түркі халықтарының үлесі мұғазам (аса зор). XXI-ғасырға қадам басайық деп тұрған шақта, түркілердің Ислам үмбетінің құрамындағы және халықаралық аренадағы маңыздылығының тағы да өсіп келе жатқанын байқаймыз. Иә, осы түркі халықтары құрған мемлекеттер мұсылман үмбетінің басын қосқан, бір билікке ұюына атсалысқан, Қытай мұхитынан Әндүлүске, яғни Атлант мұхитына дейінгі шетсіз-қиырсыз аумақтағы мұсылмандардың біртұтас сипаттарға ие болуына қызмет еткен-ді.

Пайғамбарымыздың замандас түрік қағандығы және түріктер туралы хабардар болғаны, хатта түріктер хақында хадистер айтқаны көптеген әдебиеттерде келтіріледі. Жоғарыдағы тарауларда көрсетілген «Түріктер сендерге тиіспесе, сендер де оларға тиіспендер» сияқты хадистер осының айғағы болса керек [5].

Ұзақ ғасырлар бойы Ислам әлемінің дүние жүзілік саясаттағы уәкілшілігін түркілер жасағаны мәлім. Негізінен миладтан бұрынғы ғасырларда белгілі мөлшерде отырықшы болған, кейін көбінесе көшпелі өмір салтын ұстанған түркі халықтарының ұлан-ғайыр аумаққа тарап, әр түрлі бөтен ұлттармен бірге өмір сүріп, олардың мәдениетінің, діні мен тілінің тәсіріне ұшырағаны мәлім. Кей жағдайларда антропологиялық кескін де мүлдем өзгеріп кеткен. Оғыз тобындағы батыс түркілері ежелгі бракисефальдық кескінін сақтағанымен, қарлұқ-қыпшақ тобындағы шығыс түркілері мұңғұлбейнелі (монголоид) типке қосылған. Мәдени ықпалдасудың қаншалықты дәрежеге жеткені Орхон тастарында, түрік қағанаты құлап бара жатқан шақтың өзінде ел билеуші ханзадалардың, бекзаттардың, ақсүйектердің табғачтарға (қытайларға) еліктегені, ат пен атақтарын қытайшалағаны суреттеліп, ашына мысал етіледі.

Әсіре ұлтшы зерттеуші Зәкария Китапчының пікірі бойынша түріктер арасында таралған Арилық және Сами (семит) діндер, атап айтқанда бұддашылық, отқақұлдық, христиандық түріктердің мәрттік, батырлық, жауынгерлік сықылды ұлттық қасиеттерін, аң-сезімін қоректендірудің орнына қаймықтырушы рөл атқарған. Нәсілшіл автор аталған еңбегінде Жібек жолы керуендері арқалы жиі жолаушылайтұғын миссионерлердің жылмын еңбегінің арқасында көптеген түріктердің бұдда дініне кіргенін айта келіп, дін ауыстырудың жоғары дәрежелі мемлекет қайраткерлеріне дейін жұққанын мысалға келтіреді. Шынында,

атақты түрік билеушісі Білге қаған бұддашылықты түрік мемлекетінің ресми дініне айналдыру туралы ұсыныс жасаған-ды. Білге қаған «Қытай патша әулетінің ресми, мемлекеттік діні бар, түрік мемлекетінің де ұлттық діні болу керек» - деп, осындай ойға келгенін айтады. Алайда, қытай елінде оқып, тәлім-тәрбие алған Тонйұққұқ (644/646?-731) уәзір, қағанға бұдда дінінің түріктердің жауынгерлік рұхына сәйкес келмейтұғынын, мемлекеттік билікке кері ықпал тигізетұғынын айтып, әрең-зорға дегенде райынан қайтарады [5].

Жоғарыда келтірілген дәйектерден байқалғандай, Исламға дейін түркі халықтарында тұтастай біркелкі бір дін болған емес. Түрік ұлыстары, тайпалары мәдениет сатысы өскен сайын көптәңірлі нанымдардан алыстап бірте-бірте бір-тәңірлі діндерді қабылдай бастаған. Олардың Исламияттан бұрын тұрпайы қоғамдарға тән діндерді тастап, отқақұлдық, бұддашылық, манихейшілік т.т. сықылды өз шамасынша ахлақи (этикалық) және фәлсәфалық түсініктері бар нанымдарды қабылдауы табиғи құбылыс. Мүмкін, осы сатылардан өтудің өзі хақ дін Исламның теңдессіз алыптығын, шексіз ұлылығын, Бір Аллаһ Тағалаға ғана тәсілім болатұғын ықыласын, шынайылығын түсінуге зерделерді, жүректерді дайындаған шығар. Біртәңірлі діндерді кезегімен жөһиттік, христиандық ретінде қабылдағаннан кейін, Ислам туын көтерген Пайғамбарымыздың VII-ғасырда хақ дінге бүтін адамзатты шақыруына түрік ұлыстары да құлшына ұмтыла қосылғаны ақиқат. Содан бастап Исламият барша түріктердің біртұтас дініне айналды, олардың біртұтас ұлт болып қалыптасуына ұйытқы болды, өзара қырғын соғыстарды тоқтатты, тілдің біркелкілігін сақтады. Түркілер Исламның жауынгері һәм жаршысы сипатында тарихта аса маңызды орынға ие болды.

Еуропалықтар үшін түрік және мұсылман атаулары мағна жағынан тым жақын сөздерге айналды, тіпті синоним болып кетті десек жаңылмаспыз. Түркілер Африка құрлығының ішкі аймақтарында, Еуропаның орталық елдерінде, Азия құрлығының көптеген түкпірлерінде Исламның нұрын шашқан, Исламдық құрылымдар мен ұғымдарды апарған, орналастырған, әділеттіліктің белгісіне айналған мұсылман халқы болды. Осы күннің өзінде Еуропаның барлық елдерінде, Америка құрлықтарында, Тынық Мұхиттағы дәулеттерде мектептер, мешіттер, қоғамдар ашып, мұсылманшылықтың қызметін істеп жатқан тағы солар.

Түріктер бұрынғы діндердің ешқайсысына осындай берік болып, құрбандыққа жанын пидә еткен емес. Бұрынғы діндердің бүгінде аты аталғанымен заты түгімен жоғалып кеткен. Осы тұрғыда белгілі ағылшын ғалым Леуис (Lewis) былай дейді: «Түріктер Исламға кіргеннен соң, олар осы діннің арқасында жап-жаңа бір тұлғаға ие болды және де олар өздерінің өткен тарихтағы қылықтарынан тез алшақтап кетті, тіпті ұмытып кеткен деуге болады» [5].

Түріктердің Ислам тарихында жасаған еңбегі мен қызметінің көлемін осы кітаптың құрамында айтып жеткізу мүмкін емес. Тарих беттерін ашқанымызда Аллаһ Тағаланың Құранында баяндалған осы уағдасын орындағанын көреміз, ағайын. Ислам нұрымен абыройланған түркілердің алдында, ендеше, аса ұлық мақсаттар пайда болған-ды: Аллаһ ризалығы үшін өмір кешу, Оның Баянын жан-жаққа тарату, Исламның хақ туын шартарапта желбірету. 623 жыл құдіреттілікпен, абыройлылықпен билік жүргізген Осман Патшалығы осының нағыз айғағы. Түркілер өздерінің кеңбейілділік, мәрттік, жомарттық, батырлық сықылды қасиеттерін одан ары дамытқан хақ діннің жолында бір сәт ойланбай жанын пидә ететұғын.

Ислам дінінің түркілердің ұлттық қасиеттерін қорғап қана қалмай, одан ары дамытқанын жоғарыда атап өттік. Бұл шындық тек қана түркілер үшін емес, Исламиятты қабылдаған басқа ұлттардың барлығында бірдей.

Әдебиет:

1. Нұрпейіс К. «Ұлттық рух» //Ақиқат, 2000, № 10, 3-9 б.
2. М. Кемел. «Даналық дәрістері», «Күлтегін-тоныкөк». 55-б
3. Аманжолов. «Түркі халықтарының тарихы». I том, 177-б
4. Бейсенбайұлы Ж. Бітігтастағы Білге таңушы «Егемен Қазақстан» 2002, 28 сәуір.
5. Мұртаза Бұлғатай, «Түркілердің ислам тарихы және мәдениетіндегі ерекше орны», 4 Наурыз, 2019

ҚҰТ - САКРАЛДЫ ҰҒЫМ
KUT - SACRAL CONCEPT

Жаңабаев Жылбек Маратұлы*

Annotation. The article discusses the content of "Kut" as a sacred concept. The semantic stem of the ancient Turkic word "qut" is taken to the content of the concept of "Kut". Based on the content of the semantics of the vocabulary "Soul, Life Force, spirit", the sacred, sacred understanding of the concept of "Kut" in the traditional consciousness and the beliefs associated with it are grouped.

Keywords: Kazakh philosophy, Kut, sacred, worldview, beliefs.

Дәстүрлі мәдениет пен дүниетанымды зерттеушілер «құт» ұғымының әмбебапты, абстрактылы, сонымен қоса, трансценденталды категориялық ерекшеліктерін алға тартады. Дегенмен «құт» ең алдымен дәстүрлі сананың мазмұнын құраушы дүниетанымдық ұғымдардың бірі саналатындығы белгілі. Біздіңше, оны бірі, «құт» ұғымының семантикалық алаңының әралуандылығынан және екіншісі, сол әралуандылықтан туындайтын мағыналардың толысуы, ығысуы, трансформациясынан көрініс табатын секілді. Соңғысы, белгілі қазақ ғалымы Ғазиз Телебаевпен тілге тиектеледі. Оның пайымдауынша, көне түркілік «qut» ұғымының әр кезеңдерде трансформацияға ұшырағандығын және «жер бетілік» мағынаға қарай өте түскендігін, көп жағдайда онтологиялықтан гөрі, этикалық қатынаста түсініледі [Телебаев, 2017:67].

Ал, қазақтың танымал ғалымы Серік Нұрмұратов мұсылман дінінің таралуымен құт ұғымы Алладан келетін киелі нұр, қуат көзі, күллі берекенің бастауы түсініктерімен байытыла түскендігін жеткізеді [Нұрмұратов, 2016: 89].

Ұлтымыздың біртуар ұлы Шоқан Уәлиханов өз еңбектерінде «Құт» байлықпен ішінара астасатын бақыт идеясы мәнінде түсініледі [Уәлиханов, 2013: 98,111] - деп, адам баласы өзіне «құт» келгендігін немесе дарығандығын байлық, бақыт күйінде сезінеді деген мәнде жеткізеді. Кешегі Абылай заманында да «құт» елдің, жердің берекесімен бірге байлықтың, дәулеттіліктің күйі меңзелгендігі «Сабалақ - Абылай» жырының мына бір жолдарынан аңғарылады. Тыңдалық:

Алады Шөмішбай бай есін жиып,
Қуанып кейде жылап, кейде күліп.
Құшақтап Сабалақты жібермепті,
Құтым деп қайта-қайта бетін сүйіп [Бабалар сөзі, 2009: 278].

Шыныменде қазақтың ұлттық болмысында «құт» деген терең ұғыммен өмірдің барлық саласы байланыстырылады. Кез-келген әлеуметтік немесе рухани құбылыстың мағыналық, мазмұндық, құндылықтық көрінісі жеке адам үшін немесе бүтіндей халық үшін құтты, қайырлы болмаса, онда оның өзіндік келбетінің әлеуметтік субъект үшін мәні де жоғалатыны анық. Бұл тұжырымдар өз кезегінде өткен тарихи кезеңдердегі және қазіргі таңдағы әлеуметтік процеске әлеуметтік практикаға берілген жан-жақты және оңды аксиологиялық сипаттама болары сөзсіз [Нысанбаев, 2015:85].

Дәстүрлі дүниетанымда «құт», «құтты», «құттылық» деген түсініктерінің мәні өте тереңде. Оның көне түркілік бастауы семантикасының алаңы көне түркі сөздігінде [ДТС, 1969:471-472] беріледі. Зерттеушілер [Экба, 2008: 237], [Исабекова, 2008: 56] ондағы «жан, өмірлік күш, рух» семантикасын бастапқы, әрі маңызды санап, көне түркілік «qut» ертедегі түркі халықтарының дүниетанымдарынан сыр шертетіндігін және қай дәуірде болмасын «qut» өзінің түркілік тектілігіне қызмет етумен келетіндігін баса айтады. Бұл, өз кезегінде сакралдылық «құт» ұғымының дүниетанымдық мазмұнында ұяланғандығын танытады.

* Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты

Көне түркілік «qut» сөзінің семантикалық алаңындағы «жан, өмірлік күш, рух» негізінде «құт» ұғымының сакралды мазмұнын пайымдау және оның дәстүрлі санадағы қасиетті, киелі түсінілуі және онымен байланысты наным-сенімдердің кейбір тұстарын топшалау мақаламыздың басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Біздіңше, көне түркілік «qut» лексикасының «жан, өмірлік күш, рух» бастапқы семантикасы ғана емес, сонымен бірге басты субстантиві деуге де болады. Осы жағынан топшалағанда «құт» көне түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымының ұстындарын паш етеді.

Дәстүрлі түркілік дүниетанымның негізгі ұстындары Тәңірлік діни дүниетанымнан бастау алған. Бұл ойлау жүйесі бойынша адамның және оны қоршаған ортаның негізі, яғни ғарыштың «иесі» мен «киесі» -Тәңір. Мысалы дәстүрлі түркілік дүниетанымда көк аспан киелі, өйткені ол Тәңірдің мекені, әрі сипаты; «жер мен су қасиетті, өйткені ол – Тәңірдің құты, несібесі, ел-халық қастерлі, өйткені олар -Тәңірдің жердегі аманаты; қаған /хан/ киелі, өйткені ол – Тәңірдің еркін білдіруші және оның аманаты болып табылатын елдің сақтаушысы, және т.б. болып киелілік қатары жалғасып кете береді [Д.Кенжетай, 2005: 74].

Көне руникалық жазба ескерткіштеріндегі (Орхон, Енисей, Талас) жазбаларда «Теңгі» мен «qut» лексикалары жие оқылады және ең маңыздысы «qut» жазбасы «Теңгі» - ден кейін беріледі. Сірә, бұл, жоғарыда айтылған «иесі» мен «киесі» - Тәңір екендігін танытып қана қоймай, оны үнемі еске салумен, бекумен байланысты болар. Ол хақында түрік ғалымы Мехмет Тезкан (Mehmet Tezcan) «Көне ирандықтардағы хварно түсінігі және оның түркілік Құтпенен байланысы» [M. Tezcan, 2007: 167] еңбегінде бір құдайға, яки Тәңірге сенген және өздерінің қуаттылықтарын Тәңірлік шығу текпен бекіген, соның белгісіне билеушілер өз есімдерін «құт» атауымен байланыстырған дейді. Көне түркілік жазбаларда кездесетін «Тәңірқұт», «Идікұт» атауларының мәні соған саяды. Сонымен бірге «Тәңірқұт» ұғымы қаған билігімен, оның атақ, даңқ дәрежелерімен байланыстырылады [С.Максуди, 2002: 116-117-188].

Дегенмен бұл жердегі тағы маңызды мәселе, «Тәңір» мен «құт» арақатынасы қатысты келеді. Ол жөнінде белгілі қазақ ғалымы Ғазиз Телебаев көне түркілер Тәңірдің құдіретіне сенгендігіне біздер ешқандай күмән келтірмейміз. Бірақ, Тәңір біреуге құт дарытты деген жазуды біз еш жерде кездестірмейміз. Көне жазуларда адамға ол қалай берілетіндігі нақты көрсетілмеген. Соған қарағанда бұл «Тәңір» мен «Құт» арасындағы байланыс сол уақыттағы көне түркілер үшін шешімі жоқ құпия, сыр болғанға ұқсайды. Сол бір уақытта, бұл, әлем мен адам болмысының мәнді мәселелеріне қатысты болғандығы белгілі [Телебаев, 2017:66] дегенді. Мұндағы «Тәңір» мен «Құт» арасына қатысты құпия, сыр, біздіңше, «жан, рух» мәселесіне қатысты келеді. Түркілерде «құт» «жанның» баламасы ретінде түсінілгендігін қазақ ғалымы Қ.Ғабитханұлы [Ғабитханұлы, 2006: 72] жеткізсе, исламға дейінгі наным-сенімдердің ұлт дүниетанымындағы көріністерін зерделеген белгілі қазақ ғалымдарымыз Н.Ж.Байтенова мен А.К.Дүйсенбаева көне түркілердің наным-сенімдері бойынша адамның тәні Жерден жаралғанымен Рухы Тәңірден. Рухтың түркілік атауы - Құт [Н.Ж.Байтенова, А.К.Дүйсенбаева, 2013: 46] ұстанымын ортаға салады.

Көне түркілік «qut» ұғымының «жан» мағынасында түсінілуіне қатысты айтарымыз, біздіңше, көне түркі сөздігін [ДТС, 1969:471-472] құрастырушы орыс зерттеушілері өздерінің аталмыш ұғымды «жан, өмірлік күш, рух» мағынасында түсінетіндіктерімен негіз еткенге ұқсайды. Оған әлемдік діндердегі, оның ішінде христиандық дүниетанымдағы «душа» ұғымы да ықпал етуі мүмкін. Сол секілді «душа» «благо», «благодать» ретінде құдайдың адамға берген қайтарымызсыз игі сыйы мәнінде түсініледі.

Ол хақындағы ұстанымды пікірді Оңтүстік Сібір түркілерінің дәстүрлі дүниетанымдарын зерттеушілері [Алексеев, 1992: 59] М.Ю Арчимаева: *«В настоящее время доказана некорректность применения православного термина «душа» к верованиям тюркоязычных народов, так как круг явлений, описываемых этим термином, велик и*

включает разнородные, а порой противоречивые элементы [Арчимаева 2011:4]-деп қорытады.

Сондықтан да, көне түркілер «жан» семасымен тансық болды ма, әлде болмады ма, ол жағы анық айту мүмкін емес. Өйткені, көне түркі жазуларымен жазылған жазба ескерткіштерде «жан» семасына қатысты деректер кездестірілмейді. Шамасы, «жан» сөзі орыстың «душа» сөзін аудару салдарынан да енуі мүмкін. Десе де, «жан» не парсы, не араб сөзі болсадағы, көне түркі сөзі еместігі анық.

Орда - балық бітіктасындағы: «... Теңіриде qutum: yuyqa bolti:...» (Ordu –balyq II, 1-12.) және Күлтеген жырының үлкен жазбасындағы: «Әкем қаған осылай елдік пен билікті орнатып, ұша барды» жазбалары «құт ұша барды», «құт ұшып кетті» метафоралық мәнде код символдармен көмкеріледі. Яғни, негізінде ертеде «жан» ұша барды, ұшып кетті мәнінде түсінілсе, қазіргі тілдік лексиконымыздағы астарында «құтыңды ұшырма», «құтым ұшып кетті», «құтымды ұшырды» бақытынан айырылу, дәулеттің азаюы, ырыс-несібенің кемуі түсініледі. Әрине қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы лексикасында «құт қонған», «құт қонсын», «құт қонар», «құты ұшты» өзімен бірге дүниетанымның жүйелі концептілі ұстындарын көрсететіндігі белгілі. Дегенмен мұндағы «қону» және «ұшу» лексемаларын назарға алсақ, онда құс тотемдерімен байланысты болған және бұлар өзімен бірге мифоғұрыпты наным - сенімдер әлемін құраған. Қазақ халқының ертедегі мифтік әлемін зерттеуші Қ.Ғабитханұлы «Ертедегі адамдардың дүниетанымында құс –жоғары әлемнің бейнесі, аспан тәңірімен тілдесіп тұратын, көк пен жерді байланыстыратын күш ретінде қаралған» [Ғабитханұлы, 2006: 20] - деп атап өтеді. Ғалымның аспан тәңірісімен тілдесіп тұрады дегеніне қарағанда құс Көк пен Жердің арасындағы жаратылыс әлемінің атсалысушысы болғанға ұқсайды. Онымен байланысты наным сенімдер үлгісіндегі ырымдар көптеген халықтарда кездесетіндігін Джеймс Фрезер де өзінің «Алтын бұтақ» [Дж.Фрезер, 2001:177] атап өтеді.

Зерттеуші М.Қ. Ескеева «құт» мифонимін «құс» сөзімен байланыстыруға болады. Көне түркілер дүниетанымында қайтыс болған адамның жаны құс болып ұшып кетеді деген ұғымның қалыптасуы да осыған саяды [Ескеева 2011, 85] десе, «құт» мифонимі қандай құспен байланысты болуы мүмкін дегенге, Н.Бөгенбаев құс бейнесі ұзақ-қарға болуы бек мүмкін. Себебі ұзақ-қарға түркі халықтарының дүниетанымына өте жақын тотемдік мәнге ие құстардың бірі [Бөгенбаев, 2014: 121] дейді.

Біздіңше, көне түркілік «qut» лексикасынан «berqut» сөзі өріс алған секілді. Мәселен, қазақ тіліндегі «бүркіт» сөзі көне түркілік «berqut» сөзінен өзгешеленсе, орыс тіліндегі нұсқасындағы «беркут» алыстай қоймағанға келеді. Оны орыс зерттеушісі О.Б.Симакова да растайды, яғни, «беркут» сөзі орыс тіліне түркі тілінен енгендігін [Симакова, 2004: 13]. Осындай пікірді ресей фольклортанушы ғалымы П.П. Червенский ұстанады [Червенский, 2010: 11-12].

Біздің пікірімізше «berqut» лексемасы көне түркілердің «ber» және «qut» деген екі ұғымдарының бірлігінен құралған болуы керек. Мұндағы «ber» сөзі –алу, беру, иемдену мағынасында болса, «qut» -жан, рух, өмір қуаты семантикасына сәйкес. «Berqut» сөзі (маған) бер «құт» мағынасында топшалаанады. Давлетшиннің пікірінше, «Тәңір» сөзі көп жағдайда «бер» эпитетімен бірге – Бер Тәңір (Бір Тәңір. Г.Д) болып қолданылады» [Давлетшин, 2002:11]. Олай болса, «беркут» лексикасын «бір құт» мағынасында да қабылдауға болар-ақ, яғни, жанның біреу, жалғыз екендігін, екінші бір жағынан жанның бір-ақ мәрте берілетінін меңзелейді деуге болады. Тағы бір мәселе, «беркут» құсының адам құтының /жанының/ мәңгі емес екендігінің еске түсіруші мәнінде де түсінілуі, ия меңзелуі. Мәселен, Күлтегін бөрігінде бейнеленген құс бейнесі мәні соған саяды.

Сібір түркілерінің діни наным-сенімдерін зерттеушілердің жанның бірнеше қалыптары болғандығын алға тартады. Мәселен, буор құт (жер бетілік құт), салғын құт (ауа құт) және ие құт (ана құт) [Алексеев, 1992:59]. А.В.Анохин телеуттердің көзқарастарында «адам жаны жеті қасиетке ие болып табылады. Олар: құт, дьула, тын, юзют, сюна, сюр және дьалсалкын. Бұлар

өмір сүрудің әртүрлі қалыптары немесе құттың әртүрлі нышандары [Анохин, 1929: 253] дегенді тілге тиек етеді. В.И.Дьяконованың [Дьяконова, 1975:45] көзқарасынша, тувиндік шамандар адам тірі кезінде оны тірі жан етіп тұратын белгілі бір өмірлік күш немесе энергия бар. Ондай күш екеу. Бірі, «тын» - «тыныс алу» болса, екіншісі, «сағыш» - «ақыл», «ой».

Бұл көзқарастардан мынаны ұғынуға болады, яғни, құт, дьула, тын, юзют, сюна, сюр және дьалсалкын Тәңірмен берілетін құпия, сырға толы өмірлік күштің, қуаттың қасиеттілігінің мына өмірдегі көрінісі деуге келінкірейтін сыңайлы және құпия, сыр «құт» көрінісінде ғана адаммен танылады деуге болады.

«Қасиеттілік» ұғымын зерделей түскен қазақ ғалымдары Қ.А.Затов пен С.У.Абжаловтың «Құт» қасиеттіліктің осы дүниедегі көрінісі, М.Элиаде тілімен айтар болсақ, иерофаниясы» [Затов&Абжалов, 2017:140] дегені тірі болуды, бар болуды ұғындыртады.

Теологиялық бағытта еңбектер жазып жүрген АҚШ ғалымы Глория Шааб (Gloria L.Schaab) символдардың күрделі табиғаты, қызметі мен болмысын тануға қатысты терең зерттеулер жасаған. Оның пайымынша, адамның символдарды Құдайлық болмыстың көрінісіне балауы басым. Осыған жағынан келгенде ол символдарды қасиетті деп айтуға болады. Қасиетті символдар – бұл, «...*the sacred symbol is a grace...*» [Gloria L.Schaab, 2008:70] ағылшын тілінен аударғанда «*grace*» ұғымы мағынасы жағынан орыс тіліндегі «*благодать*» дегенге жақынырақ келеді. Ағылшын - орыс тілінің толық сөздігіне сүйенсек, онда «*благодарность*», «*благоволение*», «*милость*», «*милосердие*», «*молитва*» деген ұғымдарымен берілген. Міне, осы ұғым ғалымның пікірінше, тіршілік болмысын босатушы саналады. Құдайлық қуат адамзатқа осы қасиетті символ арқылы жанама немесе тікелей болса да дарытылады дейді. Себебі, «құт» дегеніміздің орталық нүктесі адамның өзі. Одан басқа ештеңе емес. Ал, қалғандары өмірлік күштің, тіршілік қуатының ықпалымен өрістеледі деуге болатын шығар. Ғазиз Телебаевтың сол бір уақытта, бұл, әлем мен адам болмысының мәнді мәселелеріне қатысты болғандығы белгілі дегеніндегі меңзегені осы болар.

«Құт» - ең алдымен «адам деген кім?» деген сауалдың төңірегінде өріс тапқан мәселе. Бұл өзімен бірге көне түркі дәуірінде, оның мифоритуалды дүниетанымында антропоцентристік болғандығын көрсетеді. Өйткені адамнан басқасы құтқа ұмтылмайды. Қазақ «құтты кісі», «құтты келін» деуменен құт дегенді адамның өмір тіршілігінен алыстатпаған. Оны үнемі жақын тұтып отырған. Оны бүгінгі лексиконымыздағы қолданысы дәлел. Бұл айтылғандар «құт» дегеннің субстантивті мәнін сегіз қырлы бір сыры барға балауы табылады. Енді аталған ұғымның экзистенциалдық мәніне келсек, оның мәні оп-оңай анықталады қояды. Ол адамның ең алдымен тірі болуы, бар болуы, аман болуы. Сірә, одан асқан тілек, қуаныш жоқ шығар.

Демек, «құт» «Адам-Әлем» қатынасының құндылықты- дүниетанымдық дінгегі. Өйткені, әрісінде көне түркілерде, берісінде көшпенді қазақ халқында «Әлем» дегенде «Тәңір», ал «Тәңір» дегенде «Әлем» меңзесе керекті. Протоқазақтардың синкретті дүниетанымдары осы тұстан бастау алып, оларды бір-бірінен бөліп жармай, киесіне барша тіршілік әлемі қабылданған деп топшалаймыз.

«Құдайлық – киелілік» қатынасының мәні Тәңірдің жарылқауында. Олай дейтін себебіміз, Тәңірге қатысты «жаратты» дегенді кездестірмейміз. Ал, «жарылқау», «жарылқады», «жарылқағандықтан» лексикалары Күлтегін жазбасының мазмұнында бірнеше рет кездеседі. Мәселен, Күлтегін жырында: «*Теңгі jarılqadun ücün, özim qutın bar ücün qayan olurtım*» «Тәңірі жарылқағаны үшін, өзімнің құтым бар болғаны үшін қаған (болып) отырдым» (КТк.9) делінген.

Мұндағы «*Теңгі jarılqadun*» дегенді Тәңірі қолдады немесе қолдау білдірді деп түсінсек, онда Адам-Әлем «құдайлық киелілік» қатынастан туындаған және ол екі арақатынас ортасын көне түркілер «құт» деп таныған. Күлтегіннің Үлкен жазуында да ең алдыменен жоғарыда Көк Тәңірі, одан кейін төменде қара жер жаралған, осы екеуінің ортасындағы адам –құт жаралғандығы.

Төбесінде Тәңірі, төменінде аяқ басар қара Жері бар зерделі адам баласын «Құт» демеске болмас. «Адам – Құт» нағыз антропоцентристік концепт және біз осы жағынан келгенде көне түркілік дәстүрден алыстаған жоқпыз. Керісінше, «Құт» ұғымын дәстүрлі түсінік етіп, дәстүрлеріміздің діңгегіне айналдырдық. Иесі Тәңір не берсе де, өз құтымен, берекесімен береді. Бір қозы туылса, бір түп жусан артық шығады. Сол секілді нәресте туылса, онымен бірге ырыс - несібесі де бірге келеді деп түсініледі. Бұл да болса, «ие» мен «кие» арақатынасының образды-символдық бейнеленуі және киелі әлемді құрметтеу құт әкеледі білсе керек. Киелі әлемге зұлымдық жасап, құрметтемегенге қарғыс жаудырылып, кесепақа ұшырайды, басынан бақ кетіп, бәлекет кетпейді деп білген. Ондай адамдарды «құтсыз» деп таныған. Құтсыз адамның өмірі мәнді, өміршенді болмайды. Бастаған ісі сәтсіз, жиған дүниесі игіліксіз болады. Басқаша айтқанда, берекесі болмайды деп білген. М.Қашқари тілімен айтқанда, «Құтсыз адам құдыққа түссе, жел алып шығар» адамға айналады.

Профессор Ғ.Телебаевтың «теңігі» көне түркілердің басты онтологиялық ұғымы да, «qut» - негізгі этикалық ұғымы» дегенде де меңзегені осыған саяды [Телебаев 2017, 64 б.].

Сондықтан да адам баласының ең алдымен киелі әлемді қадір тұтуы қажеттігі күн тәртібіне қойылған. Өйткені, әйел бейнесінде тұлғаландырылған «ие» Ұмай ана береді деген [Потапов, 1972: 265-280]. Л.Г.Потапов түркі халықтарының діни түсініктерінде «Ұмай» мен «құт» ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты. Десе де, «Тәңір» мен «Ұмай» сенімдеріне қатысты бір таңқаларлық мәселе, бұл ер мен әйел сенімдерінің шекаралық өрістерінің болуы. Протоқазактар ертеде Тәңір мен Ұмайға құрметпен қарай отыра, ер кісі Ұмайға, әйел кісі Тәңірге табынбаған болуы керек. Өйткені бұл мәселеге қатысты деректерді әдебиеттерден кездестірмейміз.

С.Ақатайдың жазуынша қазақ халқында Ұмай – ана культінің реминисценциясы үйлену дәстүрінен байқалады және ол көп жағдайда ерінің шаңырағына келген тұстағы жас келінге арналған отқа май құю ырымымен байланысты дейді. Ұмай жас келіннің ендігі кезекте ана атанып, шаңырағын көп сәбилі ету меңзелінеді. Бұл өзімен бірге әйелдің тәңірі ері болғандығын білдіреді ырымдардың, салт-дәстүрлердің өзегі.

Десе де, дәстүрлі қоғамда ырым бұзылған, дәстүр жайымен қалған жағдайлар аз болмағанды. Соның бір өнегесі, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасында баяндалады. Поэма мазмұнында адамдардың киелілік әлеміне қол сұғып, жауыздық танытқандығы, киелі аққуды өлтіргені сөз болады.

Бала өмірін құтқаруға бел байлаған ана, атадан мирас болып келе жатқан дәстүрді аттап, ырымға құлақ аспай, тіршілік әлемінің тыныштығын бұзып, бәрінен де бұрын құдайын ұмытқан, ерін тыңдамаған еді. Дегенмен құндылықтарды ұмыту, оны аттап басу ана сенімін ақтамады, бала өмірін сақтап қала алмады. Яғни, құт әкелмеді, келмеді, керісінше құтын кетірді, қашырды деуге болады.

Дәстүрлі дүниетанымда «құт» қашанда киелі де, қасиетті саналады. Киені халқымыз жанды және жансыз заттарда болатын ерекше тылсым күш. Ол адамнан бастап аң-құс, жер-су, ғарыштық денелерге дейін, тіпті адамның кәсібі мен есімдерімен де ұштасатын ерекше қасиет мәнінде тұспалданады. Мәнісін айтқанда, киесі мен қасиеті ғасырлар бойы жойылмастан, жоғалмастан, ескірместен халқымызбен бірге жасасып келеді деуге болады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктеріне үңілсек, онда «киелі» сөзіне келесідей түсініктер беріледі: «ескі, қасиетті» және «қадірлі, абыройлы, ардақты» [ҚТСС, 1971: 45], «Бірдененің пірі, иесі, қасиеті. Киесі атты [ұрды] - қарғысына ұшырады. Киесіне жолықты [ұшырады] - кесепааты тиді» [ҚТТС, 2008: 394], «пірі, қорғаушысы, желеп-жебеушісі», сондай-ақ, «қамқоршы», «қожайын» [Қаз.сөздігі, 2013: 641].

Көріп отырғанымыздай түсіндірме сөздіктерде семантикалардың негізгі басымдығы «қасиетті» мағынасымен бірге, «иесі», «қадірлі, ардақты», «қарғыс», «кесепаат» мағыналарына беріледі. Оларды бір-бірімен қосып оқысақ, иесін ардақтамаған, қадірлемегенге қарғыс пен кесепаат дегнді білдіреді.

«Құт» - өмірлік күш, қуат мәнінде тірі нәрселердің баршасына тән. Соның негізінде көбееді. Жарық дүниеге сәби құты келеді. Ері әке, әйелі ана атанады. Дәстүрлі қоғамда ұрықсыз еркекті белі қуатсыз десе, әйелді бауыры құтсыз деген. Яки, құт қуатының ұрпақты болуын тіршілік мәнділігі санаған. Осы орайда қазақ «құтпан» сөзін біліп айтқанға ұқсайды. Себебі, ол аталықтың қуаты. Көшпенді халықтың тіршілік тірегі болған төрт түліктің көбеюінде де «құтпан» орны жоғары.

Қазақ ғалымы Сәбетқазы Ақатай дүниетанымдық синкретизмнің [Ақатай, 2001: 29] негізінен адамдардың өмірлік бағдарымен байланысты түсінілгендігін айтады. Осы тұрғыда келсек, қазақ халқының өмір сүруінің тірегі мал шарушалығы болғандығы белгілі және «құт» көп жағдайда молшылық мәнінде түсінілсе керекті. «Maldyn qutu» [Малов, 1951: 415] түсінігі соның негізінде қалыптасса керекті. Ол факторды жоққа шығаруға болмайды. Қазақ: «Мал құт болса есепке кіреді, жұт болса азапқа бітеді» дегенде санын меңзегені анық. Дегенмен біздіңше, «жан» семантикасын есепке алсақ, «maldyn qutu» - малға, төрт түлікке «тірі жан» қатынасы түсінілген. Яғни, «малды ауылда құт бар» деуменен «мал бар жерде жан бар» да бірге меңзелінген. Бір-бірінен «мал-жанын аман ба?!» -деп, жан аманшылығы сұралған. Өйткені, жаны бардың иесі бар деп түсінген.

Түйіндей келгенде, әлімсақтан халқымыз «құт» - жәй айтыла салынатын ауызекі жеңіл сөз емес, ол қорғасындай салмағы бар текті сөз, жақсы сөз деп, жақсы сөзді жарым ырысқа балап келетіндігі белгілі. Бүгіндегі «Құтты болсын!», «Құт дарысын!», «Құттықтаймыз!» ізгі тілектерінің айтылуында да осы текті сөздің, жақсы сөздің өнегесі үнделеді.

Ертеден - ақ, ұғым мазмұнын жақсылыққа жорыған халқымыз, «құт» бар жерде не нәрсе болсадағы жанданады, өседі, өнеді. Кемтігі толып, жоғалғаны түгелденеді деп есептейді және солай болатынына ләйім да сенеді.

Қысқасын айтқанда, «құт» - дәстүрлі дүниетанымның жоғарғы шыңы және адам мен әлем қатынасына қатысты дүниетанымның негізін, бағытын, құндылықтар жүйесін танытады. Әлемнің, адамның, жалпы тіршіліктің жаратылысы хақындағы дүнигекөзқарастың өзегіне айналған сакралды ұғым.

Әдебиет:

1. Телебаев Г. О древнетюркской категории «Qut» // Мысль. - 2017. - №8. - 64-68 с.
2. Нұрмұратов С. Қазақ халқының рухани құндылықтары: тарих және қазіргі заман // Адам әлемі. -2016. -№3 (69). - 87-94 бб.
3. Уәлиханов Ш. Тәңірі: Таңдамалы. – RS; Халықаралық Абай клубы, - 2013. - 392 б.
4. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. –Астана: «Фолиант», 2009. 57-том.
5. Нысанбаев Ә. Қазақстан халқының рухани-құндылықтық әлемі // З.К.Шәукенова және С.Е.Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2015. - 178 б.
6. Древнетюркский словарь // В.М. Надеяев. Изд. «Наука». - Ленинград. - 674 с.
7. З.Н.Экба «Понятие «kut» в пратюркской языковой картине мира» //Актуальные проблемы общего и регионального языкознания: Материалы Всероссийской научной конференции посвященной юбилею Т.М.Гарипова. Т.П.-Уфа, 2008. С.237-243. Издательство БГПУ - 354 с
8. У.К.Исабекова. Концепт «Qut» в историческом ракурсе // Язык и культура. -2008. №37. 48-59 сс.
9. Кенжетай Д. Ежелгі көшпелілер дүниетаным: 20 томдық; Құраст.: Т.Ғабитов, Д.Кенжетай; ауд.: Ә.Әлімжанов [ж.б.]; сарапшы: Д.Раев. Астана, 2005. – Қазақ халқының философиялық мұрасы. 1-том. -496 б
10. Tezcan M. Eski İranlılarda Xvarena Anlayışı ve Bunun Türklerdeki Kut ile Münasebeti. Yıl 2007, Cilt 22, Sayı 2,167-193. <https://dergipark.org.tr/tr/pub/egetid/issue/5055/68918>
11. Садри Максуди Арсал. Тюркская история и право. Перевод с турецкого языка Рафаэля Мухамметдинова. – Казань: Изд-во «Фэн», 2002. -412 с.
12. Ғабитханұлы Қ. 2006. Қазақ мифологиясының тілдік көрінісі. –Алматы: «Арыс», -168 б.
13. Байтенова Н.Ж., Дүйсенбаева А.К. Қазақстандағы исламға дейінгі наным-сенімдердің ұлт дүниетанымындағы көріністері // ҚазҰУ хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. -2013. -№3 (44). -43-50 бб.
14. Алексеев Н.А. Традиционные религиозные верования тюркоязычных народов Сибири. – Новосибирск: Наука. Сиб.отд-ние, 1992. -242 с
15. Арчимаева М.Ю. Концепты «жизнь», «смерть», «душа» в традиционном, мировоззрении хакасов. Грамота, 2011. №3 (9) в 3-ч. Ч.3. с.13-17.

16. Фрэйзер Дж. Золтая ветвь: Исследование магии и религии: В 2 т.Т.1/ Пер. с англ. М.Рыклина. – М.: Терра-Книжный клуб, 2001. -528 с.
17. Ескеева М.К. Көне түркі жазба мұраларының лингвофилософиялық негізі. Монография. – Астана, «Сарыарқа» баспасы, 2011. -320 б.
18. Бөгенбаев Н. Түрк дәуіріндегі Алтай өңірі: саяси тарихы және әлеуметтік – мәдени құндылықтары // 6D020100- Түркітану. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалынған диссертация. - Астана,- 2014.
В современных условиях невозможно избежать и отказаться от внешнего воздействия, не изолировав себя, народ, государство в полной мере, что практически неосуществимо и крайне вредно для тех, кто решил отделиться от остального мира. С другой стороны, внешнее влияние далеко не исчерпывается информационным воздействием. В основе взаимодействия между народами лежит материально-экономическая необходимость, интересы и целесообразность. Люди, народы не могут выйти из системы международных отношений, взаимодействия, не нанося при этом себе существенный материальный ущерб, который сопровождается и значительными духовными издержками.

Хорошо известна мысль известного немецкого поэта, философа, драматурга и теоретика искусства Ф. Шиллера: «Чтобы воспитать человека думающим и чувствующим, его следует, прежде всего, воспитать эстетически» [1]. Действительно, сложно представить себе человека «думающего и чувствующего», но при этом не имеющего ясного представления о прекрасном и его противоположности – безобразном. С другой стороны, следует иметь в виду, что даже если у конкретного человека есть достаточно ясное и развитое представление о прекрасном и уродливом, это не делает его автоматически нравственным и прекрасным, однако это увеличивает вероятность того, что есть или может стать таким [1].

Человек существует в окружающем его мире. Родившись, он по мере своего взросления учится жить, тем или иным встраивается в окружающий его мир. Он должен научиться пользоваться знаниями, накопленными в ходе истории, должен беречь культурные ценности. Эстетическое воспитание в формировании личности играет важную роль. Эстетика предполагает умение отличать прекрасное от уродливого, не только в искусстве, но и в жизни.

В настоящее время в гуманитарных науках существует множество определений понятия «эстетика», и число их постоянно и неуклонно множится. Из всех имеющих определений мы приведем только два. В дальнейшем мы воспользуемся этими определениями в качестве рабочих.

Итак, в соответствии с первым из определений эстетика представляет собой «философское учение о сущности и формах прекрасного в художественном творчестве, в природе и в жизни, об искусстве как особой форме общественного сознания» [2].

Согласно данному определению прекрасное (как и то, что является противоположностью прекрасному) распространяется практически на все явления и предметы

реальности, включая художественное творчество, природу, социальную и личную жизнь, любой вид искусства и др. И все это вместе, пройдя через сознание людей, воспринимается людьми как прекрасное, превосходное, великолепное, привлекательное или, напротив, безобразное, уродливое, некрасивое, непривлекательное. Поскольку каждый человек независимо от его возраста, пола, этнической принадлежности и т.д. так или иначе оценивает окружающую реальность с точки зрения ее привлекательности или, наоборот, непривлекательности эстетика неизбежно становится учением или простой совокупностью взглядов и оценок о том, что прекрасно или не прекрасно, непривлекательно, уродливо и таким образом становится особой формой общественного сознания.

Согласно второму определению «эстетика (от древнегреческого αἰσθητικός – чувствующий, чувственный) – философская наука, изучающая два взаимосвязанных круга явлений: сферу эстетического как специфическое проявление ценностного отношения человека к миру и сферу художественной деятельности людей» [3, с. 773]. В соответствии с данным определением у эстетики есть две основные грани, раздела: эстетика как отношение человека к реальности и эстетика как специфическая форма деятельность человека. Следует отметить, соотношение этих разделов менялось на протяжении всей истории и понималось неодинаково – от попыток сведения эстетики к «философии прекрасного» до ее трактовки как «философии искусства». Неоднократно предлагалось расчлнить эстетику на несколько самостоятельных научных дисциплин – на теорию эстетических ценностей, теорию эстетического восприятия, общую теорию искусства. Однако опыт показал, что эстетические ценности реального мира и художественное его освоение связаны столь тесно, что разорвать их изучение практически невозможно. Это нередко порождало другую крайность, когда отождествлялись художественная деятельность и эстетическая активность человека, т.е. творческая деятельность с эстетическим восприятием. Оба основных раздела эстетики, будучи органически взаимосвязаны, обладают относительной самостоятельностью.

Процесс становления и развития эстетической мысли направлялся рядом факторов: идеологическими и социально-психологическими позициями различных классов и общественных групп, которые эстетика выражает и теоретически обосновывает; особенностями изменяющегося предмета изучения – эстетической культуры и художественной практики; характером философских учений, из которых вырастали или на которые опирались эстетической теории; позициями смежных наук (искусствоведения и литературоведения, психологии, социологии и др.).

История эстетики в собственном смысле началась с формированием научно-теоретической мысли. На первом этапе своего развития, который продлился в Европе до середины XVIII века, эстетика не была еще самостоятельной научной дисциплиной и не имела даже собственного названия. Понятие «эстетика» ввел в научный обиход в середине XVIII века немецкий философ-просветитель Александр Г. Баумгартен, который выделил эстетику как самостоятельную философскую дисциплину.

Искусство и прекрасное издавна были предметом изучения. На протяжении более двух тысячелетий эстетика развивалась в рамках философии, теологии, художественной практики и художественной критики. В процессе развития усложнялся и обогащался предмет эстетики. В античный период эстетика затрагивала общефилософские вопросы природы, красоты и искусства. В эпоху Возрождения эстетическая мысль развивалась в основном в сфере художественной практики, и ее предметом становится художественное творчество и его связь с природой. В начале Нового времени эстетика стремилась формировать нормы искусства. Политика оказала огромное влияние на эстетику Просвещения, акцентировав внимание на общественном назначении художественного творчества, его нравственной и познавательной значимости. Классик немецкой философии И. Кант традиционно рассматривал предмет эстетики как прекрасное в искусстве. Но эстетика, по Канту, изучает не предметы прекрасного, а только суждения о прекрасном, т.е. является критикой эстетической способности суждения. Г. Гегель определял предмет эстетики как философию искусства или философию

художественной деятельности и считал, что эстетика занимается определением места искусства в системе мирового духа. Марксисты определяли эстетику как науку о природе и закономерностях эстетического освоения действительности и художественной культуры общества. Из всего сказанного можно сделать вывод, что предмет эстетики подвижен и изменчив, и в исторической перспективе эта проблема остается открытой. Собственно, наличие множества определений эстетики отражает постоянное изменение как предмета эстетики, так и понимание самой эстетики, подвижность изменений представлений в эстетике, как и изменений представлений о прекрасном и безобразном.

В связи с изменчивостью, подвижностью представлений о прекрасном и безобразном, как и предмете эстетики, возникает правомерный вопрос: имеет ли смысл эстетическое воспитание? По нашему мнению, безусловно, имеет. А подвижность эстетического воспитания (в том смысле, что оно должно приспосабливаться под меняющуюся реальность), обеспечивает ее эффективность.

Не существовало и не существует людей, не имеющих своего представления и взглядов о том, что есть прекрасное, а что уродливое, и очевидно, что если с младенчества человек, не говоря уже целом поколении, будет предоставлен самому себе и на его представление и взгляды о прекрасном общество не будет целенаправленно оказывать никакого влияние, то само общество со временем рискует прекратить быть обществом, т.е. общностью людей, объединенных схожим образом жизни, близостью представлений, взглядов, языком, верой и т.д. – всего того, что заставляет людей объединиться в единое целое и выживать, строить свою жизнь совместно.

С учетом вышесказанного эстетическое воспитание можно определить как целенаправленный процесс формирования у человека эстетического отношения к действительности. Это отношение с возникновением человеческого общества развивалось вместе с ним, воплощаясь в сфере материальной и духовной деятельности людей. Оно связано с восприятием и пониманием ими прекрасного в действительности, наслаждением им, эстетическим творчеством человека. Идеи эстетического воспитания зародились в глубокой древности. Представления о сущности эстетического воспитания, его задачах, цели изменялись, начиная со времен Платона и Аристотеля вплоть до наших дней. Эти изменения во взглядах были обусловлены развитием эстетики как науки и пониманием сущности ее предмета. В наше время проблема эстетического воспитания, развития личности, формирования ее эстетической культуры продолжает оставаться одной из важнейших задач, стоящих перед школой и учреждениями культуры.

Прекрасное в жизни – средство и результат эстетического воспитания. Оно концентрируется в искусстве, неразрывно связано с природой, общественной и трудовой деятельностью, бытом людей, их взаимоотношениями. Система эстетического воспитания в целом использует все эстетические явления действительности.

Эстетическое воспитание является одной из основ формирования духовной культуры личности. Эстетическое воспитание осуществляется в семье, в учреждениях культуры, детских общеобразовательных учебных заведениях, целенаправленно и стихийно, профессионально и средствами народной педагогики. Эстетическое пронизывает все сферы деятельности человека. Оно присуще только человеку. Однако это социальный процесс, а не природный. Эстетически человека необходимо воспитывать.

Эстетическое воспитание на практике сложное и многогранное, комплексное явление. Оно представляет собой воспитание способности полноценно воспринимать и правильно понимать прекрасное в природе, в труде, в общественной жизни, в явлениях искусства, воспитание эстетических чувств, суждений и оценок, воспитание стремления и способности вносить элементы красоты в жизнь, в искусство и в свое поведение. Оно так же является процессом и результатом идейно эстетически направленного обучения, самообразования, воздействия средств массовой коммуникации, в ходе которых усваивается система эстетических знаний, приобретаются специальные эстетически значимые творческие умения,

формируется мировоззрение. И, наконец, эстетическое воспитание – это целенаправленное формирование эстетического отношения человека к искусству и действительности, которое проявляется в развитии человеческих сущностных сил, овладении богатствами эстетической культуры. Эстетическая культура включает в себя эстетические знания, способности, потребности, уровень эстетического воспитания и развития. Способности и умению осуществлять эстетическую оценку явлений действительности и искусства необходимо учиться, как и способности к эстетическому восприятию, способности эстетического суждения, необходимо развивать эстетический вкус. Эстетическая культура характеризуется широтой и глубиной эстетической потребности, возникающей на основе совершенствующихся способностей эстетического восприятия, чувств, вкуса. Она подразумевает развитость образного мышления как творческого процесса, проявляющегося в способности к творческому поиску, в стремлении выйти за рамки уже известного, привычного. Эстетическая культура включает в себя не только человеческую способность фиксировать важную для него созидательную деятельность, но и усвоение, и потребление эстетических ценностей.

Эстетические знания предполагают не только знакомство с основными эстетическими и художественными закономерностями, но и понимание их. Эстетические знания являются базой для эстетического развития личности, они являются основной составной такого явления, как эстетическое сознание. Последнее представляет собой часть общественного сознания, но характерной особенностью эстетического сознания представляется его эмоциональность. По определению Г.З. Апресяна, эстетическое сознание «... та форма или та часть общественного сознания, которая отражает все богатство эстетического отношения человека к миру, выражает его адекватное действенное отношение к гармонии, совершенству, к идеалу прекрасного» [4, с. 30].

Однако эстетическое сознание по своей природе является оценочным, поэтому эстетические знания – необходимый, но не единственный элемент эстетической культуры. Процесс предполагает не только усвоение определенных знаний, формирование устойчивых оценочных представлений, развитие эстетически чувственной восприимчивости, но и закрепление их в поведении, в развитии творческих способностей, в связи с трудовой и игровой деятельностью человека. Определенную роль в структуре эстетической культуры личности играют интеллектуальные элементы. Эстетическая культура способствует расширению объекта эстетического познания, сферы применения эстетических критериев и оценок. Таким образом, от развитости эстетического сознания в целом, от особенностей воображения, интуиции предвосхищения, от чувства гармоничности и дисгармоничности в большой степени зависит процесс формирования личности.

Эстетическое сознание включает в себя чувства, вкусы, оценки, идеалы, суждения и др. Объектом эстетического сознания является природная и социальная действительность, которая освоена культурным опытом индивида. Эту действительность индивид переводит в эстетический план, оценивая с точки зрения полноты ее жизненных проявлений и личностного понимания. Только через сознание эстетические ценности приобретают значимость для индивида. Оно представляет собой сложное системное образование, которое управляет эстетическими проявлениями и культурой личности в ее деятельности, поведении; его ведущие компоненты – эстетические потребности, чувства, вкусы, оценки, идеалы и взгляды, интегрирующие в чувственно-эмоциональном оценочном отношении к искусству и действительности.

Эстетическое сознание – это целостное, эмоционально насыщенное отражение действительности, в котором находит свое выражение эстетическое отношение человека к действительности, его представления о прекрасном и безобразном, возвышенном и низменном, трагическом и комическом и т.д. Сложный, неоднозначный, противоречивый характер мира отражается в эстетическом сознании в специфических формах – эстетических восприятиях, переживаниях, чувствах, суждениях, идеалах. Отмеченная парность категорий

эстетического сознания (прекрасное и безобразное, трагическое и комическое и т. д.) обусловлена, в конечном счете, противоречивым характером самой человеческой деятельности, отношением людей к объективному миру и к самим себе.

По мнению В.И. Логиновой и П.Г. Саморуковой, начальным этапом эстетического освоения действительности является художественно-эстетическое восприятие, представляющее собой «процесс отражения эстетической сущности предметов и явлений окружающей действительности» [5, с. 272].

Эстетическое восприятие играет важную роль в структуре эстетического сознания. От того, насколько развита способность человека к эстетическому восприятию, зависит сила эстетического воздействия на него действительности и искусства.

Эстетическое восприятие характеризуется целостностью и непосредственностью. Непосредственность проявляется в том, что субъект сам находит предмет своего восприятия, открывает для себя его эстетическую ценность и получает наслаждение не только от предмета восприятия, но и от самого процесса. В процессе эстетического восприятия объекта действительности или произведения искусства создается целостное представление о нем, как о едином организме, в котором все элементы связаны между собой, а средства выразительности подчинены содержанию.

Эстетическое восприятие может достигать различной степени глубины, от поверхностного, чисто внешнего схватывания очертаний и бросающихся в глаза качеств произведения до постижения сущности и смысла его, раскрывающегося во всей своей глубине.

Эстетическое восприятие может достигнуть различной степени сложности и полноты. Многое тут зависит от воспринимающего человека — от его подготовленности к такому восприятию, от характера, его эстетического опыта, от круга его интересов и т.д. Но, прежде всего это зависит от самого произведения, от значительности или незначительности его художественного содержания, круга идей и чувств, которые оно вызывает.

Процесс эстетического восприятия отличается сложностью, он протекает в глубине сознания, не имеет внешне выраженных признаков, трудно фиксируется при наблюдении.

Эстетическое воспитание способствует формированию эстетических чувств, эстетического сознания и развитию творческих способностей личности. Эстетические чувства формируются на основе восприятия, эмоций; эстетическое сознание включает эстетическое знание (теорию), эстетические взгляды. Эстетические способности реализуются в деятельности.

Наиболее продуктивно эстетическое воспитание осуществляется в раннем возрасте, это период активного формирования эмоционально-образного мышления, чувственного познания окружающего мира. Эти возрастные особенности способствуют плодотворному эстетическому воспитанию средствами искусства, природы.

Следует отметить, что важным компонентом эстетического сознания являются эстетические чувства. Эстетическое чувство — это «устойчивая (повторяющаяся) эмоциональная реакция на явления как эстетические объекты; это способность людей получать эстетические впечатления и переживать их; это и сами переживания (наслаждение красотой, волнение при восприятии возвышенного, эмоции, вызванные трагическим и комическим в жизни и искусстве)» [6, с. 170]. Эстетические чувства — сложные психические образования, они отличаются многообразием проявления. В эстетических чувствах отражен весь духовный мир человека, его индивидуальность. Эстетическому чувству присущ предметно-ситуационный характер. Оно всегда направлено на предмет и эстетически воспроизводит его в воображении как образ желаемой действительности. Л.С. Выготский описывает закон двойного выражения эстетического чувства, когда чувство перетекает в план воображения, а воображение индуцирует его [7, с. 126].

Литература:

1. Шиллер, Ф. Письма об эстетическом воспитании человека [Текст] / Ф. Шиллер // Шиллер Ф. Собр. Соч.: в 7 т. – М.: Художественная литература, 1955–1957. – Т. 6. – С. 251–358.
2. Эстетика [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://ru.wikipedia.org/wiki/Эстетика>
3. Философский энциклопедический словарь / Редкол.: С.С. Аверинцев, Э.А. Араб-Оглы, Л.Ф. Ильичев и др. – 2-е изд. – М.: Советская энциклопедия 1989. – 815 с.
4. Апресян, Г.З. Эстетическое сознание. Объективные и субъективные факторы его формирования [Текст] / Г.З. Апресян // Эстетическое сознание и процесс его формирования. – М.: Искусство, 1981. – С. 30–39.
5. Дошкольная педагогика [Текст] / Под ред. В.И. Логиновой, П.Г. Саморуковой. – М.: Просвещение, 1983. – 280 с.
6. Герман, Ш.М., Сктерщиков, В.К. Беседы об эстетике [Текст] / Ш.М. Герман, В.К. Сктерщиков. – М.: Знание, 1982. – 224 с.
7. Выготский, Л.С. Психология искусства [Текст] / Л.С. Выготский. – М.: Искусство, 1968. – 576 с.

**ДЕЛИБЕРАТИВТИ ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ДАМУЫ: ТЕОРИЯ МЕН ТӘЖІРИБЕ
THE DEVELOPMENT OF DELIBERATIVE DEMOCRACY: THEORY AND PRACTICE**

Ешмұратов Арман Қанатұлы*
Хамитова Акбота Камојовна*

Annotation. The article deals with the theoretical and practical aspects of deliberative democracy. The authors tend to believe that the institutional model operating in developed countries is successful. Accordingly, successful practices require further study and practical implementation in modernizing societies. The authors make an attempt to consider the concept of the "Listening State" in the context of the development of deliberative democracy.

Keywords: deliberative democracy, "hearing state", political reforms, civil activity, public councils.

2019 жылы басталған Қазақстандағы саяси реформалардың бағыт-бағдары 2022 жылғы қаңтар оқиғасынан кейін айқынырақ формаларды ала бастады. Алайда, аталған өзгерістердің тұжырымдамалық мәселесі институционалдандырылған құрылымдардың әлсіздігінде болып отыр, бұл реформалардың тұрақты түрде әрі толыққанды іске асуына мүмкіндік бермесі анық. Жаңғыру жолына енді ғана түскен елдер үшін қайта құрулардың қажетті шарты – сәтті жүзеге асырылған жаңғыртулардың тәжірибесін қабылдау, сондай-ақ жергілікті ахуалды ескеретін оңтайлы тетіктерді әзірлеу болып табылатынын атап көрсеткен жөн. Жаңғырту саясатын сәтті жүзеге асыру үшін бұл үдеріске халықты барынша тарту қажет екені анық.

Модернизация үдерісі дамушы мемлекеттердің тәжірибесіне батыс еуропалық институттарын енізумен тығыз байланысты болатындығы айқын. Мұндай тәжірибені пайдалану бізге әлеуметтік-саяси және экономикалық дамудың жоғары стандарттарын көрсетіп отырған Батыс қоғамдарының жетістіктерімен байланысты. Бұл жетістіктер тұрақтылықтың негізі болып табылады, өйткені олар көп жағдайда қоғамның басым көпшілігінің мүдделерін көрсетеді.

Батыс елдерінде азаматтық бастамаларды жүзеге асыру үшін жасалған демократиялық мүмкіндіктер бүкіл адамзаттың еркін ойының алға жылжуына ықпал етті. Қазіргі кезеңде азаматтардың белсенділігінсіз мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда табысқа жету мүмкін емес екені баршаға белгілі болды. Демек, жаңғыру жолындағы елдер үшін реформаларды жеке тұлғаға бағыттау және оның әлемге көзқарасын өзгерту басты міндет болмақ.

Сәтті іске асырылған шетелдік тәжірибелерді қабылдау Батыс елдеріндегі әлеуметтік-саяси қатынастардың қазіргі үлгісі тұрақтылықтың жоғары деңгейін көрсетіп отыр, ал бұған шешімдер қабылдау процесіне азаматтық қоғамның атсалысуы арқылы қол жеткізіледі.

* Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті кітапханасының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

* Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті кітапханасының жетекші ғылыми қызметкері.

Қазіргі кезеңдегі Батыс елдеріндегі саяси институттарды дамыту тәжірибесі делиберативті демократия (ағылшын тілінен аударғанда «талқылау» дегенді білдіреді) деген атауға ие болған консультативтік формаларды белсенді түрде ілгерілетуге бағытталған. Көп жағдайда қазіргі кезеңде демократияның консультативтік нысандарының кеңінен таралуы сайлаудағы азаматтардың сайлау белсенділігінің төмендеуіне байланысты болды, бұл өкілді органдардың легитимділігін төмендетуге әкеп соқтырды.

Батыс демократиясы қоғам мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың оңтайлы үлгісін табуға қабілетті екендігін дәлелдеді. Делиберативтілік қағидаттарын ілгерілетудің арқасында билік органдары жанынан азаматтық сектормен диалог орнатуға арналған мемлекеттік институттар құрылды. Делиберативтік демократияның негізгі қағидасы: «Ұсынылатын шешім әсер етуі мүмкін деген адамдардың барлығының талқылауға қатысу мүмкіндігі тең болуы керек» деген қағидаға негізделген [Бусова, 2002: 51].

Кеңесуші демократия институттарының іс жүзінде дамуы демократия теориясы контекстінде жаңа концептуалды көзқарасты қалыптастыруға мүмкіндік берді. С.Чемберстің пікірінше, «әңгімелесуге бағытталған демократиялық теория дауыс беруге бағытталған демократиялық теорияны алмастырады. Дауыс беруге бағытталған көзқарастар демократияны артықшылықтар мен мүдделер бәсекелесетін алаң ретінде қарастырады» [Chambers, 2003: 308].

Қазіргі уақытта ілгерілеу, демократиялық даму, нақты экономикалық өсім азаматтардың қоғамдық өмірдің барлық салаларына белсенді қатысуының арқасында мүмкін болатыны анық. Осының барлығына биліктің атқарушы және өкілді органдары жанынан құрылған қоғамдық институттар арқылы кеңесу принциптерін ілгерілету арқылы қол жеткізіледі.

Демократияны одан әрі дамытудағы маңызды қадам – Парламент заң қабылдаған уақытта делиберативтілікті қамтамасыз ету болып табылады. Шешімдерді делиберативті қабылдауды қамтамасыз ететін азаматтық үн қатысу түрлерінің бірі – қандай да бір мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлейтін мемлекеттік органдардың жанындағы қоғамдық кеңестер.

Әлемдік тәжірибеде консультативтік қоғамдық кеңестердің ең тиімді және көбінесе бәсекелес екі түрін бөліп көрсетуге болады:

- 1) мемлекет немесе жергілікті қоғамдастықтар құратын қоғамдық кеңестер;
- 2) үкіметтік емес ұйымдар құратын әуесқой қоғамдық кеңестер, олардың ішінде неғұрлым маңыздылары азаматтық алқабилер деп аталатындар болып табылады.

Көбінесе іс жүзінде құрылған қоғамдық кеңестер мемлекеттік басқару органдарындағы немесе өзін-өзі басқару ұйымдарындағы қоғамдық басқару органдары болып табылады. Кеңестер нақты лауазымды тұлғалардың жанында да болуы мүмкін.

Талқылау мен шешім қабылдау процесіне азаматтық қоғам институттарын қосу – қалыптасқан демократиялық үрдіс. Қоғамдық кеңестердің жаппай пайда болуы ХХ ғасырдың отызыншы жылдарына қарай бұқараның саяси белсенділігінің артуы байқалған кезден басталады. Сол кезеңнің социологтары мен методологтары мұны «бұқара дәуірі», азаматтардың «қоғамда шексіз билік» деп айтуға болатындай жағдайға келу дәуірі деп бағалады [Ортега-и-Гассет, 1991: 40].

Әлемдік саяси белсенділіктің өсуіне Ресейдегі 1917 жылғы социалистік революция үлкен әсер етті. «Жаппай көтеріліс» феномені Батыс елдеріндегі саяси институттардың өзгеруіне әкелгені сөзсіз. Өртүрлі шешімдерді заңдастыру мақсатында қоғамның атсалысуын қамтамасыз ету үшін саяси ортаның қолданған шаралары Батыс елдеріне революциялық сілкіністерді болдырмауға мүмкіндік берді. Оның үстіне шешімдер қабылдау процесіне қоғамдық күштерді қосу оларды жүзеге асырудың тиімділігін арттырды.

Батыс Еуропа елдеріндегі ең көне консультативтік органдардың бірі –Франциядағы конституциялық тұрғыдан негізделген Экономикалық, Әлеуметтік және Экологиялық кеңес. 2021 жылдан бастап бұл консультативтік кеңес 175 мүшеден тұрады. Қолданыстағы құқықтық

нормалар бес жылға сайланатын француз кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін нақты бекітеді. Кеңес үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері мен Үкіметті жақтаушылардан құрылады.

«Роберт Дальдың (Robert Dahl) еңбектерінде мұндай консультативтік-кеңесші қоғамдық кеңестер «минипопулуc» деп аталды, бұл халықтың белгілі бір заңды суррогаты – «шағын-халық» дегенді білдіреді, оны бейтарап және объективті кеңесші, манивестант және азаматтардың ерік-жігерін, пікірін, көңіл-күйін жеткізуші деп қабылдауға болады. Қоғамда шиеленіс туындаған кезде, азаматтармен шұғыл түрде байланысу қажеттілігін сезінген билік қоғамдық мүдделерді үйлестіру үшін «шағын халықтан» кеңес сұрай алады» [Руденко, 2009: 163].

Шет елдерде жұмыс істеп жатқан мемлекеттік мекемелер іс жүзінде тәуелсіз субъектілер болып табылады және олардың қызметі негізінен консультативтік сипатта болады. Дұрысында, қоғамдық институттар өз өкілдіктері арқылы қоғамның микромоделін қайта құруға бағытталған, бірақ мұндай институттардың мүшелерін анықтаудың бірыңғай әдісі жоқ және әр ел өз жолдарын әзірлейді. Көбінесе мемлекеттік мекемелердің қорытындылары кеңестік сипатта болады. Биліктің өкілді органдарының қызметіне қатысты мемлекеттік институттар заңнамаға қоғамдық сараптама жүргізуге және талқылау принципін қамтамасыз ете отырып, осы органды айтарлықтай толықтыруға құқылы.

Қоғамдық кеңестердің атқарушы билікке үлкен ықпалы азаматтарды басқаруға тартуды талап ететін заманауи даму міндеттеріне байланысты. Бұл кезеңнің тағы бір қажетті талабы – биліктің іс-әрекетіне деген сенімсіздікті жеңудің тетігі ретіндегі транспаренттілік болып табылады.

Қазақстан модернизацияны басынан кешуші ел ретінде консультативтік демократия тетіктерін белсенді түрде алға жылжыта бастады. Қазақстанда бүгінгі таңда болып жатқан оқиғалар қоғам биліктен басқару мен бөлу жүйесінде толық ашықтықты қамтамасыз етуді талап ететінін көрсетеді. Ұзақ жылдар бойы қалыптасқан басқару жүйесі сәтсіздікке ұшырап, қоғамдағы өзгерген қатынастарға бейімделе алмай, жаңа сынақтарға дайын емес болып шықты. Ал, қоғамның талаптары тек күшейе түседі.

Бұл процесс объективті және қазір оны тоқтату енді мүмкін емес. Азаматтардың шешім қабылдау процесіне қатысу құқығын тануға билік тарапынан қарсылық өлімге әкелетін зардаптарға әкелуі мүмкін. Осыған байланысты мемлекеттік органдардың шешімдерін қабылдауға халықтың азаматтық қатысу нысандарын белсенді дамыту маңызды. Қазіргі уақытта демократияның дамуын айтарлықтай ілгерілететін және әлеуметтік шиеленіс деңгейін төмендететін мемлекеттік институттар жанындағы консультативтік-кеңесші органдарды дамыту оңтайлы болып табылады.

Еліміздің Президенті Қ. Қ. Тоқаев 2019 жылы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа Жолдауында «Еститін мемлекет» тұжырымдамасы» деген жаңа ұғымды жариялаған болатын [Тоқаев, 2019]. Президенттің сөйлеген сөзінің контекстінен мемлекеттік басқару аппараты алдында тұжырымдаманы шындыққа айналдыру бойынша нақты тапсырма берілгені байқалады. Түсініксіздікке жол бермеу үшін Президент «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының негізгі идеясын түсіндірді, ол азаматтардың барлық өтініштеріне жедел және ең бастысы тиімді жауап беру болып табылады.

Алайда, кейінгі күнделікті тәжірибе әкімшілік аппараттың естуге, тыңдауға, ең бастысы адекватты әрекет етуге ниеті жоқ екенін көрсетті. Бұл аймақтарда туындаған көптеген, тіпті болмашы мәселелерді шешу үшін Президенттің жеке араласуына әкелді. 2022 жылғы қаңтардағы оқиғалар басқарудың деградациясының айқын көрінісі болды. Сонымен бірге, мемлекеттік басқару органдарының жұмысын тұжырымдамада айтылған қағидаттар бойынша ұйымдастыру әлеуетінің жоқтығы көбінесе лауазымды тұлғалардың қалыптасқан патрон-клиент парадигмасына негізделген объективті себептерге байланысты болғанын айту керек. Клиентелизм қазіргі шенеуніктердің белгілі бір бөлігін мансап сатысына көтерілуге мүмкіндік берді. Клиентелизм идеалдарының үстемдік құруы жағдайында кәсіби қасиеттер,

әрине, екінші орынға ысырылды, қожайынға адалдық басты критерийге айналды. 2022 жылдың қаңтарында көптеген шенеуніктердің әрекетсіздігі дәл осы адалдықтың көрінісінен болғаны анық.

Соған қарамастан, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру аясындағы мемлекеттік аппараттың жұмысы – уақыт талабы. Ел азаматтарының саяси санасы мен мәдениетіндегі, әсіресе соңғы кездері болып жатқан өзгерістер ерте ме, кеш пе, бұрыннан бар институттардың елеулі қайта құрылатындығын шындыққа айналды. Институционалдандыру халықтың парадигмасын айтарлықтай әртараптандырып, жаңа көзқарасты қалыптастыратыны сөзсіз. Сонымен қатар, 2022 жылдың қаңтарынан кейін саяси хикаяттар өзгерістерді айтарлықтай күшейтті және қорытынды жасауға әлі ерте болса да, бұл көптеген жоғары лауазымды шенеуніктердің шындықты қабылдауында метаморфозаларға әкелді.

Президент Қ. Қ. Тоқаевтың жариялаған саясатын бүкіл мемлекеттік басқару аппаратының дәйекті түрде жүзеге асыруы шындықты қабылдаудың өзгеруінің көрсеткішіне айналатыны анық. Дегенмен, бұл халықтың қысымының арқасында ғана мүмкін болатыны заңдылық.

Осыған байланысты «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» концептуалды негіздерін көрсету, оның іргелі принциптерін түсіну мәселесі ерекше өзекті болып табылады. Айта кету керек, Мемлекет басшысы 2019 жылғы Жолдауында азаматтардың барлық өтініштеріне жедел әрі тиімді жауап беруден тұратын «Еститін мемлекеттің» тұжырымдамалық қағидаттарын түсіндірді [Модернизация, 2020]. Алайда жарияланған «Еститін мемлекет» тұжырымдамасының өзі толыққанды теориялық және әдістемелік толықтыруды таба алмады. Президенттің «еститін мемлекетіне» қатысты практикалық көзқарасын түсінуге тырысатын болсақ, оның саяси әрекеттеріне ерекше назар аудару керек.

Қазіргі Мемлекет басшысының алғашқы күндерден бастап жүргізіліп жатқан саясат тұрғысында шешім қабылдау үдерісіне азаматтарды қосу маңызды бағыт екені белгілі болды. 2019 жылдың жазында Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің құрылуы – соның жарқын дәлелі. Қазір бұл консультативтік ұйым Ұлттық Құрылтай болып қайта құрылды.

Шын мәнінде, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» ұғымдары Президент Қ.Қ.Тоқаевтың 2019 жылғы жолдауларында берген бастапқы түсініктемелерінен асып түседі және концептуалды аспектілері бойынша делиберативті демократия институттарына жақын. «Еститін мемлекет концепциясы контекстіндегі әлеуметтік-саяси қатынастарды жаңғырту» монографиясы авторларының пікірінше, «еститін мемлекет – бұл институционалдық, құндылық, парадигмалық тәртіптердің тұтас қасиеттік жиынтығы, ол тек естуге ғана емес, азаматтардың үмітіне сәйкес әрекет етуге, сонымен қатар түсінуге қабілетті, өйткені онсыз диалог болмайды» [Модернизация, 2020].

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының маңызды құрамдас бөлігі диалог болып табылады. Өкінішке орай, қоғамымыздың әлеуметтік-мәдени табиғатындағы оң тәжірибелер жоғалып кетті. Көп жылдар бойы халық демократиялық институттардан тыс әлеуметтенді, бұл келеңсіз саяси салдарға әкелді.

Осылайша, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы Қазақстанның қазіргі саяси философиясының маңызды құрамдас бөлігіне айналып отыр. Алдағы жеті жылда «Еститін мемлекеттің» теориялық-әдіснамалық ұстанымдары консультативтік демократияның айқын формаларына ие болатыны анық. Әрине, бұл принциптер көптеген саяси процестердің траекториясын анықтайтын немесе жариялайтын болады.

Әдебиет:

1. Бусова Н. А. Делиберативная модель демократии и политика интересов // Вопросы философии. – 2002. – № 4.
2. Chambers S. (2003). Deliberative democratic theory. Annual review of political science, 6(1), P. 307–326.
3. Ортега-и-Гассет Х. Восстание масс // Дегуманизация искусства и другие работы: Эссе о литературе и искусстве. – М.: Радуга, 1991.

4. Руденко В. Консультативные общественные советы: особенности организации и деятельности // Государство и гражданское общество: практика эффективного взаимодействия. Международный опыт: сб. ст. и док. / сост. Е. Б. Тонкачёва, Г. Б. Черепок. – Минск: ФУАинформ. – 2009. – 266 с.

5. Послание Президента Республики Казахстан. Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана. – Нур-Султан. 2 сентября 2019 г.

6. Модернизация общественно-политических отношений в контексте концепции «Слышащего государства» / под общ. ред. Е. Б. Саирова. – Нур-Султан, 2020. – 260 с

ҚОҒАМНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ-АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ PHILOSOPHICAL AND ANTHROPOLOGICAL ASPECTS OF SOCIETY

Серікбай Гульжан Жанисовна*

Annotation. The article analyzes the philosophical and anthropological aspects of the formation and development of society. The transformational processes taking place in society at the present stage have led to a change in the paradigms of development of society, the formation of new social relations. Society, being the basis of the social foundation in human life, covers all spheres of human activity. Intellectual, moral, economic, and technical development of society makes a great contribution to the formation of personal qualities of a person. The author considers society as the main beginning of the socio-economic development of the state, creating a new standard of living for the individual and the population as a whole.

Keywords: society, human, history, humanity, human capital.

Табиғи дамудың белгілі бір деңгейінде адамның өмір сүруінің маңыздылығын, қоғам дамуын түсіндіруге, қоғамдық дамудың тарихи қырларын ашуға деген талпыныстар пайда болады. Сонымен қатар қоғам дамуының ежелгі заманнан осы күнге дейінгі жүріп өткен жолы, әртүрлі тарихи дәуірлер хақында пайда болған метафизика, антропология, диалектика тағы басқа ойлардың әлеуметтік ойдың дамуына әсері сөзсіз.

Философия тарихындағы қоғам және қоғамдық қатынастар негізгі ұстанымы – даму, өркендеу жолы және соны жүзеге асыруға бағыттайтын ілімнің қажеттілігі. Сондықтан да әлеуметтік мәселе ретінде қоғам мәселесі әр заманның ойшылдарын қатты толғандырған.

Қоғам, қоғамдық қатынастар туралы ой-пікірлер адамзаттың даму тарихында алғашқы қауымдық қоғам дәуірінде қалыптаса бастаған. Осыған орай адам баласының санасында «Қоғам дегеніміз не? Қоғам қалай қалыптасады? Оның даму жолдары қандай? Қоғамдық процесстер мен адамның байланысы қандай?» деген сауалдар туындаған. Ежелгі дәуірден бастап адамдар бірлесе отырып бір қоғамға бірігіп, өздерінің тұрмыс-тіршіліктерін тұрақтандыруға бет бұрып, қоғамның даму жолдарын өздерінің практикалық өмірімен байланыстырған. Сол себепті, қоғам дегеніміз, ең алдымен адамдардың бірлесіп, саяси әлеуметтік, экономикалық, рухани іс-әрекеттерін жүзеге асыратын ортасы болып табылады. Қоғамдағы әртүрлі құбылыстарды зерттеуде философия тарихында материализм мен идеализм бағыттарының арасында күрес үздіксіз жүріп келеді. Материалистер қоғам және оның даму жолдарын объективті құбылыстармен, ал идеалистер сана-сезім мен адамның рухани әлеміне байланысты түрде түсіндіреді. Осыған орай, материалистік қоғам өмірін ғылыми тәжірибелер айқындаса, идеалистік бағыттағы қоғам жайлы ой-пікірлер, іс-әрекеттердің дамуына себеп болды, яғни қоғамдағы өндірістік қатынастарды дамыта отырып, қоғамның адамзат өміріндегі мәңгі құбылыс екендігі дәлелденді.

Қоғамның пайда болуындағы негізгі рөлді адамзат қауымы атқарады. Себебі, адамзат баласы өзінің отбасынан бастап белгілі бір ортада қоғамның пайда болуына түрткі болатын, жоғары рухани құндылығы басым тұлға болып табылады. Демек, адамзат қоғамда өмір сүріп, қызмет жасай отырып, сол қоғамның ажырамас бөлігіне айналады.

* Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Философия кафедрасының PhD докторанты, serykbayevagulzhan@gmail.com

Қоғамды ғылыми тұрғыдан түсіндірудің негізі – қоғамдық қатынастар мен байланыстар. Қоғамдық қатынастар негізінен екі түрге жіктеледі: материалдық және идеологиялық. Материалдық қатынастарға табиғат және оның шикізаттарын адам күшімен өңдеп, қоғам өміріне пайдалану жолдарын жатқызамыз. Ал идеологиялық қатынастардың негізін адамды адам арқылы тәрбиелеу, рухани жетілдіру мәселелері құрайды. Идеологиялық қатынастар өз ішінде саяси, құқықтық, моральдық, діни, этикалық және философиялық қатынастар болып бөлінеді [1, 221-223 бб.].

Тарихи-философиялық тұрғыдан қоғамның қозғаушы күштері туралы мәселенің алатын орны ерекше. Себебі осы мәселені зерттей отырып, қоғамның дамуына себеп болатын қозғаушы күштер айқындалады. Ғылыми және философиялық пайымдауларда адам, адамдар қауымдастығы, яғни халық қоғам дамуының бірден-бір қозғаушы күші болып табылады. Өйткені адам қоғамның шикізат көздерін өңдеуші, материалдық және рухани игіліктерді жасаушы, әлеуметтік қатынастарды тудырушы жалпы қоғамның дамуы мен өзгеруін қамтамасыз ететін күш болып саналады.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, адам өзінің ой белсенділігі мен еңбегі арқылы қоғамның дамуына үлес қосушы. Сонымен қатар, қоғамның қозғаушы күші ретінде материалдық, экономикалық қажеттіктер негізгі рөл атқарады. Осы қажеттіктер қоғамның өндіріс көздерінің дамуына, әртүрлі деңгейдегі кәсіпкерлер мен қызметкерлердің белсенді қызмет етуіне, қоғамның әлеуметтік әлеуетінің артуына себеп болады. Сонымен бірге қоғамдық дамудың, бірден бір қозғаушы күші – рухани қажеттіктер. Олар қоғамның этикалық, мәдени, дәни салаларының қалыптасып, адам баласының рухани-интеллектуалдық жетілуіне жол салады. Сондықтан да материалдық-экономикалық қажеттіктер мен рухани қажеттіктер бір-бірімен тығыз байланыса отырып, қоғамның дамуында негізгі рөл атқарады.

Қазіргі тарихи философиялық білім деңгейіне сүйене отырып, қоғам туралы ең алғаш ой-тұжырымдар мен идеялар классикалық грек философиясында пайда болғанына көз жеткізуге болады. Ежелгі грек философиясында Платон және Аристотель есімдері бізді ерекше қызықтырады, себебі қоғам мәселесіне деген алғаш пайымдаулар осы философтардың еңбектерінде анық сипатталған. Аристотель мен Платонның идеялары мен тұжырымдарының негізінде келешек ұрпақтарға рухани мұра болған концепциялар қалыптасты деуге болады.

Қоғам, адамдардың топтасып өмір сүріп, өзара қарым-қатынас арқылы қанағаттандырыла алатын қажеттіліктердің негізінде құралады деп сипаттаған Платон қоғамдағы еңбек бөлінісіне де ерекше назар аударды. Еңбектің теңдей бөлінісін көздеген философ қоғамдағы әр азаматтың өз орны бар екендігін атап көрсетеді. Осыған орай, Платонның қоғам концепциясында адамдар өз мақсаттарына тек қана өзара қарым-қатынастың арқасында ғана жете алады. Сондықтан, полис – бұл өзіндік құрылымы мен міндеттері бар жүйелі бүтін құбылыс ретінде сипатталады. Бүтін нәрсенің қажеттіліктері мен мақсаттары, жеке бөліктің мақсаттарынан әлдеқайда жоғары тұрады, сол себепті мемлекет жалпы қоғамға қызмет етуі тиіс. Еңбек бөлінісінің принциптеріне меңзеген Платон мемлекеттегі таптық бөліністі және қатаң әлеуметтік иерархияны сипаттаған.

Қоғам өмірінің күрделенуімен дүниеге келген, алғашқы мемлекеттік құрылымға жеткен елдер философиясы тарихы да қарастырылып отырған тақырыптан алшақ болған жоқ. Көне Қытай ойшылы Лао-цзының пікірінше, табиғат пен адам өмірі аспанның әмірімен, еркімен басқарылмай, белгілі бір жаратылыстық жол даомен өтеді. Әлемдегі барлық заттар қозғалыс пен өзгерістерге ұшырайды, нәтижесінде, олардың өз қарама-қарсылықтарына өтетін қажеттілік туындайды. Философтың ойынша, адам дамудың табиғи ағымына араласпау керек. Бұл бағытты өз мақсатына пайдалану үшін өзгертуге тырысқандар, ерте мен кеш пе сәтсіздікке ұшырайды [2, 80 б.].

Конфуций ілімінің әлеуметтік мәні – әлеуметтік тәртіптің орнығуы; ата – ата жолымен, бала – бала жолымен; мемлекет – мемлекет жолымен; яғни бұл тіршілікте әркім өз орнында болуы тиіс, әрқайсысы өз құқығын біліп, өз міндетін адал атқаруға міндетті, өзіне тиістілігін ғана біліп, өзіне лайықтылығын істеген дұрыс саналады. Осындай әлеуметтік қалыпқа

бөлінген жоғары қабат пен төменгі қабат, бірінші басқару қызметін, екінші еңбек ету міндетін орындауы тиіс деп саналады [3]. Конфуций ілімі негізінде орныққан мұндай тәртіп, ескіден қалыптасқан дәстүр, аңызға айналған тәртіп деп тұжырымдалады. Конфуций адамдарды жоғары және төменгі қабат деп бөлу принципін, адамдардың байлығына, тегіне, атағына байланысты емес, олардың «жэньдік» принципті негізге алған тәрбиесіне, «цзюнь цзы» үлгісіне жақындығына орай бөледі. Адамдар арасындағы қоғамдық бөлініске байланысты түрлі тиымдарға мін бере отырып, төменгі сатыдағы адамдарға білім алудың қажеті жоқ деген көзқарасқа және ұру, жазалау сияқты нәрселерге тиым салды. Кез-келген қоғам мүшесінің оның қай сатыда болғанына қарамастан білім алуға, жоғары сатыға көтерілуге, қызмет істеуге құқығы барлығын көрсетті.

Адам туралы ілім әл-Фарабидің ғылыми-философиялық мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады. Дүниенің негізгі тұтқасы және ең керемет жаратылысы – адам. Егер оның ақыл-парасаты қалыптасып, дұрыс бағытта дамыса, ол өркендеп барлық игіліктерге қол жеткізе алады. Адам қоғамдық өмірде белсене араласып және өз-өзін іске асыратын кезде бақытқа кенеледі. Яғни бақытқа жеткізетін ізгі қасиеттер оның ішінде іс-әрекеттері, жасаған қызметі, ізгі қылықтары – осының барлығы қоғамда орын табады және қоғамда жүзеге асады. Бақыт адамның психикалық болмысына ғана байланысты емес, яғни адамның қуану не мұңаю сияқты эмоционалды сезімдерімен немесе мінезбен және психикалық қалыптасумен шектеліп қана қоймайды. Бақыттың адам бойына сіңуі немесе оның өмірінде орын алуы, адамның қоғамдық өмірімен тығыз байланысты. Өйткені адам белгілі бір жетістіктерге жету үшін немесе өз қажеттіліктерін орындау үшін адамдармен қарым-қатынасқа түсіп қоғам мүшесі болу керек. Әл-Фарабидың пайымдауынша, адамның бақытқа жетуі оның қоғамдық өмірімен байланысты, яғни жалғыз адам еш уақытта бөлектеніп бақытқа жете алмайды. Игілікке қол жеткізу адамдар бір-біріне қол ұшын беріп, әр адам басқаның өміріне қажетті шарттарды орындаған кезде ғана жүзеге асады.

Әл-Фарабидің ізгі қала құру идеясы толығымен ізгілік ұғымымен байланысты. Осыған байланысты ізгілік деген қайырымдылық түсініктерін тереңірек алып қарасақ. Қайырымдылық өз қатарында этикалық және интеллектуалды болып қалыптасады. Интеллектуалдық – ақыл және парасатпен байланысты. Яғни бұл жерде ақыл-ойдың дамуымен және ұғымталдықпен негізделеді. Этикалық қайырымдылық – адамның талпынысына және ұмтылу процессіне байланысты. Яғни ұстамдылыққа, әділдікке, адамгершілікке деген талпынысты мысал қылып келтіруге болады [4]. Әл-Фарабидің философиясында адам туғаннан не ізгілікке не надандыққа жақын болмайды деп пайымдайды. Адам бойына осы қасиеттер туа қалыптасады. Бірақ адам бойында ізгі қасиеттердің қалыптасуы тәрбиемен және мінез-құлықпен байланысты. Егер қайырымдылық негіздері жақсы тәлім-тәрбиемен орнықса бұл қасиет адам бойына берік қонады. Ол адам қайырымды жан деп сипаттайды. Адам бойындағы ізгілік пен ұстамдылық екеуі әртүрлі қасиеттер. Ұстамды адам өз өмірлік жолында жақсы істер жасай отыра бойындағы надан істерген деген талпынысын өз жігерімен басып отырады. Аз ізгілікті адамда ондай надандық не ізгілік арасындағы қайшылықтар болмайды деп айтып кеткен. Яғни ол өз табиғатынан ізгі. Істеген жақсы істері үшін және түзу ниеті үшін ізгі адам іштей марқайып қуанып жүреді. Оның жасаған жақсы істері оған рухани күш береді. Ізгі адам шынайы бақытқа талпына отырып өлім алдында батылдық танытады. Әл-Фарабидің пайымдауынша, ізгі қаладағы надан істер жойылу үшін, ең алдымен адамдардың бойына ізгі қасиеттерді қондыру қажет жеп сипаттайды. Адамдар рухани ізгілік пен адамгершілікке талпынған кезде ғана қалада барынша үндестік орнайды. Қайсыбір бойынан жауыздылық пен надандыққа бой алған жанды адамгершілік пен ізгілік қасиеттермен өзгерте алмаса ол қаладан алыстайды.

Ізгілікті қаланың құрылуы – төменнен жоғарыға қарай көтерілетін саты секілді өте күрделі процесс болып келеді. Ізгі қала өз құрылымы бойынша ортағасырлық мемлекетке барынша еліктейді. Қаланың әлеуметтік процесстерін алып қарасақ, ең алдымен қоғам дамуы өте маңызды. Фараби олардың арасындағы айырмашылықты былай деп ажыратады: жоғарға

игілік пен ең биік кемелділікке ең алдымен қала жетеді, ал кемелділікке ұмтылмаған қоғам бұған жете алмайды.

Шынайы ақылмен ақиқат қол жеткізген адамды философ деп сипаттаса, халықпен құдаймен бастама алатын дүниенің болмысын түсіндіретін адам – діни білімнің өкілі деп түсіндірген. Ғалымның қалаларға байланысты жасалған сараптауларының бәрінде әлеуметтік философия басым және осы бағытта жазылған еңбектерінің барлығы қаралады. Осылардың ішінде ең үздіктерін алып көрсетсек, оларға «Азаматтық саясат» және «Китаб ас-Сиияса ал Маданийа» сияқты еңбектерді көрсетуге болады. Ойшылдың «Азаматтық саясат» атты еңбегінде қалаларға байланысты көзқарастар және негізгі ойлар еңбегінде айталады. Ізгі адамның өмірінің нағыз мақсаты шынайы бақытқа жету болса, оған жету жолдарын іздеген кезде ізгі қалалар сұрыптамасына кенеледі. Қала тұрғындарының бақыттан алар үлесі әр адамға әртүрлі болып келеді. Сонымен қатар бақыттың үлесі сапасы және саны жағынан да әртүрлі болады. Сондықтан философ адамдарға берілетін бақыттың артық-кемдігі олардың іс-әрекеттеріне байланысты деп айтады. Бақытты отбасының бәрі ұқсас, ал бақытсыз отбасылар әртүрлі болатын сияқты қоғамда осыған ұқсас болады. Яғни, философ қоғамды отбасына теңейді. Оның айтуынша, надан қоғам немесе ізгіліксіз мемлекеттер әртүрлі сипатта болады [5].

XVIII ғасырдың ағартушылары әлемге «тарихи үрдіс» (Ж.П Кондорсе) және «тарихи айналым» (Дж Вико) идеяларын ұсынды, «тарихи үрдістің бірегейлік принципі» (И.Г Гердер) теориясын құрды, мәдениет тарихының (Вольтер) негізін қалады, адамға географиялық және әлеуметтік ортаның тигізетін әсері (Ш.Монтескье, Ж-Ж.Руссо) туралы ойды негіздеді.

Томас Гоббс – ағылшын қоғам қайраткері, философ, механикалық материализмнің негізін қалаушы. Негізгі еңбектері – «О гражданине», «Левиафан».

Өзінің мемлекет туралы түсінігін негіздеу үшін Гоббс «табиғи қалыпты» сипаттауға тырысады. Мұндай жағдайда адамдардың бәрі тең құқылы, өзіндік қажеттіліктерге, билікке деген құмарлыққа, тәкәппарлыққа тән. Аталған «табиғи қалыпта» адамның бостандығы еш нәрсемен шектелмеген, яғни әр адамның құқығы шексіз. Мұндай мінез-құлық әртүрлі конфликтілерге мен жандалдарға алып келіп, «бәрінің барлығына қарсы» соғысы басталады. Гоббс бойынша, қажеттілік – барлық өнертапқыштық құралдардың анасы. Осыған сүйене отырып, қорқыныштан арылып, қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажет, адамдар «келісім» арқылы қоғам болып ортақтасып, өзіндік таңдауына қарай қоғамдағы билік басын орнатады.

Гоббс табиғи заңдылықтар жүйесінің негізін қалайды. Философтың айтуынша негізгі табиғи заңдылық бейбітшілік іздеп соған талпынуы тиіс. Қалған 19 заңды мынадай ережемен сипаттауға болады: «өзіңе қаламағанды басқаларға жасама». Әділеттілік табиғи заңдардың маңыздысы. Әділеттілік келісімді бұлжытпай орындауда және әр адамға оған тиеселі жеке меншігіне құқық беріп, оның жеке ортасын сыйлауда көрініс табады.

Адам қоғамда өмір сүреді, ал қоғам дегеніміз бүкіл адамзат үшін де, жеке адам үшін де өзі өмір сүріп отырған, онымен өндірістік, қоғамдық, отбасылық қатынастар арқылы байланысқан ұжым. Қоғамдық өмірдің алға жылжуы сол адамның өзі тұрақты өмірлік байланыста болған қоғамдық ұжымның өсуіне байланысты. Тарихтың ежелгі кезеңінде адам қоғамы ру-тайпалық сипатта болды. Жеке адамдардың, тұлғаның және қоғамдық ұжымның өзара қарым-қатынасы мәселесі адамдарды тарихтың барлық кезеңдерінде толғандырған. Адам жеке тұлға ретінде қоғамнан өз орнын алғысы келеді, сонымен қатар ғылым тек тұтас қоғамды ғана зерттеп қоймай, жеке адаммен де айналысқанын қалайды. Бірақ ғылым тек жалпының көрініс беруі арқылы ғана жекені зерттейді. Ғылымнан жеке адам да өз орнын табуы керек. Себебі, адамдар тек тарихты талдап қоймай, табиғат пен адамның тағдыры туралы да ойланады. Қоршаған өмірді ол өзінің таптық жағдайына, тәрбиесіне, жасына байланысты қабылдайды. Қоғам мен жеке адамның, тұлғаның қатынасы бүтіннің қосарлану формаларының бірі. Қоғам мен жеке адам ажырамас бірлікте болып табылады. Жалпы мен жекенің қатынасы диалектикалық өзара байланыс сипатында десек болады. Әр жеке адам жалпының, ерекшенің және жекеліктің өзіндік бірлігі болып табылады.

Адам әлеуметтік тіршілік иесі ретінде, біріншіден қоғамға дағдылануға (енуге) және өзінің тұрмыс-тіршілігіне қажетті барлық игіліктерге қол жеткізуге, сондай-ақ қоғамда қордаланған материалдық, рухани игілікттерді өндіру, айырбастау, тұтыну дағдыларына ие болуға, түптеп келгенде өзін-өзі қоғамдық өмірде қорғауға әрекет етеді. Қоғам адамды биологиялық тіршілік иесі деңгейінен әлеуметтік тіршілік иесіне көтере отырып, оны ең алдымен өзі үшін қоғамның сақталуына, өркендеуіне қызмет етуге итермелейді. Демек, әрбір адамның яғни, әлеуметтік тіршілік иесінің өмірінің мәні – бұл өзі өмір сүріп отырған қоғамға қызмет ету.

Әдебиет:

1. Сыбанбаев Қ.Ү. Философия: оқу құралы. Алматы: Экономика және құқық академиясы. – 2012. – 224 б.
2. Древнекитайская философия Под ред В.Г. Бутова и М.Л. Титаренко – М.Мысль, 1972 Т1 365 с.
3. Kim-chong Chong. Early Confucian Ethics. Concepts and Arguments. Open Court. –Chicago; La Salle:Illinois, 2007. – 181 p.
4. «Қазақ халқының философиялық мұрасы» сериясы. Жиырма томдық. Әл-Фараби философиясы. 3-том. – Астана, 2005
5. «Қазақ халқының философиялық мұрасы» сериясы. Жиырма томдық. Әл-Фараби философиясы. 2-том.-Астана, 2005

БІЛІМ САПАСЫН ТӘУЕЛСІЗ БАҒАЛАУ ЖОЛДАРЫ
OBJECTS OF INDEPENDENT ASSESSMENT OF THE QUALITY OF EDUCATION

Бегешова Улжан Нугмановна*

Annotation. An independent assessment of the quality of education is an assessment procedure that is carried out in relation to the activities of educational organizations and the educational programs they implement in order to determine the compliance of the education provided.

Solving the problems of modernizing the economy requires highly qualified personnel. In this regard, one of the most important is the question of assessing the real qualifications of an employee. Under the current conditions, the most promising way to solve this issue lies in the direction of creating a system of independent assessment and certification of personnel, and part of this system should be the assessment and certification of graduates of vocational education institutions and other categories of citizens who have been trained in various forms.

Keywords: global, industrial - innovative, economy, industry, renewal.

Кіріспе

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы – өзінің ісін жалғастыратын салауатты саналы, білімді ұрпақ өсіру. Еліміздің болашағы да, тірегі – жастар. Сондықтан оларға дұрыс білім мен тәрбие беріп, білім беру жүйесінің қолданыстағы инфрақұрылымы мен материалдық-техникалық білім жүйесінде кадрлар даярлаудың сапасын арттыру. Жастар үшін келешекте қоғамның әлеуметтік дамуына себепкер болатын мамандардың біліктілігін жаңғырту.

Кез келген ел экономикасының қарқынды дамуын қамтамасыз ететін жоғары білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын даярлау – негізгі басымды бағыттардың бірі болып саналады. Содан да болса керек, білім берудің маңыздылығына ерекше мән беріп, отандық экономиканың жоғары технологиялық салалары мамандандырылған еңбек ресурсын және дамыған ғылыми-техникалық базаны қажет етеді. Бұның барлығы білім беруде жаңалықты жасау, игеру және пайдалануда басқару қызметінің маңыздылығына көз жеткізе түседі. Өйткені, оқытушы жаңа білім беру технологияның, теория мен концепцияның авторы,

* Тарих ғылымының магистрі, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы, ulzhan.nugman2015@gmail.com

талдап жасаушысы, зерттеушісі, тұтынушысы және насихатшысы қызметін атқарады. Осы процесті басқару оқытушының өз қызметінде әріптестерінің тәжірибесі немесе ғылымындағы жаңа идеялар, әдістемелерді дұрыс тандап, бағалау және қолдануын қамтамасыз етеді.

Әдістер

Қазақстандық қоғамды реформалау жағдайында білім жүйесі тұлға мүдделерін, еңбек нарығының сұраныстарын, экономика мен әлеуметтік сфера дамуының перспективаларын қанағаттандыруда маңызды роль атқарады.

Қазір еліміздің жаңа технология мен құрылғылардың қарқынды енгізілуіне байланысты оқыту үдерісі мен өндірістік тәжірибе арасы алшақтай түскені байқалады. Себебі, ескі жабдықтар бойынша оқып-үйренген жас маманның өндіріс орнына барғанда қайта мамандануына тура келеді.

Сонымен қатар еңбек нарығында кәсіби стандарттардың, мамандарға қойылатын қазіргі заманғы біліктілік талаптарының болмауы индустрия және жұмыс берушілер сұраныстарына кадрларды даярлау мазмұнының барабарлығына қол жеткізуге мүмкіндік бермейді.

Нәтижелер

Білімге негізделген экономика және қоғам, өмір бойы оқыту – бәсекеге қабілеттілік пен жаңа технологияларды қолдану проблемаларын шешудің, әлеуметтік бірлікті, тең мүмкіндіктер мен өмір сапасын жақсарту тәсілдері болуы тиіс.

Демек, біріншіден білім беруде жетілдірілген жүйесі ең үздік әлемдік тәжірибені ескеріп, жастарға мансаптық өсуге және білім алуды жалғастыруға мүмкіндік беру керек.

Екіншіден, білімнің құрылымы мен мазмұнын экономиканың индустриялық - инновациялық дамуының сұраныстарын ескере отырып сапасын тәуелсіз бағалау жолдары.

Білім алушылардың практикалық дағдыларын дамыту үшін оқу жоспарларындағы кәсіптік практиканың үлесі 60 %-ға дейін жоғарлау тиіс. Бұл үшін практика базасы жұмыс берушілермен әріптестік есебінен кеңейтіледі. Білім алушылардың бойында қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыратын заманауи білім беру технологиялары оқу процесіне енгізіледі. Озық әлемдік тәжірибе мен қолданбалы зерттеулер жүргізудің нәтижесінде білім беру жүйесінде ғылыми - әдістемелік бағдарламалары жүзеге асырылады.

Соның ішінде, білім берудің ортақ жүгін өндіріске бағыттау қажет, сол арқылы сапа мен сұраныстың артуы да қамтамасыз етілмек. Сонымен бірге білім беру мазмұнының әлемдік тәжірибе эквиваленттілігіне жету қажет, әсіресе орта буынның біліктендірілген мамандарын көп салаларда импорттау. Жұмыс берушілер мен жергілікті басқару органдарының өзара әрекетін қамтамасыз ету өте маңызды. Сондай-ақ жоғары білім жүйесіндегі Назарбаев университеті сияқты «өсу нүктесі» болатын, төрт өңіраралық кәсіби орталықтарды құру мен олардың қызметтерін бастау мәселелерін шешу қажет. Мұның бәрі, тұтастай алғанда, білім беру жүйесі үшін оқыту мазмұнын, материалдық-техникалық және кадрлық қамтамасыз ету деңгейін көтеруге ықпал етуі тиіс.

Бұл – Қазақстан үшін түбегейлі жаңа міндеттің қойылуы. Тек осылай ғана экономикамыздың, салалар мен кәсіпорындарымыздың орта буын білікті кадрларына деген қажеттілігін қанағаттандыруға болады.

Сонымен қатар, студенттердің ақпараттық технологияларға деген үлкен қызығушылығын ескере отырып, бұл мүмкіндікті оқушының оқуға деген ынтасын дамытудың қуатты құралы ретінде пайдалануға болады.

Сапалы оқыту кезінде материалды меңгеру кезектілігі келесі кезеңдерді қамтуы керек:

- 1) жаңа материалды жылдам оқу;
- 2) мағыналық бірліктерді, ұғымдар мен қатынастарды бөлу;
- 3) мәтінді «энтропияға» талдау, яғни. кездесетін ұғымдарды оқушы үшін бұрыннан «белгілі» және «жаңа» деп бөлу;

- 4) жаңа және белгілі ұғымдар арасындағы қатынастарды орнату;
- 5) жаңа ұғымдарды түсінуге қажетті бұрын үйренген түсініктерді қайталау;
- 6) жаңа ұғымдар арасындағы қатынастарды анықтау, жаңа ұғымдар иерархиясын құру;
- 7) жаңа ұғымдардың ықтимал маңыздылығын бағалау;
- 8) есте сақтау мақсаттарын тұжырымдау.

Өзімнің тәжірибелік сабағымда, креативті ойлаужы дамытып, сабақтың мазмұнын ерекше құруға шығармашылық мүмкіндігін кеңейтуге жағдай жасаймын.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында инновациялық білім беру жүйесінің басты міндеті – білім беру сапасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттардың талаптарына сәйкес [2,3]:

- кадрларды ұлттық біліктілік жүйесі негізінде даярлау толықтай еңбек нарығының сұраныстарына сәйкестендіру;
- оқу орындарының оқу-өндірістік шеберханалары мен зертханалары
- замауи оқу-өндірістік және технологиялық жабдықтармен, ақпараттық технологиялармен қамтамасыз ету;
- кәсіпорындардың нақты сұраныстарын ескере отырып, кооперативтік оқыту кең түрде енгізу;
- бизнес пен кәсіби қауымдастық ТЖКБ-ны дамытуға және кадрлар даярлауға белсенді қатысу;
- экономика салаларында жұмыс берушілердің қатысуымен біліктілікті
- сертификаттаудың тәуелсіз орталықтары жұмыс істеу.

Бұл – Қазақстан үшін түбегейлі жаңа міндеттің қойылуы. Тек осылай ғана экономикамыздың, салалар мен кәсіпорындарымыздың орта буын білікті кадрларына деген қажеттілігін қанағаттандыруға болады. Бұл салаға арналған стратегиялық жоспарлау қағидаты, міне, осындай.

Қорытынды

Қорыта келгенде, білім сапасы еліміздің бірінші әлемдегі бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ететін жолының және әлеуметтік дамуының маңызды факторы, негізгі алғы шарты. Үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасы аясында, жастарға сапалы білім, саналы тәрбие бүкіл оқу орнындарында білім беру ісін оқытудың озық инновациялық қызметтің жаңа инфрақұрылымын құру, толықтыру, оқытудың жаңа технологияларын іздестіру, ақпараттық технологияларды болашақ мамандарды оқыту ісінде тиімді пайдаланып, оны келешекте қоғамның әлеуметтік дамуына себепкер болатын мамандардың біліктілігін жетілдіру. Сондықтан студенттердің білімдерін тәуелсіз сараптау бұл олардың алған білімі арқылы өз мүмкіндіктерін іске асыруға және жауапты шешім қабылдауға қабілетті тұлға ретінде өмірге бейімделе алуына, оның еркіндігіне жол ашатын тәлім – тәрбие жүйесіндегі қуатты құралдарының бірі болып табылады.

Әдебиет:

1. Алашабаева.У.Н., Кенжебек. Д. Ұлттық кодымызды айқындайтын жастардың рөлі: «ҚР Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың ел сыртқы саясатының қалыптасуы мен дамуындағы рөлі» тақырыбындағы халықаралық ғылыми конференциясы., – Ақтөбе: Баишев университеті , 2020. 6-12 бет.
2. Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2008 ж.-20бет.
3. Алашабаева. У.Н. Кәсіптік білім беруде ақпаратты-коммуникациялық технологияны пайдалану жолдары: / Хабаршы-Вестник «Педагогика ғылымдары», Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, №4 (60). 2018. 204-209бет, ISSN 1728-5496
4. Бегешова Ұ.Н. Кәсіптік білім беруде ақпаратты-коммуникациялық технологияны пайдалану жолдары: Хабаршы-Вестник Педагогика ғылымдары, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университет, №4 (60). 2018. 204-208бет, ISSN 1728-5496
5. Қазақстан Республикасының Ресми сайты, <http://www.mcfr.kz/about/news/2422/43257/>

**ЖАСТАРДЫ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖОЛ
PEDAGOGICAL AND PSYCHOLOGICAL WAYS OF FOSTERING TOLERANCE
AMONG YOUNG PEOPLE**

**Казахбаева Л.К.*
Базорбаева Ш.О.***

Annotation. This article is aimed at fostering tolerance among young people and developing the moral foundations of personality. Young people are brought up with ideas about the importance of dignity, respect for the value of a person's personality, a sense of tolerance, solidarity.

Keywords: tolerance, cognitive, emotional, reflexive, moral.

Қазіргі уақытта заман өзгеріп үздіксіз дамып отырған шақта ұлттық рухы мықты, ақыл-ойы озық, білімді, толеранттылығы биік жастарды тәрбиелеу қажеттілігі күн озған сайын артып отыр. Ел тұтқасын ұстар жастарымыздың тәлім тәрбиесі, білімі мен білігі қазіргі уақытта ең маңызды мәселелердің бірі. Жастардың асқақ адамгершілігін, адамшылық қадыр-қасиетін, озық дүниетанымдық көзқарасын, салауаттылық салтын, ұнамды мінез-құлқын дамытып, қалыптастыру ең үлкен қажеттілік.

Қай қоғамда болсын, қай кезеңде болсын тұлғаның дұрыс қалыптасуы жастардың толеранттылығынан басталады. Олай болса жас ұрпағымызға адал, шыншыл, сергек, өмірге құштар, көзі ашық, көкірегі ояу, қуаныш пен ренішке ортақтаса алатын, өз Отанын сүйетін, өз жерінің, елінің иесі бола алатын, еркін ойлау қабілеті бар, мәдениетті, іскер, адамдық қасиетке ие, рухани жандүниесі бай, жаны, ары таза азамат етіп тәрбиелеу міндеті алдымызда тұр.

Қазіргі уақытта "толеранттылық" термині өте кең таралған. Ол ғылыми және танымал әдебиеттерде де, саяси пікірталастар мен бұқаралық ақпарат құралдарында да қолданылады.

Толеранттылық жеке және қоғамдық сананың бағыты ретінде әлеуметтік қатынастар үйлесімділігінің шартына айналуға. Қоғамның дүниетанымдық бағдарлары үлкен рөл атқаратын білім беру саласында толеранттылық әлеуметтік – білім берушілік императив болып табылады. Алайда тәрбиесіз жастардың бойында толеранттылықты қалыптастыру мүмкін емес.

Еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар әр-түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын толерантты әрі креативті жеке тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше мән берілуде.

Жастарды толеранттылыққа тәрбиелеуде білім-ғылым және мәдениет ошақтарының әр алуан ашық алаңдарың пайдалану өте маңызды. Ашық алаңдар арқылы оқушылар мен студенттер және жастарға арналған үздік технологиялық жетістіктерді пайдалана отырып педагогикалық-психологиялық контекстегі семинар-тренингтер және т.б. сипаттағы педагогикалық-психологиялық акциялар өткізу өте тиімді деп санаймыз. Оған белгілі мамандардың қатысуы және кері байланыстың орнауы аудиторияның қызығушылық деңгейін арттыра түсетіні сөзсіз. Қазіргі кездегі әлемде орын алған әлеуметтік, дінаралық, ұлтаралық, т.б. қақтығыстар өршіп тұрған жағдайда ғалымдар тарапынан оны қалыптастырудың жолдарын іздеуге ерекше көңіл бөлінуі заңды. Жалпы тұлғада толеранттылықтың қалыптасуы үшін ол рухани дамудың белгілі бір сатыларынан өтуі тиіс, ал ол педагогикалық-психологиялық проблема болып табылады. Сондықтан «Педагогика» және «Психология» ғылымында оның заманауи саласы ретінде «Толеранттылық педагогикасы» даму үстінде, онда толеранттылықтың мәнін зерттеу және оны әлеуметтік норма, әлеуметтік құндылық ретінде практикаға ендіруге негізгі көңіл бөлінеді.

* М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, lkazakhbaeva@mail.ru

* М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, shinarbazarbayeva@gmail.com

Жаңа ғасырдағы толеранттылық – бұл адамзат қоғамындағы қозғаушы күш, қоғамдағы үйлесімді қарым-қатынастың бірегей шарты болмақ. Міне, осы қағидат тұрғысында жастарды толеранттылыққа тәрбиелеудің барлық мүмкін құралдары педагогикалық-психологиялық заңдылықтарға негізделіп іске қосылуы тиіс. Тек тың идеялар батыл іске асырылса ғана жемісті нәтижеге жеткізетіні белгілі дүние.

Толеранттылық принциптерін таратудағы басты рөл педагогикаға жүктелген. БҰҰ-ның Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында: «Білім өзара түсіністікке, төзімділікке, барлық халықтар, нәсілдік және діни топтар арасындағы достықты дамытуға және БҰҰ-ның бітімгершілік қызметіне үлес қосуы керек» делінген. Бұл ереже тұлғаның бастапқы қалыптасуында үлкен маңызы бар мектепке дейінгі жасқа да қатысты. Мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасында алғашқы адамгершілік құндылықтар, мінез-құлық нормалары қойылады, адамның қадір-қасиетінің маңыздылығы туралы идеялар қалыптасады, адамның жеке басының және басқа адамдардың құндылығы туралы түсінік қалыптасады, оларды құрметтеу, төзімділік, ынтымақтастық сезімі және ынтымақтастыққа деген ұмтылыс, жанжалды жағдайларды күш қолданбай шешу қабілеті тәрбиеленеді. Жүйке жүйесінің икемділігі, ересек адамның әсеріне ашық болуының арқасында бала мектепке дейінгі жаста әлем туралы түрлі білімдерді, оның таным дағдылары мен дағдыларын интенсивті түрде сіңіреді, қоғам құндылықтарын белсенді игере бастайды және әлеуметтік рөлдермен танысады. Адамның ойлауын жаһандыққа өзгертуге деген ұмтылыс отандық педагогиканың қазіргі даму кезеңіне ғана тән емес. Мұғалімдерге арналған халықаралық семинарлар көптеген елдерден көптеген ғалымдардың осы мәселелермен айналысып жатқанын көрсетеді. Экономикалық дамудың әртүрлі деңгейлеріне қарамастан, білім беру саласында да осындай сұрақтар туындайды, өйткені біз өзара тәуелділік әлемінде өмір сүреміз. Францияның, Жапонияның, АҚШ-тың және басқа елдердің ғалымдары басқа адамдарға деген сыйластықты дамыту, оларға жастайынан бастап, көптеген мәдениеттердің ықпалына «ашық» болғаннан бастап қызығушылық таныту қажет деп санайды.

Толеранттылықты қалыптастыру өзекті мәселе болып табылады. Педагогикадағы бұл проблема салыстырмалы түрде жақында қалыптасты және менің ойымша, білім беру мазмұнындағы тенденциялардың салдары болып табылады, мысалы: ізгілендіру, демократияландыру, ізгілендіру, жаһандану.

Бүгінгі таңда жеке тұлғаның адамгершілік негіздерін дамыту, «Мен» - доминантын қалыптастыру, индивидтің өзгенің және басқалардың өзін-өзі дамыту кеңістігінде өзінің ішкі әлемінен тыс еркін әрекет етуіне мүмкіндік беру, сол арқылы өзінің шектеулерін еңсеру өзекті болды. Бұл жеке адамның демократиялық мәдениеті мен демократиялық санасын, толеранттылық пен адамгершілікті, басқаларды түсіну мен қабылдауды тәрбиелеуді бастайды.

Толеранттылық педагогикасында адам құқықтарының табиғаты мен әлемдегі төзбеушіліктің көріну формаларын түсіндіре отырып, төзімсіздікке жауап берудің және оны жою немесе бейтараптандыру жолында жалпы процедуралар да, нақты әдістер мен тәсілдер де ұсынылуы керек. Әрбір азамат нәсілшілдік, ұлтшылдық, фашизм, этникалық тазарту, гендерлік дискриминация, діни қудалау және басқалары сияқты ұғымдардың нені білдіретінін мүмкіндігінше ертерек білгені жөн. Адамдар бір-бірін өзінің кім екендігі үшін қабылдауы керек, төзімділік танытып, зорлық-зомбылыққа, қатыгездікке, адамның моральдық-психологиялық қысымына бармауы керек.

Біз «толеранттылық» терминімен түсінеміз - адамның қоршаған ортадағы шындықтың көпөлшемділігі, оны бейнелеудің әр түрлі формалары мен тәсілдері, пайымдаулардың, пікірлердің, тұжырымдардың, бағалаулардың салыстырмалылығы туралы түсінігімен сипатталатын адамгершілік-этикалық қасиеті; әр адамның құқықтары мен бостандықтарын білу және құрметтеу, оны сол күйінде қабылдау; адам өмірінің нормалары мен ережелерінен тыс, кез-келген ақауларға төзімділік. Төменде төзімділіктің келесі психологиялық деңгейлері берілген:

- Когнитивті - баланың немесе ересек адамның қарым-қатынастың негізгі заңдары немесе ережелерін, толеранттылық тұжырымдамасы мен принциптерін білуі;

- Эмоционалды-бағалауыш - әлемнің гетерогенді екендігін және алуан түрліліктің қажет екендігін, айырмашылық құқығы танылатынын түсіну;

- Мінез-құлық-рефлексивті - басқа адамға тұлға ретінде, оның құқықтарын құрметтеуге негізделген әртүрлі жағдайлардағы мінез-құлықтағы толеранттылықтың тұрақты көрінісі; өзіне, өзінің мінез-құлқына сыни көзқарас, өзін-өзі бағалау, ішкі көзқарас, рефлексия.

Қорытындылай келе, толеранттылықты қалыптастыру - бұл еркін гуманистік тұлғаға бағытталған қозғалыс және ол гуманистік тұлғаға бағытталған тәсілдің көмегімен жүруі керек деп айта аламыз.

Жақында толеранттылық мәселесі зұлымдық пен қатыгездіксіз әлем құру үшін өзекті болып отыр, мұнда адам өмірі мен гуманизм принциптері ең жоғары құндылық болып табылады.

Толеранттылық пен шыдамсыз жеке тұлға аралық деңгейде де, жаһандық деңгейде де - әлеуметтік және халықаралық деңгейде де өзара әрекеттесуді құру мүмкін емес. Жастарды толеранттылықты тәрбиелеу - бұл толыққанды жеке тұлғаны қалыптастырудың қажетті шарты. Өзгелерге деген көзқарас шамамен 4 жастан бастап қалыптаса бастайды. Бұл балалардың өздері түсініп, игере алған сезімдеріне, басқалар туралы өздерінің бұлыңғыр идеяларына негізделген. Дамудың бастапқы кезеңіндегі барлық балаларға тән шектеулі өмірлік тәжірибеге, балалық стихияға және кейбір әдепсіздікке негізделген қорқыныш, еліктеу, мазақтың пайда болуы қазірдің өзінде мүмкін болып отыр.

Сонымен, толеранттылық - бұл педагогикалық проблема және толеранттылыққа тәрбиелеуді дүниетаным, қағидалар, құндылықтар мен көзқарастардың қалыптасу сәтін жіберіп алмау үшін мектеп жасына дейінгі балаларда да бастау керек. Балаларда толеранттылықты қалыптастыру олардың ұлтына, дініне, саяси нанымына, өмірге көзқарасына қарамастан басқалармен адекватты қатынастар құруды үйренуі үшін қажет.

1. Мақсаттылық. Толеранттылықты дамыту үшін мұғалім өзінің мақсатын, сондай-ақ оның уәждемесінің баланың мотивациясымен сәйкес келуін нақты түсінуі қажет. Балаңызға басқаларға деген төзімділікті қалыптастыру үшін не қажет екенін түсіндіріңіз және бұл болашақта оған қазір не береді.

2. Жеке ерекшеліктерді ескеру. Мектепке дейінгі жастағы балалардың төзімділігі, кез-келген басқа адамгершілік қағидалары сияқты, жеке ерекшеліктерді ескере отырып қалыптасуы керек, мысалы, қолданыстағы моральдық принциптер мен көзқарастар.

3. Мәдени сәйкестік. Жалпыға бірдей қабылданған ережелер мен нормалармен қайшылықтарды болдырмау үшін мәдениеттің ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, балада толыққанды жеке тұлғаның қасиеттерін тәрбиелеу маңызды.

4. Толеранттылықтың өмірмен байланысы. Балаларда толеранттылықтың дамуы үнемі өмірден алынған мысалдармен бірге жүруі керек, бұл толеранттылықтың көрінуінің ғаламдық мысалдары және баланың өз өмірінен алынған мысалдар болуы мүмкін - бұл қасиет туыстарымен, достарымен, мұғалімдерімен қарым-қатынаста қалай көрінуі мүмкін.

Сондай-ақ, сіз сөздердің өмірден алшақтамауын қадағалауыңыз керек және осы қасиеттің қажеттілігін жеке мысал арқылы көрсетуіңіз керек.

5. Жеке адамға деген құрмет. Тәрбиенің шарттары мен мақсаттарына қарамастан, ол баланың өзін, оның жеке басын, пікірін, өмірлік ұстанымын құрметтеуге негізделуі керек.

6. Оңға сүйену. Балада толеранттылықты көтере отырып, әлеуметтік өзара әрекеттесудің онсыз да қалыптасқан оң тәжірибесіне сүйену керек, сонымен қатар осыған ықпал ететін қасиеттерді белсенді қолдау және дамыту қажет.

Қорта келгенде қазіргі уақытта басқа адамдарға деген төзімділіктің қажеттілігі маңызды болып отыр. Бізге ең жақын дегеніміз - төзімділікті сыни диалог нәтижесінде позициялардың өзара өзгеруіне деген көзқараспен үйлескен басқа біреудің ұстанымын құрметтеу деп түсіну. Бұған мүмкіндік беретін жағдайларда ымыраға келу. Әлеуметтік

тұрғыдан алғанда толеранттылық дегеніміз - біздің әлемдегі мәдениеттердің алуан түрлілігін, біздің бейнелеу формаларымызды және адам даралығының көріну тәсілдерін құрметтеу, қабылдау және дұрыс түсіну. Толеранттылықтың негізі - айырмашылық құқығын тану. Қоғамға толеранттылық идеялары мен қағидаларын енгізу үшін жауапкершілік көбіне педагогикада. Толеранттылықты қалыптастыру өте ұзақ процесс, және менің ойымша, оны мүмкіндігінше ерте бастау керек. Жастарды толеранттылықты қалыптастыру бойынша жұмысты бастау үшін барлық алғышарттар туындайды. Мұндай жеке жаңа формациялар ерікті мінез-құлық, мотивтерге бағыну, эмоционалды күту қабілеті сияқты көрінеді; дамудың әлеуметтік жағдайы өзгеруде; баланы адамдардың қарым-қатынасы, олардың әлеуметтік позициялары, әлеуметтік функциялары қызықтыра бастайды. Ересек адам модель ретінде ерекшеленеді, сондықтан толеранттылықты қалыптастыруда негативтерге үлкен жауапкершілік жүктеледі. Үлкендердің өздері толерантты қатынасты жеке мысалмен көрсетіп, оны мінез-құлықта көрсетуі қажет.

Жастар арасындағы толеранттылықты қалыптастыру процесіне тәрбиешілер мен ата-аналарды мақсатты түрде тарту олардың педагогикалық позициясын белсендіруге мүмкіндік береді және ересектердің өзіндік бағалауы мен мінез-құлқын қайта қарауға ықпал етеді. Жастарды толеранттылықты қалыптастыру баланың құқықтары мен міндеттерімен танысудан, баланың құқықтары туралы конвенцияның және адам құқықтары туралы декларацияның бейімделген мәтіндерін қолдана отырып, сонымен қатар жетекші қызметті - ойын және нәтижелі әрекеттерді қолданудан басталуы керек. Екінші кезеңде алынған білім эмоционалды түрде боялып, балада шоғырлануы, іс-әрекет мотивтеріне ауысуы және ынталандыруы болуы маңызды. Ал үшінші кезеңде баланың өзі оның мінез-құлқына назар аударады, талдайды және бағалайды. Мұнда ересек адамнан тек көрінбейтін қатысу, үйлестіруші, бағыттаушы функция қажет болады. Ересек адам баланың өзін-өзі бағалауы мен өзінің іс-әрекеті туралы ойлау қабілетін қалыптастыруға көмектесуі керек.

Әдебиет:

1. Мириманова М. Толеранттылық тәрбие мәселесі ретінде // Тұлғаның дамуы. -2002 ж. -№2.
2. Клепцова Е.Ю. Толеранттылық психологиясы мен педагогикасы: оқулық. университеттерге арналған оқу құралы. - М.: Академик. жоба, 2004 ж. - 175 б.
3. Орлова М. Мектеп жасына дейінгі балалар арасында толеранттылықты қалыптастыру // Мектепке дейінгі тәрбие. - 2003.-№11.
4. Н.В. Кузьмина. Педагогическое мастерство учителя как фактор развития способностей учащихся. // Вопросы психологии. // №1 2009.
5. Мұқашқызы С. Қарым-қатынасты жүргізудің бағдарламалық және әдістемелік мәселелері // Сынып жетекші. – 2004. - № 1.
6. Толерантность в современном мире: опыт междисциплинарных исследований. –Россия, 2011.

**"МӘДЕНИЕТТЕГІ БАСҚАРУ" ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР
CURRENT ISSUES IN "CULTURAL MANAGEMENT" RESEARCH**

Касбаева Гулназ Сериковна*

Annotation. Management science is a young field of research that emerged at the beginning of the 20th century. First, management concepts were developed and applied in commercial organizations, but then they were selectively adapted to non-profit organizations and other aspects of human life as well. Management concepts have also been applied in cultural industry organizations and it seems that cultural management is a new area of research. The aim of this article is to review the work of foreign scholars in the field of culture management, analyse the achievements of individuals in the field of arts and culture in Kazakhstan and identify the legislative documents necessary for the development of culture. The authors believe that five challenges: 1) the development of the concept of culture policy and creative industry, 2) organizations in cultural industries have to be managed, 3) educational problems, 4) local embeddedness of culture, 5)

* Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Философия кафедрасының PhD докторанты, gkasbaeva@mail.ru

interdisciplinarity of culture management show the reality, which is experienced by both academics and practitioners. Identification of these challenges is important to override them and establish cultural management as a fully-fedged research area.

Keywords: culture, research, cultural management, education, interdisciplinary

Басқару ғылымы – ХХ ғасырдың басында пайда болған жас зерттеу саласы. «Басқару/менеджмент» ұғымына тоқталған кезде ойымызға еріксіз «ұйым» ұғымы да келеді. Ұйым – ортақ мақсатқа қол жеткізу үшін құрылған және қызметтері үйлестірілген түрде бірге жұмыс істейтін адамдар тобы десек, басқару – ұйымдық мақсаттарға тиімді түрде қол жеткізу үшін, ұйымның ресурстарына (адам, қаржы, материалдық және ақпараттық) негізделген әрекеттер (жоспарлау және шешім қабылдау, ұйымдастыру, жетекшілік ету және бақылауды қоса алғанда) жиынтығы деген түсінік береді [Гриффин, 2018: 29]. Алғашында менеджмент концепциялары әзірленді және коммерциялық мақсатқа бағытталған ұйымдарда қолданылды, бірақ кейін олар коммерциялық емес ұйымдарға және адам өмірінің басқа аспектілеріне де кіріктірілді. Менеджмент концепциялары мәдениет салаларындағы ұйымдарға да қолданыла бастады және мәдениеттегі менеджмент жаңа зерттеудің жаңа саласына айналды [Врублевский, 2017: 11]. Дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы университеттер мәдениетті басқару бойынша академиялық бағдарламаларды енгізді. Осылайша, мәдениетті басқару бүкіл әлем ғалымдарының назарын аударды, дегенмен, бұл әлі де өте жас ғылым саласы. Біріншіден, мақалада осы мәселені зерттеу саласы ретінде мәдениеттегі менеджменттің пайда болу процесі «жаңа толқын» кезеңінде болды деген қағиданы тексеруге бағытталған. Екіншіден, зерттеу мақсатымыз осы саладағы зерттеушілер алдында тұрған негізгі мәселелерді анықтау болып табылады. Жалпы біз осы зерттеуімізде мәдениеттегі менеджмент саласы әлемге қаншалықты танымал және бұл саланы одан әрі дамыту үшін ғалымдар қандай міндеттердің шешімін табулары керек.

Осы саланы зерттеуші Хирш пен Левин ғылыми-зерттеу саласының ерте дамуында саланы құрайтын анықтамаларды, эвристиканы және типологияларды әзірлеу үлкен қызығушылық тудыратынын айтты [Хирш П., 1999: 200]. Хирш пен Левиннің пікірінше мәдениеттегі зерттеу бірнеше кезеңдерден тұрады: а) «жарамдылық сынақтары» кезеңі, ә) «типологияларды ретке келтіру» кезеңі, б) «қиындықтарды жеңу» мен «тұрақты мәселені шешу» кезеңі. Әр кезеңнің өзіндік ерекшелігі бар және мәдениеттегі басқару қай кезеңде екенін айту үшін әдебиеттерді шолу әдісі мен сандық әдістер қолданылды. Жыл сайын жарияланатын мақалалар санын анықтау үшін халықаралық басылымдар, Scopus және Web of Science дерекқорлары пайдаланылды. Әдебиеттерге шолу жасауда біздің түсінгеніміз, мәдениеттегі басқару жергілікті жерде енгізілген және көптеген мағыналы да қызықты мақалалар халықаралық ғылыми дерекқорларда индекстелмеген жергілікті журналдарда жарияланған. Сонымен қатар, мәдениеттегі менеджмент саласындағы мақалаларды жариялайтын кейбір халықаралық журналдар дерекқорларда индекстелмеген. Авторлар мәдени менеджмент бойынша зерттеулердің сан алуан деректерін жарияламаса да, белгілі бір дәрежеде халықаралық перспективада мәдениеттегі менеджмент танымалдылығы Scopus және Web of Science деректер базасында индекстелген жарияланған жарияланымдар 1985 жылдан бастап жарық көре бастаған.

Мәдениетті басқарудың тарихы жоқ, мүлдем жаңа сала деп те айта алмаймыз. Дегенмен, мәдениеттегі менеджмент өз алдына маңызды мамандық ретінде ХХІ ғасырдың бас кезінде танылған сияқты. Бүгінгі таңда бұл сала мәдениеттану, менеджмент, арт менеджменті, дизайн менеджменті, мәдениет экономикасы және мәдениет саясаты салаларымен тығыз байланысы бар. Сонымен қатар, шығармашылық индустриядағы медиа-менеджмент және басқарушы ұйымдар сияқты жаңа зерттеу салаларымен қарым-қатынасы нақты анықталмаған - сала. Зерттеушілер, оқытушылар мен практиктер мәдениеттегі менеджменттің анықтамасын ерекше, құнды, маңызды сала ретінде сипаттауы керек. Себебі мәдениеттегі менеджменттің өте жас ғылым саласы болуы және оны терең де мазмұнды зерттелуі қазіргі уақыттың күн тәртібінде тұр.

Мәдениеттегі менеджменттің негізгі мәселелері АҚШ, Еуропа, Орта Азия және Ресейде қызу талқылануда. Әлем ғалымдары мен практиктері осы саланың негізгі мәселелерін анықтап, оны мемлекет үшін де, жеке тұлға немесе мемлекет азаматына оңтайлы етіп шешу жолдарын қарастыруда. Біз осы зерттеуіміз әлемде мәдениеттегі менеджмент туралы пікірталасқа әсер ете алады деп санаймыз. Әлем ғалымдарының зерттеулерін зерделеу барысында бес басты мәселе анықталды. Олар:

1-мәселе: Мәдени-саясат тұжырымдамасын әзірлеуі

Әдебиетке шолу зерттеуіміздің нәтижесі мәдениеттегі менеджментке деген қызығушылық мәдениет пен шығармашылық салалардың тұжырымдамаларының пайда болуы және оны дамытумен тығыз байланысты екендігін көрсетті. Мәдени және шығармашылық өнеркәсіптің мәні туралы пікірталастар әлі де жалғасуда, бірақ қоғамда әлеуметтік-экономикалық дамудағы шығармашылық пен мәдениеттің маңыздылығы жоғары. Қазіргі уақытта мәдениет көптеген елдердің стратегиялық саясатына ажырамас бөлігі ретінде енгізілген. Мәдениет үкіметтен жеткілікті деңгейде қолдау табуда деп айта алмаймыз, сондықтан оның дамуына толық ықпал ете алмайды. Дамыған елдерде мәдениет әлі де күшейтуді қажет етеді, ал даму жолындағы елдерде мәдениет саласы бойынша заңдар мен тұжырымдамаларды қайта қарастырып, үкімет тарапынан бақылауды қажет етуде. Мәдениет саласындағы тұжырымдамалардың болуы мен дамуы сол елдің мәдениетке деген қызығушылықтың артуына әкелгенін білдіреді. Соңғы кездері саясаткерлердің мәдени салаларға деген қызығушылығы артып келеді. Мәдениет пен шығармашылық индустрияда көбірек ұйымдар құрылуда және нарықта мәдени өнімдерді ұсыну да қарқынды дамуда. Біз мәдени өнімдер санының өсуін ғана емес, олардың сапасы мен қол жетімділігінің артуын да байқап отырмыз. Мәдени өнімдер белгілі бір адамдар тобына арналмаған, бірақ олар барлық азаматтарға, соның ішінде әлеуметтік оқшауланған адамдарға да қол жетімді. Сонымен қатар, көркемдік, мәдени немесе әлеуметтік қызметтің кез-келген формасы мәдениетті басқару саласындағы мамандар үшін жаңа құзыреттерге ие болуға немесе барларын дамытуға мүмкіндік беретін әлеуетті еңбек нарығын кеңейтеді. Мұның бәрі мәдениеттегі менеджменттің зерттеу саласы ретінде дамуына ықпал етеді. Бұл дегеніміз зерттеушілер мен практиктерде мәдениетті басқару бойынша терең білімнің болуы мен мәдениетке деген қызығушылықты сақтау керектігін білдіреді.

2-мәселе: Мәдениет салаларындағы ұйымдарды тиімді де ұтымды басқару қажеттілігі

Бұл мәселе сырт көзге айқын көрінгенімен, бірақ мәдени салалардағы кейбір ұйымдар интуитивті түрде басқарылады. Мәдениеттегі менеджмент бойынша білім беру әлі де жетілдіру мен толықтыруды қажет етеді. Осы саланың мамандары біздің өміріміздегі кез-келген басқа салалар сияқты мәдениетті (жоспарлау, ұйымдастырушылық, көшбасшылық және бақылау) және оны адам ресурстарын басқару, қарым-қатынас, маркетинг, операциялар, форма, заң және басқаларының қажеттілігін атап өтті. Сонымен қатар, мәдени мекеменің өміршеңдігі - қаржыландыру көзінің болуы. Мәдени ұйымның тиімді менеджері - сол ұйымның ең маңызды тұлғасы. Бұл мәдениет менеджерлеріне дұрыс құзыреттер мен тиімді бизнес/басқару моделі қажет екенін білдіреді. Мұның бәрі мәдениетті басқару саласында білім мен біліктілік жиынтығын одан әрі дамыту қажеттілігі бар екенін білдіреді. Мәдениет мекемелері басшылары мен менеджерлері мәдениет саласындағы ұйымдарды тиімді басқаруға көмектесетін таңдалған және түзетілген басқару әдістері мен құралдарын меңгеру қажет.

3-мәселе: Білім беру мәселелері

Біз жоғарыда аталған бірінші және екінші мәселелерде мәдениетті басқару үшін сауатты да білімді маман қажеттілігі туралы айтқан болатынбыз. Біз зерттеуімізден мәдениет индустриясында жұмыс істегісі келетін адамдардың мәдениетті басқару саласында ең болмағанда базалық білімі болуы тиіс екендігін ұқтық. Мәдениет саласының қызметкері білімді жоғары оқу орнына дейінгі және университеттік деңгейде (бакалавриат, магистратура және жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейінде) алуға болады. Мәдениетті басқару бойынша оқу бағдарламаларын ұсынатын университеттердің саны аз. Сондай-ақ, мәдениетті

басқару саласындағы академиялық бағдарламалар әзірлену үстінде және кейбір оқу бағдарламалары бір-бірінен ерекшеленеді. Дегенмен, басты міндет кәсіби білім беру ұсыныстарының жетіспеушілігі десек; кей жағдайды мұны гуманитарлық білім беру дағдарысымен байланыстыруға болады. Сондай-ақ, осы саланың сарапшылары мәдениеттегі менеджмент біліміне қатысатын мұғалімдердің білімі өкінішке орай, көп жағдайда ескірген немесе заманауи, жаңашыл талаптарға сәйкес келмейтінін айтуда. Осылайша, білім беру ұсынысы әлі де дамуда, өйткені креативті индустрия мен инновациялық технологиялардың қарқынды дамуы да әсерін тигізуде. Болашақта мәдениетке қызығушылық танытқандар мен мәдениет саласында жұмыс істегісі келетін мамандар теориялық біліммен қатар шығармашылықты дамытуға және жақсартуға тырысуы керек. Білім мен біліктілікті, ұйымдастырушылық пен басқарушылық қабілетті үйлесімді дамыта білген маман ғана осы саланың хас шебері бола алады.

4-мәселе: Мәдениеттің тереңге тамыр жаюуы

Мәдениет пен қоғам тығыз байланысты және мәдениет жергілікті органдармен басқарылады. Әлемнің басқа елдеріндегідей Қазақстандық мамандарда да мәдениеттегі менеджмент бойынша білім жетіспейді, сондай-ақ мәдениет мекемелерін басқаруда да тәжірибеміз де аз. Мәдениетті басқаруда тәжірибесі бар, басқару механизмдерін басшылыққа алып, озық тәжірибелерді қолданып, тұжырымдамаларды талдап, салыстырып, уақытылы түзетулер мен толықтырулар енгізіп отырған елдер де бар. Жергілікті орган мәдениетке қаншалықты көңіл бөлсе, сол мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық әлеуеті де көтеріле бастайды, өйткені барлығы бір-бірімен тығыз байланысты. Егер біз мәдениетті басқару туралы толық білім жиынтығын ұсына алсақ, зерттеу саласы өркендейді.

5-мәселе: Мәдениетті басқарудың пәнаралық сипаты

Мәдени менеджменттің пәнаралық сипаты, кем дегенде, екі есеге өсті. Біріншіден, мәдениетті басқаруда екі түрлі зерттеу саласы біріктірілген сияқты: мәдениеттану және менеджмент (дегенмен, әртүрлі зерттеу салалары мәдениетті басқаруға да өз үлестерін қосады, мысалы, мәдениет экономикасы және мәдени саясат). Сонымен, мәдениетті басқару дегеніміз - мәдениеттану немесе басқару ғылымы арасындағы таңдау емес, олардың арасындағы дұрыс тепе-теңдікті табу. Зерттеудің екі саласы да мәдениетті басқару туралы жемісті түсінік бере алады. Айта кету керек, кең таралған тәсіл - бұл мәдениетті басқаруда басқару әдістері мен құралдарын қолдану, бірақ оларды мәдениет саласындағы ұйымдардың ерекшеліктеріне сәйкес таңдап, мұқият кіріктіру керек. Мәселен, сарапшылардың бір тобы бизнесті басқару тұжырымдамасын бүкіл мәдениет саласына ойланбай көшіру басты қауіп екенін айтса, тағы бір тобы мәдениет индустриясындағы дамып келе жатқан жобалар мәдениетке орасан үлес қосып, еліміздің осы салада әлемге танымалдылығын арттырады дейді. Мәдениетті экономиканың басқа саласы ретінде қабылдауға болмайды. Мәдениетті басқарудағы мәдени зерттеулердің болашағы пайдалы, сонымен қатар басқару ғылымының өзін байыта алады деп санайды. Мәдениетті басқаруда ұсынылған тұжырымдамалардың, әдістер мен құралдардың кем дегенде кейбірін "дәстүрлі" басқаруға (мысалы, визуалды материалдарды талдау; баяндау тәсілі) қолдану қажет. Қазіргі заманғы ұйымдар әлеуметтік, этикалық және экологиялық тұрғыдан сауатты, сондықтан мәдени индустрияның идеялары менеджмент ғылымы туралы білімнің барлық көлемін байыта алады және менеджерлерге олардың мақсаттарына сәйкес келетін ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді. Екіншіден, мәдениеттегі менеджмент - бұл пәнаралық сала, өйткені ол теория мен практиканы біріктіреді. Мәдениетті басқару барлық мүдделі тараптар білім жиынтығын дамытуға қатысқан кезде өркендей алады. Зерттеушілер, суретшілер, білім алушылар және мәдениет қызметкерлері ынтымақтастықта жұмыс істеуі керек, өйткені олар мәселеге қатысты әртүрлі көзқарастарды біріктіріп, оны тезірек және тиімді шеше алады; синергетикалық әсерге қол жеткізуге болады. Практиктер теорияларды зерттеуі керек, ал теоретиктер мәдениет саласындағы адамдармен берік қарым-қатынас орнатпай зерттеу жүргізбеуі керек. Теория мен практиканың үйлесімді қызметі бәрімізге пайдалы болуы сөзсіз. Сарапшылар мәдениетті басқару саласындағы зерттеулермен

айналысатын ғалымдардың жұмыс тәжірибесі бар немесе мәдениет саласындағы адамдармен тығыз жұмыс жасайтындығын атап өтті. Алайда, сарапшылар теория мен практиканың үйлесуі оңай жұмыс емес, мәдениетті басқару саласында зерттеу жүргізетін топтар пәнаралық болуы керек, өйткені бұл әр түрлі зерттеу әдістерін және шешілетін мәселелерге қатысты әртүрлі көзқарастарды қолдануға мүмкіндік береді.

Мақалада ұсынылған мәдениеттегі менеджмент туралы ойлар алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік берді. Ғылыми еңбектердің халықаралық базаларында индекстелген жарияланымдардың санына негізделі отырып, мәдени менеджмент зерттеу саласы ретінде Хирш пен Левин тұжырымдамасы аясында "пайда болған дүрлікпе" кезеңінде және келесі кезеңдер әзірлену сатысында деп айтуға болады. Мәдениетті басқару мәдениеттану, менеджмент, арт-менеджмент, дизайн менеджменті, медиа-менеджмент, шығармашылық индустриядағы менеджмент, мәдени экономика және мәдени саясатпен тығыз байланысты екенін түсіну қажет. Осы зерттеу (1) мәдени және креативті индустриялар тұжырымдамасын әзірлеу; (2) мәдени индустриялардағы ұйымдарды басқару қажеттілігі; (3) білім беру мәселелері; (4) мәдениеттің жергілікті тамыр жаюы; (5) мәдениетті басқарудың пәнаралық сипатын анықтап, әрі қарай қандай бағытты ұстануымыз керектігін көрсетеді. Жалпы Қазақстанда Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасы (2014 ж.) және Креативті индустрияларды дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасы (2021 ж.) жасалып, кейбір ЖОО-нда мәдениеттегі басқару бойынша курстар оқылып, мәдениеттің басқа саламен байланысуы арқылы пәнаралық байланыс орнауында үлкен негіз бар екендігіне сенімді айта аламыз. Сонымен қатар, үлкен қалалар мен облыс, аудан орталықтарында да мәдениет ошақтары аталған тұжырымдамалар мен әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламалары негізінде белсенді іс-шаралар өткізуге кірісіп кетті. Сондықтан да елімізде мәдениет саласын басқару жүйесі дұрыс жолға қойылып, мәдениет саласын дамытуда қомақты жұмыс атқарылуда.

Әдебиет:

1. Гриффин Р. Менеджмент. 12-басылым. Алматы. «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018, - 768 б.
2. Wróblewski Ł. (2017), Culture Management. Strategy and Marketing Aspects. Berlin: Logos Verlag Berlin.
3. Hirsch P., Levin D. (1999), Umbrella advocates versus validity police: A life-cycle model. Organizational Science, 10(2), pp. 199–212.
4. McDermott D.R., Stock J.R. (1980), An application of the project Delphi forecasting method to logistic management. Journal of Business Logistics, 2(1), pp. 1–17.
5. Dziurski P., Pawlicka K., Wróblewska A. (2018), Cultural Management as a Research Area: Challenges. WSB University, pp. 18-22

**БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ
ЖОЛДАРЫ
WAYS TO IMPROVE THE PROFESSIONAL COMPETENCE OF A FUTURE TEACHER-
PSYCHOLOGIST**

П.М. Махашова*

А.А. Сейдаш*

Annotation. The article is devoted to the problem of competence of modern teaching staff. Special attention was paid to the diagnosis of professional competence of future teachers-psychologists. The success of the activity of a teacher-psychologist depends on the high level of his personal development, the ability to communicate with others, and

* М.Х.Дулата атындағы Тараз өңірлік университеті Тараз, Қазақстан, mahashova1964@mail

* М.Х.Дулата атындағы Тараз өңірлік университеті Тараз., Қазақстан, aktotiseidali@gmail.com

productive behavior in difficult situations. The article shows that in order to improve the effectiveness of professional training of future teachers-psychologists, it is necessary to develop professional competencies of students.

Keywords: professional competence, communicative, subjective, advisory, motivation

Қазіргі қоғам өмірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайларын өзгерту, білім беру жүйесін жаңарту мамандардың, атап айтқанда, психолог мамандардың кәсібилігінің сапалы жаңа деңгейін талап етеді. Осыған байланысты кәсіби қызмет жүйесін құруды, қолдануды және түзетуді білетін, кәсіби міндеттерді теориялық және іс жүзінде шешуге дайын жоғары білікті кадрларды даярлау проблемасы ерекше маңызға ие.

Педагог-психолог білім беру мекемесінің педагогикалық қызметкерлерінің ішіндегі білім беру процесін психологиялық қамтамасыз етуге бағытталған кәсіби қызметті жүзеге асыратын маман.

Педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі-жеке және кәсіптік сипаттамалар жүйесі:

- ✓ арнайы дайындық (ЖОО-да даярлау нәтижесі, жоғары оқу орнынан кейінгі қосымша даярлық, кәсіби қызмет);
- ✓ қызметтегі біліктілік (практикада психологиялық-педагогикалық қызмет технологияларын игеру нәтижесі);
- ✓ ұйымдастырушылық-қызметтік құзыреттілік (үздіксіз кәсіптік білім беру және практикалық қызмет процесінде қызметті дамыту нәтижесі) [1, 14-20б].

Табысты кәсіби қызмет үшін тұрақты және жиі өзін-өзі бағалау, әлемге оң көзқарас, эмоционалды тұрақтылық, өзіне деген сенімділік, тұрақты мотивация, жауапкершілік, тәуелсіздік, талдау қабілеті, мақсаттары, міндеттері, жұмыс түрлерін таңдау; нәтижені болжау; құжаттаманы жүргізу; құжаттарды кәсіби сауатты құрастыру; әлеуметтік-педагогикалық жағдаймен жұмыс істеу, әлеуметтік-психологиялық жағдайларды оңтайландыруға ықпал ету; оқу процесіне қатысушылармен және басқа мекемелермен өзара әрекеттесуді ұйымдастыру; психологиялық семинарларға, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу және т. б. қажет [2, 28 б].

Кәсіби міндеттерді білікті орындау үшін педагог-психолог кәсіби құзыреттіліктерді меңгеруі қажет. Құзыреттіліктер мекеменің қызметіне және оқушылардың әлеуметтік-тұлғалық дамуына мақсатты әсер етуге, білім беру процесіндегі психологиялық практиканы рефлексивті бағалауды жүзеге асыруға, құзыреттілік шегін анықтауға және кәсіби өсу жолын жобалауға мүмкіндік береді [3, 8-15 б]. Табысты кәсіби қызмет үшін тұрақты және барабар өзін-өзі бағалау, әлемге оң көзқарас, эмоционалды тұрақтылық, өзін-өзі бағалау және өзіне деген сенімділік, тұрақты мотивация, жауапкершілік, тәуелсіздік, талдау қабілеті және т.б. қажет. Кәсіби маңызды қасиеттер – құзыреттер-педагог-психологқа кәсіби қызметтің динамикалық жағдайында міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуы мен дамуы тұрақты кәсіптік білім беру және практикалық қызмет процестерінде жүреді. Педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі оның табысты кәсіби қызметінің негізі болып табылатын, іс-әрекеттік-рөлдік (білім, білік және дағдылар) және жеке (кәсіби маңызды қасиеттер) сипаттамалар жүйесін қамтитын күрделі психологиялық білім ретінде қарастырылады. Кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыру үшін психолог білім беру мекемесіндегі әлеуметтік-психологиялық жағдай туралы жеткілікті білімге ие болуы керек, өзінің кәсіби дамуы мен жалпы психологиялық қызметтің даму перспективаларын анықтай алуы керек. Білім беру мекемесінің ішінде және сыртында әртүрлі құрылымдармен өзара әрекеттесудің оңтайлы стратегияларын таңдай білу маңызды.

Психолог кәсібилігінің негізгі критерийлері: өмірлік және кәсіби ұстанымның болуы; дамудың басым бағыттарын түсіну (мекеменің ерекшелігін ескере отырып); мақсаттарды, міндеттерді дербес тұжырымдай білу, жұмыс нысандарын таңдау; нәтижені болжау; құжаттаманы жүргізу; құжаттарды кәсіби сауатты жасау; әлеуметтік-педагогикалық жағдаймен жұмыс істеу, әлеуметтік-психологиялық жағдайларды оңтайландыруға ықпал ету; білім беру процесіне қатысушылармен және басқа мекемелермен өзара іс-қимылды ұйымдастыру; психологиялық семинарларға, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу.

Жалпы педагогикалық құзыреттер: білім беру жүйесінің қазіргі жағдайы туралы, білім беру үдерісін ұйымдастырудың негізгі нормативтік құжаттары туралы; білім беру ортасын ұйымдастыру қағидадары туралы, педагогикалық технологиялар мен әдістемелердің алгоритмдері туралы, білім берудің әртүрлі тәсілдері туралы, сабақтардың құрылымы, жүргізілуі және құрылуы ерекшеліктері туралы, тәрбиенің негізгі міндеттері мен бағыттары туралы білім.

Жалпы кәсіптік құзыреттер: арнайы психологиялық ұғымдарды білу және түсіну, жалпы және арнайы психологиялық мәдениетке ие болу, арнайы құралдар мен техникаларды пайдалану; білім беру жүйесінің, мекеменің міндеттерін және өзекті жағдайды ескере отырып, өз қызметін жоспарлау, жобалау, модельдеу, болжау қабілеті; коммуникативтік құзыреттілік, білім беру процесінің әртүрлі субъектілерінің бірлескен қызметін ұйымдастыра білу; проблемалық мәселелерді шешуге жәрдемдесу; консультативтік қызмет дағдыларына ие болу; ағартушылық жұмыс дағдылары мен дағдыларына ие болу, әртүрлі аудиториялар үшін ақпаратты тиімді пайдалану және ұсыну; нәтижелерді, кері байланысты талдай білу, мақсатқа жету шарттары; заманауи ақпараттық технологияларды меңгеру.

Арнайы құзыреттер. Психодиагностикалық құзыреттіліктер-психологиялық-педагогикалық диагностика, оқушылардың жеке психологиялық қасиеттерін, даму ерекшеліктерін бағалау.

Арнайы психокоррекциялық және дамытушылық құзыреттер: жеке тұлғаның ерекшеліктерін, білім беру процесіне қатысушылардың мінез-құлқын түзету, нақты баланың, балалар тобының дамуының өзекті мәселелерін шешуге жәрдемдесу.

Арнайы психопрофилактикалық құзыреттер: психологиялық ағарту, білім беру процесіне және тұлғааралық қатынастарға қатысушылардың жеке басының қалыптасуы мен дамуындағы ықтимал бұзушылықтардың алдын алу, психикалық тепе-теңдікті сақтауға және нығайтуға жәрдемдесу; психологиялық білімді тарату, психологиялық мәдениеттің деңгейін және өмір сүру сапасын арттыру мақсатында психологиялық көмек мүмкіндіктері туралы хабардар болу дәрежесін арттыру.

Арнайы консультациялық құзыреттер: психологиялық және психологиялық-педагогикалық консультация беру, білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық проблемаларын шешуге жәрдемдесу; психикалық даму, оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша жеке психологиялық консультация беруді ұйымдастыру; балалардың психикалық дамуын жүйелі бақылау. Арнайы әдістемелік құзыреттер: әдістемелік қызмет, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді, әдістемелік материалдарды жинақтау және жүйелеу, кәсіби мәселелер бойынша жеке және топтық консультациялар. Арнайы басқарушылық құзыреттер: басқару процестерін психологиялық-педагогикалық қолдау, білім беру мекемесін басқаруды психологиялық қолдау.

Кәсіби маңызды қасиеттер-құзыреттілік мұғалім психологқа кәсіби қызметтің динамикалық жағдайында мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуы мен дамуы тұрақты кәсіби білім беру және практикалық қызмет процестерінде жүреді.

Педагог-психолог бұл білім беру процесін психологиялық қамтамасыз етуге, тұлғалық дамуға және табысты әлеуметтенуді қамтамасыз етуге, білім алушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға, балалар мен жасөспірімдердің құқықтарын қорғауға, олардың дамуы мен мінез-құлқындағы ауытқулардың алдын алуға бағытталған кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагог қызметкерлер қатарындағы маман.

Педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі-іс-әрекеттік-рөлдік (білім, білік, дағды, тәжірибе) және жеке (кәсіби маңызды қасиеттер) сипаттамалар жүйесін қамтитын күрделі психологиялық білім.

Құзыреттіліктің негізі университеттің мамандануы болып табылады (мысалы. "Білім берудегі практикалық психология"), барлық педагог - психологтар үшін міндетті базалық

білім береді. Кәсіби құзыреттілік пен құзыреттіліктің қалыптасуы мен дамуы тұрақты кәсіби білім беру және практикалық қызмет процестерінде жүреді.

Педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі іс-әрекетте көрінеді және мыналарды қамтитын интеграцияланған құрылым ретінде ұсынылуы мүмкін:

- адамның арнайы біліктілігі мен функционалдық сауаттылығы, оның жеке құзыреттілігі, әлеуметтік функционалдық сауаттылығы ұсынылған арнайы әзірлік (ЖОО-да, жоғары оқу орнынан кейінгі қосымша даярлық процестерінде және кәсіби қызметте арнайы даярлықтың нәтижесі);

- іс-әрекеттегі психологиялық-педагогикалық іс-әрекет технологияларын практикада игеру және оны көрсету қабілетін игеру нәтижесі ретінде біліктілік;

- ұйымдастырушылық-әрекеттік құзыреттілік, рефлексивті талдау нәтижелері негізінде қызметті өзгерту мүмкіндігі (үздіксіз кәсіби білім беру және практикалық қызмет процесінде қызметті дамыту тетіктерін игеру нәтижесі).

Қорытындылай келе, кәсіби құзыреттілік және кәсіби құзыреттер бір-бірін толықтыратын және өзара байланыстыратын ұғымдар болып табылады. Құзыреттілік-бұл лауазымдық нұсқаулықпен және жауапкершілік саласымен анықталатын міндеттер шеңбері, маман белгілі бір білімді, дағдыларды, кәсіби қабілеттерді және жеке тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттерін көрсетуі керек өкілеттіктердің белгілі бір саласы.

Кәсіби маңызды қасиеттер педагог-психологқа міндеттерді тиімді шешуге және кәсіби қызметтің динамикалық жағдайында әр түрлі деңгейдегі қиындықтар мен айқындылықтағы мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Әдебиет:

1. Кочюнас, Р. Психологиялық кеңес беру негіздері [Мәтін] / Р. Кочюнас. – М.: академиялық жоба, 2009. – 240 б.

2. Кошель, Н.Н. Кәсіптік құзыреттілік дипломнан кейінгі білім берудің негізгі категориясы ретінде / Н.Н. Кошель [Мәтін] // Адукация I выхаванн. – 2015. – № 9, 8-15 беттер.

3. Білім беру саласындағы Педагог-психолог: кәсіби стандарт [электрондық қолжетімділік] / http://nsportal.ru/sites/default/files/2016/01/15/prof_standart_psychologist.pdf. - 49 б.

3-СЕКЦИЯ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
ЭТНО-ДИНИ ИДЕНТИФИКАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

3-СЕКЦИЯ
ПРОБЛЕМЫ ЭТНО-РЕЛИГИОЗНОЙ ИДЕНТИФИКАЦИИ
В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

3-SECTION
PROBLEMS OF ETHNO-RELIGIOUS IDENTIFICATION
IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ТАРИХИ УАҚЫТТЫҢ ТЕОЛОГИЯЛЫҚ АСТАРЛАРЫ*
THEOLOGICAL BACKGROUND OF HISTORICAL TIME

Сатершинов Бақытжан Меңлібекұлы†
Купешов Қанат Өміртайұлы‡

Annotation. Socio-cultural versions of time space relations in the history of philosophy and science, and their influence on forming of the historical consciousness are analyzed in the article. Content of the cultural-historical time and the cyclical (mythological) and line (historical) conceptions of the historical time and market out. Connection of the natural and cosmos in the folk, mythological consciousness is highlighted, and eschatological traditions in the historical consciousness are examined as well.

Keywords: history, philosophy, theology, God, tradition, religion, folk, mythology.

Тарихи жазба деректер қалдырып кеткен көне өркениеттердің көпшілігі – мысырлық, месопотамдық, ирандық, грек, рим, Колумбқа дейінгі Америка өркениеттері - әрқайсысы өз бетінше тарихтың циклдік тұжырымдамасын дамытқан және тарихтың абсолюттік ақыры дегенді білмеді. Бұл тұжырымдама әсіресе Ежелгі Үнді елінде анағұрлым толық қалыптасқан; жанның көшуі туралы ілім дәл осы жерде ерекше кең тарады, осы күнге дейін өмір сүріп келген касталық құрылыстың пайда болып, өмір сүруінің бір себебі де осында және оның әлеуметтік салдарлары да баршаға аян.

Орасан зор уақыт кесінділерін алып жатқан ғарыштық циклдердің ырғағы өмір мен өлімге, сонымен бірге жақсылық пен жамандықтың мәңгі күресіне жолдама береді. Зұлымдық үстем болғанда әлемнің ғимараты құлайды да, ал рәмізі алтын жұмыртқа болып табылатын дүниенің қайта жаңғыруы жарық пен жақсылық белгісінде жүзеге асады. Екі жүз елуге жуық метафизикалық және мистикалық поэмалардан тұратын үнділік Упанишадтар әлемнің осындай циклдік тұжырымдамасын береді. Мұндағы қайталанушылықтардың тізбегін жан алмасу үдерістері жүзеге асатын хаос пен қайта жаңғырулар цикліне құдайларды, адамдарды және жануарларды тартып алатын алып шығырмен салыстыруға болады. Бұл шеті-шегі жоқ шеңберден шығу үшін көптеген нәрселер мен мәндерден тысқа шығып, барлық мәннің тұтастығымен сіңісу керек. Ал мұның жолы («йога») әртүрлі мектептерде әрқилы белгіленеді: әрекет («карма»), білім («джнана») немесе ізгілік («бхакти»).

Таяу Шығыс пен Мысыр, Алдыңғы Азия мен Иран, грек-рим өркениеттері ұлы монотеистік діндерді дүниеге әкелген діни белдеу болып саналады. Мысырлықтардың үнділіктерден ерекшелігі жекелеген адам өлгеннен кейін жер асты әлемінде өмірін жалғастыруы болып табылады. «Өлілер кітабы» осыдан хабар береді. Дүниені хаостан жаратқан көне гректердің космогониялық мифологиясы да жақсы мәлім. Ежелгі Қытай мен Римдегі, сондай-ақ афро-азиялық, еуразиялық көшпенділерде ата-баба рухына табыну кеңінен таралды. Бұл табынушылық жер бетіндегі мәңгі өмір сүруді білдіріп тұрғандай, әлдеқашан опат болған ата-бабалар ұрпақтарының жадында олардың өздерімен бірге қатар өмір сүре береді. Бұл «қоғам тек тірілерден ғана емес, тірілердің есінде қалған өлілерден де тұрады» деген Огюст Конттың сөздерін еске түсіреді.

Жалпы миф дегеніміз бағзы замандардан бері ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан немесе Платондағыдай толығымен ойдан шығарылған аңыз-эпсаналар болып табылады екен. Бұл мифтер сол заман адамдарының рухани мұқтаждығын, зерделі жанның күнделікті өмірден туындайтын практикалық сұраныстарына ғана жауап беріп қоймай, трансценденттіктен де кет әрі емес болды.

* Мақала AP09259275 «Дәстүр мен жаңашылдықтың діни қырлары: өткені, бүгіні мен болашағы» гранттық қаржыландыру аясындағы ғылыми жоба ауқымында жасалды.

† ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының бас ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының докторы, профессор

‡ Дінтанушы-докторант

Уақытты циклдік тұрғыда қабылдауға сәйкес, табиғи шынайылықта да, әлеуметтік шынайылықта да кез келген жаңа түзілімге орын болған жоқ, барлығы да мәңгі қайталанудан тұрды. Бұл «алғашқы қауымдық» онтологиялық тұжырымдаманы М. Элиаде былайша түсіндіреді: «нәрсе немесе іс-қимыл тек архетипке қандай мөлшерде дәл еліктегеніне және соны қайталағанына қарай шынайылыққа ие болады. Осылайша, қайталану немесе қатысу арқылы ғана шынайылыққа жетуге болады, еліктейтін үлгісі жоқтың бәрінің «мәні жоқ», басқаша айтқанда оларға шынайылық жетіспейді. Адамдардың архетиптікке және парадигматикалыққа ұмтылатыны сондықтан» [1, 38 б.].

Элиаде тарихи оқиғалардың категорияларға, ал тарихи тұлғалардың архетипке айналатынын айта келе, ұжымдық жадыны тарихи емес деп есептейді. Өйткені фольклорлық шығармадағы немесе эпикалық поэзиядағы уақиғалар немесе қаһармандар жоғарыдағы архаикалық онтологияға сай, бір-екі ғасыр өте келе индивидуалдық қабылдауда емес, үлгі ретінде ойлаудың архаикалық тәсілімен ұжымдық жадыда орын тебеді. Ал «тарих» ретіндегі жеке-дара еске алуды Элиаде «тарихи сананың» немесе қазіргі адамның сана болмысына тән деп пайымдайды, «қайтымсыздық пен тарихтың жаңашылдығына деген қызығушылық адамзаттың таяуда ғана ойлап тапқаны, керісінше архаикалық адам тарихтың бойындағы жаңалық пен қайтымсыздықтан барынша қорғануға тырысты.

Ал шынайылықты дамушы ретінде түсіну үшін кеңістікті орталықсыздандырып, уақытты түзету керек. Уақытты түзудің тарихи миссиясын, беделді зерттеушілердің пікірінше, бастапқыда иудазим, артынша христиан діні және соңынан ислам діні атқарды. Бұл әлемдік ұлы діндер «жоқтан бар жасаған Құдай туралы және ақырзаман туралы әлемнің тарихы туралы ілімді үйретті» [2, 20 б.]. Соның нәтижесінде циклдік аграрлық және мифологиялық уақыт бір сызыққа түзетіліп, бірбағыттылық қалыптасты. Бұл тарихи уақыт санада бірден қалыптаса қойған жоқ, бастапқыда элитарлық бағытта жүрсе, кейінірек бірнеше ғасырлар барысында ресми діни идеологияның орнығуы барысында тарихилықтың бекітілуіне әкелді.

Дегенмен бірбағытты тарихи уақыттың пайда болуын ирандық (оның ирандық екені екіталай, соңғы мәліметтер оның тұрандық екендігін дәлелдейді) ұлы реформатор Заратустрамен байланыстырар болсақ, онда линиялық тарихтың пайда болу датасы одан да ары ығыстырылар еді. Оның ілімінде ізгі рухани күш пен зұлым физикалық күштің мәңгі күресі, ақырында ізгілердің марапатталып, залымдардың жазаланатын соңғы Сот күні туралы идеялар тұңғыш рет айтылды. Алайда көптеген зерттеушілер зороастризм дінін монотеистік емес, дуалистік дін деп қарастырады.

Ыбырайымдық (Авраамдық) дәстүрдегі діндердің қасиетті кітаптарындағы (Тәурат, Зәбур, Інжіл және Құрандағы) айтылғандардың қазіргі ғылымда дәлелденуін, гуманитарлық ойдағы «тарихтың ақыры» туралы пікірлер мен жаратылыстанудағы «үлкен жарылыс» теориясын, жұлдыздардың, оның ішінде біздің Күннің өмір сүру мерзімдерін ғалымдардың есептеп шығаруын, біздің жербесікті адамның өзінің әрекетімен жою мүмкіндігін ескерер болсақ, осыдан үш мың жыл бұрын аян болған бұл ақиқатқа таңданбасқа шараңыз қалмайды.

Ыбырайым дінінде (ханиф дін, дұрыс дін деп те айтылады) бекітілген тарихтың бірбағытты тұжырымдамасының қайтымсыздығы адамзаттың іс-әрекетіне біртұтас өлшем береді: әлемдегі барлық нәрсе жаңа және іс-әрекет пен қылықтардың әрбір жағдай мен әрбір адам үшін жағымды және жағымсыз екендігінің түпкі мәнін ашып беретін ақырзаманға қарай бағытталады.

Ескеретін бір нәрсе, уақыттың циклдік тұжырымдамасы да, линиялық тұжырымдамасы да діннің қандай да бір формасымен үнемі сәйкестендіріле бермейді. Мысалы, циклдік тұжырымдамамен байланысты да (айталық платонизм), линиялық тұжырымдамамен де байланысты (Ыбырайымның үмбетіндегілер) монотеизмнің формалары кездеседі. Сондай-ақ циклдік ұстанымды қабылдаған көне стоиктер де, бүгінгі күні тарихтың ақырын мойындаған материалистік философия да атеистік бағдарды ұстанады.

Мирча Элиаде тарихты теофания ретінде қарастырады. Мифологиялық санадан тарихи санаға өту діни тәжірибемен келген сенімнің нақты тарихи ғұрыптық іс-әрекеті – Ыбырайым пайғамбардың өз ұлы Ысқақты Құдайға құрбан етуінен басталады. Осы прецеденттің арқасында Ыбырайым архетипті әрекетті қайталаудың дәстүрлі тұжырымдамасын бұзып, жаңа діни тәжірибе – бір құдайға деген сенімнің (тәухидтің) негізін қалайды. Алайда, Элиаденің ойынша, бұл сенім бірден қалыптасқан жоқ, қалыптасу көптеген ғасырларды қамтыды, бастапқыда элитарлық, индивидуалдық қалыпта болды. Сондай-ақ иудейлік элитаның тарихты қабылдауы мен оның құндылығын мойындауы дәстүрлі архаикалық онтологияны толығымен күйрете алған жоқ. Дүниенің ақырғы қайта жаңғыруына деген мессиандық сенімнің өзі анти тарихи ұстанымды білдіреді. Уақыт пен тарихи оқиғалардың қайтымсыздығы уақыт ағымындағы тарихтың шектелуімен алмастырылады, әлемді қабылдаудың мессиандық нұсқасында тарихқа төзе тұруға тура келеді, өйткені ол болашақтың бір сәтінде бәрін жоққа шығарып, циклді қайта жаңғыртатын эсхатологиялық қызметті атқарады.

Осылайша, адамзат тегінің тағдырларының қалыптасуына да, оның тарихи санасына да ықпал етіп келген және оны одан ары жалғастырып келе жатқан факторлардың арасындағы анағұрлым күштісі біз дін деп атаған әсер болып табылады. Діни фактор барлық әлеуметтік институттардың негізінде жатыр және ол – адамдарды біріктіретін аса күшті импульс. Өте көптеген жағдайларда діни байланыстар нәсілдік, территориялық немесе тіпті отбасылық байланыстардан да мықты болып шығады. Бір құдайға табынатын, бір сенімді ұстанатын адамдардың бір-бірімен қатынасы бір отбасының мүшелерімен салыстырғанда, тіпті туған бауырларға қарағанда мығым әрі орнықты келеді. Діннің шығу тегін ашуға тырысу көп болды. Қазірге дейін өмір сүріп отырған көне діндер өзінің жаратылыстан тыс бастауын түйіндейді, өзінің шығу тегін адамның миымен емес, қандай да бір тыс тылсым дүниемен байланыстырады.

Әлемдік діндердің ықпалында болған ортағасырлық дүниетанымның бірбағытты уақыттың да дуалистік тұрғыда қосарлы болғанын айта кету керек: онда пенделік уақыт пен қасиетті уақыт айрықшаланды, мұның алдыңғысы екіншісіне бағынғанымен, толығымен жұтылып кеткен жоқ. Алайда бір желінің бойына түзуленген уақыттың екі ұшы да көрініп тұрды: оның бір ұшында Жаратушының дүние мен Адамды жаратуы тұрса, екінші ұшында Қиямет күні тұрды. Ақырет циклдік уақытты тұйықтап тұрғандай көрінгенімен, уақыттың бірбағыттылық мәнін жоймайды. Мұны милленаризм құбылысын мойындайтын эсхатологиялық уақыт деп те атайды.

Әрқилы түсініктер мен қозғалыстарды туғызған милленаризм (латынша millennium – мыңжылдық деп аударылады) өзінің бастауын Апокалипсистегі мына мәтіннен алады: «Мен қолында үлкен шынжыры бар және тұңғықтың кілтін ұстаған Періштенің аспаннан түскенін көрдім. Ол ібіліс пен шайтанды бойына сіңірген алып жыланды тұңғыққа лақтырып тастап, оны мың жылға қамап тастады және мың жылға дейін халықтарды азғырмас үшін оның үстіне таңба қойды; содан кейін ол аз уақытқа босанатын болады» (Откр., XX, 1 – 3).

Есепке тартылатын күннен бұрын болатын бұл мыңжылдықты ғасырлар бойы шіркеу әкейлері «аспан патшалығы» орнайды деп түсіндіріп келді, тек 1944 жылы ғана Рим Шіркеуі Ақырет күніне дейін Христос екінші рет тіріліп келеді дегенді ресми теріске шығарды. Алайда мормондар, «Иегов куәгерлері» сынды інжілдік бағыттағы кейбір діни қозғалыстар мен «New Age» («Жаңа дәуір») сынды зайырлы ілімдер мұны тікелей түсініп, насихаттап жүр.

Осылайша тарихилықтың (историзмнің), тарихи сананың қалыптасуына бірбағытты уақыт тұжырымдамасы өзінің үлкен ықпалын тигізді. Енді осы сананың тарихи болмысына әсер еткен тарихтың линиялық түсінігіндегі иудейлік, христиандық және мұсылмандық эсхатологиялық (грекше eschata – «соңғы нәрселер» дегенді білдіреді) көзқарастарды олардың тарихи дамуы барысында түсіндіріп көрейік.

Алдымен иудейлік дәстүрге келер болсақ, алғашқы қасиетті кітап – Тәурат шамамен біздің заманымызға дейінгі XIII ғасырда өмір сүрген Мұса пайғамбарға түскен. Алайда

сыншы-ғалымдардың пікірінше, осыған дейін ауызша таратылып келген мәтіндер ІХ ғасырда қағазға жазылған. Дәуіт патшадан (Х ғасыр) және Амос пен Исаяя (VIII ғасыр) пайғамбарлардан, сондай-ақ б.з.д. 586 жылғы апаттан бірнеше жыл бұрын Иерусалимнің құлауын болжаған Иезекиилден бастап эсхатологиялық мазмұн айқындала түседі де, ол Даниил кітабында таза messiандық (көне еврей тіліндегі Mashiah – машайық «әулиелендірілген» дегенді білдіреді, грек тіліне Христос деп аударылады, Көне яһуди өсиетінде патшалар, оның ішінде Дәуіт, сондай-ақ Ысырайыл осы есіммен аталады, ал Жаңа өсиетте Иисус еврейше Мессия, арабтарда Айса пайғамбар, грекше Христ деп аталады) сипатқа ие болады.

Римдіктердің 70-жылы храмды қиратқанынан және 135 – 138 жж. иудейлер көтерілісін император Адриан басқаннан кейін яһудилік дәстүрде жаңа діни практика пайда болды. Діни кітаптардан апокрифтер алынып тасталды, көне яһуди мәтіні түпкілікті анықталып, раббиндік заңнамалар (Галаха) мен інжілдік комментарийлер (Агада) канондалды. Кейінірек III – IV ғасырларда палестиндік және вавилондық раббиндер мектебі «Гемараны» (қосымша түсіндірмелер) құрастырып, ақырында 39 бөлімнен тұратын Талмуд дүниеге келді. Бұл жинақ қиратылған Храмның орнын алмастырғандай болды.

Бүкіл христиан және мұсылман әлеміне тарыдай таралып кеткен еврей диаспораларындағы Мессияны эсхатологиялық күту ғасырлар бойы тарихи уақыты мен кеңістігіне қарай әрқилы кейіпке енді. Енді Израиль (Ысырайыл) — пұтқа табынушылар арасында ұзақ уақыт қуғын көріп келген құдайдың таңдаулы халқы өз ұлтына үстемдік әкелетін Мессияның және messiандық дәуірдің келуін тарих ағымынан күтеді. XII ғасырдан бастап осылайша күтуді messiанизмнің әлеуметтік-саяси қырына қоса, рухани өмірінің де өзегіне айналдырған мистикалық бағыт қалыптасты. Мистикалық Каббаланың (аңыздардың) жазбаша нұсқалары XIII ғасырда Испанияда («Зогар») кеңінен таралды. XVI – XVII ғасырларда Давид Реуми, Шаббатай Цеви сынды жалған мессиялар өз төңірегінде эсхатологиялық ахуалдар қалыптастырды. XIX ғасырдың соңында сионизм пайда болды («Бүкіләлемдік сионистік ұйымның» негізін қалаушы Теодор Герцль); бастапқыда бұл қозғалыс зайырлы болғанымен, шын мәнінде ұлттық және діни қыры онымен ажырамас байланыста болды; ақырында 1948 жылы Израиль мемлекетінің пайда болуына әкелді. Сионизм – яһудилердің messiандық үмітінің формаларының бірі іспетті. Осылайша, бұл эсхатология тарихи мақсатты - тарихтағы мыңжылдық кезбеліктен құтылып, ұлттың материалды әрі рухани жеңісін көздеді. Тарихта теңдесі жоқ бұл халықтың тағдыры бірде тұйықталумен (изоляциямен), бірде сіңіп кетумен (ассимиляциямен), бірде профетизммен (пайғамбарлықпен, уағызбен), заңнамашылдықпен (дінді ережелердің жиынына әкеліп тіреу), бірде діни әурешілікпен немесе энтузиазммен сипатталды. Ақырында осыдан алпыс үш жыл бұрын бұл халықтың тарихи тағдырларының тоқайласқан саяси орталығы Израиль мемлекеті болып бекіді.

Ал христиандық дәстүрге келер болсақ, Жаңа Өсиетте эсхатологиялық үміттер маңызды орын алады және ол христиандықтың алғаш пайда болған кезінен-ақ басталды. Тіпті Павел хауаридің өзі өзінің тірі өмірінде Христтің екінші мәрте келуінен үміт етті. Бұл мерзімнің нақты болмауының өзі де кездейсоқ емес. Ізгі Хабарда кейде Христостың өзі ақыр заман рухани тұрғыда да, тарихи тұрғыда да жақын дейді, ал кейде оны жалғыз Әкем біледі деп ескертеді, мұның өзі сенімде сергек болып, шәкірттерінің сынаққа төтеп беруін қажет етуден туындаған.

Павелдің жолдаулары мен Иоанн Богословтың Апокалипсисіндегі көптеген эсхатологиялық элементтер тарихтың терең теологиясын беріп қана қоймай, ақырзаман туралы әралуан, тіпті қайшылықты пікірлер туғызды. Алғашқы ғасырларда христиандар қуғынға ұшырады да, мессияның қайта келуін таяу болашақтан күтсе, кейінірек христиандық ресми дінге айналғаннан кейін эсхатологиялық көзқарастар ұстамдылығымен танылды. Католик дінін күні бүгінге дейін шабыттандырып отырған әулие Августин Жер патшалығы мен Аспан патшалығын арасын ашып (бұл жерден де сакралдық уақыт пен профандық

уақыттың табын көруге болады), 426-жылы жазылған «Құдай патшалығы туралы» кітабында Жаңа Өсиетте жазылғанды қатаң сақтауға тырысады. Ол ақырзаманда тек барлық күнәһарлар ғана емес, жын-шайтандар да жалпы бітімге келеді (Апокастасис – apokastasis – грекше «қайта орнатылу» дегенді білдіреді, барлық күнәһарлар да, тіпті жындар да ақырзаманда кешіріледі деген теория) деп жазған Оригенге де, Григорий Нисскийге де қарсы шығады.

Біздің заманымыздағы консеквенттік немесе іргелі эсхатологиялық мектептің көрнекті өкілі А. Швейцердің (1875 – 1965) пайымдауынша, Иса (Иисус) таяудағы тарихтың ақыры және табиғаттан тыс мессиандық патшалық туралы уағыз айтты, бірақ ол орнамады, енді ақырзаманда күтіледі. Пунктуалистік эсхатологиялық мектептің, оның өкілі Р. Бульманның пікірінше, Иса пайғамбардың хабарлаған «Құдай патшалығы» жер тарихымен еш ортақтығы жоқ тылсым шынайылық, Христтің шәкірттері осы өмірдің өзінде Христпен рухани бірге өмір сүріп, құдай патшалығын бұл әлемнен күтпеуі керек. Ч.Г. Додд эсхатология Христтің келуімен «іске асып қойған» деп түйіндейді. Тағы бір көзқарас бойынша Құдай Патшалығы – бұл бүкіл адамзат тарихы барысында өз жолын жалғастырып, өзінің болмыстағы жасырын формасын Елшілігі мен Парусияға (parousia – «көріну», «келу»), адамзат тарихының ақыры, барлық құпияны айқындап, таразыға тартқаннан кейін «уақыты жоқ» өмірді бастау үшін Христтің бар салтанатымен Екінші рет келуі) дейінгі аралықта құрған Шіркеуі. «Қауым» туралы айтқан И.К. Барт та, «алдыңғы эсхатология» терминін қолданған О. Кульман да Құдай Патшалығы мен Шіркеуді бір деп есептейді.

Тарихи уақыт барысында эсхатологиялық көңіл-күйлердің ерекше шарпыған кезеңдері болып тұрды. Әрқилы зұлматтар мен әлеуметтік сілкіністер кезеңінде Антихрист күшіне енді, заман ақыр таяу қалды деген жалпы пікір орын алып тұрды. Мысалы, бұл Рим империясының құлауы тұсында, сондай-ақ XIV ғасырда Еуропа халқының үштен бірін оба індеті жалмаған тұста осылай болды. XV ғасырда папалық институт еш уақытта болмаған дағдарысты бастан кешірді (бірден үш папа болған кездері де болды). Константинопольді түріктердің басып алғаны да христиандар үшін эсхатологиялық әсер берді. Әулие Винсент Ферье ақырзаманның келгенін хабарлап бүкіл Еуропаны аралап шықты.

Батыс-еуропалық Ренессанс ортағасырлық дүниетанымға елеулі соққы берді. Теоцентризмнің іргесі сәгіле бастады, тұтастай алғанда дүниетанымның десакрализациясы, секуляризациясы басталды, ал бұл өз кезегінде кеңістік пен уақыт туралы көзқарастарға әсер етіп, тарихи санадағы құбылыстарға әкелді. Алайда Қайта өрлеу теоцентризмнің орнына антропоцентризмді бекітті, оның үстіне оның ең жаман нұсқасы – жекелеген даралықтың антропоцентризмін орнықтырды [3]. Адам өзін өзі ғаламның орталығы сезініп, барлық басқа ғарышты периферия деп есептей бастады.

Пұтқа табынушы антикалық мәдениеттен сусындаған Қайта өрлеудің рухы эсхатологияны қабылдай қоймады, оның есесіне ширыға түскен эсхатологиялық сана Реформация дәуіріне тән болды. Ол католиктерден гөрі протестанттарда, кальвинистерден гөрі лютерандарда ерекше көрініс берді. Лютер папаны Антихристтің туындысы деп есептеді және ақырзаманда өмір сүріп жатқандай барлық күш-жігерін римдік папамен күреске жұмсады, алайда көтеріліске шыққан анабаптистер Реформация көсемінің өзін Антихрист деп жариялады. Жаңа дүние мен Американың ашылуы да жаңа милленаристік сипаттағы эсхатологиялық сарынның күшейе түсуіне негіз болды.

Ресейде эсхатологиялық көңіл-күйлер 1652 – 1658 жж. патриарх Никонның жүргізген реформасынан кейін күшейе түсті, староверлер бұл реформаны қабылдамай, қоғамнан толығымен тұйықталды, сондай-ақ елде түбірлі модернизация жүргізген бірінші Петр (1689 – 1725) діндарлардың көзіне нағыз Антихрист болып көрінді.

Протестантизмдегі эсхатология экзегетикалық (Ізгі Хабардың іргелі-эсхатологиялық түсіндірмесін беру) сипатта немесе әртүрлі секталарда (мысалы, мормондар мен «Иегов куәгерлері») аңғарылған харизматикалық сипатта байқалды.

Тарихи сананың теологиялануының тағы бір жарқын көрінісі мұсылман дінінің пайда болуы мен таралуынан танылды. Қасиетті Құран Кәрім Мұхаммед пайғамбарға Алладан

періште арқылы түскен аяндар ретінде бастапқыда ауыздан ауызға таратылып, кейінірек үшінші халиф Османның тұсында (644 – 655 жж.) қағазға түсірілді. Мұсылмандар осы қасиетті кітаптан өзге пайғамбардың өсиет істері мен сөздерін білдіретін ізбасарларының жинақтаған хадистер жиынтығы – Суннаға сүйенеді.

Қазіргі біздің заманымызда, әсіресе ХХ ғасырдың соңы мен үшінші мыңжылдықтың қарсаңында діни сипаттағы болсын, зайырлы сипаттағы болсын эсхатологиялық көңіл-күйлердің күшейе түскені белгілі. Бұған милленаризмнің әсері де көп себеп болғаны даусыз. «Өркениеттерге өлім тән», - дейді Поль Валери. Жоғарыда келтірілген қияметтің белгілері де адамның өзіншілдігі мен күнәһарлығынан жербесіктің өзінің өмірін қауіпті жағдайға қойды. Адамзаттың жалпы күнәһарлығы туралы ой уақыттың циклді тұжырымдамаларында да кездеседі, онда бұл белгілер жаңа циклдің басталар алдындағы кезекті циклдің аяқталуының белгілері қызметін атқарады. Ал уақыттың линиялық тұжырымдамасында бұл, өздеріңіз аңғарғандай, тарихтың ақырына меңзейді немесе Мессия патшалығының (иудейлік дәстүрде), Парусияның (христиандықта) және ақырзаманның (исламда) алдында орын алады.

Сонымен, уақыттың бірбағыттылығы Ыбырайым дәстүріндегі ұлы діндердің орнығуымен, әсіресе ондағы эсхатологиялық бағдармен бекітілді дедік. Алайда динамикалық уақыттың қазіргі түсінігі, кеңістік пен уақыттың децентрализациясы мен десакрализациясы толығымен Жаңа заман дүниетанымында жүзеге асты деуге болады. Өйткені қазіргі үстемдік алып отырған әлемдік өркениеттің түбірі осы еуропалық Жаңа заманда қалыптасты деуге болады.

Әдебиет:

1. Элиаде М. Космос и история: Избранные работы. - М.: Прогресс, 1987. – 312 с.
2. Патрик де Лобье. Эсхатология / Пер. с фр. Н. Зубкова. – М.: ООО «Издательство астрель»: Издательство АСТ», 2004. – 158 с.
3. Бұл туралы қараңыз: Лосев А.Ф. Эстетика Возрождения. М.: Мысль, 1982. – 623 с.

**ДІН ФЕНОМЕНІНІҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ
ЖӘНЕ ДЕЗИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ
INTEGRATION AND DISINTEGRATION POTENTIAL OF THE PHENOMENON OF
RELIGION IN MODERN KAZAKHSTAN SOCIETY**

Құрманалиева Айнұр Дүрбелеңқызы*

Annotation. The article shows the integration and disintegration potential of the phenomenon of religion in modern Kazakhstan society on the example of Islam. In addition to consolidation functions, the article also considers in which cases religion can perform a disintegrative function.

Keywords: Religion, integration, disintegration, Identity, Islam

Дін қоғамдық сананың формасы ретінде қоғам мен адам өмірінде, халықтың мәдениеті мен дәстүрінде елеулі рөл атқарады. Дін – бұл өркениетті адамзат тарихында көне дәуірден орын алған рухани құбылыс. Діни мәдениет пен діни құндылықтар – дәстүрлі діни жүйелердің адамзат баласының рухани жан дүниесін жетілдіруге және адамға өмір мәндік мәселелерді шешуді ұсынатын тұғыр.

Дін – адамзаттың бүкіл тарихи сатыларында көрініс беріп, ізінше ілесіп келе жатқан түбі терең, түсінуге қиын астарлы құбылыс. Ғалымдар ертедегі адамдар арасында ең алғашқы діни формалар қашан және қалайша пайда болған деген сұрақтар төңірегінде талай дау-дамай,

* Философия ғылымының докторы, профессор, Дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі, Ainura.Kurmanalieva@kaznu.kz

тартыстар жүргізіп келеді. Діннің қоғамдағы орнын әркелкі сипаттауға болады. Бұл арада ортақ көзқарас, ортақ ойдың болуы мүмкін емес, сөйте тұра бір мәселеге еш күдік жоқ: ол – дінсіз, діннің әсерін ескермей, ешбір халықтың, ешбір өркениеттің тарихын елестету мүмкін емес.

Діндерді, олардың тарихын, қызметтерін білу дегеніңіз – адамзат тарихымен танысу деген сөз. Осы орайда дінді зерттеудің маңыздылығымен қоса, зерттеушіге туындайтын қиындықтарды да есте ұстаған жөн. Сонымен бірге діннің не екенін танып, оның мағынасын ұғыну әрбір саналы адам үшін керек мәдени құбылыс. Егеменді Қазақстан мемлекетінің азаматтары үшін бұл қажеттіліктің өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Елімізде жүзден астам этностар [1] мен діни бірлестіктер бар. Ислам мен православие діндеріне сенетін халық саны тоқсан пайызды құрағанымен, қазіргі заманда елімізге өзге діндердің де ықпалы айтарлықтай [2].

Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет, яғни дін мен мемлекет қызметтері бір-бірінен дербес дамиды. Мемлекеттік салаларда діни іс-әрекет көрініс таппағанмен, қоғам ішінде діннің өзіндік орны, қоғам мүшелері сенушілерге ықпалы бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Сол себепті діннің қоғамдағы әлеуметтік функцияларын ескеріп отыру қажет. Солардың ішінде интеграциялық және дезинтеграциялық қызметіне басты назар аударғымыз келеді.

Діннің интеграциялық әлеуеті жеке индивидуалды деңгейде адамның Жаратушымен байланысынан көрінсе, әлеуметтік қарым-қатынастар аясында «өз жақтастарын біріктіру және оларды саяси, моральдық, экономикалық және басқа мәселелерде пікірлес адамдарға айналдыру» қызметімен анықталады. Діннің қоғамдағы біріктіруші бұл сипатына Э. Дюркгейм Австралияның алғашқы аборигендік діндерін зерттеу барысында діни рәміздер, құндылықтар, әдет-ғұрыптар біртұтастыққа ықпал етіп, қарабайыр қоғамдардың тұрақтылықты қамтамасыз ететініне назар аударған. Діннің қоғамды интеграциялау, оның тұрақтылығы мен тұтастығын сақтаудағы рөлі туралы зерттеулер де, тарихи фактілер де жеткілікті [3].

Қоғамның тұтастығын қамтамасыз етуде діни емес билік институттары, яғни зайырлы билік те діннің тұтастандырушы әлеуетін пайдалануға мүдделі болды. Бұл процесс мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастар тарихынан байқалады. Белгілі бір құндылықтар төңірегінде қоғамның интеграциясынсыз билік функцияларын жүзеге асыру қиын. Кез-келген мемлекет, әсіресе қалыптасудың бастапқы сатысын басынан кешіріп отырған мемлекет, қоғам мүшелерін ортақ ұстанымдар, белгілі бір құндылықтар аясында біріктіруге мүдделі. Бұл бір жағынан мемлекетке деген адалдықты қамтамасыз етсе, екінші жағынан адамдарды біріктіріп, қоғам мүшелері ретінде ортақ мүдде аясында ұйымдастырылуына ықпал етеді. Билік басындағы бірінші басшылар осы мүддені көздей отырып, бірнеше ру, тайпаларға таралатын мемлекеттік билікті күшейту мақсатында ортақ дінді қабылдау және оны таратуға үлкен мән берген және бұл жағдайды тиімді пайдалануға тырысқан.

Бүгінгі таңда да, әсіресе соңғы жылдардағы дін тақырыбының өзектіленуіне байланысты зайырлы мемлекеттер де дін саласындағы саясатын қайта қарап, мемлекет пен дін қарым-қатынасына басты көңіл бөлуде. Бұл жағдайлардан Қазақстан Республикасы да тыс қалып отырған жоқ.

Қазақстан – дінаралық келісімді биік тұғыр ретінде ұстанып келе жатқан ел. Діни бірлестіктердің өзара ынтымақтастықта қарым-қатынасқа түсуіне мүмкіндік жасап отырған поликонфессиялы мемлекет ынтымақтастық идеалын ұстануда. Еліміздің рухани-мәдени саладағы саясатының негізгі басымдықтарының бірі – этносаралық және конфессияаралық келісім, соның негізіндегі мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы диалогты дамыту болып табылады. Бұл диалог олардың өзара қарым-қатынастарының барлық тараптарын реттейтін заңнамалық-құқықтық негізде құрыла отырып, қоғамның тұрақтылығын нығайтуға ықпал етеді.

Қоғамдағы тұрақтылық мемлекет үшін ғана емес, діни бірлестіктер үшін де маңызды. Шынайы төзімділікке, толерантты мәдениетке бірлесе ғана қол жеткізуге болады. Жан Жак Руссоның «мемлекет үшін әр азаматтың өз міндеттерін жақсы көруге итермелейтін діни болуы маңызды» деп атап кеткеніндей, діндардың Құдайға деген сүйіспеншілігінен басқа Отанға деген адалдығы, патриотизмі болуы керек.

Қазақстанда конфессияаралық келісімді нығайтуда еліміздің тарихи қалыптасуында, мәдениетінде басымдылыққа ие ханафи мазхабы мен христиандықтың православиелік тармағының өзара қарым-қатынасы маңызды рөлге ие екені даусыз. Олардың бейбіт қатар өмір сүруі әлеуметтік және рухани өмірдің тұрақтылығының кепілі болып табылады. Бұл өзара түсіністік сүйіспеншілік, мейірімділік, сенім, адамдар арасындағы бір-біріне құрмет, лайықты мінез-құлықты дәріптейтін ислам мен христиандықтың маңызды құндылықтарына негізделген. Қазақстан халқының тарихы мен мәдениетіндегі аталған дәстүрлі діндердің орнын ұлықтау мақсатында еліміздің мерекелік күндерінің ресми күнтізбесінде Құрбан айт және православиелік Рождествоның бекітілуі рухани келісімнің бірден бір айғағы деп түсінілуі керек [4].

Қазақстанда жоғарыда аталған діни бірлестіктермен қатар, иудейлердің, католиктердің, лютерандардың және басқа да жаңа діни бағыттардың бірлестіктері жұмыс істейді. Қазақстан Республикасы әлемдік діндердің жетекші орталықтарымен тығыз байланыс орнатқан.

1992 жылдан бастап 18 қазан Қазақстанда Рухани келісім күні болып жарияланды. Бұл күні әрбір діни конфессияның еліміздегі рухани келісімді нығайтуға қосқан зор үлесі атап өтіледі. Қазақстан Республикасының бастамасымен өткен Әлемдік діндер көшбасшыларының басын қосатын Съезд, халықаралық симпозиумдар Қазақстанның діни жағдайды зерделеу ісінде көшбасшы болып табылатынын көрсетті. Шынында да, біздің елде мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы қатынастардың өзіндік моделі қалыптасты: серіктестік, өзара құрмет және бір-бірінің ішкі істеріне араласпау қағидаттарына негізделген конфессияаралық келісімнің бірегей моделі әлемдік деңгейде мойындалды. Биылғы Съезд барысында да бірқатар келелі ойлар айтылып, оңды пікірлер ортаға салынды, нақты ұсыныстар да айтылды. Атап айтсақ, Иран Ислам Республикасы Президентінің жанындағы Мәдениет және ислам байланыстары ұйымының президенті Мохаммад Мехди Иманипур «Діндерді зерттеудің әлемдік орталығын» ашу діндердің дамуы мен олардың әлемдік үйлесімділікке қосатын үлесін әлеуметтік зерттеулер негізінде жасай отырып, қоғам дамуындағы діндердің әлеуетін пайдалану бойынша ұсыныстар мен нақты шешімдер жасаудың үлгісі болатынына тоқталды. Спикердің діни көшбасшылардың әлеуметтік капиталын дамыту мәселесіне тоқтала отырып, рухани көсемдердің сөзбен емес, әдебімен, тұлғалық беделімен, өзіндік үлгісімен құндылықтарды насихаттауы маңызды екенін басып айтты.

«Акшардам» әлеуметтік келісім саласындағы қолданбалы зерттеулер орталығының директоры Джайотиндра Мукундрай Даве Абайдың еңбектеріне сілтеме жасай отырып, қазақтың даналығын әлем тілдеріне аудару керектігін ұсынды. Дөңгелек стол басында отырған әрбір елдің төрінен Абай шығармаларын алдағы уақытта көреміз деген үлкен сенімдеміз. Бұл ел-елдегі Абай институттарының ашылып, халықаралық деңгейдегі «Гете Институт», «Конфуций Институты» секілді танымалдыққа ие болмасына кім кепіл...

Әлемдік діни ахуалды және көптеген шет елдердің тәжірибесін талдауға арналған және 20 жылдай уақыттан бері үзіліссіз өткізіліп келе жатқан Съезд жұмысы мұндай модельдің неғұрлым оңтайлы және қолайлы болып табылатынын көрсетті. Мұны елеулі жетістік және одан әрі ілгерілеудің маңызды шарты деп атауға болады.

Қазақстанда 130-дан астам ұлт өкілдері тұрады. Қазақстан халқы Ассамблеясы табысты жұмыс істеуде, бес мыңнан аса Үкіметтік емес ұйымдар мен 200-ден астам этномәдени орталықтар бейбіт қатар өмір сүріп, қоғамдағы рухани келісімнің жалғастығына үлестерін қосып келеді. Республикадағы діни алаң аясы да сан алуандығымен ерекшеленеді: 18 конфессияға тиесілі 3800-ге жуық діни бірлестіктер, олардың діни ғимараттары мен баспа басылымдары заң аясында қызметтерін жүргізуде.

Тәуелсіздік алған сәттен бастап біздің біртұтастануымыздың қағидаты ретінде қазақстандық патриотизм идеясы басты орынға қойылды. Патриоттық тәрбиенің тиімділігі Қазақстан тарихын, әдет-ғұрып, дәстүр, тіл, Республика халықтарының мәдениетінің еркін дамуына жол салынды. Қазақстандықтардың бір-бірін түсінуіне ұлты, әлеуметтік және діни айырмашылықтары да кедергі болған жоқ және болмауы тиіс қағидасы берік орнықты. Қазақстандық патриотизм – аға буынның арқасында қалыптасқан қоғамда қиын дағдарыстық жағдайларға төтеп беруге көмектесетін моральдық тұғыр, қазық болды десек артық емес. Оның өзіндік бет-бейнесі мен менталитеті бар, оның негізгі белгілерінің бірі – Қазақстанға өз Отаны ретінде деген сүйіспеншілік, қонақжайлылық пен риясыздық, өзара көмек, елде атап өтілетін мерекелердің интернационализмін атап кетуге болады. Дәл осы халықтық отансүйгіштік Қазақстанды әлемдегі қарқынды дамып келе жатқан елдердің біріне айналдыруға көмектесті.

Халық, ең алдымен, жастар, патриотизм дегеніміз бұл тек бір ұлтты ғана мадақтау, көтермелеу емес, мәдениеттер, діндер мен дәстүрлердің бейбіт өзара іс-қимылы арқылы ғана Қазақстанды дамытатын қуатты ресурс екенін білуге тиіс.

Мемлекеттің бітімгершілік саясатының нәтижесінде Қазақстан Орталық Азиядағы қауіпсіздік режимін сақтаудың бірден бір кепілі болып отыр. Бейбіт қатар өмір сүру үлгісі, өңірлік қауіпсіздікті тұрақтандырушы және еліміздің экономикалық реформалардың көшбасшысы ретіндегі мәртебесі біздің елімізге геосаяси, геоэкономикалық және геоақпараттық сипаттағы жаһандық және өңірлік құрылымдарда салмақты рөл атқаруға мүмкіндік береді. Басым бөлігінде халықаралық ұйымдардың біздің елімізге сенім артуы этносаралық және конфессияаралық келісім моделінің арқасында мүмкін болды деп айта аламыз. Еліміздегі рухани келісім мәдениетінің жоғары деңгейі – Қазақстанның кемсітушілікке, діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес ісіне, жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен қолдаудың жалпы әлемдік процесіне қосқан үлесі болып табылады. Қазақстанда барлық діндердің тең құқығына кепілдік беріле отырып, конфессияаралық келісімді қамтамасыз етуге толық бейімділік танытып келеді. Елімізде исламның, басқа да әлемдік және дәстүрлі діндердің озық дәстүрлерін құрметтеледі және дамытуға қолдау көрсетіледі. Дегенмен осы заманғы зайырлы мемлекет орнату саяси бағдар болып табылады. Қазақстан Республикасы жалпыадамзаттық құндылыққа негізделген рухани келісімді баянды етуге мүдделі және сол бағытта дами бермек. Бұл жағдайда діннің интеграциялық қызметін тиімді пайдалану қоғамның тұрақтылығы үшін аса қажет. Қоғамда «ортақ діни сенімі басымдық танытатын болса, діннің интеграциялық функциясы жүзеге асса, ал әлеуметтік топтар мен қоғамда бір-біріне қарама-қайшы әр түрлі конфессиялар болса, онда бұл жерде діннің дезинтеграциялық функциясы жүзеге асатын болады» [5] және діни негіздегі қауіптердің бәрі осы жерден басталады. Мәселен, «саясатта діннің қоғамды біріктіруші әлеуетін ұтымды пайдаланған Иран революциясын атауға болады және діннің дезинтегратор ретінде көрініс табуын Югославия тарихынан айқын көрінеді, мұнда діни фактор бір территорияда өмір сүріп отырған, ортақ серб-хорват тілінде араласатын славян халықтарын православиелік Сербия, католиктік Хорватия мен мұсылмандық Боснияға бөліп жіберді».

«Діндер классификациясына үнілетін болсақ, интеграциялық функцияны ұлттық діндер жақсы орындайды. Мәселен, иудаизмді ұзақ уақыт бойы еврейлерді біріктірді. Ұлттық діндер белгілі бір халықтың мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады және оның шеңберінде дамиды. Сондықтан олар көбінесе дін ретінде емес, мәдени дәстүрдің бөлігі ретінде қабылданады. Бұл жапон синтоизмінде және Қытай конфуцийшілдігінде айқын көрінеді. Әлемдік діндер ұлттық контекстен жоғары тұрады және сол дінді ұстанатын ұлттық мәдениеттер өкілдерінің басын біріктіреді. Бұл жерде буддизм мәдениеті, христиан мәдениеті және ислам мәдениеті ұғымдары халқының басым бөлігі ұстанатын дініне байланысты қалыптасқан мәдениет туралы хабар береді. Мәселен, Европадағы христиандық мәдениет, Азиядағы мұсылмандық немесе буддистік мәдениет».

«Протестантизм ұйымдық мағынада плюрализмнің жарқын мысалы болып табылады. Сондықтан, онда қазіргі заманның өзекті мәселелерін шешудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы, әйелдер діни қызметкерлері немесе бір жынысты некелер. Протестанттық ұйымдардың ішіндегі осы мәселелер бойынша күрт сәйкессіздіктер бітіспес позицияларды және сәйкесінше ыдырауды тудырады. Католицизм ұйымдық тұрғыдан біртұтас. Әрбір католик өзін әртүрлі мәдениеттердің өкілдерін біріктіретін үлкен шіркеудің бір бөлігі ретінде сезінеді. Православиеде автокефалды шіркеулерді біріктіріп тұр. Дін діни және зайырлы институттардың қызметі арқылы интегративті функцияны жүзеге асырады. Мұсылмандар интеграциясы «ислам әлемі» деген ұғымның қалыптасып, әр түрлі контексте қолданылатыны бізге таныс. «Ислам әлемін» ғылыми әдебиеттерде діни-мәдени, географиялық және саяси аспектіде қарастырылу орын алған. Осы жерде біздің баяндама контексінде «ислам әлемі» ұғымының діни-мәдени қыры қызықтырады. Оған қандай түсініктеме берілгеніне назар аударсақ, «Діни және мәдени тұрғыдан ислам әлемі – ортақ діни және мәдени құндылықтармен, өмір салтымен байланысты діндарлардың әлемдік қауымдастығы. Бұл аспект үшін «умма» термині қолданылады – мұсылман қауымы. Умmanın маңызды маңызды сипаттамасы – ұлттық немесе этникалық айырмашылықтарға назар аудармау. Умма үшін мемлекеттік шекаралар жоқ, мұсылмандар қай жерде болса да, діндарларға көмектесуге дайын. Умmanın бұл тұжырымдамалық ережелері исламның діни постулаттарының тартымдылығын және оның айтарлықтай жұмылдыру күші барын көрсетеді» [6].

Исламның біріктіруші әлеуетін халықаралық ұйымдар мысалында көре аламыз, айтарлық 57 мемлекетті біріктіретін Ислам ынтымақтастығы ұйымы. Бұл ұйым «Мұсылмандардың ортақ нарығын» қалыптастыруды көздейтін ауқымды интеграциялық жобаларға бастамашылық етті. Атап айтсақ, «Ислам даму банкі», «Сауда, өнеркәсіп және тауар алмасу жөніндегі Ислам палатасы», «Ислам капиталдарын ұйымдастыру» және т.с.с. Бұл үрдіс халықаралық құжаттарды әзірлеу және қабылдау саласында да көрініс тапты. Мәселен, «Адам құқықтарының Ислам декларациясы», шарифатқа сәйкес ИЫҰ әзірлеген халықаралық терроризмге қарсы күрес туралы шарт және т. б. қабылданды. Білім беру, ғылым бағытында да қаржыландыру қолға алынып, осындай қолдаулар арқылы діни миссионерлік жұмыстар жасалады. Әлемнің түкпір-түкпірінен әл-Азхар университетіне оқуға келіп, ары қарай осы университеттен алған білімдерін еліне таратады, яғни діни интеграцияланудың бірден бір жолы діни білімге берілген басымдық. Осы ретте мемлекеттің идеологиясының және мемлекеттің мүддесінің жолға қойылғаны туралы бір мысалды алға тартқымыз келеді. Мұсылмандардың интеграциялануы бойынша Швециядағы жұмысты мысалға келтірсек, Швециядағы мұсылмандардың діни қажеттіліктерін өтеу ісінде діни қызметкерлерге қажеттілік бар. Бұл мәселені шешу үшін Швеция билігі мұсылман елдерінен имамдардың кіруіне қарсы емес. Бірақ «діни қызметкер болып жұмыс істеуге» үміткерлерден белгілі бір швед стандарттарына сәйкес келетін теология бойынша ғылыми дәреже туралы куәлік ұсыну талап етіледі. Бүгінгі таңда мұндай куәліктерді беретін жалғыз мемлекет – Түркия. Сондықтан Швецияға ресми түрде келген имамдардың көпшілігі сол жерден келеді. Бұл басқа этномәдени топтардың өкілдеріне ұнамайтыны түсінікті, өйткені олардың көпшілігі тек тарихи Отанының тілінде сөйлейді» [7]. Бұл жерде Швеция тарапының интеграциялану мәселесін шешудегі бір қадамын көреміз. Екінші жағынан Түркияның ғана сертификат бере алуы, яғни «еуроисламда» түркиялық фактордың басым болатынына назар аудару керек.

Ұлттық қауіпсіздік мәселелері ғылыми-зерттеу орталығының басшысы, Н.Э. Бауман атындағы ММТУ «Ақпараттық талдау және саяси технологиялар» кафедрасының профессоры, саясаттану ғылымдарының докторы Бочарников Игорь Валентиновичтің пікіріне жүгінсек, исламның интеграциялаушы әлеуетінің тартымдығы мен басымдығы төмендегі ерекшеліктеріне байланысты:

«Исламның салыстырмалы жас дін екендігі. Әділетсіздік пен қысымның көріністеріне тап болған халықтың едәуір бөлігі үшін негізгі діни догмалардың тартымдылығы. Исламды оның жақтастары ең жақсы идеология, өмір салты, қиындық көргендердің қорғаушысы,

мемлекет пен қоғамның идеалы, барлық қиыншылықтарға қарсы панацея ретінде қабылдайды. Исламды саясаттандырудың жоғары дәрежесі. Мұсылман елдеріндегі дін саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдарға қарағанда қоғамдық тәжірибеде маңызды рөл атқарады. Осының салдарынан діни ислам институттары діндарлардың дүниетанымын және олардың саяси-құқықтық мәселелерге, оның ішінде халықаралық деңгейге қатынасын қалыптастыра отырып, қоғамдық-саяси өмірдің негізгі орталықтары болып табылады. Мұсылман қауымдастықтарының діни және зайырлы аспектілерінің өзара байланысымен анықталған исламның әмбебаптығы. Ислам – бұл тек діни ілім ғана емес, сонымен бірге рухани, зайырлы және діни-саяси функциялардың тығыз байланысымен сипатталатын өмір салты. Ислам әлемінің күшті жақтарына оның батыстық мәдени, моральдық-этикалық және саяси құндылықтарды аз қабылдайтындығы және кейбір жағдайларда оларды ашық түрде қабылдамайтындығы жатады. Сонымен бірге, батыстық модельдерді енгізу, әдетте, исламның халықтың қалың бұқарасына әсерін күшейтуге әкеледі. Бұл ислам дінін ұстанушылардың исламға деген құштарлығы, ол ислам идеалдарын, соның ішінде әскери күш пен жанқиярлықты бекітуге ұмтылудан көрінеді» [6].

Біздің еліміздегі ситуацияға байланысты айтатын болсақ, поликонфессиялы мемлекет ретінде діннің интеграциялаушы қызметін пайдалануға мүдделіміз. Қазақстанда мекендейтін ұлыстардың басым бөлігі ислам дінін ұстанады. Діннің біріктіруші және бөлуші әлеуетін ислам діні негізінде ашып көрсетсек. Ислам – қазақ ұлтының, түрік, ұйғыр және тағы басқа этникалық топтардың ұстанатын діні. Әрбір ұлттың өзіндік мәдени ерекшеліктеріне қарамастан, діни ұстаным деңгейінде ортақтасып, қоғамда мұсылмандық мәдениеттің өкілдері ретінде қабылданады. Жерлеу рәсімдері, діни мерекелер, жұма намазы кезінде ислам интегратор ретінде қызмет атқарады. Неке қию, жаназа намаз, қырық күндік ас, жылдық ас кезінде мұсылмандар орыс тілді, қазақ тілді деп бөлінбей, біріге алатын қауқары бар. Сонымен қатар, жұма уағыздарының алдына ала бекітілетін тақырыптар жоспары діни негізде интеграциялана отырып, қоғамдағы өзекті мәселелердің жауабын табуға бағдарланады.

Дегенмен мәселелер де жоқ емес. Қазіргі кезде елімізде діннің қоғамды бөлуші де қызметіне, өкінішке орай, куә болып отырмыз. Діннің дезинтеграциялық функциясы бір ұлттың өкілдері діни көзқарастарының конверсиясы салдарынан ұстанымдарын өзгерткен жағдайда, ілімдік сұрақтарда талас-тартысты сұрақтар негізін таппаған кезде орын алады. Мәселен, Құранды орыс тіліне аударған публицист Серік Рысжановтың дінге байланысты көзқарастары дәстүрлі ұстанымдағы көптеген діндарлар тарапынан қолдау таппайтыны анық.

Этникалық топтар көп шоғырланған жерде, сол топтардың ғана баратын өз мешіттері болады, себебі уағыз сол тілде жүргізіледі. Дәстүр, қалыптасқан өмір салты сол топтың тұрғысынан талқыланып, шешіліп отырады. Бұл жердегі басты мәселе, біздің ойымызша тілдік идентификациямен болып отыр. Әрине бекітілген уағыздар тақырыбы берілгенмен, олардың қаншалықты сол қалпында беріліп жатқанын әрқашан бақылауда ұстау қиындық туғызатыны анық. Қазақ ұлтынан барған имамдар ол жерде ұзағынан тұрақталып қала алмайды. Бір жағынан бұл жерде тілдік және мәдени барьер, имамдар мен сол топ өкілдерінің арасындағы коммуникацияның үйлесімді дамып кетпеуі болса, екінші жағынан имамдарды ығыстыру, яғни өздігінен кетуге мәжбүрлеу де орын алады. Айталық, көрсеткен қызметтеріне сай қаражат қарастырмау, жиын және діни рәсімдер кезінде айналып өтіп, өз топтарынан қажетті адамдарды, бұл жерде имам емес, Құран оқитын адамдардың қызметіне жүгініп отыру деген шараларға бару.

Алматы қаласында имамдық қызметте тәжірибесі мол діни қызметкердің эксперттік ойына жүгінетін болсақ, соңғы уақыттарда интернет-шейхтардың, әлеуметтік желідегі белсенді уағызшылардың кесірінен ат қою рәсіміне имамдар шақырылмайды және сүндетке отырғызу рәсімі медициналық мекемеде өткізуді жөн көретіндіктен, ол жерде де діни рәсімнен гөрі, дәстүр ретінде қабылданады. Адам қайтыс болғаннан кейінгі үш күндік, жеті күндікке сирек шақырылатын болды.

Сонымен қатар, 90-жылдары діни білім іздеп кеткен сол кездегі жастар, қазіргі кездегі орта жастағы азаматтардың да діни көзқарастары бұл бөліністі тереңдете түсетінін байқаймыз. Мәселен, Өзбекстанда, Түркияда, араб елдерінде оқып келген имамдардың ортақ мүдде аясында біріге алатынына күмәніміз бар. Бұл азаматтар кезінде әлі дүниетанымы толық қалыптаса қоймаған солқылдақ кезінде, шетелдік мәдени ортаға түсіп, толықтай сол жақтың діні, мәдениеті, ділін сіңіріп келді. Осы ретте бәрін ортақтастыратын басты негіз ол қазақылық, қазақтық болуы тиіс деп ойламыз. Ашып айталық: демек ортақтастыратын тірек – қазақ тілі, қазақ салт-дәстүрі, қазақ мәдениеті, туған жер. Еуропалық елдерде қазір, шведтік, француздық, немістік, ағылшындық деген сипаттарына көбірек мән беріп, осы ұлттық аяда интеграциялануды исламдану процесінен сақтанудың жолы ретінде бағамдап отыр. Бұл мәселелер миграциялық жағдайларға байланысты, Еуропаға қоныс аударған мұсылмандардың жергілікті қоғамға интеграциялануынан туындайды. Соған байланысты «еуроислам», «ислам секьюритизациясы» деген терминдер айналымға еніп, дінтанулық дискурс аясында күн тәртібіне шығып отыр. Еуропалық қоғам, яғни христиандық әлемге жататын қоғам қазір мұсылмандық мәдениетпен бетпе-бет келіп, онымен санасуға, мойындауға мәжбүр болып отыр. Өздері иммигрант ретінде енгендер, ендігі жерде қоғаммен интеграцияланудан бас тартып, өз құқықтарын алға тартуда. Зерттеушілердің пікірінше, түрік дәстүршілдігі, араб модернизмі және ирандық «зайырлылық» арасындағы қарапайым қайшылықтардан басқа мемлекет тарапынан гранттар алу, қаржыландыру сияқты мәселелерде мүдделер қақтығысы орын алады [7].

Халқымызда сүйекке қатысты тағы бір ырым – шілдеханада сойылған малдың мойын омыртқасын босанған әйелге немесе басқа да адамдарға мүжуге беретін болған. Бірақ ең бастысы, сол омыртқаны сындырмай, бөлмей тұтастай етін таусып жеп, оны сақтап қоятын болған. Әсіресе, төр жаққа қарай іліп, сол күйінде бірнеше күн ұстаған. Бұндағы ырым жаңа туған нәрестенің мойны тез қатаюы үшін деп белгіленген. Ол сүйекті, кейіннен де, итке тастауға болмайды. Бұл жерде нәрестенің мойны мен сойылған қойдың мойнының бірлігі және сүйекті сақтау белгілі бір деңгейде көне замандардан сақталған дінге негізделген салт болса керек. Бүгінгі күнгі қазақ даласында ол сиректеу кездесетін, ұмыт болып бара жатырған ырымдардың бірі.

Сондай-ақ жеті атаға дейін қыз алыспаудан туындаған дәстүрлердің бірі, ұрпақтар әлжуаз, аурушаң болып бара жатырса, мүлде басқа аймақтан, тіпті басқа жат жұрттықтан да қыз алып, одан ұрпақ қалдыру дәстүрі – «Сүйек жаңғырту» деп аталады [Қазақтың этнографиялық категориялар, атаулар мен ұғымдар жүйесі. Энциклопедия, 2017:213]. Бұнда да «Сүйек» басты нысанаға алынған және ол ұрпақтар сабақтастығындағы басты қағидаттардың біріне айналған салт.

Жалпы алғанда, сүйекке қатысты мағынасы мен себепті байланысы түсініксіздеу, табуы қиындау салттар да қазақтар арасында жиі кездеседі. Мысалы, сойылған малдың кәрі жілігін мүжіп, жуып-тазалап, оны үйге іліп қойса, ол ұры-қарыдан сақтайды деген ырым-түсінік бар. Ол шындығында солай ма, солай емес пе, мәселе онда емес, кәрі жілік сүйек пен ұрлықтың арасында қандай байланыс орнатқандығы түсініксіздеу. Бұны сол баяғы надандықтың салдары, пұтқа табынушылық, ескі наным-сенім сарқыншақтары, адасу деп шешкеннен гөрі әлі де болса зерттеуді қажет ететін терең мәнді құбылыс деп таныған дұрыс (мүмкін, *заманауи кванттық физика заңдылықтарына сәйкес*). Мәселе, оны тек бүгінгі күні қолдануда ғана емес, сол екі құбылыстың арасындағы байланысты ата-бабаларымыздың қалай орнатқандығында болып отыр. Бұл да сол сүйекке қатысты, бір жағынан магиялық, бір жағынан практикалық дәстүр және бүгінгі күні өте сирек қолданылатын, ұмыт бола бастаған салт деп айта аламыз.

Жоғарыда айтылғандай, тектіліктің түп арғы негіздерін тәңіршілдік сенімімен келіп байланыстыратын көзқарастар бұл құбылысты былайша сипаттайды және оның ұмыт болған қатпарларын ашып көрсетуге ұмтылады: «Ар-намыс-рух(тылықтар) тегінде «сүйекке таңба түсірмеу» деген түсінікке де негізделген саналы құбылыстар. Бұл айтылғандар бір жағынан арғытектеріміздің дүние құрылымы туралы түсінігіміздің негіздерінің бір қырын көрсетсе, екінші жағынан олардың дағдылы (қазір біз ұмыта бастаған, кейбірін алаңсыз ұмытқан) қарым-ды қатынастардың, салт-дәстүрлердің, ырым-жоралғылардың, рәміз-рәсімдердің бастапқы мазмұндарын берген. Қазіргі біздің ұлттық әлеуметтік нормаларымыз бен құндылықтарымыздың бастапқы арғытектік, архесемалық мазмұндарының нағыз бастау

тектері жоғарыда қаралған ұғым түсініктерде жатыр. Сол туралы біздің тәржімамыз, тәңіршіл-құдайшыл сананың онтологиясын қалыптасу – жүзеге асу механизмі – орд(т)асы тәңірлік – халықтық антропология мен социологиясының ұғым-түсініктерінде ғана емес, солардың мәністік астарларын біріктіретін ым-қисындық мағыналарында» [Оспанов, 2009: 266].

Келесі кезекте, «сүйекке таңба түсуді» реалистік және рәміздік түрде қарастыра аламыз. Шындығында, біздіңше, жаугершілік замандағы ұрыс кезіндегі қарулардың тері мен еттен өтіп сүйекке дейін жарақат алуы да кездесетін жайт. Олар сол сәтте болсын, кейіннен болсын, қайтыс болғаннан кейін де сол таңба болып сақталып қалады және бірнеше мыңжылдықтарға кететіндігін қазіргі археологиялық зерттеулер дәйектеп жүр. Кез-келген дене мүшесіндегі сүйектердегі таңбалар сол сүйектің сақталып қалуымен қатар жүреді екен. Сүйекке таңба түсу – осы «сақталып қалумен» де байланысты болса керек. Ол таңба жоғалмайтын болса, кек алуға ұштасуы ықтимал және мәңгілік айғақ болып тағайындалады.

Осы тұста, реалистік пен рәміздік түрдегі айтылған осы сөздің аралығындағы «Сөз сүйектен, таяқ еттен» өтеді мәтеліне аналогиялық түрде, «Таяқтың еттен де, сүйектен де» өтуін келтіре кетуімізге болады.

Ал рәміздік түрдегі сүйекке түскен таңба, ол – ар-намысқа байланысты айтылатын өмірмәнділік-экзистенциалдық «ұлы қайғы» болып саналған. Осы тұста, сәл шегініс жасап, қазақтардың өмір философиясындағы тағы бір маңызды ахуалға тоқталып өтуіміз керек.

Қазақ философиясындағы толықтай ашылмай келе жатқан құбылыстың бірі – «нақ Өзінің өткен мен болашақ үшін өмір сүретіндігі». Бір қарағанда, батыстық философиялық түсінікте, адамның өзі қашанда «Өзі», ол өзге емес және «Өзі» мен өзі абсолютті еркіндікте, қалай ғұмыр кешкісі келсе солай әрекет етеді. Шындығында, қазақтардың сол кез-келген дәуірдегі Өзі – ол өткен ата-баба рухын сақтап, оны кейінгі ұрпақтарға жалғастырушы буын қызметін аса құндылық ретінде санап, кей сәттерде ол өмірдің мағынасына да айналған деуімізге де болады. Демек, «Өзінің» өмірі өткен ата-баба рухы және болашақ ұрпақтар алдындағы жауапкершіліктермен тағайындалған. Одан қашып құтылу да мүмкін емес, тіпті биологиялық-физиологиялық (ген), психологиялық (архетип), рухани (барлық рухани мәдениетті алып жүруші) тұрғыдан алсақ та, ол өткеннің құндылықтарын «қабылдап алушы – сақтаушы – келер ұрпаққа жеткізуші». Бұл ұжымдық та, жеке де қызмет (*Бірақ бұны И.Канттың үзілді-кесілді бұйрығына ұқсатауға болмайды*). «Ата-бабаның аруағын қорлады» деген аморальдік түсінік осыдан қалған. Ал егер де сол дәуірдің тұлғасы белгілі бір қылмыс жасаса, аморальдік әрекетке барса, өздігінен «ар сотына» тап болса, ел-жұрт алдында жазаланса, кешірілмес күнә жасаса т.б. сол күнәсін о дүниелік болса да, ақтай алмайды, ол сүйегіне мәңгі түсірілген таңба болып сақталып қалады. Бұл сәттерде, кейіні ұрпағына жалғасқан осы жазаның өтеуінің бір бөлігі, одан кейінгі жеті атасына дейін сабақтаса береді «екен». Бұл биологиялық жағынан, ал психологиялық жағынан да, ол кейінгі ұрпақтарының бейсанасында сақталып қалады, әлеуметтік жағынан, ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын жады болып сақталып қалады. Ондай қылмыс жасағандар, реалды немесе рәміздік немесе ниетті түрде қоғамнан алшақтатылады, аластатылады. Бұндай «аутсайдерлік» жаза кейінгі ұрпақтары үшін де ұмытылмайтын болған: «Бұл кезіндегі пәленшенің (жағымсыз субъект) баласы», «Ананың (жағымсыз субъект) немересе, соның тұқымы ғой», «Кезінде атасы солай істеген» т.б. өткен ата-бабасының барлығы жағымсыз, жиіркенішті мағынада айтылған және ол бірнеше жылдарға созылған (мүмкін жеті атаға дейін). Мәселен, Кенесарыны өлтірген қырғыздар туралы қазақтардың тарихи жады бұндай деректерді саналы-бейсаналы түрде әлі күнге дейін сақтап отыр. Ал кеңес үкіметі тұсында бұл бір-біріне қарама-қарсы екі полюсте, екі жазықтықта қарастырылды: біріншісі, тұқымына деген өштік, екіншісі: «Әкесі үшін баласы жауап бермейді» қағидасы.

Демек, сүйекке таңба түсу келер ұрпақтарының өзінен бұрынғы ата-бабаларының кемшін тұстарын тарихтан білген сәтте немесе тура әкесі болса, «өзін қор санап», «кемсітілген кейіпте», «рухын жасытып», «өзін толыққанды тұлға ретінде сезіне алмай»,

«өзгелер сияқты ата-бабасының даңқымен масаттана алмай» т.б. ғұмыр кешуге алып келеді. Бұлай өмір сүруі әрине, сырттан бажайлап қарасақ, «ұлы қайғы». Ол әкесі, анасы, әжесі, атасы үшін де баласының «осындай өмірі» орны толмас үлкен өкінішке алып келеді.

Бірақ бұл психоаналитикалық тұрғыдан келгенде, бүркемелеуге, өзін-өзі ақтауға, өзін-өзі қорғау тетіктеріне т.б. алып келеді (Бірақ бұл өз алдына жеке зерттеуді қажет ететін мәселе).

Бұл сүйекке түскен «Таңбаны» «әлдеқандай мол қаражатпен», «психологиялық гипнозбен, сендірумен, сиқырмен», «Ядорлық т.б. қуатты қарулармен», «тоталитарлық билік саясатымен», «заңдық-құқықтық ережелермен» т.б. қандай-ма заманауи тәсілдермен жойып жіберуі мүмкін емес. Өйткені, ол «ел аузына қақпақ бола алмайсың» дегендей, тарихи жазбаларды әдейілеп жойып жіберсе де, тарихты қайта жазса да, шындық оқиға ел аузындағы ауызша тарихнамада сақталып қала бермек. Кезіндегі, Н. Назарбаевтың «Біздің тарихымызда ұялатын да ешнәрсе жоқ» деп айтуы осы – «сүйекке түспеген таңбаның Ұжымдық түрі» деп бағамдай аламыз.

Соңғы уақыттарда тарихтағы бұндай сүйектеріне таңба түскендерді кешірімшілдікпен қабылдау, ұмыт қалдыру, елеусіз қалдыру т.б. қағидаттар тұрғысынан қарастыру үрдісі де сақталып келеді. Мәселен, 1932-1937 жылдардағы аштық пен қуғын-сүргін жылдарындағы бірін-бірі «коммунизм торы мен орына» жығуға ықпал еткен қазақ зиялыларын бүркемелеу көп жағдайда «құпталатын тарих» (шынайы тарих емес) ретінде жазылып келеді.

Бұндай сүйекке таңба түсу, бұрынғы кезеңдерде тұтас рудың намысы мен арына кір келтіру болып саналған. Сондықтан да, оны өз руы жазалаған сәттер де кездеседі. «Сүйек – адамның шыққан тегіне, руына қатысты күрделі ұғымның бірі. Мысалы, байырғы қазақта «сүйегің кім болады?» деп сұрау, оның ата-тегін сұрағанда қолданылатын болған. Сондай-ақ рулық санада сүйекке таңба болу деген сөз орамы жеке адамның арына ғана емес, ол шыққан әулеттің, рудың, атақ абыройына түскен дақ дегенді білдіреді» [14,216б.].

Ал М. Шахановтың Махамбетті өлтірген ұлын жазаға тартатын оқиғаны баяндайтын (*Дала заңы - Баба заңы, қарағым, -Деп әкесі қолына алды садағын!*) «Әке үкімі» атты өлеңінде де, сүйекке таңба түсірген ұлын өз қолымен жазалаған әкесі туралы оқиға да [Шаханов, www.zharar.com], осы намыстан туындаған, бұны қазақ халқы «өлімнен ұят күшті» деп қысқаша тұжырымдаған.

Бірақ әрине, бұл сүйекке таңба түсу үмітсіз тұңғыық, мүлде шығар жол жоқ соңғы ақирет т.б. емес, оның да медиашарттары болған болуы ықтимал: «...ала да туады, құла да туады» деп бүркемелеп жіберу, «Ел ішіндегі бір тентек қой..» деп жазасын жеңілдету т.б.

Қорыта айтқанда, қазақ этикасын еуроцентристік таным парадигмасы тұрысынан қарастырудан аршып алып зерделеуді әрі қарай тереңдету ұлттық философияның, оның ішінде, қазақ этикасын зерттеудің маңызды бағдарларының бірі болмақ. Әрине, қазақ этикасы турасындағы бірінғай зерттеулер де баршылық. Дегенмен, олардың бұрынғы нұсқасын сақтап қалумен қатар, сол түпнұсқа мәтінді деконструкциялап, тұтас мәтін ішіндегі ұлттық код тұрғысынан бағамдалған сөздер мен ұғымдардан бастап, сөйлемдер, ойлар, идеялардың барлығын іріктеп алуымыз да қажет сыңайлы. *Сонда екі нұсқа да жарыспалы түрде сақтала береді.*

Демек, қазақ этикасын тұтасымен ұлттық дүниетаным тұрғысынан зерттеу, сәйкесінше, тек біз қарастырып отырған «сүйекке таңба түсуді» ғана емес, бірнеше ұғымдар мен түсініктер жүйесін тереңірек пайымдауды керек етеді және ең бастысы, олар тек қана төлтума, яғни, басқа халықтарда кездеспейтін категориялар болуы тиіс. Мәселен,

- «нала» концептісі: қыздың наласы; нала-жала (жала жабу); налыды т.б.
- «Төр» концептісі: сакральді мағынасы – аруақтар орны, әлеуметтік-қонақжайлылықтағы құнды орын т.б.
- «Кие» концептісі: сакральді мағынасы – киесі ұру, киелі мекен, әлеуметтік-психологиялық-тарихи мағынасы – бұрынғы, қастерлі, эзотериялық т.б.

Шындығында, осындай этикалық мәнде қолданылатын философемдерді барынша кең ауқымда қарастыруымызға болады. Мәселен, этиканы бұндай кең ауқымда қарастыру батыстық зерттеушілерде кездеседі [Маккиннон, 2020].

Әдебиет:

1. Айтқазин Т. Қазақтардың мұраты: монография. – Алматы: Ғылым, 1994. – 96 б.
2. Бейсенов Қ. Қазақ топырағында қалыптасқан ғақлиятты ой кешу үрдістері. – Алматы: Ғылым, 1994. – 411 б.
3. Акарай С. Мироззренческий синкретизм казахов. - Автореф.док.дисс.наук – Алма-Ата, 1993. – 33 с.
4. Предфилософия протоказахов / Муханмадияр Орынбеков. - Алматы: Өлке, 1994. – 207 с.
5. Сегизбаев О.А. Казахская философия XV - начала XX века : Учеб. пособие для студентов вузов / О.А. Сегизбаев; М-во образования Респ. Казахстан. Алмат. гос. ун-т им. Абая. - Алматы : Ғылым, 1996. – 470 с.
6. Ерғалиев І., Телібаев Ф. Қазақ дүниетанымының негізгі ұғымдары// ҚР ҒА хабарлары. - 1993. - №3. - 17-23 бб.
7. Т. Ғабитовпен сұхбат. Ежелгі мәдени құндылықтарды қазіргі заман нормаларымен сараптау дұрыс емес // <https://alashainasy.kz/person/ejelg-madeni-kundyilyiktardy-kazrg-zaman-normalaryimen-9375/>
8. Гуссерль Э. Идеи к чистой феноменологии / Пер. с нем. А. В. Михайлова. М.: Лабиринт, 1994. - 216 с.
9. Верстин И.С. Первобытный социум в этнологических концепциях Л.Леви-Брюля и К.Леви-Строса // Вестник Чувашского университета. - №2. - 2022. - С.44-52
10. Алпатов В.М. История лингвистических учений: Учеб. пособие.- 4-е изд., испр. и доп. — М.: Языки славянской культуры, 2005. — 368 с.
11. Нұрмұратов С. Түркілік дүниені түсінудегі руханилық мәселесі // Қазіргі заманғы руханилық мәселесі.-Алматы: СаҒа, 2007.- 560 с.
12. Жолмухамедова Н.Х. Этноэстетика және әлемді көркем игерудің ұлттық белгілері // Қазақ эстетикасының құндылықтық-мағыналық негіздері. Ұжымдық монография / Жалпы ред.басқарған З.К. Шаукенова, С.Е. Нұрмұратов.-Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 234 б. - 60-77 бб.
13. Қазақтың этнографиялық категориялар, атаулар мен ұғымдар жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: Өлем. Даму. Интеграция, 2017. - 1Т. – 856 б.
14. Қазақтың этнографиялық категориялар, атаулар мен ұғымдар жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: Өлем. Даму. Интеграция, 2017. - 5Т. -816 б.
15. Оспанов С. Арғытектану негіздері: тәңірлік пен жаратушылық ілімді зерттеудің ғылыми-практикалық мәселелері. – Алматы: Арыс, 2009. – 424 б.
16. Мұхтар Шаханов. Әке үкімі // <https://www.zharar.com/kz/olen/6192-ake.html>
17. Маккиннон Б., Фиалла Э. Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2020. – 868 б.

БҮГІНГІ ҚОҒАМДАҒЫ ДІНИ КӨЗҚАРАСТАҒЫ АДАМ МӘСЕЛЕСІ THE HUMAN PROBLEM FROM A RELIGIOUS PERSPECTIVE IN TODAY'S SOCIETY

Купбаева Райхан Махсүтовна*
Кадирғалиева Айжан Төлеуғалиевна†
Фазыл Роза‡

Annotation. The influence of religion on the political and social life of a civil society, which is declared to be everyone's own business, the ability of one religion to support various political directions, the religious movement does not stand alone, but on the contrary, combined with a certain secular ideology or positions, forms the value system of people's political orientations. formation issues.

Keywords: society, religion, man, faith, culture

* Магистр, аға оқытушы Шымкент университеті, mahsyt2022@mail.ru

† Магистр, аға оқытушы Шымкент университеті, jan_707.90@mail.ru

‡ Магистр, оқытушы

Дін - қоғамдық құбылыстардың ішіндегі ең күрделісі. Діннің мән-мағынасын қаншама ғұламалар ашып көрсетуге талпынған болатын. Дін жөнінде жазылған мақалалар ғылыми еңбектер саны некен-саяқ. Дегенмен «діннің бастауы мен тұңғыиық терең мәні ел көзінен тасада қалып қойды» [1]. Қорқыныш-үрей де сүйіспеншілік те, ата бабаларды қастерлеу де және т.с.с. да діни сенімнің өз алдына жеке тұрған бастауы бола алмасы анық. Дінге нақты және бір мағыналы анықтама берем деу өте қиын. Егер «религия» – (дін) терминіне келер болсақ, латын тілінен дәлме-дәл аударғанда «байлау», «екінші қайта оралу» дегенді білдіретін көрінеді.

Цицерон шығармаларында «религия» сөзі халықтың тұрпайы соқыр сенімге қарсы қойылған ұғым ретінде пайдаланылады. Бұдан шығаратын бірден-бір тұжырым, дін деп кез келген сенім түрін, яғни адамды қасиетті, мәңгілік, тапжылмас құндылықтармен байланыстыратын сенім түрін айтады. Сенім – діннің негізін қалаушы фактор, оның субстанциясы. Сенім қарым-қатынас байланыс сынды ұғымдармен астарлас жатыр. «Мен Құдайға сенемін деп айту үшін адам өзін сол Құдаймен байланыста сезінуі қажет, оған бүкіл жан-тәнімен бет бұруы керек. Сенім белгілі бір мағынада өзін-өзі тәрк етуді, өзін құрбандыққа шалуды білдірері де анық. Құрбандық деп қандай да болмасын тілек үшін белгілі бір құн төлеу қажеттілігін сезінуден туындаған дүниені, іс-әрекетті айтады. Адам әлеуметінің ең көне рәсімі - құрбандық шалу рәсімі.

Құрбандық не мақсатпен шалынады, оның мәні неде және т.б деген көптеген сұрақтар туады. Бірақ бұл жерде дінді анықтаудағы қиыншылықтар сияқты көп бөгетке тап боламыз. Бірақ осында көпшілікке белгілі, қалыптасып қалған көзқарас та жоқ емес - ол бойынша діни наным-сенімдердің қоғамды реттеушілік функциясы алдыңғы қатарға шығарылған. Басқа сөзбен айтар болсақ, ол көзқарас діннің де сенімнің де қоғам тудырушы рөлін анықтағысы келетіндігі айғақ.

Адам ұжымдары қақтығыссыз өмір сүре алмайды. Адамдардың алғашқы бірлестіктері зорлық-зомбылықсыз, «бәрінің бәріне соғысынсыз» (Т.Гоббс) болып көрген де емес. Бастарын біріктіре тұра, бір-бірімен қауымдаса тұра адамдар бөлінісіп, ыдырасып та үлгереді. Мұндай қиын-қыстау кезеңде адамдардың жағымсыз қасиеттерін - қанды жауыздық «құмарлығын» өзіндік бір жолға салып, оның қарқынын басатын бірден-бір құрал ретінде құрбан шалу қарастырылады. Яғни діннің бір негізгі көрінісі болып табылатын құрбан шалу әрекеті қоғамды дезинтеграция, бытыраңқылықтан сақтайтын механизм болып табылады. Сол сияқты діннің өзінің бойынан да осы қасиетті кездестіреміз, яғни дін де адамдар арасындағы қиратушы зорлық-зомбылық күштеріне кері әрекет етіп, әлемге тыныштық, келісім, жақсылық әкелуді мақсат тұтады.

Адамдар бүкіл адамзат тарихы барысында өмірден тұрақтылық, өзгерместік, мәңгілік пен қасиетті іздеп келеді. Әртүрлі діндер осы ізденістердің жауабы деп түсінсек те болғандай. Дін адам Жанынан туындайтын дүние, ол өзінің мазмұны көп түрлі нәрселерден жинақтайтын болғандықтан өз ретінде адам өмірінің көптеген салаларын тәртіптеуші нормативті құрылым болып табылады.

Дін адам жандүниесінің талап-талпыныстары мен арман-мақсаттарының тоғысу нүктесі бейнесінде адам өмірінің толыққандылығын танытатын категория ретінде де қарастырылады. Дін деп адамдардың қасиетті байланысты іздеу және табу барысында қол жеткізетін бірлестігінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін методологиялық механизмді атайды. Діннің негізінде рәсім тұр. Рәсім деп жеке тұлғаның әлеуметтік іс-әрекетін қатал қадағалаушы ережелер жиынтығын айтады. үкімет пен азаматтық қоғам институттары пайда болмай тұрып-ақ рәсім адамдар арасындағы қарым қатынастарды реттеп, қоғамды тәртіпті сақтауға болысқан.

Дамыған діндердің ортақ мүддесі – қақтығыссыз кикілжіңсіз өмір сүру. Бір Құдайға табынушы діндердің алғашқысы – иудаизмнің өзінде қауымдастар арасындағы жанжалды бүкіл көпшілік алдында ортақтаса шешу принципі қабыл алынған болатын. Діни бірлестік бұл жерде қауым арасында үйлесімді тіршілік етуді көздейтін және бейбіт-тыныш өмір сүрудің

кепілділігі бола алатын дәрежеде көрсетілген. «Дін – бейбіт өмірдің субстанциясы. Дін арқылы көпшілік арасында кең танымал бейбітсүйгіштік идеясы тарайды» [2]. Жалпы қандайда болмасын қауымның тұрақты әрі үзіліссіз, Ұдайы дамуының және қызмет етуінің түпкі себебі сол қауым мүшелерінің әлеуметке лайық, мақсат мүдделі іс-әрекетіне көп байланысты екендігі кімге де болса түсінікті нәрсе. Адамның жалған өмірінің шеңберінен тысқары орналасқан қандайда бір түпнегіздер табу – діннің болмыс етуінің алғы шарты. Қоғамдағы адамның алдында көптеген өмірлік маңызы бар сұрақтар туары рас, ал енді оның шешімін Құдайға деген сенімсіз, дінсіз табу қиынға соғады әлде тіпті де мүмкін емес деуге болады. Ол мәселелер мәңгілік мәселелер және де ол адам болмыс-бітімінің айрықша ерекшелігін құрастырады да. Сондықтан да діннің қай кезеңінде болмасын, қандай қоғам типінде болмасын алар рөлі ерекше.

Бастапқыда дін үкіметпен, мемлекетпен тығыз байланыста өмір сүрді. Мысалы, қола дәуіріндегі көптеген мәдениеттерде саяси және рәсімдік немесе діни қызметтерді бөліп жару өте қиын болатын. Көне шығыс өркениеттерінде діни ұйымдар мемлекеттік басқару ісіне тікелей араласатын еді. Бұндай күйді біз орта ғасырлық Еуропа тарихынан да кездестіреміз. Еуропада тек Жаңа Дәуірдегі ірі рухани төңкерілістен кейін ғана жағдай мүлдем басқаша болып өзгереді. Қайта өрлеу кезеңінен басталған өзгерістер нәтижесінде еуропалық қоғамдық-мәдени өмір шіркеу қарамағынан, оның қатал бақылауынан бірте-бірте босана бастайды. Бұл процесс реформация нәтижесінде жылдамдап, қарқын алады. Мәдениеттің зайырлық принципіне өтуді саяси-қоғамдық және экономикалық құндылықтардың пайдалану аясының кеңеюі мен, ғылыми зерттеулер мен техникалық шығармашылықтың қарқынды дамуы мен етене байланысты жүріп отырады. Қоғамның, жеке адамның дін ықпалынан айырылуы шіркеудің өкіметтен, мемлекеттен шеттеуіне, соның нәтижесінде оның саяси құрылымдар қатарынан жеке бастың еншілігіне қарай ығысуына, яғни мемлекеттен азаматтық қоғам аясына ауысуына әкеліп соқты.

Батыс адамзаты үкімет билігінің заңға негізделген легалды түріне көшкен сәтте Шығыста әлі де болса сакралды (қасиетті) және профанды (қарапайым күнделікті), діни және зайырлы бастамалардың біте қайнасып жатуы көзге ұрады. Соның айғағы ретінде исламдық әлем мен қытайдың ұлы мәдениеттерін мысал ете кетуге болады.

Христиан және буддизм дінімен салыстырғанда дүние жүзілік діндердің тағы бірі – ислам адамдардың күнделікті тіршілігіне көп араласады. Сондықтан болар ислам дін мен саясаттың, діни ұғымдар мен мемлекеттік органдардың байланысты тамырын тереңге жайған.

Ислам мен оның өкімет билігі құрылымдары мен ара қатынасын байыптау Қазақстандағы дін мен азаматтық қоғам қарастырғанда қажет болады. Қазақстан Республикасының ата заңы – Конституциясы бойынша дін мемлекеттен алшақ бөлінген, ол дегеніміз жоғарыда аталғандардың әр қайсысын өз алдына өзінің қызметтерін атқарады, әрі бір-біріне кедергі етпейді деген сөз. Біздің республикамыздың азаматтарының қандай дінді ұстанам деуі яғни, ар-ождан еріктілігі Қазақстан Республикасының Конституциясына, Азаматтық кодексіне, «Қазақстан Республикасын діни бірлестіктер және дін тұту еркіндігі туралы» Заңдарына негізделеді.

Қазақстан Республикасында заң жүзінде бекітілген шіркеу-мешіттің мемлекеттен бөлінуі діннің мемлекетке ешбір етер ықпалы жоқ дегенді білдірмесе керек. Қандай да болмасын мемлекет азаматтардан тұрады, ал олардың өзіндік наным-сенімдері, соның ішінде діни наным-сенімдері бар болатын болса, онда мемлекет те өзінің толығымен діннің ықпалынан тысқарымын деп сезіне алмайды. Діни факторды ескермей маңызды әлеуметтік процесстерді қарастыру және олардың мәселелі тұстарын шешу мүмкін емес екендігін бүгінде елдің бәрі мойындайды.

Дін елдің бәріне, көпшілікке түсінікті түрде адамзат тарихының мәні мен ерекшелігі туралы сұрақ қояды, адамшылық идеясын алға тартады, адамгершілікті тұлға, ар-ождан, ұят туралы көзқарастарды қалаптастырады. Ол тек адамның сыртқы қылығы мен іс-әрекетін ғана

реттеп, бағыттап қоймайды, сонымен қатар ішкі дүниесін жасайды, адамның Мейірімділік, Махаббат және Шындыққа деген сенімі мен үмітін қалыптастырады.

Қазіргі таңда әлемде бар діндердің қайсысымен болсын әлсіз байланысқан адам бүгінгі таңда әбіржу үстінде – ол не өзінің заң беруші ақыл-ойына, не ұлы пайғамбарлар мен адамзаттық ұлы ұстаздарына сенуі керек. Біздің замандастарымыз жоғарыда аталғандардың қайсысын таңдап алғандығына қарамастан діни қажеттіліктің өзектілігі азаймайды, кемімейді. Діни қажеттіліктер әсіресе қоғамдық қарым-қатынастардың күрт өзгеріске ұшыраған, түбегейлі жаңашыл бағыт ұстанған қиын-қыстау өтпелі кезеңдерінде өте маңызды болары сөзсіз, өйткені дәл сондай шақтарда жеке тұлғаның өзінің болашағына деген үміті жоғалып, өзіне деген сенімінің азаятындығы белгілі. Сондықтан болар, КСРО-ның ыдырауының. Яғни алғы шептегі қоғамдық мұрат – «коммунистік бағытты болашақтың жүзеге аспай қалуының нәтижесінде адамдардың көпшілігі әр түрлі діни конфессияларға, бірлестіктерге бет бұрды.

Қазірде Батыста болсын, Шығыстың көптеген зайырлы мемлекеттерінде болсын, солардың арасында бізде де дін азаматтық қоғамның біріктіруші-бақылаушы механизмі ретінде қарастырылады. Азаматтық қоғамдағы діннің негізгі қызметі оның мәдени-әлеуметтік жүйесінің бірлігін сақтап қалушы күш болып табылатындығында. Көптеген діни бірлестіктер өздерінің діни насихатын шаруашылық қызметімен қоса ала жүреді, нәтижесінде республика территориясында кіші жекеменшік ұжымдар мен фирмалар пайда болып, экономиканың дамуына және жаңа жұмыс орындарының пайда болуына әсерін тигізеді. Шіркеулер мен мешіттер қаражаттан тапшылық көретін кемтарлар, кәрі-қартандар, жалғыздікшілер және т.с.с қайырымдылық көрсетуді де ұмытпайды. Діни ұйымдардың бүкіл қаржы-қайрат, іс әрекеттері бейбітшілік, төзімділік және сүйіспеншілік мұраттарын өмірге енгізу үшін бағышталған.

Бәрімізге бір жай – зорлық-зомбылықтың алдын алу, болдырмау басталып кеткен, орын алған зорлық-зомбылықты тоқтатудан гөрі әлдеқайда оңайға соғады. Себебі зорлық-зомбылық көзі адамның жаратылыс табиғатымен, инстинктерімен байланысты болғандықтан ол көбінде иррационалдық, соқырсемізділікке жақын түр. Зорлық-зомбылық «жүкқыш», оған көп еліктегіш келеді. Басталып кеткен зомбылық өзінің неден туындағанын, шынайы себебін ұмыт қалдырып, мүлдем басқа себептерді өзінің қайнар көзі деп табады. Зорлыққа зорлықты қарсы қойып нәтижеге жетем деу сорақылық, сондықтан да саналы, ақыл-ойы бүтін адам, зорлық көрсе бүкіл болмысымен жиіркеніп, тыжырынар» (Е.Н.Трубецкой) пенде бар мүмкіншілігі мен бар қажыр-қайратын «күш көрсету» принципін салу керек. Оған басты себеп – «күш көрсету» принципін адамдардың бірлесе тіршілік етуі үшін пайдалы екендігінде. Әлеуметтік өмір түгелдей дерлік қарым қатынас, байланыстан тұратын болғандықтан ол қашан да бірлік, татулық, ұйымшылдықты жоғары бағалайды. Әрбір жеке тұлғаның тағдыры басқаны және де қауымды шетқалдырмауы керек.

«Дін арқылы бүкіл әлемге нұр шапағатын шашып тұрған бірлесу және келісім, яғни, азаматтық бейбіт өмір сүру мағынада өзінің шыңына діни бірлестіктерде қол жеткізеді [3].

Өзін өзі реттеуші, яғни, азаматтық қоғамда адам тікелей өзімен және басқалармен тұрақты келісімде өмір сүруі және бүкіл қоғаммен әмбебапты конвенцияға жетуі қажет. Осы тұста адамға көмекке дін келеді. Э. Дюркгейм дінді ұжымдық бейсаналық, индивид пен қоғам, әлеуметтік топтар мен тұлғалардың арасында байланыс орнататын және қоғамды біріктіретін түсініктердің жиынтығы деп қарастырады. Осы сипатта қарастырғанда, дін белгілі бір дәрежеде қоғам мүшелерінің көпшілігі қолдайтын және осы арқылы оның тұтастығын сақтайтын институционалдырылған нормалардың, сенімдердің және құндылықтардың жүйесі болып табылады. Дін жеке тұлғаның әлеуметтік жағдайларға үйлесімді және тиімді бейімделуге бағытталған бағдарлары мен іс-әрекеттік стереотиптерінен тұрады. Мысалы, христиандық құндылықтар (жақынға деген махаббат, рухани қасиетінің маңызы, пайғамбар уағыздарын орындау, жанды құтқару және т.б.) мен исламдық қағидалар (нәпсіқұмарлықты тежеу арқылы Құдайға жақындау, қауым мүшелерінің ынтымақтастығының маңызы, мұсылмандық беспарызды өтеу, т.т.) қоғамның рухани деңгейін көтеруге бағытталып, ізгілікке шақырады.

Дүниежүзілік діндер таза этникалық құндылықтар аумағынан шығуға мүмкіндік беретін іс-әрекеттер императивтерін қалыптастырады. Конфессионалдық бірлік деңгейінде тұлғааралық және топаралық қатынастарда қақтығыстар мен ауытқушылықты кемітетін принциптер негізделді. Әлеуметтік тұрақтылық мәдени бөліктердің бірін-бірі қолдап отырғандығын талап етеді. Дін мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде орнықты құндылықтарды нығайтып, статус-квоны сақтауға мүмкіндік береді. Сондықтан дін қазіргі адам үшін де тартымды болып табылады. Өйткені, ол, бұқарандырылған, өткен құндылықтарын жоғалта бастаған, постиндустриалдық өркениеттің шамадан тыс ағынымен қамтылған, маргинал тұлғаға жатады. Болмыстың тым жылдам ырғағына ілесе алмаған адам үшін ол батып бара жатқанда қармап қалатын қамыс сияқты және дін арқылы ол уақыттың үзілген сәттерін қалпына келтіргісі келеді.

Алайда дін, әзірше, «біз және біз-емес» оппозициясынан жоғары тұра алмайды, айырылған әлем әлі толық қосылған жоқ, әртүрлі конфессиялар өзара келісімге келе алмай тұр. Басқа жағынан алғанда, барған сайын тереңдеп келе жатқан модернизация мен әмбебаптану этномәдени және діни құндылықтардың бірегейленуі мен стандарттануына әкеліп соғады, осы арқылы діни топтардың мүшелеріне тигізеті әсері мен маңызынан азайта түседі. Әмбебапты, жалпы біріккен дін құру керек екендігі туралы пікірлер де пайда бола бастады.

Діннің өзі де эволюциялық өзгерістерге ұшырап, азаматтық қоғамдағы тұлғааралық қатынастарды реттеу тетіктеріне жаңаша әсер еткісі келеді. Оның негізі де бар. Өйткені құндылықтық нормалар адамдық қылықтардың сыртқы көріністерін ретке келтіріп, дін көмекке келетін адам үміттеріне, қайғысы мен тәубеге келуіне араласа алмайды.

Бұл күндері бұрынғы дәстүрлі діндермен қатар мәдени-әлеуметтік өмір ерекшеліктерін білдіретін жаңа, модернделген діни конфессиялар мен қозғалыстар қалыптасып келеді. Бұрынғылары да, жаңалары да әлеуметтік жаңа бейімделіп, өз қолдаушыларын табуға ұмтылады. Діни қозғалыстардың мазмұны да өзгеріп кетті. Оған мысал ретінде діни ұйымдардың бейбітшілікті және адам құқықтарын қорғауға бағытталған, әрекеттерін, қайырымдылық акцияларын (айталық, Тереза Ананың), білім беруге арналған діни жаңа ұжымдардың қалыптасуын (мысалы, ислам университеттері), адасқан жандарды құтқару арнасындағы қызметтер (түрмелер мен колониялардағы діни уағызшылар), қатігездікке қарсы әрекеттер (әскердегі дін өкілдері).

Адамдық қатынастарды мәдени-әлеуметтік реттеудің маңызды тетігі болып табылатын дін өз қызметінде өмір мен өлімнің түбегейлі, болмыстық, экзистенциалдық мынадай мәселелерін қояды және өзінше шешім ұсынады: тіршіліктің мәні мен мағынасы, оның шектері, нәсіпқұмарлық және тәубеге келу, өлімнің мағынасы, қорқыныш және үміт т.т. Адам өмірінің тәндік шектілігінен туындайтын түңілу, қайғы және болмыстық мағынасыздықты жеңуге ұмтылған дін, адамдық ізденісті рухани жетілуге, адамда адамгершілікті сақтап қалуға, күнделіктен қасиеттіні көруге шақырады.

Азаматтық қоғамдағы діни құндылық бағдарларының жарасымды жақтарын айта отырып, сонымен бірге дінді, адамзат тіршілігінің барлық мәселелерін шешетін абсолютті, әмбебапты тетік дегеннің де қисыны жоқ. Еркін қоғамда өмір сүру құқығына тек діни сенім ғана емес, оған қоса діни қағидалар күмәндану, секуляризм және, тіпті, атеизмге де тыйым салуға негіз жоқ.

Постиндустриалдық қоғамдағы дінге де қатынасты қазіргі постмодернизм өзінше құрастырады. Постмодернистік дискурс бойынша, дінді идеологиялық қатардағы құбылыс ретінде алмау керек. Кез келген идеология жақсылыққа жатпайды, өйткені ол адамдарға сырттан күшпен танылады. Әсіресе, ғылымға ұқсатылып қалыптасқан идеология мәдениетке жағымсыз болып шығады, себебі идеологтар өз құрылымдарында «адам жанын» белгілі бір саясат мақсаттарға пайдалану үшін ұрлап алады. Постмодернизм жеке адамдардың дауыстарын естітуге мүмкіндік беретін «мәдени терапияны» ұсынғысы келеді. Дін туралы пайымдағанда, ғалым сыртта тұрып, адамдарға дінді немесе ғалымның өзін сынауға мүмкіндік

беруі керек. Діни идеялар бұл жерде, әсіресе рационалдандырылған адам рухани дүниемен риза болмаудан өз әрекеттеріне негіз таба алады делінеді. Дін осы сипатта «қасиетті мәтін», «құтқарушы шеңбер» қызметін атқаратын, адамдарға түсінікті ірі қарапайым құралдарды жеке тұлғалық болмыстың тым тар шектерінен шығу үшін пайымдалынуға мүмкіндік береді.

Дәстүрлі шығыстық (Таяу Шығыс, ислам, конфуцийшілдік, буддалық т.т.) мәдениеттер діни-әдептік критерийлерді алға жетілдіріп, батыстық рационалдық проективизм мен экспериментаторлықты күмәнға алып, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрді сақтауға шақырады. Өткен бітімдерді либералдық сынауға шеккен қоятын бұл ұстанымда тарихқа ізеттілікпен қарау тұғырнамасы қолданылады, заман талаптарына сай жауап беру, - дейді шығыстық ғұламалар, өзгелердің дайын рецептерін сол күйінде қабылдай бермей, өз мәдениетінің ішкі, әлі ашылмаған потенциалын жаңа шындыққа қолдану қажет. Сонымен, даму және инновациялар бұл ұстанымда бекерге шығарылмайды, бірақ олар бұрынғы консервативті және қорғаушы бастауларға ұяланады.

Алайда, қазіргі күні дін мен мәдениеттің дәстүрлі формалары түбегейлі өзгерістерге бәрі-бір ұшырап отырады. Бүкіл әлемде біртіндеп, бірақ тоқтаусыз жүретін секуляризация процесі қамтиды, ол азаматтық және қасиетті салаларды адамның рухани өмірінде бір-бірін бөліп алып, сакральды-қасиетті ұғымдардың экономика және саясат аймақтарына араласпауын қалайды. Дін өркениетарлық қатынастарды (С.Хантингтон) реттеуде маңызды рөл атқарғанымен, өзінің жалпы көрінісінде адамның жеке тылсымдық өміріне қарай көбірек ығысады. Әрине, С.Хантингтон болжаған діни-конфессиялық қайшылықтардан туындайтын суперөркениеттер қақтығысының болу мүмкіндігін абсолютті түрде бекерге шығара алмаймыз. Алайда, әлем дамуының әмбебапты тенденциялары әлем мәдениетіндегі тұтастану процесінің тереңдеп бара жатқанын көрсетеді. Әлем барған сайын ашық, бірегей толерантты болып келеді.

Мамандар, белгілі бір мәдени тұтастылықтың ажырамас бөлігі болып табылатын «халықтық діндерді» (диффузиялық діндер) және тікелей бір этномәдениетпен шектелмеген әмбебапты конфессияларды бір-бірінен айырады. Халықтық діндер, әдетте, нақтылы мемлекеттік биліктің қасиетті негізі болуға ұмтылады. Осындай діндер көмегімен харизматикалық басшылар өз билігін нығайтқысы келеді. Алайда, осындай тұтастану көптеген жағдайларда мемлекет азаматтарының жеке құқықтарын шектеуге бағытталуы мүмкін. Әмбебапты діндер де (христиандық, ислам, буддизм) саяси биліктің легитимациясын қолдануға ұмтылып жалпы саяси-әлеуметтік жағдайға бейімделе әрекет етуге тырысады. Олар нақтылы қоғамның басты құндылықтарын негіздеу қызметін атқарады.

Дін, әрбір жеке тұлғаның өзіндік ісі деп жарияланған азаматтық қоғамда да тұлғалардың саяси-әлеуметтік өміріне тигізетін ықпалын жоғалтқысы келмейді, тіпті, бір діннің өзі әртүрлі саяси бағыттарға қолдау бере алады, себебі діни ағым өзімен-өзі емес, керісінше, белгілі-бір зайырлы идеология немесе ұстанымдармен қосылып, адамдардың саяси бағдарларының құндылықтар жүйесін құрастырады.

Дін қызметі қазіргі күні де таластар емес. Миллиондаған мұсылмандар Меккеге қажылыққа ағылады, Рим папасының уағыздары жүздеген мыңдаған тобының аудиториясын жинайды, буддалық мейрам халық ағынын әкеледі. Тек әмбебапты діндер ғана нығайып келе жатқан жоқ. Дәстүрлі емес секталарға молдалы сұраныс қалыптасып, магия мен астрология, шығыстық медитация техникалары қаулап өсіп келеді.

Осының барлығын зерделеу және мәдени әрекетте орынды қолдану қажет. Азаматтық қоғамдағы діни институттардың қызметі тек теориялық қызығушылық тудырмай отыр. Бұл, әсіресе, өзінің геосаяси және тарихи жағдайлармен ерекшеленетін Қазақстан үшін маңызды. Біздің еліміз үш өркениеттің (исламдық, православиялық, конфуцийлік) тоғысқан жерінде тұр және жоғарыда аталып өткен С.Хантингтон концепциясы бойынша, қақтығыстар шығуы мүмкін жолайырық болып табылады. Бірақ, басқа жағынан алғанда, Қазақстан территориясында ғасырлар бойы әртүрлі этностар, діндер, мәдениеттер бейбіт, келісімді өмір сүріп келген. Қазіргі кезде де «Қазақстанда 1300-дей діни бірлестіктер, 30 конфессиялар

әрекет етеді. Алматының бір өзінде 100 діни ұйымдар бар: 18 мұсылмандық, 4 православиялық, 2 католиктік, 7 баптистік қауым, 2 лютерандық қауым, 10 Иегова куәгерлерінің жиналысы, 20 протестанттық және пресвитерлік, Бахайя қоғамы (синтетикалық сана), 2 ескіобрятық қауым, 4 пятидесятниктердің қауымы, Кришна санасының қоғамы, Вайшнавов діни қоғамы, 8 мәдени-ағартушы және қайырымдылық миссиялары, иудейлік қоғамдар, адвентистердің Жетінші күні қоғамы, армян шіркеуі, 4 харизматикалық бағыт, 2 буддалық қауым, санатистер қоғамы» [4]. Қазақстан халқының күрделі конфессиялық құрылымы елде этнократиялық және исламдық мемлекетті құру идеяларының терістігін көрсетеді. Бір дін құндылықтарын әсірелеу біздің еліміздің жағдайында қоғамдағы жікшілдікке әкелуі мүмкін. Сондықтан Қазақстанда жарияланған демократиялық мемлекет пен азаматтық қоғам құру бағдары дінаралық сұхбат пен келісімді қажет етеді.

Әдебиет:

1. Ноосфера – Устойчивое развитие. – Алматы, 1996. №1.
2. Г. Зиммель. К социологии религии. Избранное. Т.1. М., 1996. С.618.
3. Общечеловеческие и национальные ценности в изменяющемся обществе. Алматы: Ақыл кітабы, 1997.

182-бет.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЭТНО-ДІНИ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСТЫ НЫҒАЙТУДАҒЫ РӨЛІ
THE ROLE OF ETHNO-RELIGIOUS IDENTITY IN STRENGTHENING THE
CONSTITUTIONAL STRUCTURE IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

Орымбетова Әсем Маратқызы*

Annotation. The report focuses on the role of ethno-religious identity in strengthening the constitutional structure in the Republic of Kazakhstan. The importance of ethno-religious identity for Kazakhstan society is considered. It is written about the combination of the state is secularism with national identity in the constitution and the law on religious services and religious associations. National identity contributes to maintaining the stability of the state.

Keywords: constitutional structure, ethno-religious identity, religious extremism, destructive religious movements, interfaith, interethnic harmony.

Елімізде түрлі этнос пен конфессия өкілдерінің бірлікте өмір сүруі – татулықтың нәтижесі. Мемлекетіміз ешкімді тілі мен дініне қарап бөлместен, барлық азаматтарға тең құқылы мүмкіндік беру арқылы ішкі және сыртқы тұрақтылықты сақтап келеді. Бұл ынтымақтастық пен ауызбіршілік елдегі Ата заң арқылы қамтамасыз етілген. Осы орайда, Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы мемлекет екенін бекітіп, мемлекет пен діннің арақатынасын реттейтін зайырлылық қағидаттарына сүйенетінін айқындады. Конституциялық негіздегі «зайырлылық» ұғымы мемлекеттің барлық салаларында, соның ішінде дін саласында да ашық, айқын саясат ұстанатынын, азаматтардың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ететінін, дін мен мемлекеттік саясатты араластырмайтынын білдіреді.

Жаһандану жағдайында кез-келген этнос, ұлт, диаспора жер бетінен жоғалып кетпес үшін өзінің төл мәдениетін және ұлттық дінін жандандырып және дамытып отырады. Қоғамның рухани-діни өмірі тиімді жағынан дамыған жоқ. Қазіргі ұлттық және діни жанданудың түп тамыры қоғамдағы діни қауіп-қатерлердің пайда болуынан туындап отыр, қазіргі уақытта зерттеушілерден этно-діни бірегейліктің мәселесін жаңа көзқараспен қарауды талап етуде. Этно-діни бірегейлік әрқашанда ұлттық сипатта себебі бұрынғы дәстүрлі этно-діннің салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарының элементтері бар.

* ҚР ҰҚК Академиясының докторанты, assem1293@mail.ru

Егеменділік пен тәуелсіздіктің қалыптасуы кезінде Қазақстанның мемлекеттік ұлттылығын жетілдіруді және нығайту мәселесінде қазақ халқының мәдени-діни бірегейлік құндылықтары және оның рухани әлеуеті алдыңғы жоспарға қойылды. Жиырма жыл ішінде республикамыз әлемдік қауымдастықта өзінің геосаяси ұстанымдары мен арнайы ұлттық мәдениеті және этно-діни бірегейліктің белгілерін нақты түсіне отырып, нақты өзінің даму жолын анықтау арқылы танымал болды. Осыған орай бүгінгі күні өзекті болып, өзінің тарихи түп тамырын, рухани құндылықтарды жандандыру ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы әлемдік тоқырау ерекше идеологиялық тоқырауға да өз септігін тигізді, қазіргі заманға сай ұлттық мәдениетті және этно-діни салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды жетілдіру мен байыту алға қойған мақсаттардың бірі. Қазіргі заман біздің елімізге нарықтық экономикадан басқа, әлемде болып жатқандармен қатар, жаңа саяси, құқықтық, адамгершілік этикасы, мәдениет, этно-діни нормалар мен қағидаттар мемлекеттік және ұлттық қауіпсіздіктің маңызды сұрақтарын шешуге алып келді. Өкінішке орай, Қазақстан басында Ресей патшалығының құрамында, одан әрі КСРО-ның құрамында болып, аталған мәселені өз бетінше шешуге мүмкіндігі болмады. Тәуелсіздік алғаннан кейін жас мемлекетке өз бетінше осының барлығына жауап іздеуіне тура келді. Қазақстанға көрші мемлекеттерден үлгі ала да алмады, себебі оларда жаңадан тәуелсіздіктерін алған жас мемлекеттер еді. Мұндай жағдайда жаңа мәдениеттің, этно-діни құндылықтардың көбеюі діндарлардың санасына ұлтаралық және конфессияаралық бірліктің және келісімнің тұжырымдамасын, сонымен қатар, мемлекеттік идеология ретінде діни төзімділікті құйып отыру керек.

Этно-діни бірегейліктің феноменін іздестіру заманауи қазақстандық қоғам үшін маңызды себебі ата-бабаларымыздан қалған ұлттық діннің ерекшелігінің болуы және оның заманауи этно-діннің құрамына кіріп кетуі рухани-мәдени дамудың кілті, ұлттық діни құндылықтарды қалпына келтіру болып табылады. Әрине, рухани-мәдени деңгей және этно-діни бірегейліктің орын алуы қазақстандық қоғамды экономикалық, саяси, діни, рухани катастрофалардан қорғайды сондай-ақ, дінаралық және ұлтаралық жанжалдардың болуына әкеліп соқпайды, сонымен қатар, діни экстремизм және терроризмдердің орын алуынан қорғайды.

Этно-діни бірегейліктің тұрақтылығы конституциялық құрылысты нығайтуда маңызды рөл атқарады, азаматтардың кім екендігін, қай ұлтқа, дінге, мемлекетке жататындығын нақты анықтайды.

Ұлттық және діни бірегейлік – бұл азаматтардың ортақ Отанға қатысты екендігін, қоғамның бірлігі мен тұтастығының көрсеткіштері.

Деструктивті ағымды жақтайтындар өздерін тек діни топқа, қауымдастыққа жатқызады. Олардың ұлттық, азаматтық, мемлекеттік бірегейлігі, отанға деген сүйіспеншілігі мүлдем өшіріледі.

Діни экстремизм және терроризм діни сауаттылығы төмен немесе діни сауатсыз сонымен қатар, жұмыссыздар мен өмірде өз орнын таппағандар, қоғамнан оқшауланғандар (маргиналдар), әлеуметтік жағдайы төмендер ортада белең алады. Діни сауатсыздық теріс ағымдағы діни ұйымдар дін ұстанушы жастардың санасына әсер етуге мүмкіндік береді. Осының барлығы еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіреді. Ислам дінін теріс уағыздап жүргендер қаншама отбасын дұрыс жолдан тайдырып, яғни Отанынан, отбасынан, жұмысынан, араласатын ортасынан, оқуынан жалпы қоғамнан оқшаулап өздерінің бұрыс идеологиясын жүргізіп жатқаны жасырын емес. Осындай ислам атын жамылған теріс ағым ықпалынан қаншама қандасымыз Отанын, отбасын, ата-ана, бауырларын жат санап, қақтығыс аймақтарына аттанып кетті. «Ислам халифатын» құрамыз, шын мұсылмандар бір аспан, бір шаңырақ астында өмір сүреміз деген жалған ислами сенімнің құрбаны болды. Бірі Сириядағы шынайы өмірді біліп барса, бірі білместен барып, өздерінің ешқандай да ислам халифатын құруға емес, әлдебіреулердің түсініксіз саясатының қолшоқпары болуға келгенін кеш түсінеді. 2019 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен еліміздің әскери күштері 5-6 қаңтар күні алғашқы «Жусан» гуманитарлық операциясын ұйымдастырып, елге

595 азаматты қайтарды. Оның ішінде 33 ер адамдар, 156 әйелдер, 406 балалар (32 жетім бала)[Джахаева А., Нарбек Р, 2022:3].

Деструктивті діни ағымдар Конституцияны мойындамайды. Олардың мақсаты шарифат нормаларын ұстанатын ислам мемлекетін құру.

Негізінде, деструктивті діни ағымдардың ойлары қоғамда қолдау тапқан, ал этно-діни мәдениет және ата-бабаларымыздан қалған құндылықтар әділ және маңызды факторлардың бірі болып табылады, заманауи ұлттық бірегейліктің негізін құрайды. Бұған сәйкес Қазақстанның мемлекеттік саясатының стратегиялық мақсаты Конституцияда және «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңынан бастау алады.

Қазақстан мемлекет ретінде жалпыұлттық тұрғыда қабылдаған ел Конституциясы мен заңдарына сүйеніп қызмет атқарады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, зайырлылық дегеніміз Қазақстандағы қазіргі заманғы құқықтық мемлекеттің қалыптасуы мен қызмет етуінің негізгі қағидаттары болып табылады. Ал мұндай республикадағы мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынас зайырлы заңдар негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстанда тіркеуден өткен діни бірлестіктердің, азаматтардың ұстанатын дініне қарамастан, құқықтарының теңдігі қамтамасыз етілген. Ел конституциясы кез-келген адамның діни сенім еркіндігінің кепілі бола алады, сондай-ақ, конфессиялық белгілер бойынша кез-келген бөлінушілікке қарсы. Осы тұста 2011 жылдың 11 қазанында қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының кіріспе сөзінде «Қазақстан халқы мәдени және рухани өмірінің дамуында Қазақстан халқының рухани мұрасымен біте қайнасқан исламның ханафилік бағыты мен православиелік христиан дінінің тарихи рөлін мойындайды. Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетінін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни төзімділіктің және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танитынын негізге алады» деп жазылғанын айта кету керек[2]. Сонымен бірге, бұл тек осы конфессиялардың ел үшін мәдени маңыздылығын ғана білдіреді және діни бірлестіктер құқықтарының теңдігіне шек келтірмейді, себебі заң оларға қандай да болмасын құқықтық немесе қаржылай артықшылық бермейді[3].

Қазақстандық көпұлтты және көпконфессиялы қоғамда бірлік пен келісімге жету үшін діндарлар қай бір дінді ұстанғанына қарамастан бір-біріне өзара түсіністікпен қарау яғни толерантты көзқараста болулары керек, тек осыдан кейін кез-келген даулы мәселелерді бейбіт жолмен диалог, келісімге келу арқылы шешілетін болады. Диалогты жүргізу, келісімге келуде ислам және христиандық діни ұйымдар маңызды роль атқарулары тиіс сонымен қатар, Қазақстан халықтарының Ассамблеясы Қазақстан халқының материалдық қана емес, рухани мәдениетін қалыптастыруға және дамытуға сондай-ақ, негізгі діндердің бағытын этно-діни бірегейлігін жандандыруға үлкен әсерін тигізуі керек.

Біздің басты құндылығымыз – Тәуелсіздігімізді сақтап, ұлттық бірегейлігіміздің негізін нығайтып, елімізді жаңғырту жолында ұйысуға тиіспіз. Бұл болашақ ұрпақ алдындағы қасиетті борышымыз. Біз жаңа Қазақстанда «түрлі көзқарас, бірақ біртұтас ұлт» қағидатын берік ұстануға тиіспіз. Диалог пен мәміленің жоғарғы мәдениеті еліміздегі азаматтық ынтымақты арттыратын басты фактордың біріне айналады[4].

Қазіргі жағдайда кез-келген халыққа этно-діни бірегейлікті іздеу және оны қалыптастыру соның ішінде қазақ халқына ата-бабаларымыз ұстанған діни адамгершілікке негізделу ғана емес, содай-ақ жалпы адамзаттық мәдениетке және адамгершілік діни құндылықтарға негізделуі керек, осы аталғандарды ұстанатын болсақ, конфессияаралық және дінаралық диалогта діндарлар арасында келісімге келу үлкен экономикалық, саяси және діни мәселелерді шешуге де оң нәтижесін береді. Бірақ, осы аталғандарды жүзеге асыру үшін халықтың рухани жағынан және мәдениеті мен ділі жоғарғы деңгейде болуы керек.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан Халқына Жолдауында: «Біздің алдымызда айрықша міндет тұр. Бұл еліміздің егемендігін және жеріміздің тұтастығын сақтап қалу. Елдігімізді қорғаудың ең басты жолы – берекелі бірлік. Бұдан басқа жол жоқ. Ел бірлігі қашанда ең басты құндылық саналған. Қазір

оның өзектілі арта түсті» біз осы жолдаудан қазақстандықтардың ішкі бірлігі ғана емес сонымен қатар этно-діни бірегейлік жайында айтылғандығын ұмытпағанымыз жөн[5]. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын нығайтудағы этно-діни бірегейліктің рөлі маңызды. Себебі қазіргі кездегі діни сенім қазақстандық қоғам ішінде өзекті болып табылады. Біздің мемлекетіміздің конституциялық құрылыс негіздері элементтерінің бірі болып табылатын зайырлылық қашанда еліміздің тұрақтылығы мен тыныштығын сақтауда рөлі басым. Зайырлылық еркін діни сенімді, айқын азаматтық бірегейлікті қамтамасыз етеді. Егер бірегейлік болмаса мемлекет осал болады. Қазіргі уақытта ұлттық бірегейлік еліміздің конституциялық құрылысының тұрақтылығының кепілі.

Әдебиет:

1. Джахаева А., Нарбек Р. Сирия: оралу және оңалу // Заң газеті №74 (3502) 16 қыркүйек 2022 жыл. - 3 бет.
2. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы // <https://adilet.zan.kz>.
3. Дін саласындағы құқықтық білімді арттыру // Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі. – Нұр-Сұлтан, 2022. - 1-бет.
4. Тоқаев Қ. Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы // Қазақстан Халқына Жолдауы. // akorda.kz. 2022. - 16 наурыз.
5. Тоқаев Қ. Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам // Қазақстан Халқына Жолдауы // akorda.kz. – 2022, 1 қыркүйек.

**Список научных трудов
Телебаева Газиза Турысбековича**

№ пп	Наименование трудов	Тип издания (журнал, газета, книга, сборник статей)	Название издательства, журнала (номер, год), сборника статей	Количество печатных листов или страниц	Фамилия и соавторов работ
1986					
